


5

**Ж. О. Артықбаев**

# **Қазақстан тарихы**

**Оқулық-хрестоматия**



**АСТАНА - 2003**

БК 63.3 (5Каз) = 493  
А82

ББК 63.3 (2 Каз)

А 86

Пікір жазғандар:

*А. Күзембайұлы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор

*Ә. Әбдіәкімов*, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Р. Хасенов*, оқу-ағарту ісінің үздігі, тарихшы

**Артықбаев Ж.О.**

А 86 Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. — Астана: “Фолиант”, 2003. — 264 бет.

ISBN 9965-612-57-9

ук 3996

Оқырман назарына ұсынылып отырған “Қазақстан тарихы” (оқулық-хрестоматия) тарихшылардың жаңа буын өкілдерінің “ұлттық тарихқа” деген көзқарасы мен әдістемелік тұжырымдамасының нәтижесі. Кітапқа көне замандардан сақталған шежірелер, жазба деректер, археологиялық және этнографиялық мәліметтер енді. Қазақстан тарихының негізгі, шешуші кезеңдерін сипаттау үшін біздің қоғамтану ғылымдарында алғашқы рет қазақ шежіресі пайдаланылды. Сонымен қатар, автор өзінің этнологиялық дайындығын тарихи материалдарды сұрыптау мен жүйелеуде, талдауда оңтайлы қолданды. Оқулық-хрестоматия қазақ қоғамының мыңдаған жылдарға созылған даму логикасын, ішкі мазмұны мен системалық ерекшеліктерін толық көрсетеді. Бұрын-соңды осыншама уақыт межесін қамтыған деректік жинақ бізде болған жоқ. Кітап Қазақстан тарихының көне кезеңдерінен бастап қазіргі күнге дейінгі уақытты қамтиды.

А 0503020905 03  
00(05)-03



ББК 63. 3 (2Каз)

ISBN 9965-612-57-9 © Артықбаев Ж.О., 2003  
© “Фолиант”, 2003

*Оқулық-хрестоматия*

**Артықбаев Жамбыл Омарұлы**

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**  
**(История Казахстана)**

Редакторы **А. Қ. Лишова**

Техникалық редакторы **Т. Б. Александрина**

Көркемдеуші **О. Л. Чemezov**

Теруге 20.01.03 берілді. Басуға 07.03.03 қол қойылды. Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.

Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 16,7.

Тапсырыс № 131. Таратымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

“Фолиант” баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

“Регис-СТ Полиграф” ЖШС баспаханасында басылды



## АЛҒЫ СӨЗ

Әр адамның тарихқа көзқарасы әр түрлі. Адамзат баласының көпшілігі тарихты тек әр түрлі оқиғалардың, құбылыстардың, адам аттары мен тарихи фактілердің жиынтығы деп түсінеді. Біреулер тарихтан ата-бабалары атқарған ұлы істердің белгісін іздейді, біреулер үшін тарих өміртіршіліктегі ғұлама ұстаз. Біз осы соңғы қағиданы ұстанамыз. Тарих біз үшін тереңге кеткен тамыр сияқты: ол шыққан тегімізді, қоғамдық болмысымызды және жер бетіндегі тіршілік иелерінің алдындағы жауаптылығымызды сезіну үшін қажет. Тарих — адамзат баласының рухани тұғыры, адам есебінде, ұлт ретінде бізді өзге тіршілік иелерінен жоғары қойып отырған қасиетті құбылыс.

Тарихи процесс — адам қоғамының мәңгілік ішкі өзгерістері: бізге белгілі фактілер мен даталар сол өзгерістердің тек сыртқы белгілері ғана. Оның ішіне үңілу оңай емес, ол үшін қоғамды тұтас алып, құрылымдық белгілерін, ірі тұлғаның рухани іргетасы мен өмір сүру ортасы қандай болғанын анықтап алу қажет. Осы ұлан-байтақ істі тындыруды әр ұлттың, әр қоғамның рухани және интеллектуалды өкілдері шешеді. Солар ғана адамзат баласының жүріп өткен жолын ой талқысына салып, содан кейін нақты этностың, мемлекеттің, мәдениет пен өркениеттің орнына, қызметіне баға бере алады. Қазақ тарихын жазу үшін адамзат тарихын білу шарт.

Дәл қазіргі күні бізге тұжырымды тарих керек. Бүкіл Орталық Азия жүздеген жылдық отаршылдық бұғаудан босады, ұлан-ғайыр өзгерістер үстінде. Біздің тарихымыз керемет үлкен жылдамдықпен алға тартып келе жатқан локомотивті еске түсіреді. Біз қайда барамыз? Осы сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен тарих керек.

Қазақ халқы — еуразиялық, көнеден келе жатқан көшпелілер өркениетінің мұрагері. Көшпелілердің айтулы істері тарих сахнасынан баяғыда өшті, жарқын мәдениетін қалың шаң басты. Бірақ олардың ер, жасампаз рухы өлген жоқ. Ерте замандарда біздің көшпелі ата-бабаларымыз кеңістіктің шексіздігін, уақыттың жалғандығын алдымен сезінді, тарихи сана мен эпикалық рух туғызды, мемлекеттерді қаз тұрғызды, дүниенің төрт бұрышын теңгеріп тұрды. Осы іргетас тәуелсіздігін жаңа бекітіп жатқан Қазақстанға тұғыр болуға жарамай ма?!

Біздің еліміз дағдарыс кезеңінен шығып келе жатыр. Болашаққа болжам да жасап, жоспар қабылдадық. Ұзақ жылға созылған ұйқыдан оятып, бейжайлықтан, құлдық санадан біздің реформаларымыз алып шығар болса, Еуразияның геополитикалық кескіні өзгеріп шыға келмек.

Тарих оқулығы не үшін керек? Адамның өз ата тегін, шыққан ортасын білмекке, қызықпаққа. Кей адамдар үшін тарихты білу — табиғи қажеттілік сияқты.

Тарих оқулығы не үшін керек? Адам өзінің жер бетіндегі ерекше миссиясын сезіну үшін болар. Алла тағала оны өзгеден артық қылып жаратты, оған рух пен сананы құйды, енді тіршілік үшін ол өзі жауапты.

Бұл кітапқа көне және орта ғасырлық тарих бойынша жинақтаған бүкіл білімімізді жұмсадық; оны этнологиялық зерттеу әдістерімен әдіптедік; негізгі тарихи кезеңдер туралы қысқа-қысқа тұжырым жасадық. Жаңа тарих — көшпелілердің соңғы империясы — Алтын Орда ыдыраған тұста өмірге келген біздің өз төл мемлекетіміз — Қазақ хандығының тарихы. Автор ұзақ жылдар бойы Қазақстан тарихының XVIII-XIX ғғ. кезеңімен үзбей айналысып, көптеген ой түйді, белгілі нәтижеге жетті. Өкінішке орай, оның бәрін оқулық-хрестоматияға енгізуге мүмкіндік болмады. Әсіресе, оқиғаларға өте бай, өзіміздің ата-анамыз бастан кешкен, өзіміз өмір сүріп жүрген XX ғ. бойынша көп деректерді кітапқа енгізе алғанымыз жоқ. Мүмкін, ол тарих әлі бағасын алуы керек шығар, бәріне уақыт — таразы.

## ТАРИХТЫ ТАНУҒА БАСТАЙТЫН САРА ЖОЛ (методология, тарихнама, дерекнама)

Тарих туралы классикалық түсінік өте қарапайым. Ол эмпирикалық деректердің жиынтығы. Бірақ тарихты түсіну үшін, алдымен қоғамды түсіну керек. Әр қоғам өз тарихын өзі жасайды. Қоғам дегеніміз адамзат тарихының даму процесінде өз орны бар, шаруашылығы, өмір салты, билік нұсқасы қалыптасқан соны жүйелерге негізделген құбылыс. Жалпы адамзат баласын осындай нақты қоғамдардың жиынтығы деп қарастырған жөн. Әр құбылыстың өмір сүру заңдылықтары ерекше, олардың әрбірінің құрылымдық қасиеттері де ерекше болатындығы сондықтан.

Қоғамның негізінде табиғи ортаға бағынышты шаруашылық қарым-қатынастарының системасы орналасқан. Осы шаруашылық негіз — қашанда әлеуметтік, саяси, этникалық өмірдің құрылымдық қасиеттерінің іргетасы. Қандай да болмасын нақты қоғамды белгілі бір дәрежедегі жүйе деп қарастыруға болады. Қазақ қоғамы да өзінің дәстүрлі шағында (XIX ғ. дейін) осы заңдылықтарға бағынғанына біздің күмәніміз жоқ. Қазақ қоғамының бір ерекшелігі — оның қандай саласын зерттеуге ден қойсақ та, біртұтас, синкретті, бір-бірімен тығыз қабысқан құрылымдық жүйелерден тұрады.

Осы күнге дейінгі қазақ тарихына қатысты күрделі көзқарастар бір жақты пайымдаудан келіп шығады. XIX ғасырдың басында тарихи зерттеулерге негіз болып көшпелілер қоғамын саяси аморфты, этникалық тұрлаусыз, әлеуметтік деңгейін төмен санайтын тұжырымдама үстемдік етті. “Жақын танысқанда, біз қазақтардан анархияны көреміз”, — дейді А. Левшин. — Себебі, билік дәрменсіз, заң жоқ, қылмыс жазаланбайды”. Әдістемелік жағынан



өндірістік тірлікті көшпелі өмір салтының түп қазығы деп алу дұрыс болғанымен, таза осы қоғамдық системаны бағалауда оң нәтиже бермейді. Көшпелілер қоғамы — өзі өмір сүрген ортамен біте қайнасқан этноәлеуметтік саяси құндылықтардың жиынтығы. Көшпелі шаруашылық құрылымы — белгілі бір қызметті атқаруға бейімделген белгілі бір символдардың, түсініктердің тілі. Жалпы көшпелі қоғам жеке адам ынтасына шексіз мүмкіндік бермесе де шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және саяси өмірдің ерекше құрылымы арқылы, әр адамның өз қасиетін танытуға толық жағдай жасайды. Біздің ойымызша, көшпелі қоғам жөніндегі осы күнге дейінгі қалыптасқан түсініктердің бір жақтылығы осы мәселелерді ескермеуге байланысты.

Қазақстан тарихына қатысты тағы бір ерекшелік — көшпелілерді адамзат өркениетінен тыс қарастыру. Одақтық тарихнамада ескі еуроцентристік идеялардың ықпалымен көшпелі Орталық Азия халықтарын төменгі (варварлық, жабайылық) даму кезеңіне енгізу орын алады. О. Шпенглер, А. Тойнби сияқты батыстық зерделі ғалымдардың өркениет кестесінен көшпелілерге орын тауып бере алмауы да қалыптасқан көзқарастардың салдары деп есептеуге мәжбүр етеді. Біздің ойымызша, егер адамзат тарихына тек қазіргі заман тудырған ара-қатынас биігінен қарар болсақ, мүмкін осындай пікірге негіз де болар, бірақ көшпеліліктің тарихқа қатынасы тек соңғы жүз жылдықтардан гөрі, одан әрі мыңжылдықтарда көбірек болған. Жаратылыс әлемінен оқшау шыққан адам баласы үшін кәсіптің ең табысты деңгейі көшпелі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болғаны белгілі. Олардың әлеуметтік құрылымының, рухани тұлғасының, саяси табыстарының өз заманында өзге қоғамдарға тигізген ықпалы әлі де зерттеуді қажет етеді. Біз тек “Орталық Азияның көшпелі халықтарының Қытай, Үндістан және Батыс елдеріне жетуі (олардан ежелгі дүниенің мәдениеттері жылқыны пайдалануды үйренді) үш облысқа да бірдей әсер етті: жылқыны иеленген бұл көшпелі халықтар әлем кеңістігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениеттерін жаулап алды. Қиынқыстау тіршілік, қатерлі жорықтар дүниенің жалғандығын түсінуге көмектесті, ал үстем нәсіл есебінде олар бұл әлемге

ерлік және трагикалық сананы енгізіп, оны эпос түрінде білдірді”, — деген пікірді білеміз (А. Вебер).

Бір өкініштісі, қазақ қоғамын зерттеу дәстүрі ешқашанда ежелгі дүниемен байланыстырылған жоқ. Еуропада үстем болып тұрған отырықшылық өркениеттің қол жеткізген ең биік шыңы деп есептеледі. Осы себептен әлі күнге дейін қазақ тарихына қатысты еңбектерде еуропоцентристік ойлау жүйесі сақталып отыр. Қазақ қоғамы жөніндегі үстірт пікірлердің көпшілігі тарихтың жете зерттелмеуімен тығыз байланысты. Зерттеушілердің біразы ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы деректерді негізге ала отырып, оның нәтижесін (ретроспекциялық әдіс) оған дейінгі тарихи кезеңдерге телиді. Бұл қалыптасып қалған ізденіс сорабы зерттеушілердің екі ұдай методологиялық қорытындыларға келуіне жол ашады.

Соныменен, бұдан түйінді қорытынды біреу — қазақ тарихына деген тың методологиялық көзқарас қажет. Оның негізгі шарты көшпелілікті әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі деп танудан басталады. Қазақ тарихын таза көшпелілікпен байланыстыра отырып, этностың тарихи бастаулары өте көне замандарда екенін ұмытпаған жөн деп білеміз. Қазақ қоғамын зерттеу үшін таптық методологияның пайдалы нәтижесінен гөрі зияны көбірек екенін ескерген жөн.

Қандай тарих болмасын дерексіз жазылмайтыны ақиқат. Қай елдің тарихына қалам тартса да ғалым сипаттау немесе зерттеу жүйесі дәлелді деген деректерді жинақтайды. Сол сияқты Қазақстан тарихын зерттеуде де осы оңтайлы дәстүрден шығуға өсте болмайды. Біз төл тарихымызды зерттеу барысында бірнеше түрлі қайнар көзге сүйенген жөн деп пайымдаймыз. Алдыменен — қазақи деректер, олардың ішінде шежіренің орны бөлек, сонымен бірге, мындаған, жүздеген жылдар тезіне шыдаған тарихи аңыз, қиял-ғажайып және батырлық ертегі, тарихи жырлар мен толғаулардың тарихты түсінуге қосар үлесі зор. Қазақ тарихын түсінемін деген адамға көшпелілердің әдет-ғұрыптарына, жол-жосын заңдарына көңіл бөлудің аса қажеттілігі бар.

Екіншіден, әр түрлі архивтерден, соның ішінде Ресей, Қытай, Орта Азия, Қазақстан мемлекеттерінің құжат қор-



ларынан табылып, осы күнгі жинақтарда жарияланған немесе сақталған құнды деректер. Қазақ тарихының соңғы бірнеше жүз жылдығы үшін бұл қор аса пайдалы, сонымен қатар, көне заманнан бері жазылып, көшіріліп келген тарихи еңбектер (нарративті ескерткіштер) тарихтың нағыз куәсіндей. Жазу мәдениеті пайда болғаннан бастап, Орталық Азия өлкесін мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі хатқа түсе бастаған, тек соларды терең зердемен ұтымды пайдалана білу керек.

Үшіншіден, Қазақстан тарихының көне кезеңдерін жете түсінуге археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берері мол. Материалдардың көпшілігі біржақты болғанымен, жазба және фольклорлық деректермен салыстыра келе, көп мағлұмат аламыз. Тас дәуірі, қола дәуірі, ерте көшпелілер мен орта ғасыр мәдениеті біздің археологиялық экспедицияларымыз тарапынан жақсы зерттелген.

Қазақ қоғамына, Қазақстан тарихына жан-жақты баға берген алғашқы ғылыми зерттеулер ХІХ ғ. 20-шы жылдарынан басталды. Ғылыми тарихнаманы таразылағанда оның бірнеше кезеңдерге бөлінетінін ескерген дұрыс. ХІХ-ХХ ғғ. басы — бұл кезеңде зерттеушілер Қазақстанға Ресейдің отары есебінде ғана көңіл бөліп, негізінен этникалық мәселелерден гөрі шаруашылық, қоғамдық, әлеуметтік дәстүрлерге көңіл бөледі. Одақ заманында ғалымдардың көпшілігі таптық методологияның ықпалында өз зерттеулерін қашанда әлеуметтік қайшылықтармен байланыстырып, қоғамды зерттеуде көптеген үстірт пайымдауларға жол берді. Қазіргі күні Қазақстан тарих ғылымы “ақтандақ проблемаларды” зерттеумен қатар, бұрын тыйым салынып келген тарихи әдебиетті жариялаумен айналысып жатыр. Тарихи сананың қалыптасу барысындағы ерекшеліктерге байланысты қазақ тарихында этноцентристік немесе трайбалистік еңбектер де кездесіп қалады.

Жалпы, ғылыми тарихнама қашанда методологиямен тығыз байланысты, бірінің жоғын екіншісі түгендеп отырады. Тарихнама жөнінде сөзді қозғау үшін қалыптасқан тарихи-зерттеу мектептердің болуы бірінші және негізгі шарт. Төңкеріске дейінгі кезеңде осы талапқа татитын еңбек шамалы, көбінесе үстірт суреттеу, әуестенушілік басым

болды. Одақтық кезеңде тарихи зерттеу мектебін құрмақ түгілі, тарихи шындықты айту да мүмкін болмады. Тарихнама саясатқа мойынсұнған, бағынышты ғылымға айналды. Қазіргі кезеңде қоғамдық ғылымдар осы шырғалаңнан шығып, өзіне жүктелген міндеттерді анықтау үстінде деп түсінеміз. Қоғамдық талап мүддесінен шығу тарихтың ғылыми негізін салумен тығыз байланысты және болашақта іске асатын жұмыс.

Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу әлі де тиянақты және дәлелді түрде іске асқан жоқ. Ол мәселе болашақта, тарихтың сүбелі кезеңдері монографиялық тұрғыдан зерттеліп, жеке құбылыстарға ғылыми баға берілгенде ғана шешілмек. Бүгінгі күні Қазақстан тарихын іргелі төрт кезеңге бөлу керек деп ойлаймыз. Бірінші кезең — көне дәуір, оның шекарасы 2,5 млн. жылдан бастап б.з. V ғ. дейін, яғни адамзат жаратылысынан бастап Рим империясының құлауы, халықтардың Ғұндар бастаған ұлы қоныс аударуымен сәйкес; екінші кезең — орта ғасырлар, оның шекарасы ұлы қоныс аударудан бастап, Еуропада капитализмнің дамуы, Қазақстан жерінде Қазақ хандығының пайда болуымен аяқталады; ал үшінші кезең — Қазақ мемлекетінің құрылуынан қазіргі күнге шейінгі уақытты қамтиды. 1990-шы жылдан басталатын Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихы — төртінші кезең. Сонымен, Қазақстан тарихы осындай төрт ірі кезеңнен, ал әр кезең бірнеше ішкі сатылардан тұрады деп есептейміз.

Осындай жағдайларға байланысты біз бірінші тарауға қазақ тарихын түсінуге қажет болады деген еңбектерден үзінділерді енгіздік. Қазақ тарихының алдымен көшпелі рулардың тарихы екендігін, ол көшпеліліктің өзегі азаматтық қоғам екендігін оқырман қауым осы үзінділерден түсінсе керек. Сонымен қатар, қазақ тарихын зерттеу үшін оның өз шежіресін пайдалану, шығыс деректеріне көңіл аудару қажет екендігі анық болар. Оқырман қауым қазақ тарихына қатысты мәселелерде тапшылдыққа, отаршылдыққа, еуропоцентристік идеяларға бой ұрмай, өз тарихына байсалды қарағаны жөн. Өз халқын өзгеден биік қылып көрсетпек болып тыраштанудың да тарих ғылымы үшін зияны болмаса, пайдасы жоқ.

## ТАРИХ НЕГЕ КЕРЕК?

“...тарихшының жауаптылығы мынадан шығады, әр халықтың және ұлыстың аңызы мен хабарын сол қалпы, өзгертпей, олар өз кітаптарына немесе аңыздарына қалай енгізсе, сол қалпында бергені міндет. ...Осы себептен, мүмкіндік болса, әр халықтың ауызша аңыздары мен әңгімелеріне енген жағдайдың бәріне салмақты қараған жөн. Оның бәрі көпшілікке сенімді, немесе кей халық оны толық мойындайды, тіпті ішінде шындығы мен өтірігі қатар келсе де, тарихшы өз ісіне жауапты қарап, сыйлы және белгілі адамдардан естігенін және сенімді кітаптардан алғанын өз жанынан ештеңе қоспай жазуы қажет. Егер ол өз қиялына беріліп, оған өзгеріс енгізсе, онда сөзсіз ол баяндаудың қате және негізсіз болып шыққаны.

Ғұламалар мен ғалымдардың тәртібі мен дәстүрі мынадай: әр ұлы оқиғаны, әр дәуірдің жақсылығы мен жамандығын қаз-қалпында, ай-күнімен беру. Содан кейін келер ұрпақ және қабілетті тұқым алдында беделі болып, осы арқылы кітап бетінде атақты патшалар мен бақытты билер жөнінде мағлұмат мәңгілік қалар еді, себебі оны ескермеген жағдайда оқиғалар мен болған істер күндер мен айлар, жылдар мен дәуірлер өте келе адам жадынан өшіп, көмескіленіп қалады”.

*Рашид-ад дин. Сборник летописей. — 1952. — т.1., кн.1. — 50-65-бб.*

## ҒЫЛЫМСЫЗ ҚАЛУ ҰЯТ!

“Біздің қазақтың ықыласы ғараптан шықты дегенді, яки Бәни Исраилдан шықты дегенді ұнатқандай. Онысы, әрине, тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен, һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс, һәммаға мәлім, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі; бірі — Үндістан тарапынан, ол жақтан келген жұрттардың көбі білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып, қайдан шыққандарын білгендер; екінші — маңғол



жағынан келген, олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихларын терең білмей, түбі ескерусіз қалып, ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яғни сол маңғолдан шыққан халықтың бірі — біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғолдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалғандығымыз ұят”.

1. Фарап — араб елі.
2. Бәни Исраил — Мұса (Моисей) пайғамбардың соңы-на ерген қауым, семит (араб-яхуди) жұртының ескі нұсқасы.
3. Һәммаға — баршаға.
4. Үндістан — оңтүстік деген ұғымға сәйкес қолданыл-ған.
5. Маңғол — Мұңғыл (монғол өлкесінің халықтары).
6. Тауарих — тарих, шежіре деген мағынада.

*Абай (Ибраһим Құнанбаев). Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы. Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы, 1986. — т. 2. — 165-б.*

## ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ — ТАРИХ

“Бұл елдің, одақтың тәуелсіз тұтас ел есебінде өз бетімен жаңа өмір тіршілік жасай бастаған уақытын дәл анықтау өте қиын, тіпті, мүмкін емес. Алайда, халық аңыздары тарихи факті болмаса да, осы кезең турасында тиянақты жалпы пікір білдіреді. Қай елдің болмасын аңыздары, әсіресе тарихи аңыздары маңызды деуге келмеген күнде де өте қызғылықты. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ аңыздары өзінің ерекше қарапайымдылығымен, ашықтығымен және қиял-ғажайыптар ауылынан алыс шынайылығымен, сенімділігімен сыйлы орын алды. Көп жағдайда Әбілғазы және қазақ қаламынан шыққандығымен даңқты “Жәмиат тауарих” деректерімен дәлелденеді. Ауызша айтылғанына қарамастан, уақыт елегіне, ұрпақ талғамына шыдап өтіп, көне жырлар мен аңыздар ақындардың керемет жады мен мүмкіндіктерінің, елдің өз ата-бабаларының ерлік істерін баяндайтын өлең, жыр, аңыз бен ертегіге деген махаббатының арқасында осы күнге дейін жап-жақсы сақталған. Ұлаң-байтақ даланың әр қиырынан жинақталған көшір-

мелер бір-біріне таңғажайып ұқсас. Қазақтар туралы, олар көне түрік әлемінің бүкіл соларға тән әдет-ғұрпымен, ойын-тойымен, тарихи жырлардың орасан зор қорымен, әр заманда өмір сүрген ақындардың өлендерімен, музыка мен ойын-сауыққа әуестігімен, құқықтық ел ғұрыптарының үлкен кодекстерімен, жазба-билік жолымен сақталып қалған қазынасы деп кесіп-пішіп айтуға болады.

Өз бетімен ел болғаннан бері не бір салмақты оқиғасын, не даңқты адамын естен шығармай, ел жадында жазылмай қалмаған. Біреуін ақын жырласа, басқасын ұрпақтарының жадында мәңгілік қалып, өзінің өшпес күйлерімен сыбызғышылар мен қобызшылар жазып кеткен. Әрбір ру басы, сыйлы қазақ өзінің руының шежіресін толық біледі. Өзі тәрбиелі, тәртіпті топ қатарына кіру үшін, халық алдында абыройлы, билігі өтімді кәрі билер жетекшілігімен, әдет-ғұрып заңдарын ыждахатпен жаттайды. Шешендік өнерді меңгеріп, көптеген мақал, мәтел, әзіл-қакпай сөздерді жадына тоқып жетіледі, әсіресе, соның арқасында қазақ әзіл-қалжың жағына ұста болып жетіледі. Өкінішке орай, енді бір он жылдан кейін “мұның бәрі бұрын болған” деуден басқа амал жоқ. Біздің халық күрт өзгеріс үстінде”.

*Ч. Ч. Валиханов. Киргизское родословие. Собрание сочинений в пяти томах. — Алматы, 1985. — т. 2. — 157-б.*

*III. Уәлиханов // Таңдамалы. Алматы, 1985. — 111-115-бб.*

## ТАРИХТЫ ТАНЫМАҚ ШАРТЫ

“Атамыз Адам пайғамбардан бері қарай атадан балаға үзілмей жазылып келген шежіре ешбір жұртта жоқ. Адам пайғамбардан Нұқ пайғамбарға дейін айтылған аталар, Таурат сөзі, қай кітапта болса да сол Таурат кітабынан алып жазған. Онан соңғы шежірелер біреуден біреу естіп жүрген ертегі сықылды сөздерден шыққан. Оның ішінде кейбіреу білімді атану үшін, енді бірі жақсы атаның баласы болмаққа, жаңылыс ұққаны, өтірік, яки қате айтылғаны көп болған. Мысалы, біздің Ғақаша Сақабаның нәсіліміз дегені

сықылды сөздер. Бергі заманда шыққан білімділер сол ертегі сықылды сөздердің қисынына қарап, кісілердің, жерлердің атының мағынасына қарап және онан беріректегі халықтың жайын әзірлегенде ескі заманда патшалы жұрт болған халықтардың ескі жазулары, ақша теңгедегі жазу һәм моланың басына қойған тастағы жазулардан қарап біліп және сөйлеген сөз, әдет-ғұрып, таңба-белгілерінің ретіне қарап, қай ел қай елмен тұқымдас, қай уақыттан бері қай жерде жүргені, кім деген ел атанып, қай ханға қарағанын анықтап, тапқан соң, бұрынғы ертегі сықылды сөздердің көбі қате екені мағұлым болған”.

1. Таурат (Тора) – Алладан түскен төрт кітаптың бірі. Мұса пайғамбарға жіберілген. Яғни, осы кітаптардың ішіндегі ең көнесі. Ел көбінесе Библия деп атайды, Таяу Шығыста қалыптасқан ежелгі аңыздардың көбі сол кітапқа енгендіктен дерек болып саналады.
2. Расында да қазақ шежіресінің көпшілігі түп бастауды Ғақаша Сақабадан алады. Тарихи тұрғыдан Ғақаша аты Нұқтың Яфет деген баласына қатысты болуы керек. Қазақтың арғы тегі алтай тілдік-нәсілдік тобымен тығыз астасатындықтан, арабтық, яғни семиттік тамыр туралы әңгіме еш қисынсыз.

*Шах Керім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ  
һәм хандар шежіресі. — Орынбор, 1911. — 3-б.*

## АТА-БАБАНЫҢ ҚАСИЕТТІ СӨЗІ

“Бұл (қазақ) руларының көнеден келе жатқан жазылған тарихы болмағанымен, ата-бабаларымен, түрлі ұрпақтарының ақпарлары ауыздан ауызға аңыз болып ұласып келе жатқанын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен, уақыт оза келе бұл шежірелер өз негізінен артық-кемі болып, ілгері-кейінді айтылып, шатастырарлықтай жағдайда болса да, өзге тарихи мәліметтермен салыстыра отырып, реттестіру нәтижесінде белгілі бір шындыққа жақын, тоқтамды пікірлер айтуға болады. Бұл хабарлар негізсіз дәлелденбесе де, себепсіз жалғанға да шықпайды. Негізінде, шындығы басым тарихи оқиғалары анық. Себебі, бұл тайпалар өздерінің тарихты тереңдетіп оқымағанының сал-



дарынан нақтылы анық айтып, білімге таласатындары болмағанымен, бабаларының сөздерін зейінімен тыңдап, ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып, әр мәжілісте, әр жиын-отырыста үнемі қайталап, шын ниетімен ойларына ұстап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, насабшыларына “шежіреші” деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса, ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп, жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған.

Бұл елдің мұндай істері тек осы ғасырымызда ғана емес, көнеден келе жатқан дәстүрлі әдеттері. Содан әр тіршілік істеріне шежіре қағидаларын пайдаланып, мақал-мәтелдерін қолданғанда да, бабаларға ұқсауға тырысар еді. Бұл ел мақалдарды өздерінше үлкен медет етеді. Шынында, сол сүйенген тірегі негізсіз, мағынасыз емес. Қайта түп төркіні бір кітапқа байланысты, шығу тегі бір заңдылыққа бағынған сияқты, көне кезде бұлар бір әділ патшаның иелігінде ме, жоқ бір көміл данышпанның тілін алды, тәлімін алды ма деген ойға келесің. Бұлар, біріншіден, үлкеннің аузына қарап, естігендеріне сүйеніп, оқымай қалған болар. Екіншіден, сөзқуарлық, шешендіктің негізгі мақсаты — өз ойын көркем тілмен жеткізе білуді толық меңгеріп алған соң, жазу, оқу бұған қажет болмас. Себебі: “оқуға сенген — ұмытшақ, жазуға сенген — жаңылшақ” деген қағиданы ұранға көтергендігінен болса керек. Бірақ осы соңғы жылдары бұлар да оқып, жазып, тарихтардан хабардар болу нәтижесінде ауызша сөзге аса құлақ қоймай барады”.

*Имам Құрбанғали Халидұлы. Тауарих хамса и шархи  
(Шығыстың бес тарихы). — Қазан, 1910.  
Алматы, 1992. — 51-52-бб.*

## АСЫЛ ШЕЖІРЕ ТУРАЛЫ

“Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. “Оқуға сенген — ұмытшақ” деп оқуды керек қылмаған, “жазуға сенген — жаңылшақ” деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар,

кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен, кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған”.

*М.Ж. Көпейұлы. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993. — 9-б.*

“Біздің айтатынымыз: “естіген құлақтың жазығы жоқ”. Басқа жұрттан шыққан тарих жазушылар қайдан шығып, қайдан барып ұшырасарынды білмейді. Анас пен Мәлік хәзіретті араб, қазақ өзін араптан шығарып, туғызып, пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді дейді. Мына мен, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы баласы, осы сөзді жазып отырмын! Бақсыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жауырын жағып, құмалақ салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан көрумен, көрі құлақтан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындап, таңдап айтып отырмын. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Араб тілінде “ұғызак” деп жазылған, шағатай түркісінде “хазак” деп жазылған, өзіміздің жуан тілде “қазақ” деп жазылған. Әуел басы Нұқтан тарап бөлінгенде, Жаппас деген баласынан Түрік, одан Түтік, одан Қой, одан Киік, одан Еділше, одан Алаша, одан Моңғол-Татар. Моңғолынан Қара хан, одан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп-өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі, “киіз туырлықты қазақ, уыз үйлі” атанғаны сондықтан.

Ол Уыз хан балаларына Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз деп ат қойған. Қазақ күні бүгінге шейін сол аттардың ізімен келеді. Айдың басында туғаны — Айбас, таң ата туса — Таңатар, күн шыға туса — Күншығар, түн ортасында туса — Түнқатар, көлде туса — Көлбай, тауда туса — Таубай, жайлауда туса — Жайлаубай, қыстауда туса — Қыстаубай, күзекте туса — Күзек. Уыз ханнан қалған өрнек-үлгі. Түріктен тоғыз атаға шейін хандығым үзілмей келді деп киіз те тоғыз, күн да тоғыз, осы тоғыз-тоғыздан бөлетін жобаны сол Уыз хан қалдырған. “Бейіштің қақ төрінен тимесе де, орын-морын тимей ме босағадан”, — деп, баяғы



Шәкір-Шәкірәттағы кемпір-шал айтқандай, бізге Күн, Ай, Жұлдызды кимаса да Көк, Тау, Теңізді көпсіне ме?! Қазақтың бетімен жайылған қойдай емін-еркін, өз тізгіні өзінде жүрген күндерінде қатын керек болса ноғайлардың қызын еріксіз, сұраусыз алып кете бергендіктен, ноғай халқы қазақты бұл күнгіше жек көріп кеткені — ол, қалмақ, ежелден атасының асындай болған. Не нәрсенің анығын Алла біледі. Мен солардың қасында бірге жүріп-тұрыппын ба? Біздікі “естіген құлақтың жазығы жоқ” деп соға бермек. Қазақ өзінің кигіз кітабынан, яғни ауыздан-ауызға айтылып, бірден-бірге қалып келе жатқан сөзді айтады. Бұл жоғарыда айтылған сөздер қазақ ішінде, бұдан бұрын қазақ елінде нұсқа болып жазылмаған. Өтірік-ойнас қолымнан келмеген соң “күнәсі жоққа құдайдың рахматы жоқ” деген сөздерден қорқып, “май жесең тойғаныңша же” деп еді ғой дегендей надандықтың бейпіл байлығына тартынбай-ақ кіріп кеткенім ғой. Алла өз пазылына алып, рахматынан наумит қалдырмасын.

...Арғын бабамыздың бәйбішесінің аты — Өргүл екен. Одан Құтан, Ботан деген екі ұл туады. Ботан жасында өліпті. Бұдан нәсіл жоқ. Құтаннан Мейрам сопы жалғыз. Бұл туралы бұрынғы ақындардан қалған бір ауыз өлең бар:

*Сұрасаң арғы атамды Ер Қотан-ды,  
Сұлтанбек, Әзіздерден ол бата алды.  
Мейрам ұлы, Қарашаш бір қыз тауып,  
Қуандық, Сүйіндік боп сонда атанды,—*

деген сөзін дәлел қылып және Көтеш ақыннан уақ Жарқын би сұраған екен: “— Бұл ақындық ата-бабаңнан бар ма, яки нағашы тегіңізде бар ма?”— деп. Сонда Көтеш ақын айтқан бір ауыз сөз өлең:

*Қазақта Арғын ата болған зерек,  
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.  
Біздердің түп атамыз ақын Құтан,  
Өзгеден өлеңге ұста болса керек, — деп.*

Осындай сөздерден біздің Құтан деген атамыз бар болғанын білеміз.



Бұқарекен айтыпты деген сөз бар:

*Бәрімізді сұрасаң, Құтанбайдың баласы,  
Қарақожа бас болып, қабыл да болғай батасы, —*

деген екен”.

1. Уыз хан — Оғыз хан. Шежіреде Оғыз қағанның ата-тегі берілген. Оғыз қаған — мифтік тұлға, өмір сүрген кезеңі б.з.д. дәуір.
2. Қазақтың шежірелерін, аңыз-дастандарын “кигіз кітап” деп атау XX ғ. дейін жиі кездеседі. “Шәкір-Шәкірат” — Шығыс елдерінде кең тараған жыр.
3. Мәшһүр-Жүсіп шежіресінің тарихи аңыздарға, жырларға, нақыл сөздерге сүйенетінін көрсету үшін осы тарихи этюдті әдейілеп қосып отырмыз.
4. Бұқарекен — әңгіме Бұқар жырау жөнінде (XVIII ғ.)

*М.Ж. Көпеев. 14-15-бб.*

## ЭПОС — СҮЛУ ҚАЗЫНА

“Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жан-күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, фәлсафалық қария сөздерін тереңдеп алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын бір үлкен сәулетті сыр бар екені көрінеді. Бұл жойқын шығармалардың ту баста келіп шығуының өзі бір жарқын дүние. Оны ең алдымен келістіре жыр шығарған елдер — ерлік дәуірін бастан кешірген, қазақтың байтақ сахарасын қоныстанған сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, олардың соңын ала қарыштаған ұрпақтары — оғыздар, қыпшақтар, қарлұқтар (қазылықтар), наймандар, керейлер, пешенелер, хазарлар... Бұл елдердің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан таралған рулардың көпшілігі бері келе қазақ елінің іргесін құрауға негіз болды. Сондықтан да бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымдарының іздері де, оның ішінде халық жырлары, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері, жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі

сахараны үздіксіз қоныс еткен олардың түбегейлі мұрагері қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталған. Көрі заманның ертегі-жырын, миф, аңызын біздің дәуірімізге дейін сұлу қазына түрінде сақтап қалдырған. Бұл айтқан жұрттар Қытай мен Рум жазушыларының айтуынша, Орта Азиядағы ең білікті елдерден саналып, өз алдына жер, су, қонысқа ие болып, өздерінше әлеуметтік, мәдениет тіршілік жасаған еді”.

*Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр-аңыздар. — Алматы, 1985. — 5, 352-66.*

## ЕШКІМНЕН ДЕ КЕМ ЕМЕС

“Көшпелі қоғамда техникалық прогресс болмайды деп ойлаудың өзі қате. Жалпы көшпелілер, оның ішінде ғұндар мен түркілер, адамзаттың күнделікті тіршілігінен еш айырылмайтын көп бұйымдарды ойлап тапты. Қазір еуропалық аталатын киім үлгісін көшпелілер тіпті ерте заманда ақ ойлап тапқан. Үзеңгі II-IV ғғ. арасында Орталық Азияда пайда болды. Алғашқы ағаш дөңгелекті арба кейін үлкен дөңгелекті күймеге айналды, кейіннен көшпелілер орман-тоғайлардан қиналмай өтетінде, ықшам түйелі көштерге айналды. Қайқы қылышты көшпелілердің ұзын, құранды садақтары жебелерін 700 м. дейін жеткізетін. Ақыр соңында айтарым, ол заманда тұрғын жайдың ең жетілген түрі де — кигіз үй болатын. Көшпелілер рухани мәдениетте де өзінің отырықшы көршілерінен артта қалып көрген жоқ. Әрине, олардан ғылыми теорияларды талап ету ессіздік, тіпті гректер де өз ғылымының негізін Мысыр мен Бабылдан алған ғой. Көшпелілер жыр-аңыздардың екі түрін: батырлық эпос пен қиял-ғажайып хикаяларын жасады.

Бұл екеуі де әдебиеттен гөрі мифологияға жақын, бірақ ақиқат өмірді қабылдаудың бір жолы.

Көшпелілер тарихты да бізге ұқсамайтын осындай жолмен қабылдаған. Тарих көшпелілерге бір атаның, рудың шыққан тегінің шежіресі сияқты. Оларға тарих оқиға немесе қоғамдық құрылыс туралы деректердің жиынтығы емес, өзінің ата-бабасының салып кеткен жолы. Еуропа-



лықтар үшін бұл есептеу мағынасыз сияқты көрінгенмен, ғылымда қолданылатын кез келген есептеу жүйесі сияқты, бұл да өтіп жатқан уақыт ағымын түсіндіреді. Көшпелілер тарихының мақсаты мен туындаған қажеттіліктері өзгеше және олардың өз талаптарына сай.

Ежелгі көшпелілердің фольклоры мен тарихы жөнінде мәліметтерді біз этнографиялық аналогиялар мен үзік-үзік деректерден аламыз, ендеше ол дәл емес, долбар ғана. Оның есесіне бейнелеу өнерінің туындылары бізге сол түпнұсқа бойынша жеткен, сол себептен де ежелгі далада шын мәнінде не болып, не қойғанын әлдеқайда толық кескіндейді.”

*Л. Гумилев. Қиял патшалығын іздеу  
(Пірөдар Иоанның мемлекеті туралы аңыз). —  
Алматы, 1992. — 39-40-бб.*

## ҚАРИЯ СӨЗДЕР — ДАЛАЛЫҚ ТАРИХНАМА

“...Қазақстан тарихының XIII-XIV ғғ. зерттеу, сол арқылы Қазақ хандығының одан бертінгі тарихын түсіну тарихи деректану саласында атқарылатын кең көлемдегі зерттеулермен тығыз байланысты. Осы күнге дейін деректанушылар бұл бағытта әжептәуір іс бітірді, бірақ жеткілікті деуге келмейді.

Біздің баяндамамыздан біз Ақсақ Темір немесе сол кездегі басқа иеліктердегі қалыптасқан сарай тарихнамаларын жеріне жеткізіп бағаламады деген пікір қалыптасуы мүмкін. Бірақ олай емес, шығыстың жазба деректері Қазақстанның Ресейге қосылу дәуіріне дейінгі тарихын зерттеуде нақты орны бар, олар негізгі болып табылады және оларсыз айтылған кезеңдегі қазақ тарихын қалпына келтірем деу күр бекер шаруа.

Менің нұсқағым келгені ерекше, бөлек дерек, оның беретінінің маңызы кем емес, көп жағдайда таптырмайтын, баға жетпес қор. Ол — далалық ауызша тарихнама. Тарихи атқарушының (субъект) өзінің өткені жөніндегі жады. Қазақстан тарихын қалпына келтіру тек осы екі тарихнамалық дәстүрді пайдалану арқылы ғана іске аспақ.



Бірі — кәдімгі жазбаша, яғни отырықшы елдердің мәдениетінің нәтижесі, екіншісі — далалықтардың ауызшасы.

Далалық ауызша тарихнама — Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімі. Біз үшін Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігі мұңғыл заманынан бері көшпелілердің ортақ тарихи зердесінен бөлектене бастаған ерекше өлке. Осы себептен тарихи білімді не “ауызша дәстүр” деп, не “аңыз”, “хикая” деп анықтауға болмайды. Далалық ауызша тарихнама не мифология, не фольклор, мысалы, батырлық эпос түрінде ұтылмауы керек, себебі, фольклордың өзі далалық ауызша тарихнамадан нәр алған.

Осыны көрсететін шығармаларды далалық ауызша тарихнаманың деректері, қайнар көзі деп белгілесе болар еді. Олар Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімдерінің тарауларына құрылған тарихи әңгімелердің жинағы сияқты. Бұл әңгіме-тараулар “қария сөз”, яғни ескіден қалған көне сөз деп ерекше аталған. Осы белгісімен бұл деректер шығыстың кәдімгі сарай тарихнамасынан бөлектенбеді. Оларда далалық ауызша және шығыстың жазбаша тарихнамасының элементтері аралас.

Далалық ауызша тарихнама жалпы тарихнамамен сәйкеспегенімен, заңдылықтары жағынан бір. Далалық тарихнаманың көздерін зерттеу Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімін ерекше құбылыс (феномен), құрылым (система), мәдени дамудың көрсеткіші (индикатор) ретінде қарастыруға мүмкіндік береді деп сенеміз”.

*В.П. Юдин. Чингиз-наме. — Алматы, 1992. — 64-65-бб.*


## ЕРТЕГІДЕН ДЕ ЕСКІ ТАРИХ (тас дәуірі)

Біздің заманымыздан бұрын миллион жылдың шамасы, Қазақстан жерін алғашқы адамдар қоныстана бастады. Ол дәуірді тарихи әдебиеттер ерте палеолит деп атайды (палео — көне, литос — тас). Оларды адам дегеннен гөрі адам тектес гоминид деп атаған жөн, себебі адамзат баласына тән көптеген қасиеттер ол заманда әлі де қалыптаспаған болатын. Қазақстан жеріне гоминидтердің қай жақтан келгені анықталған жоқ, мүмкін, Шығыс Азиядан, мүмкін, Кіші Азиядан келген болар деген жорамал бар. Сонымен қатар адамзат баласының қалыптасу процесіне Орталық Азия өзінше үлес қосты дейтін де ғылыми тұжырымдар бар. Оның бір көңілге қонатыны — адамның ақыл-ойы, қоғамдық тіршілігі күрделі табиғи ортада ғана қалыптасуы мүмкін деген жорамалы. Бұл қисынды сөз, неғұрлым солтүстікке қарай мекендеген адамдар соғұрлым табиғат қаһарымен көбірек күресуге мәжбүр екендігі белгілі, ал оңтүстік өлкесі жаймашуақ табиғатымен, азық-түліктің молдығымен, адамды қанағатшылық сезіміне көбірек бөлесе керек. Қалай дегенмен де, адамзат баласы — табиғаттың төл баласы ғана емес, сонымен қатар, күресуші тұлға.

Қазақстан жеріне тас дәуірінің қай кезеңі болмасын ескерткіштерді мол қалдырған. Олардың ішінде әсіресе тастан жасалған қару-жарақтардың орыны бөлек. Археологтардың зерттеуіне негіз болатын алдымен осы мұра. Тас қаруларын зерттеу барысында ғалымдар тас дәуірі үшке бөлінетінін анықтады: палеолит, мезолит (орта тас дәуірі — б.з.д X-XII мыңжылдықтар ұлы жаңалықтар ашқанының куәсі) және неолит. Екіншілік пен бақташылық сияқты кәсіптер осы жана дәуірдің нәтижесі. Неолит үш мыңжыл-

### Шартты белгілер:

- ◆ Нәулит ескерткіштері
- Палеолит ескерткіштері
- Тас дәуірінің жартас суреттері



**Тас дәуірі (б.з.б. 1,5 млн.-3 мың.)**



дыққа созылғанымен, тарихқа қосар жемісі бәрінен де мол болды. Әрине, ол жаңалықтардың бәрінің де негізі миллиондаған жылдарға созылған палеолиттің заманында қаланғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Адам эволюциясын анықтауға тек қана тас қарулары ғана емес, қазба жұмыстарынан табылған сүйек қалдықтары да үлес қосады. Өкінішке орай, неолит дәуірінен болмаса, палеолиттен адам қаңқасы табылған жоқ. Сол себепті Қазақстан жерін ол кезеңде мекендеген адамдардың нәсілі синантроп (Қытай адамы) немесе питекантроп (маймыл адам) тектес болар деген жорамал бар. Б.э.д. 100 мың жыл бұрын қазақ жерін неандерталь кейіпті, кескінді адамдар жайлаған. Ал енді соңғы мұз басу кезеңінен кейін (40-35 мың жылдар бұрын) қазіргі адамдар толық биологиялық тұрғыдан қалыптасып болса керек. Оларды ғылыми әдебиетте “хомо сапиенс” деп атайды, ал адам эволюциясының түпкі төркіні “хомо хабилис” — шебер адамнан басталады, синантроп пен питекантроп заманын “хомо еректус” — аяғымен тік жүрушілер деп те атайды.

Б.э.д. 10 мың жылдай бұрын Қазақстан жерінің флорасы мен фаунасы өзгеше болған. Сарыарқа өлкесінде сыңсыған емен ағаштары өсіп, оның арасында мамонт, жүндес мүйізтұмсық, бизон бұқалары, үңгір аюы, арыстан, жолбарыс жүрген. Далалық көк шалғынды өлкеде киік, арқар, марал қойдай жайылып жүрген. Бертiнiрек iрi аңдардың азайып, табиғаттың қуаң тартуы адам өмірін күрделі өзгерістерге душар етті. Ұсақ аңдарды аулау үшін амал жоқ аңшылық әдістерін дамыту керек болғаны аян. Аң аулаушы рулар өмір сүру үшін ұзақ сапарларға аттануға мәжбүр болды. Бірнеше ру қауымдары қосылып, күзге қарай жылы жаққа жылжыған аңдардың жолын тосып, қамап ұстау үшін әр түрлі құрылыстар салды. Осы бір салт кейін келе бақташылықтың негізін салса керек. Оның басты шарты — малды қолға үйрету болып табылатыны хақ. Орта есеппен шаққанда 40-50 адамнан тұратын аңшылар қауымы үшін жылына 10 т. ет керек. Осыншама етті 750 км<sup>2</sup> ғана қамтамасыз етуі мүмкін. Сонда бүкіл Қазақстан жері бар болғаны 3500 қауым ғана мекендеуге жетеді. Қарап отырсаңыз, тас дәуірінде біздің өлкемізде 150 мың шамалы адам қоныс еткен. Халықтың санының өсуі амалсыздықтан

аңшылықтан өзге де кәсіп түрлерін игеруге бастағаны сөзсіз. Соның ішінде ең пайдалысы және жер мен ауа райына келетіні — бақташылық.

Адамдар бірден қауым құрып, отбасы болып тұрған жоқ. Әрине, жалпы адам тектестердің дүниеге келуі, олардың санасының өзгеден жоғары болуы жаратылыстың басты құпиясы екені рас. Бірақ қауым мен отбасын қалыптастыру үшін гоминидтер бірнеше миллион жыл күрескені даусыз. Алдыменен көрші отырған ру бір-бірінен қыз алатын, қыз беретін болып “дуальдік” одақ құрса керек және ол заманда қауымды ұстап тұрған, туыстастырған аналар деп есептеуге болады. Дуальді некеден жұпты от басы бертінірек бөлінгенге ұқсайды. Неолит кезеңінде ұсақ рулар ірі тайпалық одақтар құру процесіне өтті. Осыған байланысты неолитті этнос пайда болған дәуір деуге толық негіз бар.

Палеолит дәуірінде адамдар көбінесе табиғи баспаналарды, үңгірді пайдаланса, кейінірек тастан, ағаштан жер үйлер де сала бастады, ал діни сенімдері күн мен айды күдірет тұтуға негізделген. Әр түрлі аңдарды қасиет көріп, тотем есебінде құрметтеу де тас дәуіріне тән құбылыс.

## ЖАРАТЫЛЫС БАСТАУЫ

“Құдай тағала адамды жаратар болғанда, Жәбірәйіл ғалайссаламды жер бетінен топырақ алып кел деп жұмсады. Ол жерден алмақ болғанда жер хәл тілінде одан: “Не қылғалы жатырсың?”, — деп сұрады. Жәбірәйіл келген жұмысын айтып еді, жер: “Менен топырық алмаңыз, өйткені ертең адам перзенттері көбейгенде бірі кәпір, бірі залым, бірі күнәһар болып, құдайдан азап шегер”, — деді. Жәбірәйіл қайтып келіп Құдай тағалаға жердің айтқанын жеткізді. Құдай тағала Мәкәйіл ғалайссаламды жіберді, ол да сол сөзді айтып келді. Одан соң құдай тағала Исапыл ғалайссаламды жіберіп еді, ол топырақ алмай, естігенін айтып келді. Одан кейін Құдай тағала Әзірейіл ғалайссаламды жіберді. Жер оған да жоғарыдағы айтқандарын айтып еді, Әзірейіл: “Сенің айтқаныңнан Құдайдың хукімі күштірек”, — деп, қазіргі Қағба тұрған жерден топырақ алып келді.



Құдай тағала өзінің құдіретімен топырақты қамыр қылып, одан адамның суретін жасап, отыз тоғыз күн Мекке мен Тайфтың арасына қойды. Қырық күн дегенде оған жан берді. Ібілістің адамға сәждә қылмағаны, адамның бейішке барып, одан бұл дүниеге қайтып келгені айдан анық, күннен мәшһүр болғандықтан, оның несін айтайын.

Адам бұл дүниеде мың жыл жасап, о дүниеге кетті. “Адам” деген — арабтың жер қыртысы деген сөзі, өйткені Әзірейіл топырақты жердің үстінен алмай, қыртысынан алып еді. Адамның лақабы — Сафиолла делінеді. Адам өз ұрпақтарынан қырық мың кісіні көріп өлді. Өзі өлер болғанда, орнына Шес атты ұлын қойды”.

1. Ғалайссалам — оны алла жарылқаған деген ұғымды білдіреді (арабша).
2. Хәл тілі — мағынасы түсініксіз, тіршілік тілі дегені болса керек.
3. Қағба — мұсылмандардың қасиетті орыны, Мекке шаһарында, бірақ Араб тайпалары ол жерді жаһилият заманынан бері қадір тұтқан. (“Жаһилият” — мұсылмандыққа дейінгі дәуір).
4. Жәбірәйіл ғалайссалам — алла өмірін орындаушы төрт періштенің бірі. Алланың өмірін пайғамбарларға жеткізеді, тіршіліктің қамқоры.
5. Мәкәйіл ғалайссалам — қасиетті төрт періштенің бірі, мұсылманға көмек етуші, аспан әлеміндегі тәртіпті бақылаушы.
6. Исрапыл ғалайссалам — жаһаннамның күзетшісі, төрт қанатты, алып тұлғалы, өзге періштелерге Алла өмірін жеткізуші.
7. Әзірейіл ғалайссалам — ажал періштесі. Көп қолды, көп аяқты т.б., адам тағдырының иесі.
8. Ібіліс — шәйтан аты.

*Әбілғазы. Түрік шежіресі. — Алматы, 1991. — 10-11-бб.*

## АЛЛАНЫҢ АДАМДЫ ЖАРАТУЫ

“Алла тағала екі күнде байтақ жерді жаратты, жер үстіндегі тау-жоталарды жаратты. Әрі сол араға бақыт пен қайратты түсірді. Іле-шала төрт күнде тұрмысқа керектілерін қарастырды, мұнарлы зеңгір көкті шарлады.

— Ерікті иә еріксіз болса да алдыма келіп, өмірімді тыңдаңдар деп Жер мен Күнді алдына алып келді.

— Ықтиярымызбен келдік, — деді Жер мен Көк.



Алла тағала тағына келіп отырды. Күн мен Айды белгілі бір уақытта айналатын етті. Сонан соң періштелерді жаратты. Олар Алланы мадақтады, бар ыждахатымен құлшылық етті.

Онан әрі Алла тағала байтақ жерді мекен тұтуға Адам атаны және оның ұрпақтарын жаратуды ойлады. Осылай балшықтан Адам ата — Сапиолланы жасады.

Оған жан берді. Адам атаға жүгіну жайында Алла тағала періштелеріне әмір берді. Олар Алланың әмірі бойынша, Адам атаға ізетпен келіп, бәйек болып бас иді. Бірақ Ібіліс Алланың әміріне бағынбады, тағзым етуден бас тартты. Бұл Алланың қылығына шәк келтіру еді.

— Адамнан қалайда артықпын, — деді Ібіліс, — мені өзін оттан жасадың, ал оны балшықтан жаратып отырсың, оған қалай бас иемін?! Одан әрі Ібіліс: — Адамзатқа қиямет-қайым болғанша тірі жүруіме рұқсат ет, — деп алладан кеңшілік сұрап жалбарынды.

— Сол күнге жетуіңе кеңшілік еттім, — деді Алла тағала.

Алла тағала Ібілісті мейір-шапағатынан махрұм қалдырды, ал Адам ата мен оның зайыбын жұмақта тұрғызды, әрі былай деп өсиет айтты:

— Шапағатым мәңгі есінде болсын, сені өз күдіретіммен жараттым, жер бетіне ие еттім. Сен деп рухымды құйдым, періштелерді аяғына жықтым, парасат пен білімді бердім. Ібіліске деген мархабатымды қайтып алдым, бақилық жұмақты саған тұрғын еттім. Ібіліске еріп, жамандық жолына түссең, жұмақтан қуып, тозақтың азабына бұйырамын!

Адам баласы осылайша жаралған.

## АДАМ АТА МЕН ХАУА АНА

Біз өзіміздің арғы бабамыз Әзіреті Адам жөнінде сөз етеміз. Аспаннан берілген құдайдың аянында Әзіреті Адам жұмақта болған кезде оның бидай ағашының жемісін тартып көруіне Тәңірі құдай қатаң тиым салып, егер тыңдамаса, жұмақтан қуатынын ескерткен.

Қарғыс атқыр Шайтан түрлі амал-айламен Хауа анамызды жолдан тайдырып үлгерген. Ол бидайдың жемісін же-

геннен кейін, Өзіреті Адамға да келіп: “Бұл жемістің тәттілігіне тең келер ештеңе жоқ, жеп көріңіз!” – деген екен.

Өзіреті Адам, иә, жаны жәннәтта болсын, қызығып, бидайды жеп қойған. Бидайды жегесін, Өзіреті Адамның иығынан сол сәтте жұмақтың лыпасы түсіп қалып, олар жалаңаш қалған. Жамылу үшін ағаш жапырағын қанша сұраса да бермеген. Ақыр соңында құрма ағашы оларға жапырағын берген, олар жалаңаш денелерін сол жапырақтармен жауып, Тәңірі құдайдың әмірімен жұмақтан шығарылған.

Өзіреті Адам мен Хауа Ана жұмақты тастап шыққан уақытта бұл дүниеде ай да, күн де болмай, маңайды қараңғылық басып, жер-дүние мұзға оранып жатыпты. Өзіреті Адам мен Хауа Ана бір-бірін жоғалтып, жүз жыл бойы қаңғырып іздеген. Өзіреті Адам көз жасын көлдете дүниені кезіп: “Адам, сен өз жұбайыңмен жұмақта өмір сүре бер, қай жерде болсын, барлық ырзығын же, бірақ өзің қылмысқа батқың келмесе мынау ағашқа жақындама”, – деген құдайдың аянын қайталай беріпті.

Жүз жыл өткен соң, Адам Хауамен кездесті.

## ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ

Өзіреті Адам мен Хауа кездескен. Арғы әжеміз Хауа жыл сайын бір ұл, бір қыздан туа берген. Хауаның бірінші ұлын Қабыл деп атаған, екінші туған ұлын Әбіл деп атайды. Көп күндер өткен соң, Қабыл мен Әбіл ержеткен. Қабыл егінші болып, жер баптаса, Әбіл бақташы болып, қой баққан. Күндердің күні Қабыл жерден өнген өнімді Тәңірі құдайға сый деп алып келеді, ал Әбіл болса өзінің баққан қойынан, оның өнімінен сый ұсынады. Құдай тағала болса, Әбілдің сыйын қабылдап, Қабылдың сыйын қайтарып жіберіпті. Сол себептен Қабыл қатты ренжіген, өңі түтігіп, жерге қараған.

Күндердің күнінде олар аң аулауға шыққан. Аң аулау кезінде Қабыл: “Егер біз үйленетін болсақ, онда мен жақсы бойжеткенді аламын,” – дейді. “Жоқ, менің бауырым, Жоғары Жаратушы әркім өз жұбын алсын”, – деп бұйырған, – деді Әбіл.

Қызға бола жанжалдасқан Қабыл Әбілді таспен ұрып, оны өлтіріп тастайды”.

1. Бұл үш әңгіме де “Таурат” (Библия) аңыздарының жобасы бойынша айтылып, қазақ арасына кең тарған. Бұл ең көне шежірені тудырған бақташы-көшпелі елдер екені мазмұнынан да белгілі.

*Тарту. Әбубәкір Диваев жинаған әдебиет түрлерінен  
тізілген оқу кітабы. Тізуші — М. Жұмабаев. —  
Ташкент, 1924. — 23-25.*

## ТАС ДӘУІРІНДЕ ФОЛЬКЛОР БОЛҒАН БА?

“Фольклор өкілдері типтерінің шығу тегін анықтау үшін зерттеуді ең бастапқы кезеңдерден бастауымыз қажет. Әрине, тас дәуірінде ақын, жырау т.б. типтер әлі қалыптаса қойған жоқ. Дегенмен, осы ұзақ процестің бастамасын ең көне дәуірлерден іздеу керек екенінде күмәніміз жоқ, мыңдаған жылдарға созылған процестің тарихи ретроспективасынан жаңылмай, дұрыс аңғаруымыз үшін ең көне замандарға барлау жасағанымыз жөн.

Кей адамдардың “Тас дәуірінде адамзат баласы жартылай Хайуан еді ғой! Олардың тарихын фольклор тарихымен байланыстыруға бола ма?” дегендерін талай естіген едік. Алғашында мұны қалжың деп түсініп жүрдік, кейіннен байқасақ, бұл қалжың емес, бірталай адамдардың шын ниеттен айтқан сөзі екен. Өкінішке қарай, тас дәуірінде өмір сүрген ата-бабаларымыз туралы теріс түсінік жұртқа кең тараған екен. Мұның себебін түсіну өте қиын, сондықтан ол жағына бармай-ақ қояйық.”

*Е.Д. Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың  
байырғы өкілдері. — Алматы, 1976. — 7-б.*

## АЛАҢҒАСАР АЛЫП

“Бұрынғы өткен заманда Алаңғасар атты дәу болған екен. Оның бір баласы бар екен — Арсалаң алып деген.



Екеуі жолаушылап, Талас өзенінің жағасына барған екен. Ол жерде бір шаһар бар еді, Ханның аты — Күрке деген, оның бір қызы бар еді, аты — Түйме. Алаңғасардың баласы — Арсалаң Түйме сұлуға ғашық болып, “Маған ти”, — десе: “Тастан шаһар соқсаң тиемін”, — деген екен. Сонда Алаңғасар шаһар соқпақшы болып, Бота мойнақ тауының бір тұсына келіп, баласын он шақырым жерге жіберіпті. “Сен тас лақтырып тұр, мен шаһар соға берейін, — депті, — бірақ еш жаққа қарама”, — деп тапсырыпты.

Арсалаң тас лақтырып тұрды, атасы шаһар соға береді. Арсалаң әр лақтырғанда түйедей-түйедей тас лақтырар еді. Бір уақыттарда Арсалаңның көзі Түйме сұлуға түсті. Екі арасы жиырма шақырым бар. Қызға алаң болған себепті тастары атасына жетпей, жолға түсе беріпті, “сен тілімді алмадың” деп, баласын өлтірмекке қолына ашумен тоқсан батпан күрзі алып қуған екен. Қолында тоқсан батпан кетпені бар екен, бір кетпен топырақ алып, соның үстіне отырыпты. Сол топырағы — бір төбе.

Арсалаң қашып бір шаһарға барыпты. Оның ханы: “Өзің таудан үлкенсің, не өнерің бар?” — деп сұрапты. Арсалаң: “Көңілім қаласа, әр нәрсе қыламын”, — депті. Хан: “Олай болса, біздің шаһарымызды су басып кетті, тоқтатшы”, — деген екен. “Су басты” деп қулықпен айтқан екен, шындығында да су болмай ғаріп болған еді. Оған Арсалаң ерегісіп, бір таудың аңғарына барып, бес саусағын сұқты, әр саусағынан бір-бір дария ақты, үлкендігі — Сырдариядай.

Тағы бір күні шақырып айтты: “Әй, Алаңғасар, біздің шаһарымызды отын басты, керуен жүруге жол жоқ. Отын, ағашты бір жөн қылсаңыз”, — деді. Арсалаңның ашуы келіп, Қызылқұмнан жүзген, сексеуілді жинап өкеліп, шаһарға тастағанда іші отынға толып, үйлерді басып кетті. Сонымен оны әрдайым алдап жұмсар екен. Асылы, өзі үлкен болғанымен ешкімге зорлық не зұлымдық қылмас екен. Хан одан құтылу үшін: “Әкең сәлем айтты, “іздеп келемін, мені тоссын осы шаһарда”, — деді”, — дейді. Арсалаңның ерегіспе кеселі ұстап, ол шаһардан қашып шығыпты.

Зарафшан дариясына барып мекен қылыпты. Ажалы жетіп, өлерге келіпті. Олай-бұлай сандалып жүргенде, халық уайымдапты, тау құлағандай болады, қандай амал қыламыз десіпті.

Шаһарға құлатпай, әрмен құлаталық деп, барша халық жиналып қатты дауыспен шулаған екен дейді. Сонда: “Ар-салаң әрі құламайды, бері құлайды,” — деп айғайлаған. “Саған қарап құлағанша”, — деп, ерегісіп, ары жығылып кетіпті, сөйтіп халық аман қалыпты. Осы уақыттарда Ар-салаңның бір жілігі сол Зарафшан дариясында көпір дейді. Көшкен ел сол көпірді әр жыл жүз серкештің майымен майлап тұрады”.

1. Қазақ ертегілерінің ішінде көне дүниетаным мен тарихтан хабар беретіндері аз емес. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазады: “Досбол би шежіре таратқыш екен. Заманында одан асқан білгір болмаса керек. Адам атаға дейін таратады, өзінен бастап. Сонда бір ку жаңылтпақ болып сұраса керек: “Адамның атасы кім?” — деп. Досбол: “Адамның атасы Алаңғасар”, — деген. Бұл ертегіні жинаққа қосуымызға да осы себеп болды. Тарихтың көне кезеңдерінде біз түсінбеген тылсым сыр көп.

*Қазақ ертегілері. — Алматы, 1991. — т. 3. — 25-б.*

## **ҚАРАТАУДАҒЫ КӨНЕ ҚОНЫСТАР**

“Қазақстан жерінде ежелгі заман адамының сүйек қалдығы табылған жоқ. Дегенмен, Қазақстанның оңтүстігіндегі палеогеографиялық жағдай ежелгі адамға өте қолайлы болды. Оған Оңтүстік Қазақстаннан табылған өте ескі замандағы тас қарулары (Оңтүстік Шығыс Азия мен Африкадан табылған ескерткіштермен ұқсас) және Қытай жеріндегі Чжоу коу дянь үңгірінен ежелгі адам сүйегімен қатар табылған аң сүйектерінің құрамымен сәйкес сүйектер куә.

Адамға қолайлы болған өлкенің бірі — Қаратау. Ширектік дәуірдегі мұз басу Қаратауға жеткен жоқ. Ертеде түрлі аңы, құнарлы өсімдігі мол аймақ болған. Кіші Қаратаудың солтүстік шығыс беткейінде адам баласының қоныстары жиі кездеседі. Әсіресе, шақпақ тас (кремний) кені мол жерлерде. Шақпақ тас — көне заманның құрал-сайман жасауға пайдаланатын бірден-бір шикізаты екені анық. Осы жердің радиусы 5-10 км аумақта палеолиттің 12 тұрағы табылды, 5 мыңнан аса шақпақ тас құрал шықты.



Тас дәуірінің ең көне кезеңдерінің ескерткіштері Шабакты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Ақкөл, Қазанғап деген жерлерде кездеседі.

Шамамен 700 мың жылдар бұрын адам қоныстары Орталық Қазақстан жерінде де жиі орналасқан. Есіл өзенінің басына қарай, Қарағандыдан солтүстік бағытта Батпақ деген жерде осы дәуірдің мыңнан артық тас қаруы табылды”.

*Х.А. Алпысбаев. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. — Алматы, 1979. — 155-б.*

## ТАС ҒАСЫРЫНЫҢ ӨНЕРІ

“Хомо сапиенстің” Сарыарқа жерінде пайда болған уақыты Батыс Еуропадан гөрі кеш емес. Қайта батыс жерінде оның кездейсоқ, неандерталецпен қатар, немесе сәл жоғары келіп кірігіп кетуі түсініксіз, осыған байланысты “ауа райы мен табиғаттың ықпал етіп қудалауы мен рухани бір аусарлыққа байланысты” кенеттен болған осы шабуыл ғылымға белгісіз өлкелердің бірінен басталған жоқ па екен? Ол арада адамзат баласы өз бетінше аяғымен қаз тұрып, псевдонеандерталь кезеңінен өтіп, содан батысқа жылжыған болуы керек. Бұл өлке біздің жорамал бойынша Каспий мен Ертістің арасы. Бұл қоныста көне және кеш палеолиттің іздерін табу Еуропаға “Хомо сапиенстің” Еділден әрі, Азияның ішкі өлкесінен келді деген болжамды қандай да болсын қисынға сидырады.

Тас дәуірінің соңғы кезеңіндегі қисапсыз петроглифтер құрамында жоғары полеолит заманындағы фауналық комплекске жататын хайуанаттардың иконографиялық үлгілерін жиі көреміз. Олардың арасында тұтас композициялар да, жеке суреттер де бейнеленген. Мұз дәуірінің соңына қарай тастың дамыған өндірісі өзінің типологиялық және техникалық ерекшеліктерімен қазақ жеріндегі мәдениетті Сібір-Мұңғылдық формацияға жақындастырады. Палеолит мәдениетіне сәйкес плейстоцен кезеңі өзінің экологиялық жағдайымен мамонттық комплекске және адам баласына өте ыңғайлы болды. Палеолиттің соңғы



дәуірінде адамдар әлі де ірі аңдарды аулап жүрді (Сарыарка тас суреттері бойынша), сонымен бірге, адамдар өздерінің қонысын маусымдық тәртіппен ауыстырып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Голоцен кезеңінде Сарыарка өңірі қайта құрғақшылыққа ұрынып, қысқа көктем, ауыр, суық қыс, ыстық, кебу жаз, желді және кебу күз режиміне өтіп, өзі шамалы бұлақтардың көпшілігі кеуіп қалды. Плейстоценнің соңына қарай басталған табиғат өзгерісін экологиялық апат деп бағалауға болады.

Микролит мәдениетіне жататын тайпалар оңтүстік Сарыарка өңірін қоныс ете бастағанда (б.э.д.V-IV мыңжылдық) олар құрғап қалған өзендердің маңындағы бұлақтарға тоқтады. Плейстоцен мен голоценнің бас кезінде қоныс аудару — Сібірді жаңадан игеру деп есептеуге болмайды, оның алдында да ірі қоныс өзгертулер болғаны сөзсіз».

1. Хомо сапиенс — қазіргі адам.
2. Плейстоцен, голоцен — геологиялық кезеңдер.
3. Микролит — тасты ұсатып, одан қару жасауды меңгерген неолит дәуірінің мәдениеті.

*А.Г. Медоев. Гравюры на скалах. — Алматы, 1979. — 7-8-бб.*

## ҚАЗЫҒҮРТТЫҢ БАСЫНДА КЕМЕ ҚАЛҒАН

“Нүк пайғамбар екі жүз елу жасқа келгенде, құдай тағала оны пайғамбар қылып жариялап, сол кездегі халыққа жіберді. Жеті жүз жыл Нүк халықты мұсылмандыққа үгіттеді, ер және әйел бар сексен адам иман келтірді. Жеті жүз жыл жатпай-тұрмай халықты: “Құдайға сеніп, иман келтіріндер,”— деп үгіттегенде, сексен адамның ғана мұсылман болғанына қатты ренжіп, Нүк құдай тағаладан сексен адамнан басқаларын жоқ қылуын сұрап, дұға оқыды. Нүкқа Жәбірейіл ғалайссалам келіп: “Құдай тағала сенін дұғанды қабыл қылып, пәлен уақытта жер жүзіндегі халықтың баршасын суға қарық қылмақ болды, саған “кеме жасасын”, — деді”, — деп, өзі кемені қалай жасауды үйретті. Нүк пайғамбар құдайға иман келтірген кісілермен бірге кеме жасады.

Сол кезде жерден су шықты, аспаннан жаңбыр жауды. Нұқ пайғамбар ұшар құстың, аяқты жануардың әрқайсысынан бір жұптан алып, мұсылмандық қабылдаған сексен адаммен кемеге отырды. Жер бетіндегі өзге жанды нәрселердің бәрі суға қарық болды. Алла тағаланың әмірімен су қайта тартылды. Нұқ мінген кеме Шам жұртындағы Мүсіл шаһарының қасындағы Жуды тауынан шықты. Кемеге рәджеп айында алғашқы күні мініп еді, алты ай он күн дегенде мұһаррам айының онында кемеден шықты. Таудың етегінде отырды, кісілердің көпшілігі ауру болды, Нұқтың үш ұлы мен үш келіні ғана сау қалды, өзгелері о дүниеге сапар шекті.

Нұқ пайғамбар үш ұлын үш тарапқа: Хамды — Үндістан жаққа, Самды — Иран жаққа, Иафесті — солтүстікке жіберді. Үшеуіне айтты — Адам перзенттерінен үшеуіңізден өзге ешкім де қалған жоқ, үшеуіңіз үш жұртта отырыңыз, ұрпақтарыңыз көп болсын, сол барған жерлерінді жұрт етіп отырыңдар”.

1. Түп төркіні “Таураттық” әңгіме. Бірақ тарихи негізі жоқ емес. Тек палеолит дәуірінде бірнеше рет құрлықты мұз басу процесі болғаны белгілі. Мифтік “топан су” қаншалықты шындыққа келетінін осы күні өкінішке орай ешкім зерттеп, анығына жеткен жоқ.
2. Қазақ ортасында кемеңіз тоқтаған жері деп Тәшкент пен Шымкент арасындағы Қазығұрт тауы аталады. Қазығұрт аталатын тау Орталық Қазақстанда да бар (биіктігі 1078 м). Қарап отырсақ, әр халықтың өз топонимиялық ортасына қатысты Әулие таудың аты өзгеріп отырады — Арарат, Сион, Жуды, т.б.
3. Шам жұрты — қазіргі Сирия елінің жері. (Мысыр — Египет)

*Әбілғазы Бахадүрхан. “Шежіре түрік”. — Алматы, 1992. — 11-12-бб.*

# МЫҚ ҚОРЫМДАРЫН ТҮРҒЫЗҒАН ҚАУЫМ (қола дәуірі)


Б.э.д. III мыңжылдықта Қазақстан жерін мекендеген қауымдар металды өндіруді кең көлемде қолға алды. Сол себептен б.э.д. IV-III мыңжылдықтар “энеолит”, яғни “мыс тас” дәуірі деп те аталады. Қазақ жерінің түсті металдарға өте бай болуы кен өндірісінің дамып, әлемдік ірі орталықтың пайда болуына бірден-бір себеп болғаны анық. Адамдар алдыменен таза мысты қолданған, содан кейін барып оған қалайыны қосып, сапасын жақсартқаны байқалады. Таза мыс морт келеді және құрал-сайман жасауға ыңғайсыз, ал оның құрамына 10% қалайы қосылса, нағыз берік металл шығады. Қола өндірудің ең тамаша шоғырланған жері — Сарыарқа. Ғалымдардың есептеуі бойынша ерте кезеңде Жезқазған өңірінде — 100 мың тонна мыс рудасы, Өскеменде — 200 мың т., Имантауда (Көкшетау) — 50 мың т. мыс өндірілген. Қалайының көлемі — 130 т. болса керек. Өкінішке орай, тарихи ескерткіштерге дұрыс көзқарас болмағандықтан, XX ғ. ол жерлердің көпшілігі ғылыми түрде толық зерттелген жоқ.

Қола дәуірі деп аталатын б.э.д. II мыңжылдықта Қазақстан өлкесінде тек қола өндірісі дамып қана қойған жоқ, сонымен қатар, мал шаруашылығы, суармалы егіншілік қатар дамып, адамдардың күн көрісі, тұрмысы күрт жақсарғаны анық. Егіншілікпен айналысқан қауымдар өзен бойларындағы, бұлақ көздерінің жанындағы жерді барынша өңдеп, суарып, мол өнім жинап отырған. Ал мал шаруашылығы жөнінде айтар болсақ, оның үлес салмағы біртіндеп күшейе түскенге ұқсайды. Алдыменен бақташылық үлгісі қалыптасып, қауымның бір бөлігі малмен бірге шұрайлы жайылым іздеп, қоныстан алыс көшіп жүрсе, қола



# Шартты белгілер:

- Қола дәуірінің ең көрікті ескерткіштері орналасқан жерлері
- Қола дәуірінің жартасқа салынған суреттері



1. Ақмет ауыл
2. Бесбай
3. Тастыбулак
4. Приречный
5. Алексеевск
6. Новоникольск
7. Шагалалы
8. Төңкеріс
9. Ақмола
10. Семей құм жолдары
11. Қанай
12. Алтабас
13. Борібас
14. Атасу, Санғыру
15. Дөңдібай
16. Бесоба, Байбала
17. Бөрілі, Ақсу-Аюлы
18. Елішбек, Беласар
19. Бұғылы, Талды
20. Бигазы
21. Қотанеміл
22. Сарыкөл
23. Трушников
24. Малокрасноярка
25. Төгіскен
26. Таутары
26. Қарақұдық

Қола дәуірі (б.з.б. II мың. жыл)

дәуірінің соңына қарай (Бегазы — Дандыбай кезеңі) тұтас рулы елдер көшпелі мал шаруашылығына өте бастаған. Оған себеп тек табиғи ортаның өзгеріп, қуаңшылықтың көбеюі ғана емес, мал шаруашылығының пайдалы болғандығы да.

Археологиялық әдебиетте қола дәуірінде қазақ жерінде пайда болған мәдениетті “андронов” (Сарыарқа және одан оңтүстікке қарайғы жер) және “срубный” (Батыс Қазақстан — Еділ бойы) деп атау қалыптасқан. Ал қазақ шежіресінде қола дәуірінің ескерткіштерін “мықтың үйі” дейді және соған байланысты көптеген аңыздарды айтады. “Мық” сөзі — әлі этимологиялық тұрғыдан зерттелмегендіктен, үзілді-кесілді пікір айту қиын, дегенмен, қысқа, бірақ нығыз дүниеге қатысты айтылады деп ойлаймыз. Мәселен, “мық жусан”, “мық шеге”, т.б. Мыққа қатысты шежірелер бұл жинаққа да енгізіліп отыр. Олай болса, Қазақстан жеріндегі қола мәдениетін “андронов” дегеннен гөрі, өзінің төл атауымен “мық мәдениеті” деген жөн деп ойлаймыз.

Қола дәуірінің этникалық тарихын “Авеста” аталатын көне Зәрдүш дінінің қасиетті кітабынан табамыз. Бұл қасиетті жырдың алғашқы нұсқасы б.э.д. III-II мыңжылдықтарда қазақ жерін мекендеген арийдің бакташы тайпалары арасында туып, кейін келе Сасан әулеті билеген Парсы елінде хатқа түскен (б.э. III-VI ғғ.). Авеста кітабында арийлердің ата қонысы Арианам Байджа (Ариана Байтақ) деп аталады. Ол — Қара теңіз жағалауынан Алтай мен Шығыс Түркістанға (Қашқария), Орал тауларынан Иран қыратына дейінгі ұлан-ғайыр өлке. Бағатындары — қой, сиыр, жылқы мен түйе. Көліктері екі доңғалақты арба-күйме. Бұл өлкедегі өзендер — Ранха (Еділ), Ардви (Әму), Датья (Сыр). Осы этникалық ортада пайда болған, кейін дүниенің кең тарабына тараған дін — зороастризм (зәрдүш). Бұл діннің негізгі идеясы жаратылыс құрылымы, дүниенің тұтқасы жақсылық пен жамандық арасындағы күрестен келіп шығады дегенге саяды. Егер адам баласы жақсылық жағында болса, ол екі дүниеде де бақытты болмақ. Зороастризм дінінің өдет-ғұрпы отты қасиеттеуге арналған (Авестада — от, қазақ тілінде де — от). Адамдарды жерлеу дәстүрі ерекше — мүрдені жер астына түсіріп, сәкіге орналастырады, еті аққан соң, сүйегін бөлек шұңқырға салады (сақана

тәртібімен жерлеу қазақта әлі кездеседі). Осы дінді түтудың негізгі белгісі — свастиканы (күн символы) қадірлеу.

Деректерден біз Қазақстан жерін қола дәуірінде арийлерден басқа тур және хьона (қиян) тайпаларының мекендегенін білеміз. Олардың өзара соғыстары Шығыс елдерінде миф немесе батырлық ертегі түрінде сақталған. Қола дәуірінің соңына қарай бақташылықтың өрістеп, көшпелі тіршілікке басы бүтін өту көне тайпалардың дүние-танымына және әдет-ғұрпына орасан зор әсер етті. Еуразиялық далалық кеңістікті игеру, әр түрлі қауіп-қатерден өту уақыттың жалғандығын сездірді. Жылқы сияқты жануарды қасиет түту да сол кезеңнен басталғаны сөзсіз, эпостардан батырлар мінген небір құдіретті аттардың образын кездестіреміз (Шалқұйрық, Керкұла т.б.). Дүние кеңістігі ол заманда үш түрлі сферадан құралған сияқты — жоғары, орта, төменгі әлемдер. Ария тайпалары қоныс іздеп, Иран қыратынан әрі немесе Солтүстік Индия, Шығыс Еуропа жеріне аттанатыны да көшпелі өмір салты тудырған бір құбылыс.

Қола дәуірі әлеуметтік өмірде ерекше өзгерістер туғызды: ру көсемдері, жыраулар, ер-батырлар қоғамдық басты күштерге айналды. Әсіресе, Бегазы — Дандыбай сияқты ірі қорымдар — осының көрінісі.

## **ТОПАН СУДАН БҰРЫНҒЫ ТАЙПАЛАРДЫҢ ӨНЕРІ**

“Орал тауына дейін біздің жерлеріміз төбелерге (қорымдарға) толы, Үндістанда да осылай деседі. Көпшілік адамдар бұл төбелер Шыңғыс пен Жоңғардан қалған белгі десе де, біз көрген қалмақтар мен торғауыттарда өліктің үстіне белгі орнату әдеті байқалмайды. Меніңше: бұл төбелер аңыздарда айтылатын “мұғ тұрса” қауымның белгілері болар, қазақтар оны “Мұқтың үйі” деседі. “Мүк”, яғни асылы Нұқ дегені болар...

Қарқаралыдан сөзі сенімді Уәли Бекматов айтады: “Біз жақта орыстар мен қазақтар Мүк төбелерін көп қазады, ашады. Біреулері үш, кейбірі төрт қабат болып, бірінші қабаттан тек сүйек пен шөлмек сықылды ыдыстар шықты, екіншісінен еңбек құралдары, үшіншісінен қымбат ба-



ғалы нәрселер, алтын-күміс аспаптар табылады. Бір мәйіт төртінші қабатта екен, күміспен кебіндепті, енді бір мәйіт тас кереует үстіне қойылған екен, қолында білезік, мойнында алтын алқа, шашы басының екі жағына төгілген екен”, — деді.

Қазіргі сахарадағы төбелерге үй ме, көр ме деп таласады, анықтап байқағанда олар көр, өйткені оны қазса, сандық сияқты жасалған төрт бұрышты тастар шығып, оның ішінен сүйек шығады. Үй болса ондай болмас еді және суға жақын болар еді, судан қашықтығының өзі көр екеніне дәлел болуы мүмкін. Қайтсе де, осы төбелер топан судан бұрынғы тайпалардың өнері боп шығады. Топан су басқаннан кейін болса, мұңғыл-қалмақтан басқа бір өнерлі тайпаның ісі болып танылуы керек. Себебі, жер астына қойылған тастар тақтайдай жонылып, үстіндегінің дәйекті тұрғаны — мұндайды жонуға аспап һәм ұстаз керек екені, оған қоса біз көріп жүрген қалмақ пен мұңғылда мұндай тас жону әдеті байқалмайды, тіпті ондаймен ісі де жоқтығын есепке алсақ та, түсінікті болар. Қытайлар жасады деуге де жобасы келмейді, қытай мен мұңғыл тайпаларында бұлайша тас жону, жер астынан қабір қазу әдеті болмаған және төбелерден табылған сүйектер өте ірі. Бұлар туралы ешбір тарихта баяндалмаған, бұл туралы негізсіз жорамал айтқанмен, ғылым мен ой иелері не айтады? Қабірді бұлайша қат-қабат ету, бұлайша мәйіт қою ешбір халық пен тайпаларда болмаған, байқалмаған ғұрып, сондықтан “Нұқ, яки одан да бұрынғы халықтардың ісі ме?” — деуге аузым барады. Өте көне, ежелден келе жатқан мәдени мұраларға “Ғарам” деп айтылады, оның өзі “қартаю” деген сөз. Осындай жұмыстарды атқару үшін: үлкен тастарды ағаштай жонып, қиюластыру, бір-біріне ұқсату, өте үлкен тастарды таудан қопарып әкелу сынды күрделі жұмыстарды жасай білген халықты кейбір ақымақтар маймылға ұқсатқысы келеді. Ал ондай төбелерді Шыңғыс хан заманынан қалды деу ешқандай нанымсыз, өйткені оның заманы аса қашық емес, қазіргі ұрпақтары ескі мәдениетінен біржола арылып, болмаса оны ұмытып болған жоқ. Тарихтан аса хабары жоқтарға салса, оның дәуірін де соншалық ұзақ болды деп, көп нәрсені соларға жапсыруын көріп жүрміз. Ескі Мұқ қауымы мен жаңа мұңғылдың арасын айыра

білмейтіндерден ақыл сұрауға болмайды. Қорытындымыз: біз айтып отырған мәдениет иелері жер бетінен жоғалып, мәңгілік аты өшкен қауымдар болса, ғажап емес”.

1. Шығарма XX ғ. басында жарияланған, деректің көзі XIX ғ. соңын қамтиды.
2. Қазақтар Мықтың үйі дейді (Мұқ немесе Мұғ — әр түрлі қолданыста өзгеріп отырады). Автордың, менің ойымша, Мықты Нұқ пайғамбармен шендестіруі қисынға келмейді. Себебі мық сөзі ергежейлі деген ұғымды білдіреді. Мысалы: мық жусан, мық шеге, мықын, мықыр т.б. Бұл сөз қазақтың көне тілдік қорынан бар.
3. “Топан судан бұрынғы”. Автор Таурат аңыздары арқылы көп тараған ұғымды қолданып отыр. Топан су, яғни Нұқ пайғамбардың уақыты қола дәуірінен әрі, ерте палеолит дәуіріне тән құбылыс. Ғылымда бұл дәуірді “мүз басу” дәуірі деп атайды. Жер бетін соңғы рет мүз басқаны палеолиттің соңына қарай.

*Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (Бес тарих). — Алматы, 1992. — 120-121-бб.*

## ҚАРА ОБА МЕН САРЫ ОБА

“Күн батысы — Сырдария, күн шығысы — ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі — Жетісу — жеті өзен, солтүстігі — Еділ-Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда Дешті Қыпшақ аталған қыпшақ жұртының қонысы еді, сол қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарайды. “Қытай көп пе, қыпшақ көп пе?” — деп мақал болған себебі осы.

Сонан бірнеше жұрт келіп, неше жұрт кетіп, ақыр аяғы “мық” деген бір жұрт иеленіпті, ол да кетіпті. “Ширейші” деген бір жұрт иеленіпті, о да кетіпті. Бұл екеуінен соң, “ноғай қазақ” деп ноғай иеленіпті. Олардан қалған белгі бар, әр жерде қалған үлгі бар.

Күн шығыс жағы ашық намаз оқитұғын, құбылаға төрі тура дәл келетін тас қорғандар бар, ол ноғайлының қалмақ қамаған күнде намаз оқу үшін, тастан жасаған қорғаны екен деп айтады. Сарыарқада жары терең, суы аз өзендер сол заманда ноғайлардың егін салу үшін қазған арығы екен. Шідерті деген өзеннің аяғында Ақжар, Сасай деген



жер бар, ноғайлардың кент салып, тақ құрған Бұқар, Қоқан хандары сықылды орда жасатқан жері екен. Өлеңтінің аяғында “Қара оба, Сары оба” деген екі төбе Қарабай мен Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен. Бұл екеуі де қазақ байлары. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы — Баян Сұлудың туған жері — Баянаула тауы. Бұл таудың аты — Баянаула қойылған себебі, Баян ауылы аталып кеткеннен. Сол қыздың қарқарасы жоғалып қалған жері — Қарқаралы-Қазылық аталған, домбырасы мен бет моншағы түсіп қалған жер — Домбыралы-Моншақты аталған, жамшысы түсіп қалған жер — Тоқырауын-Жәмшілі аталған, сандығы түсіп қалған жер — Алтын сандық, Ақша тау аталған, өлең айтып, той қылған жері — Өлеңті аталған, аттарының шідері түсіп қалған жер — Шідерті аталған, аттарының арқасы жауыр болған жер — Жауырбұғы аталған. Қайыр — Сарыарқадағы жер аты — бәрі қазақтың ата-бабаларының аттары.

Есіл — Нұраның арасында “тоғанастың тоқсан екі көлі” — ноғайлардың егін салған көлдері, “Қызыл мола”, “Сұлу там”, “Сырлы там”, “Хан сүйегі” деген жерлер сол замандағы ноғайлардың қадірлі өліктерінің моласы екен. “Он сан ноғай бүлінген соң, Орманбет би өлген соң” — бұл Сарыарқаны қара қалмақ-қатисыбан деген жұрт иеленіпті”.

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Сарыарқаның кімдікі екендігі” кітабы 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген. Бұл тарихи шежіре мен қоғамдық сипаттағы өлеңдер жинақталған қысқа дүние.
2. Мық, Ақжар, Сасай, Қара оба, Сары оба — қола дәуіріне қатысты ескерткіштері бар жер аттары, ал күн шығысы ашық қорған — “тасмола мәдениеті” аталатын ерте темір дәуірінің қорғандары. Жер аттары туралы аңыз — Қозы Көрпеш — Баян Сұлу — ғұн дәуірінен, Қызыл мола — Хан сүйегі бертінгі тарихи жәдігерліктер.
3. Тоғанастың тоқсан екі көлі — Арқа жеріндегі су атаулары.
4. Жамшы — Арқа жеріндегі өзен атауы.

*М.Ж. Көпейұлы. Сарыарқаның кімдікі екендігі. —  
Қазан, 1907.*



## ЖИМА ПАТШАЛЫҒЫ

1. “Зәрадүш Ахура-Маздадан сұрады: “Ахура-Мазда, Қасиетті Рух, Тәни дүниенің жаратушысы, Хақ, менен басқа мына жалғанда қай о дүниелікпен алғаш сөйлестің? Кімді, ахур, зәрдүш дініне бастадың?”

2. Сонда Ахура-Мазда айтты: “Мол табындардың иесі, сәнді Жимамен. О, ниеті оң Зәрадүш! Сол о дүниелікпен сөйлестім мен, Ахура-Мазда, сенен басқа, Зәрадүш. Оны бастадым мен, ахура, зәрдүш дініне”.

3. Солай дедім мен, о Зәрадүш, мен, Ахура Мазда: “О, Жима қызыл шашпаулы, Вивахванта ұлы, Дінді сақтайтын және қорғайтын бол мен үшін!” Бірақ, о Зәрадүш, былай деп жауап қатты қызыл шашпаулы Жима: “Мен Дінді қамқор сақтауға және алып жүруге үйренгенім жоқ, ол үшін жаратылғаным жоқ”.

4. Сол кезде, о Зәрадүш, мен айттым саған, Ахура Мазда: “Егер сен мен үшін, сәнді Жима, дінді сақтап, алып жүре алмасаң, онда мен үшін мына әлемді көркейт, көбейт! Бұл әлемнің қорғаушысы, сақтаушысы, ұстазы бол!”.

5. Осыған былай деп жауап берді, бұл Жима қызыл шашпаулы, о Зәрадүш: “Мен саған әлемді көбейтемін, мен саған әлемді өсіремін, мен әлемнің қорғаушысы, сақтаушысы, ұстазы боламын! Менің патшалығымда не суық жел, не шөл, не ауру, не өлім болмайды”.

6. Сонда мен екі қару бердім оған, мен, Ахура Мазда: “алтын мүйіз және алтынмен әдіптелген қамшы”.

7. Жиманың қарамағында екі патшалық бар... .

8. Міне, сонымен, Жиманың патшалығы үш жүзінші қысты бастан өткерді. Осы жер ірілі-ұсақты малға, адам мен итке толып кетті, ит пен құсқа, жанған отқа толып кетті. Ірілі-ұсақты мал, адам өзіне орын таба алмады.

9. Сонда мен Жимаға хабар айттым: “О қасиетті Жима, Вивахвантаның ұлы, мына жер ірілі-ұсақты малға, адамға, ит пен құсқа, жанған қызыл отқа толып кетті. Ірілі-ұсақты мал, адам өзіне орын таба алмауда”.

10. Сонда Жима қырға шығып, Күннің бағытына қарады. Алтын мүйізбен үрлеп, күй тартты және қамшысын

көтеріп былай деді, жалынып: "Айналайын Спэнта-Армайти, жазыла түс, қанатыңды жай, менің ірілі-ұсақ малым мен адамым сыйсын!"

11. Осылай Жима бұл жерді бұрынғыдан үштен біріндей қосып ұлғайтты, ірілі-ұсақты мал өзіне жайылым тауып, адам баласы өзінің тілегіне, еркіне сай өмір кешті.

12. Енді, міне, Жима патшалығы үшін алты жүзінші қыс келді. Сол кезде бұл жер ірілі-ұсақты малға, ит пен құсқа, жанып тұрған қызыл оттарға толды. Ірілі-ұсақты малға, адамға орын табылмады.

13. Сонда мен Жимаға хабар айттым: "О, қасиетті Жима, Вивахванта ұлы, мына жер ірілі-ұсақты малға, адамға, ит пен құсқа, қып-қызыл боп жанған отқа толды. Өздеріне ірілі-ұсақты мал, адам орын таба алмады".

14. Сонда Жима қырға шықты, Күннің бағдарын байқады. Өзінің алтын мүйізіне үрледі, қамшысын сермеді: "Айналайын Спэнта-Армайти, менің малым мен адамым сыйсын, жазыл енді, қанатыңды жай," — деп жалынды.

15. Осылай Жима бұл жерді бұрынғы көлемінің үштен екісіне дейін көбейтті және осы жерде өзіне ірілі-ұсақты малы азық тапты, адам баласы өзінің тілегіне, еркіне сай өмір кешті.

16. Енді, міне, Жима патшалығы үшін тоғыз жүзінші қыс та түсті. Сонда бұл жер ірілі-ұсақты малға, адамға, ит пен құсқа, қып-қызыл боп жанған отқа толып кетті. Ірілі-ұсақты мал мен адам өзіне орын таба алмады.

17. Сонда мен Жимаға хабар айттым: "О, қасиетті Жима, Вивахванта ұлы, мына жер ірілі-ұсақты малға, адамға, ит пен құсқа, қып қызыл боп жанған отқа толып кетті. Ірілі-ұсақты мал, адам өзіне орын таба алмады".

18. Сонда Жима қырға шықты, Күннің бағдарын байқады, өзінің алтын мүйізіне үрледі, қамшысын сермеді: "Айналайын Спэнта-Армайти, менің малым мен адамым сыйсын, жазыл енді, қанатыңды жай", — деп жалынды.

19. Осылай Жима бұл жерді бұрынғы көлемінің үштен үшіне дейін ұлғайтты, және осы жерде ірілі-ұсақты мал жайылым тапты, адам баласы өзінің тілегіне, еркіне сай өмір кешті.



20. Жаратушы Ахура Мазда — Көк Тәңірімен бірге даңқты Арианам-Байджа белінде, Вахва-Датия жағасында мәжіліс құрды. Тумысы бөлек мол табындардың иесі, адамзат баласының ең жақсы өкілдерімен бірге даңқты Арианам Вайджаға, Вахва Датия жағасына Жима келді.

22. Ахура Мазда былай деді: “О, қасиетті Жима, Вивахванта ұлы, мына жалған дүниеге қыс та келер, алдымен қардың қара бұлты Ардвигойнауындағы биік тауларға жауар”.

23. Осы сұмдық жұттан малыңның үштен бірі ғана қалар, оның өзінде өзен жағасындағы қалың қамыс пен таудың ағашына паналап.

24. Қыс түсердің алдында шөбі де шығар бұл жердің, қар еріп қатар. О, Жима мына жалған дүниеде қойдың тұяғының ізін кездестіру ғажап қалдырар.

25. Сен Вар (Қора) жаса төрт қабырғасын ат шаптырым қылып, сол жерге ірілі-ұсақты малдың, адамның, ит пен құстың тұқымын жина, қып-қызыл жанған отыңды дайында. Жаса енді Қораның төрт жағын ат шаптырым қылып адамдарға жайға және төрт жағын ат шаптырым қылып малыңа қора сайла”.

1. Авеста — б.э. дейінгі II мыңжылдықта қазақ жерін мекендеген “Арья” елінің қасиетті кітабы.
2. “Жима Вивахвантаның ұлы” — Шахнаме кітабында Жәмшит деп те атайды. Ол — бақташы тайпалардың патшасы. Оның билік құрған дәуірі “алтын дәуір” деп саналады.
3. “Ахура Мазда — Ормазд” — Зәрадүш дініндегі басты Құдай, жақсылық иесі.
4. “Зәрадүш — Зороастр, Заратуштра” — оның аты — “көрі түйенің иесі” деп аударуға келеді. Ол зәрадүш дінінің негізін салған пайғамбар, ал зәрадүш діні ең көне дін (“Аспаннан түскен төрт кітап” әңгімесіне көңіл аударыңыз).
5. “Арианам Вайджа” — арийлердің көне қонысы. “Арқа-Байтақ” деген сөздер арқылы этимологиялық талдау жасауға болады деп жорамалдаймыз. Ол алтын қоныс, мал өсіруге табылмайтын шүйгін жайлау, шетсіз-шексіз дала.
6. “Вахви-Датия” — арий жеріндегі үлкен өзен. Оның бойында олар ұлы кеңестерді өткізеді, ас береді. Сырдария не Әмудария болуы мүмкін. Дәл талдау қиын.



7. “Вар” — деген сөзді “қора” деп аударған жөн. Төрт қабырғалы дегенмен, ол негізінен дөңгелек құрылыс, бір ерекшелігі — үш күрсау қылып салынады. Археологиялық қазбалар кезінде Оңтүстік Орал тауынан бастап, оңтүстікке қарай жиі ұшырайды.
8. Біз хрестоматияда келтірген текст Видевдата тарауынан алынды. Ол өзі 22 бөлімге бөлінеді.

*Авеста. Перевод с авестийского И. Стеблин-Каменского. — Москва, 1993. — 176-180-бб.*

## ОБАНЫҢ БӘРІ “ҚАЛМАҚТІКІ” ЕМЕС

“Кей-кейде заңды бұзып, өз молдаларының айтқанына болмай қазақтар өлген адамдарын кез келген қорғанның айналасына жерлей береді. Содан былай осы қорған жерленген адамның атымен аталып кетеді. Төмендегі атаулар соған байланысты шыққан: Сейіт оба, Темірбай оба, Омат оба, Сәлім оба, т.б. Сырдария облысында оларды “төбе” деп атайды, ал енді Семейпалат, әсіресе Зайсан ояздарында дәл осы қорғандарды, М. Никитиннің айтуы бойынша, “мықтың үйі” деп атайды. Көрші оязда, атап айтсақ, Өскеменде, бұл сөзбен құлаған орындарды, ал Торғай облысында үңгірлерді атайды.

Ақыр соңында Жетісу облысында, Верный оязында, қорғандарды “мық”, “муқ” деп атау жиі қолданылады.

Сонымен бірге, “қарауыл қорған” деуге келетін, адамды жерлеуге еш қатысы жоқ ескерткіштер де бар. Бір-біріне белгілі қашықтықта орналасқан олар жолдың бағытын көрсетсе керек. Кейбіреулері көрші рулардың қоныс аралық шекарасын, болыстар мен ояздардың арасын белгілейтін межесі болуға лайық. Осы топтағы қорғандарға өз отбасынан алыста болған туыстарына, достарына немесе басшы адамдарына қойылатын ескерткіш қорымдарды енгізуге болады. Қилы оқиғаларға арнап та ондай қорғандардың соғылуы мүмкін”.

*И.А. Кастанье. Надгробные сооружения киргизских степей. — Оренбург, 1911. — 6-7-бб.*

## ҚОЛА МӘДЕНИЕТІ

“Шу мен Сырдариядан солтүстікке қарай жатқан ғаламат далалық кеңістік, қазақша айтқанда Сарыарқа, көне дәуірдің жазба ескерткіштеріне аз іліккен. Ғасырлар бойы бұл өлке үлкен ғылыми жұмбақ болып келді. Тіпті аздаған жазба еңбектердің өзіндегі деректер де дұрыс жинақталған жоқ. Өкінішке орай, Орталық Қазақстанның тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттелмеуі Қазақстанның солтүстік далалық аймағында көне өркениеттің ошағы пайда болуы мүмкін емес деген теріс тұжырым туғызады. Тіпті Орта Азияның көне тарихының тамаша білгірі В.В. Бартольдтің өзі “мәдени орта Сырдария жағасы мен Қаратау аралығындағы кеңістікпен шектелді” деген пікір білдірді, оның ойынша солтүстікке қарай адамы жоқ қу медиен дала болған.

Жаңа зерттеулер көрсеткендей, бұл айтылған пікірлер революцияға дейінгі ғылымның деңгейіне ғана дәлел. Біздің археологиялық экспедициялардың зерттеуі бойынша Орталық Қазақстан өлкесінде мыңдаған жылдар бойы өзара этникалық туыс дала тайпаларының күрделі дамуы мен мәдени жалғастық процесі үздіксіз жүріп жатқан. Ескерткіштердің шоғырын зерттеу сол дәуірде Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың тарихи өткен жолын анықтап, өлкенің тарихының көптеген беттерін ашуға мүмкіндік берді. Қола мәдениеті өзінің айрықша белгілерімен: қоныстар мен рудниктерден, бейіттер мен құрбандық шалған орындардан, үй және суару құрылыстарынан, қыш жасау мен тас өңдеу өнерінен, тас скульптуралардан, металл, және сүйекті өңдеп, әр түрлі заттарды жасау әдістерінен анық көрінеді. Осының бәрі, түптеп келгенде, Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда мыс, қалайы және қорғасын т.б. металдарды игеру кезеңінде орасан даму процесі болғанынан хабар береді.

Әрине, қола мәдениетінің және ерте темірдің дамуы табиғи байлыққа негізделген — ұлан-байтақ жайылым бұл аймақты мал бағуға, мал өсіру орталығы болуға, әр түрлі кен орындары өндірісті өркендетуге бейімдеді”.

*А.Х. Маргулан. Бегазы-Дандыбаевская культура  
Центрального Казахстана. —  
Алматы, 1979. — 6-7-бб.*

## АЛТЫН КЕЗДІКТЕГІ ЖАЗУ

“Ерте замандарда бір әйел мал бағып жүріпті. Бір таудың беткейінде қар астында жер көрінеді. Қыс ішінде бұл жер неге қара бауыр болып жатыр деп таң қалып, сол жерге келіпті. Жақындаса, ол жерде құрт-құмырсқа, жылан т.б. жәндіктер өріп жүр екен. Әйел таянған соң, жаңағының бәрі жоқ болып кетіпті. Тек бір тақта таста алтыннан жасалған кездік-пышақ жатыр екен. Әйел оны қолына алып қарапты, сонда байқағаны жазу бар екен. Жазуы бар алтын пышақты ауылға әкеліп, оны бір қожаға оқытыпты. Сол қожа айтқан екен: “Бұл “мық” деген елден қалған зат деп. “Мық” деген ел осы жерде ерте заманда мекендеген, зат-дүниесінің бәрі сап алтыннан жасалады,” — дейді”.

*Ел аузынан жазылған. Аңыз айтушы. —  
Бетталгазы ақсақал. Қарқаралы, 1993.*

## ЕР ТӨСТІК

“...Төстік жолға шықты. Ол ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітті.

— Төстік батыр, енді екеуіміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да бірдей көреміз. Егеуіңнің қасында сені жалмауыз кемпір күтіп отыр, сен егеуіңді ала бергенде ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тауып ал. Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма, — дейді.

Көп уақыт жол жүріп, Төстік егеу жатқан жерге келді. Келсе, егеудің қасында кемпір отыр. Ер Төстік жақындай түсіп: “Шеше, шеше, артыңдағы қыздардың бәрі өзіндікі ме?” — дейді. Сонда кемпір артыңа жалт қарайды. Сол мезгілде Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола береді. Төстік егеуді іліп алып жөнеледі.

Сонда кемпір: “Сен бе едің, Төстік, алдаған? Сені ме, Төстік, қап, бәлем!” — деп тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, қатты сасып, етегін басып, Төстікті қуа жөнеледі. Төстік қашып келеді, кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау



қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қақ айрылады. Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді.

Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітіп: “Біз енді жер астына түстік, бізге енді бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа тастап, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргенде есінде болсын: үйге кіргенде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төрге жақындағанда, екі сұр жылан екі жеңіңнен кіріп, қойыныңнан шығады, қойыныңнан кіріп, қонышыңнан шығады. Бұлар — Бапы ханның ұлы мен қызы. Төрге отыра бергенде екі дәу сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егер де бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер асты еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмаймыз! — дейді”.

1. “Ер Төстік” — ертегісі көне эпостан сақталған қазына. Онда суреттелетін оқиғалар кемі қола дәуірінен бастау алады. Оның бір әдемі көрінісі — Шалқұйрық — адамша сөйлейтін, ақылды, желеп-жебеуші жануар (тотем). Жер асты патшалығы — дүниетанымдық модельдің көрінісі, оның иесі Бапы хан — (ол да тотем) қиындық кезде адамға жол көрсететін, сынайтын бейне, қайырымды образ (қазақтар жыланды атын атауға қорқып, “түйме” деген бұрын). Қазақтың ертегілерінің қиялға жайып, немесе батырлық ертегі деген циклдарының көпшілігі өз мазмұнын б.з.д. II мыңжылдықтан әрі кезеңдерден алады.

*Ертегілер. Қазақ халық әдебиеті. — Алматы, 1989. — т. 4. — 15-16-бб.*

### АЛТЫН КИІМДІ ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕР (сақ — скиф дәуірі)

Б.э.д. I мыңжылдықты тарих ғылымында “ерте көшпелілер дәуірі” немесе “ерте темір дәуірі” деп атайды. Өз бастауын қола дәуіріндегі Бегазы — Дандыбай тайпаларынан алатын сақ-скиф қауымдастығы б.э.д. VIII-VII ғғ. Таяу Шығысқа сан алуан жорықтар жасап, Египет, Мидия, Ассирия патшалықтарының қауіпті көршісі болды. Олардың әсіресе жиі араласқаны Ахеменид Әулеті билеген ежелгі парсы жұрты еді. Олардың қарым-қатынасы бірде бейбіт (сақтардың парсы әскерінің құрамында Эллин өлкесіне шабуыл жасауы немесе Спитаменнің Ескендір Зұлқарнайынға қарсы күресіне қолдау жасау), бірде жаугершілік мазмұнда болғаны тарихи деректерден белгілі. Әсіресе, VI ғ. ортасында (530 ж.) Кир патшаның сақ-массагет еліне жасаған шапқыншылығы жылнамашылар тарапынан жақсы сипатталған. Сақ-скиф этномәдени ортасына енген тайпалардың көпшілігі көшпелі мал шаруашылығымен өмір сүрді. Көшпелі тіршіліктің арқауы сан мыңдаған мал өсіріп, сол малдың ыңғайымен үздіксіз жайылым ауыстырып көшіп жүруде. Геродот “олар ағаш үйде тұрады” дегенде, алдымен көшпелілердің осы өмір салтына лайық кигіз үйін айтқан болар. Александр Македонскийдің атасы Филипп патша сақ-скиф еліне жасаған бір жорығында 20 мыңнан астам асыл тұқымды жылқыны айдап оралды делінеді, ол да болса көшпелілердің негізгі кәсібі жылқы өсіру екенін айғақтаса керек. Сақ-скифтердің алдында Таяу Шығыс пен Еуропаға танылған көшпелілерді “киммер” деп атайды, бұл белгілі бір халықтың аты емес, жалпы салт атты жауынгер ел дегенді білдіреді. Көне Греция тарихшылары жазып алған сақтардың этногенеалогиялық аңыздарына қарағанда,



көшпелілердің шыққан ортасы Орталық Азия. Олардың бабасы — Тарғытай-Тәңірі (Папай) мен өзен Құдайы (Борисфена) арасындағы махаббаттың жемісі, алғашқы адам. Сақ аңызы бойынша Тарғытайдан үш ұл бала тарайды: Липоксай, Арпоксай, Колаксай. Осылардың заманында аспаннан бірнеше асыл зат түсіп: айбалта, тостаған, мойын-тұрық — скиф еліне нышан беріледі. Екі үлкен ағасы ала алмаған нәрселер Колаксайға бұйырып, сақтың төл жұрты кенже балаға еншіге тиеді.

Сақтар туралы деректердің негізгі көзі — Қара теңіз жағалауларына орныққан грек колонияларының тұрғындары. Екі ел шаруашылық-мәдени тұрмыста жиі араласқан. Тіпті сақ ортасынан ұлы философ Анахарсистің шығуы да осы араластықтың жемісі деп тану керек.

Ол кезеңде сақ-скиф тайпалары аздап егіншілікпен айналысқан. Оған куә скиф қалалары аталатын Батыс өлкедегі отырықшы қоныстар (Неаполь). Ал енді қазақ сахарасын мекен еткен қауымдар (аргиппей, исседон, гипперборей, дай (дах), массагет т.б.) таза көшпелі мал шаруашылығынан айырылмаса керек. Жоғарыда айтқанымыздай, сақ елінің тығыз араласқан өркениетті өлкесінің бірі — Иран жұрты. Екі ел арасында тек жаугершілік қана болып қойған жоқ, мәдени де қарым-қатынас тығыз дамыды. Оның тамаша көріністерін көшпелілердің материалдық мәдениетінен айрықша сезінеміз. Сақтар туралы деректер Иранның Персеполь сарайының іргетасына, Бехистун тас жазуына іліккен, тіпті сақ суреті де бар. Парсылар сақтардың үшке бөлінетінін баяндайды — тигра-хауда — жебе бас киімділер, хаомаварга — хаом қайнатушылар, тиай-парадарайа — теңізден әрілер. Бұлардың көпшілігі Қазақстан жерін мекендеп, тамаша ескерткіштер қалдырған. Сонымен қатар, сақтар жөнінде Қытай деректері де кездеседі. Мәселен, Шығыс Түркістан, Жетісу өлкесін ғұндар мен үйсіндерге дейін “сэ” елі мекен еткен. Оларды батысқа қарай тықсырған юечжілер еді делінеді. Осы қозғалыс сэ (сақ) тайпаларын Орта Азия жеріне, одан әрі Солтүстік Индия өлкесіне жетелегені белгілі. Бұл оқиғалар б.э.д. III-II жүзжылдықтарда болған. Сақтардың әлеуметтік құрылымы көшпелілерге тән қасиеттерімен танылады. Елдің көпшілігі жауынгерлікті кәсіп еткен, руларға біріккен еркін азаматтар. Саяси тізгін Тарғытай нәсілінен



тараған патшаларда, дегенмен, елдің тағдыры үлкен кеңестерде шешіледі. Бұл салт Кир жорығына қатысты дайындықтың кезінде анық көрінеді. Көшпелі сақ этномәдени қауымдастығына енген рулардың ішінде әлеуметтік-саяси өмірде белсенді қызметке ие болғандары да немесе солардың айтқанымен ғана қозғалатын бағыныштылары да бар. Осыған қарағанда, әлеуметтік өмірдің бір реттеуші салты рулардың ішкі иерархиясында деп ойлауға тура келеді. Мемлекеттік институттардың қалыптасуы сырттан түсетін алым-салық мөлшеріне тығыз байланысты болса керек. Себебі, сақ-скиф қоғамында саяси биліктің іргетасы болатындай экономикалық негіз сезілмейді. Геродот Еспаққай көсемнің заманында сақтардың 28 жыл бойы Таяу Шығыста жорықта жүргенін жазады.

Сақ-скиф заманы адамзат баласы үшін өте маңызды кезең. Б.э.д. VIII-VII ғғ. дейін әлемнің қай өлкесі болмасын өз бетінше, бейтарап дамып келсе, осы уақыттан бастап күрт өзгерістер басталғанын сезінеміз. Сондықтан ол дәуірді “кіндік уақыт” деп те атайды (К. Ясперс). Осы әлемдік жарысқа Еуразия ішкі өлкесін мекендеген сақ-скиф тайпалары елеулі үлес қосты. Олар Батыс пен Шығысты бір-бірімен араластырып, өркениет жетістіктерін үйлестіріп отырды. Көшпелілер Еуразиялық деңгейде рухани салт-дәстүрдің, дүниетанымның қалыптасуына тікелей ықпал етті. Мемлекет аталатын құбылыстың өзі де ол заманда көшпелілердің отырықшы елді бағындырып, басқару жүйесін жасауымен тығыз байланысты еді. Егер қазақ этногенезі тұрғысынан келсек, сақтарға тән құндылықтар (Тарғытай-Алаша хан, оның үш ұлы – қазақтың үш жүзі, әлеуметтік символдар, көктен түскен қасиетті заттар, әлеуметтік страттар құрылымы) өте өміршең екеніне көзіміз жетеді.

## **ӘКЕСІ – ТӘҢІРІ-КӨК, ШЕШЕСІ – БАЙ АНА – ТАРҒЫТАЙДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ**

1. “Скифтердің айтуынша, олар барлық халықтардан жас және шығу тегі былай: бұрын адам аяғы баспаған олардың жерінде Тарғытай атты бірінші адам туған; Тарғытайдың ата-анасы деп, менің ойымша қателескен болар, олар

Зевс пен өзен құдайының қызы Борисфенаны атайды. Соныменен, Тарғытайдың шыққан тегі осылай, олардың айтуынша, ал одан үш ұл туған: Липоксай, Арпоксай және кенжесі Колаксай. Олардың заманында скиф жеріне аспаннан алтын заттар түскен: соқа, мойынтұрық; айбалта және тостаған. Ағайындылардың үлкені бұл заттарды бірінші көріп қойып, жақындап барып, алайын деп ұмтылғанда, алтын жалындап, оны жолатпады. Ол кетісімен, екіншісі жақындап еді, алтынмен жаңағы тағы қайталанды. Соныменен, алтын жалындап, өзіне оларды жақындатпады, бірақ үшінші бала, ең кенжесі, жақындағанда алтынның жануы тоқтап, ол алтынды өзіне алып барды. Үлкен ағалары осы таңғажайып оқиғаның мағынасын түсініп, бүкіл патшалықты кенжесіне берді.

Сөйтіп, енді Липоксайдан қазір “аухат” атанып жүрген скиф руы тарады, ортаншысы Арпоксайдан “катиар” және “траспи” атанғандар, ал кенжесі Колаксай патшадан: “паралат” атанатындар тарады; олардың бәрінің ортақ аты — “сколот”, бір патшасының атына байланысты қойылған атау, ал оларды скиф атандырғандар — эллиндер. Міне, осылай баяндайды өзінің шығу тегі жөнінде скифтер, олардың бірінші патшасы Тарғытайдан, яғни өз бетімен өмір сүре бастаған уақытынан Даридің оларға жасаған жорығына дейін, сөздеріне қарағанда, орташа есеппен мың жыл, иә, дәл сонша уақыт өтті”.

2. “Геракл, Герионның өгіздерін айдап келе жатып, қазір скифтер мекен етіп жүрген, ал ол кезде жан баласы жоқ бос жерге кездесті. ...жолда оны қатты аяз бен үскірік жел бөгеп, амалсыздан арыстан терісімен қымтанып, батыр ұйқыға кетеді, осы уақытта түсініксіз бір ғажайыптың күшімен оның жылқылары жайылымнан жоқ болып кетті. Ұйқыдан оянған Геракл оларды іздеп, бүкіл жерді аралап кетті, ең ақырында Тоғай деп аталатын жерге жетті; міне, енді осыдан үңгірді мекен еткен жартылай қыз, жартылай жылан бейнелі аралас нәсілді жан иесін кездестірді, оның денесінің жамбастан жоғары жағы — әйел, төменгі жағы — жылан еді. Оны көріп, таң қалып, Геракл өз сауалын қойды, жоғалып кеткен биелерін осы маңнан көрген-көрмегенін білгісі келді; бұл сұраққа ол: “Иә, биелер осы жерде, бірақ оларды сен маған үйленсең ғана қайтарамын”,

— деп жауап берді. Геракл осы шартқа көнді, бірақ әйел жылқыларды қайтаруды кешіктіре берді, Гераклмен неғұрлым көбірек бірге өмір сүрсем дегенді қалады, ал батыр болса, жылқыларын алып тезірек осы жерден кетсем деп армандады. Соныменен, ақырында ол: “Мен сенің адасып, осы жерге келіп қалған жылқыларыңды аман сақтадым, сен де сөзіңде тұрдың: менің сенен туған үш ұлым бар. Олар өседі; не істесем екен, олар осы жерді, менің жұртымды, мекендесін бе, әлде саған жіберейін бе? Соны айт?” — деген сөздермен қоса жылқыларын қайтарып берді. Иә, ол әйел осы сауалды қойды, Геродот, елдің ай-туынша, былай деп жауап беріпті: “Ұлдардың ер жеткенін көрген соң, былай жасағаның дұрыс болады: мына садақты осылай қылып тарта алады ма, мына белдікті (кісе) осылай қылып, менше буына ала ма? Осыған қара, солай істегеніне осы жерді қонысқа бер, ал енді жаңағы айтқанды жасауға шамалары келмесе, оларды бұл жұртта ұстама. Осыны атқарсаң, сен өзің де риза боласың және менің де тілегімді орындайсың”.

Гераклдың екі садағы болатын, осы сөздерден кейін оның бірін тартып көрсетті, кісені буынудың әдісін үйретіп, айылбасы алтын тостаған кісе белбеуін әйелге берді, ал өзі еліне қайтты. Әйел ұлдары ер жеткенде оларға есім берді, бірін — Ағафирс, одан кейінгісін — Гелон, ал кенжесін — Скиф деп атады, ал содан кейін Гераклдың өсиетін еске алып, оларды сынады. Ұлдарының екеуі, Ағафирс пен Гелон, анасының ұсынған ерлік сынына төтеп бере алмай, жұрттан кетті, ал кенжесі — Скиф тапсырманы орындап, жұртта қалды. Қазіргі күнгі скифтің патша руы ел билеп отырған Гераклдың осы Скиф деп аталатын ұлынан тараған. Осылай деп Понт бойында өмір сүретін эллиндер әңгімелейді”.

3. “Ең бастысы, мен өзім көбірек сенетін тағы бір әңгіме бар. Ол әңгіме бойынша, Азияда мекен еткен көшпелі скифтер массагеттермен болған соғыстан кейін ығысып, Аракс өзенінен өтіп, киммерлердің жеріне енді. Шынында да, қазір скифтер иелік жасап жүрген жұрт, олардан бұрын киммерлердікі болғанын ел айтады. Скифтер шабуыл жасап, қалың әскермен төніп қалғанда, киммерлер өзара кенес өткізе бастады, бірақ олардың пікірлері екі жарылды,



екі жағы да өз дегенінен қайтпай тұрып алды. Дегенмен, патшаларының айтқаны ақылға қонымды еді: ал халық болса саны көп әскермен соғысып, өздерін қатер-қауіпке душар қылғанша ауа көшкен дұрыс деп, патшаларының отан үшін шабуылға қарсы тұрайық дегеніне көнбей қойды. Соныменен, патшаларын ел тыңдаған жоқ, патшалар болса елдің айтқанына құлақ асқан жоқ, ел болса туған жерді жауға беріп, соғыссыз шегінгенді дұрыс көрді, патшалар елмен бірге қашқаннан гөрі туған жерде жау қолынан өлгенді дұрыс көрді... Осылай деп шешілгеннен кейін патшалар бастап, саны тең екі топқа бөлініп, өзара соғысты. Осы өзара қырғынның кезінде өлген бүкіл патшаларды киммер халқы Тирас өзенінің бойында жерлеп, қорым өлі күнге дейін көрініп тұрады, жерлегеннен кейін бұл жерден қоныс аударды. Сол себепті басып енген скифтер халқы жоқ, құр бос жатқан өлкені иемденді”.

1. Геродот кітабынан біз үш генеалогиялық аңызды ұсынып отырмыз. Олардың алғашқы екеуі — өте көне дүниетаным сілемінен хабар берсе, үшіншісі — сақ-киммер саяси қарым-қатынасының нәтижесі.
2. Эллин — гректің өз атауы.
3. Дари — парсы патшасы.
4. Геракл — батыр деген мағынада.
5. Зевс — Тәңірі, күн, аспан құдайы деген мазмұнда қолданылған.
6. Борисфена — жер-су құдайы, Ұмай немесе Бай ана түсініктеріне сәйкес.
7. Тирас — Днестр болуға тиіс.

*Геродот. История в девяти книгах. — М., 1972. — IV бөлім, 8-12, 5-7-бб.*

## ИАФЕСТІҢ ӨСИЕТІ

“Иафесті біреулер “пайғамбар еді” дейді, біреулер “пайғамбар емес” дейді. Иафес атасының әмірімен Жуды тауынан кетіп, Еділ мен Жайық суының арасына қоныс тепті. Екі жүз жыл онда тұрып, опат тапты. Иафестің сегіз ұлы бар еді, ұрпақтары көп болатын. Олар мыналар: Түрік, Хазар, Сақлап, Орыс, Мең, Шын, Кеймар, Тарих. Иафес

олерінде өз орынына үлкен ұлы — Түрікті отырғызып, өзге ұлдарына: “Баршаңыз Түрікті патша біліп, оның сөзінен шықпаңыздар”, — деп өсиет қылды, оған “Иафес ұғланы” деген лақап қойды. Иафес өте ақылды және әдепті кісі еді, атасынан кейін оның қалдырған жерін аралап көрді. Оған, әсіресе, Ыстықкөл деген жер қатты ұнады, сол жерде тұрып қалды. Түріктердегі кейбір рәсімдер сол кісіден қалды. Түріктің төрт ұлы бар еді: Түтік, Хақал, Барсажар, Амлақ. Түрік өзі өлер шағында Түтікті өз орынына отырғызып, қайтпас сапарға кетті. Түтік ақылды, дәулетті, жақсы патша болды. Түрік арасында көптеген әдет-ғұрып ережелерін шығарды. Парсы жұртының алғашқы патшасы — Кеймарспен замандас еді. Күндерде бір күн аңға шығып, киік ұстап, көуап етіп жеп отырғанда бір турам ет жерге түсіп кетті. Оны жерден алып аузына салғанда, сондай бір дәмді болды. Сөйтсе, ол жер тұзды жер екен. Асқа тұз салу содан қалды. Түтік екі жүз қырық жыл ғұмыр кешкеннен кейін, өз орынына ұлы Елше ханды отырғызып, өзі Барсакелмес деген жерге кетті. Елше хан тағы көп жылдар патшалық құрып, асарын асап, жасарын жасап, атасының артынан кетті. Өлеріндеұлы Деббақойды орынына қалдырды. Дебтің мағынасы — тақтың төменгі жері, бақойдың мағынасы — елдің үлкені деген болады. Ол көп патшалық құрып, достарының күлгенін, дұшпандарының жылағанын көріп, сүйсініп, ұлы Күйік ханды өз орынына қалдырып Барсакелмеске кетті.

Күйік хан ата тағына отырып, бірнеше жылдар әділ патшалық құрып, алтыншы ұлы Алыншаны өз орынына қалдырып, халық баратын жерге аттанды...”

1. Бұл аңызда Таурат жүйесіндегі әңгімеге түріктердің көне генеалогиялық сюжеттері енген. Дәл хронологиясын анықтау қиын, дегенмен, ерте көшпелілерге қатысты болса керек.
2. Түрік және Авестадағы “тур” халқы бір-бірінен оқшау емес.
3. Кеймарс (Гайумарс) — Иран мифологиясындағы ірі тұлға, алғашқы адам — алғашқы патша.
4. Иафес — ерте әдеби нұсқаларда әр түрлі айтылады: Яфет, Яфес, Жаппас. Қазақтар кейде “Ғақаша сахаба” деген атауды да қолданады.
5. Алынша — Алаша.

*Әбілғазы. Шежіре-түрік. — 12-13-бб.*



## КИР МЕН ТОМИРИС

“Азияны бағындырып және өз билігіне бүкіл Шығысты қаратып болған соң, Кир сақ еліне соғысқа аттанды. Ол заманда сақтардың патшайымы — Томирис еді. Жау шапқанда қандай да әйел болсын үрейленер еді, ол қорыққан жоқ.


Томиристің жауды Өкістен өткізбеуге мүмкіндігі болды, бірақ, не де болса, сақтың кең даласына енсін, соғысуға жеңіл болады деп есептеді, оның үстіне жау жағы жеңілген жағдайда алдынан өзен бөгеп қашуы қиын болар еді. Кир өзеннен өтіп, Сақ өлкесіне бірталай еніп барып, жорық шатырын тікті. Екінші күні, қорыққандай түр көрсетіп, шатырын тастап, қашқандай қимыл жасады. Ал енді аяқ шалдырған жеріне тойға керекті нәрсені түгел, әсіресе, шарапты мол қылып тастап кетті. Осы хабарды патшайымға жеткізгенде, өз әскерінің үштен бірін беріп, жас ұлын жауды қууға жұмсады. Әскери істе сыналмаған жас бозбала Кир шатырына жетісімен соғыста жүргенін, жаудың жақын екенін ұмытып, тойға келгендей өз көшпелілерін шараптан қаға алмады. Сонымен, қарудан жеңілмеген сақтар, арақтан жылдам жеңілді. Осыны білісімен-ақ, Кир түн ішінде қайта оралып, бейқам жатқан сақтардың бәрін патшайымның ұлымен бірге қырып салды. Әскерін жоғалтып, жалғыз ұлынан айрылып қалған Томирис патшайым көз жасына ерік бермей, қайта жеңісін тойлап жатқан жаудың өз зұлымдығын өзіне қайтару үшін кек алмаққа бекінді. Оның амалы табылды да. Ол өз әскеріне жеңілістен кейін сенбегендей түр көрсетіп, соғысудан қашқақтап, ақыр түбінде соңынан қуған Кирді тау шатқалына қамап, алдынан тосқауыл қойып, жан-жағынан қамап алды. Сол жерде патшамен бірге 200 мың парсыны сақтар қырып жіберді. Бұл жеңілістің таң-қаларлығы — қырғын соғыстан парсы еліне хабар жеткізетін бір адам тірі қалған жоқ. Патшайым Кирдің басын адам қанымен толтырылған торсыққа салып: “Енді қанға той, сен қашанда оған құмар болдың және оған ешқашан да тойған жоқсың”, — деп, оның қаталдығын айыптады”.



### Шартты белгілер:

- Ⓐ Ерте көшпелілердің ең көрнекті ескерткіштері
- С Сактардың Таяу Шығысқа аттанған жорығы (VIII ғ.д.э.)
- Сактардың Үндістан мен Иранға жорығының және миграциясының бағыты
- Сактардың ахеменид әскеріне қарсы соғысы

1. Қара оба
2. Быковка, Рубежка
3. Бегет, Талдысай
4. Алакөл
5. Айдабол
6. Тасмола
7. Жыланды
8. Қара ағаш
9. Қызыл су
10. Берел
11. Шілікті
12. Бесшатыр
13. Бірлік
14. Есік
15. Берік қара
16. Ұйғарақ
17. Қара бие, Сыпыра оба



Сақ дәуірі (б.з.б. I мың. жыл)

1. Кир — Ахеменид әулетінен, парсы патшасы, өлген жылы — б.з.д. 530-ж. Әмудің Каспий теңізіне құятын Узбой саласында қайтыс болған. Ерте замандарда Узбойдың арнасымен Әму суы негізінен Каспий теңізіне құйған.
2. Томирис — сақ патшайымы. Деректер бойынша парсымен соғысқан сақтардың “массагет” деп аталатын рулары. Кир алдымен Томириске құда түскен, бірақ мәселе массагет билігі болғандықтан, патшайым бас тартқан. Кир қолынан қаза тапқан ханзаданың аты — Спаргапис. Геродот ол жөнінде: “Спаргапис қолға түскеннен кейін, өзін өлтірді”, — деп жазады. Оның баяндауынша, бұл соғыс көшпелілер қатысқан ең қатігез, қантөгіс соғыстардың бірі. Шайқас күн ұзынға созылған, ақыр соңында парсының қатары сөгіліп, қаша бастаған.
3. Өкіс — Әмудария өзені. Ол заманда Сырды Яксарт атаған, бертінірек Әмуді — Жейхүн, Сырды — Сейхүн атаған уақыттар да болды.

*Юстин. Эпитома сочинении Помпея Трога.  
Вопросы древней истории. —  
1954. — 2-4-бб; 1955. — 1-б.*

## АЛТЫН АДАМ

“Есік обасынан табылған комплекстің ғылыми, тарихи-мәдени бағасын анықтау қиын. Қазба жұмыстарының нәтижесінде Есік қорғанынан табылған өте құнды, көлемді информация гуманитарлық ғылымдардың ірі саласына — көне тарих, мәдениет тарихы, өнер мен жазу, тіл сияқты Қазақстан ежелгі тарихының құрамдас бөліктеріне әсер етері сөзсіз. Бұл информацияны қорыту, жинақтау ежелгі қоғамға (көшпелілер қоғамына) қатысты қалыптасып қалған көптеген дәстүрлі көзқарастарды жоққа шығарады.

Есік олжасы жақсы сақталғандықтан, жерлеу ғұрпын қалпына келтіруге, салтанатты бас киімді, киім мен аяқ киімді, әр түрлі әшекейлердің орналасу ретін анықтауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан және өнер туындыларының орындалу шеберлігі мен табылған алтын заттардың саны жөнінен Есік қазынасы салыстыруға келмейтін, айрықша табыс.

Табылған заттардың ішінде Қазақстан жерінде пайда болған көне жазудың бірден-бір айғағы — жазуы бар күміс тостаған ерекше орын алады. Қазіргі күні осыдан 2400 жыл бұрын Қазақстандық сақ-скиф тайпалары жазу мәдениетін игерген деген ғылыми мәселені көтере аламыз... .

Есік қорғанынан табылған өнер туындылары өнер тарихының жарқын бетін ашады. Бұл туындыларды Жетісу сақтарының өкілдері — суретші-шеберлер жасап шығарған. Олардың осы өлкеде жасалғанына ешқандай күдік жоқ...

Дегенмен, Есік обасында табылған өнер туындыларының Таяу Шығыс, соның ішінде ахеменидтік Иранның өте зор әсерінің арқасында пайда болғанын олардың жергілікті ортада жасалғаны жоққа шығармайды. Бұл әсер Есіктен табылған өнер туындыларында анық сезіледі.

Есіктік сақ өнеріндегі “аң стилі” — синкретті өнер, екі түрлі компоненттің қоспасы: төл және сырттан енген дәстүр. Бірақ екі арадағы шекараны ажырату өте қиын, Есік — біртұтас, ертеде қалыптасқан мәдениет нышаны...

Еуразия тайпаларының “аң стиліндегі” өнерді дамытуға сіңірген еңбегі өлшеусіз мол. Шынтуайтына келгенде, Еуразия — б.э.д VII-V ғғ. түзілген скиф-сібірлік өнер салтының отаны”.

1. Күміс тостағандағы жазу әлі күнге оқылған жоқ. Тілшілердің арасында екі ұдай пікір бар: бірі — оны түрікше десе, екіншілері — иранша жазылған дейді.

*К.А. Акишев. Курган Иссык (искусство саков Казахстана). — М., 1978. — 85-89-бб.*

## МҰРТТЫ ҚОРҒАНДАР

“Орталық Қазақстанның кең сахарасын ерте темір дәуірінде формасы жағынан біртекті, орнықты зират құрылысының үлгісін қалдырған тайпалар мекендеген.

Сарыарқаның батысы мен шығысын, солтүстігі мен оңтүстігіндегі ашық дала мен таулы өңірлерді қоныстанып, өзен жағалауларын жайлап, бұл тайпалар екі түрлі қорған



ескерткіштерді тұрғызған. Оның бірі — тастан немесе топырақ араластырып үйілсе, екіншісі — тас, топырақ, сонымен қатар, монументальді құрылыстардан тұрады. Ғылыми әдебиетте бұл қорғандарды онша сәтті алынбаған атаумен “мұртты” қорғандар деп атайды. Орталық Қазақстан өңірінде орын тепкен өзге ескерткіштерге қарағанда, “мұртты” қорғандар үлкен зират болып саналмайды. Бір қорымда, көп болса, 10-15 қорған орналасқан. Қорғандардың екі түрінің ара салмағы бұл қорымдарда бірді беске немесе онға шаққандай, яғни, 10 кәдімгі қорғаны бар қорымда тас қатары (мұрты) бар бір қорған кездеседі. Әрине, бұл ара қатынас Орталық Қазақстанның барлық жеріне тән емес. Екінші типті қорғандары бар ірі қорымдар Орталық Қазақстанның таулы өлкесінің Ұлытау, Шет, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарының жерінде жиі кездеседі. Осы аталған аудандарға іргелес жатқан перифериялық өлкелерде олардың саны біртіндеп азая береді. Жалпы айтқанда, “мұртты” қорғандардың орналасқан аясы анық: батысқа қарай оның шекарасы Ұлытау мен Есілдің басын, солтүстігінде Көкшетаудың Шортанды және Бурабай көлдерін, шығыста Баянауладан әрі Шыңғыстауға дейінгі таулы-қыратты өлкені қамтиды. “Мұртты” қорғандардың оңтүстік шекарасы Балқаш көлінің солтүстік атырабы мен Бетпақ далаға барып тіреледі.

Сонымен қатар, біз нұсқап отырған меже ескерткіштердің ең бір шоғырланған тұсы, бұл жерлерден тыс өлкелерде де осы типті қорғандар болуы ғажап емес. Мәселен, Еділ бойынан осындай қорған ашылғаны белгілі. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде де бірнеше қорғандар анықталды. Бұл ескерткіштердің өзгеше құрылымы Тасмола мәдениетін сақ-скиф заманының басқа да мәдени үлгілерінен ерекше бөліп алуға мүмкіндік беретіні белгілі. Енді осыған тоқталсақ.

Осы күні “мұртты” қорғандардың күрделі жерлеу комплексінің айғағы екендігі және оның бірнеше варианттан тұратыны зерттелді. Ол өте көлемді ортаңғы тас қорғаннан және шығысқа қарай немесе қашықтау орналасқан кіші қорғаннан тұрады. Осы кіші қорғаннан шығысқа қарай жал болып жалпақтығы — 1,5-2 м және ұзындығы — 20-200 м, кейде одан да көп, екі қатар тас құрылыс жасал-

ған. Тас жал жартылай доға болып созылып, басы мен аяғында дөңгелек қорған тектес тас үйінділермен аяқталады. Соныменен, “мұртты” қорған дегеніміз үш құрамдас бөліктен тұрады: адам жерленген үлкен қорған, аттың қаңқасы және қыш ыдыстар сақталған кіші қорған және тас жалдар.

Әрбірін жеке алып зерттеген уақытта ғалымдар қате пікірге ұрынады, сондықтан бұл комплексті тұтас алып қарау керек”.

1. Тасмола мәдениеті — сақ — скиф этникалық қауымдастығы туғызған ең көрнекті үлгілердің бірі. Ол мәдениеттің ең кең тараған жері — далалық өлке. Қорғандар негізінен тастан көтерілген, тұтас ру-тайпалардың қатысуымен ғана пайда болса керек. Қорғандардан табылатын бағалы заттар шектеулі. Көбінесе, ат әбзелі: ер-тұрман немесе жылқы сүйектері кездеседі. Жалдың соңындағы кішкене қорғандарда жанған оттан қалған күл қабаты бар. Тас жалдардың шығысқа бағытталуы, доғал болып келуі көптеген ғалымдарды ойға салып, әр түрлі гипотезалардың тууына мұрындық болып жүр. Орталық Қазақстан жерінде жиі кездесетін “мұртты” қорғандар әлі де құпия жұмбақтарын ашқан жоқ.

*М.К. Қадырбаев. Памятники Тасмолинской культуры.  
Древняя культура Центрального Казахстана. —  
Алматы, 1966. — 307-308-бб.*

## ЕР ЖҮРЕК АМАЗОНКАЛАР

“...аңыз бойынша элиндер амазонкалармен соғысып, Термодонт түбіндегі шайқаста оларды жеңіп, тұтқынға алған амазонкаларды үш кемеге отырғызып, теңізге шықты. Ашық теңізде жүзіп келе жатқанда амазонкалар еркектерге тап беріп, оларды шетінен қырып тастап, тұтқыннан босады. Бірақ өздерінің кемені, оны жүргізуді білмегендігі себепті, не желкенмен, не ескекпен кемені басқара алмай толқын айдап, жел қуып, Меотия көліндегі (Азов теңізі) Шақпақ жартас деген жерге келіп тоқтады. Бұл Шақпақ жартас еркін скифтердің жерінде орналасқан еді. Осы жерде кемедегі амазонкалар адамдар мекеніне бағыт



алып, жолда кездескен жылқы табынын ұстап, атқа мініп, скиф иеліктерін тонай бастады...

...Ақыр соңында амазонкалармен соғысудан абырой таппасын білген скифтер оларға бір топ жас жігіттерді жіберіп, үйлендірді, сонымен, амазонкалар скиф тілінде сөйлейтін болды. Жас скифтермен қосылған соң олар Танаис (Дон) өзенінен әрі өтіп, қоныс сайлады. Осы ел кейін “савромат” (сармат) атанды. Осындай жағдайға байланысты савромат әйелдері ерте заманнан ерекше өмір салтын ұстанады, олар: атқа мініп еркектермен бірге немесе өздері-ақ аңға шығады, еркектермен бірдей киініп, соғысқа аттанады. Савроматтар скиф тілінде сөйлейді, бірақ ерте уақыттан бері бөлектеу, себебі амазонкалар толық ол тілді меңгермеген. Неке туралы оларда мынадай тәртіп қалыптасқан: ешқандай бойжеткен өзінің бір жауын өлтіргенше, күйеуге шықпайды, ал енді осы талапты орындай алмағандары қартайғанша, тіпті өлгенше, күйеусіз отырады”.

1. Савромат (сармат) — Батыс Қазақстан, Еділ бойын мекендеген сақ-скиф тектес ел. Олардың тұрғызған қорғандарынан қару-жарақ өте мол табылады. Амазонкалар туралы аңыздың савроматпен байланысы қызықты ойларға жетелейді. Себебі, осы жағдай ерте көшпелілер арасында матриархалдық қоғамның қалдықтары мол болғандығын көрсетсе керек.
2. Эллиндер — ежелгі гректер. Аңызға олардың кездейсоқ кіруі мүмкін. Грек жазушылары скиф батырын — Геракл, Тәңіріні — Зевс деп атай береді.

*Геродот. История в девяти книгах. — М., 1972. — IV-бөлім. — 110-117-бб.*

## “ДУДАР ҚЫЗ ЕРТЕГІСІ”

“...Қыз үйіне келді, төсегіне жатып жылады. Әкесі айтты: “Жылама, басыңды көтер,” — деді. Қыз басын көтергенде, әкесі қыздан: “Балам, не аласың?” — деді. “Әке, жағың мен оғынды берсең, аламын, қара күнді, қара түйені, құла тайды берсең, аламын”, — деді. Әкесі айтты: “Қара күнді, қара түйені, құла тайды беремін, жағым мен оғым-



ды бермеймін”, — деді. Қыз жылады, сонан соң шешесі байына ұрысты: “Қызыңнан сенің жағың мен оғың артық па? Балам сұраса, бер! — деді. Бермек болды. “Ал, берем!” — деді. Қыз жылқыдан құла тайға құрық салды — құнан болды, жүгендеді — дөнен болды, ерттеді — бесті болды, қыз мінді — алты жасар ат болды. Қара түйені ұстап алып берді, кара күнді сол түйеге мінгізді, қыз бәрін де алды. Күйеу қызға айтты: “Мен алдымен озамын, ұзыннан сызылған жер болса — жүр, дөңгелек сызылған жер болса — қон”, — деді. Күйеу кетті, қыз қалды. Құла ат айтты: “Ал, Дудар қыз, күйеуің неге озып кетті, білдің бе?” — деді. Дудар қыз айтты: “Білгенім жоқ”. Құла айтты: “Мен білдім, күйеуің қасқыр болып қайтып келіп түйені жейді, кара күнді жейді”, — деді. Азырақ жерге барып еді, бір үлкен қасқыр келе жатыр. Қасқыр келді де, кара түйені жұтты, кара күнді жеді. Қасқыр кетіп қалды. Бір уақытта жігіт болып құбылып артынан келді, қараса — күйеуі екен... .

...Сонда ат үйге сүйкенді. “Атты бір жерге байлайын”, — деп Дудар қыз үйден шығып кетті. Шығып атқа мінді, садағын, оғын алды. Ат айтты: “Көзіңді жұм, үш күн, үш түн көзіңді ашпа”, — деді. Құла ат үш күн, үш түн барып түсті. Құла ат тұра қалды. “Ерімді, тоқымымды ала көр”, — деді. Ер тоқымын Дудар қыз алды, аттың бір қабат терісі тоқымымен бірге алынды. Ат аунады, әрі-бері оттады, бұрынғы қалпына түсті. Жүгіріп ат кетсе, далада бір адам жүр екен. Ат Дудар қызға қайтып келді: “Ертте, мін маған”, — деді. Баяғы көрген кісіге әкелді. “Ассалаумағалейкум!” — деді. “Уағалайкумассалам!” — деді. Жігіт айтты: “Кімсің?” — деп. Қыз айтты: “Мен бір ермін, аң атқалы жүрмін”, — деп. Жігіт айтты: “Мен бір ермін. Мен аға болайын, сен іні бол. Біреуі аға, біреуі іні болды. Екеуі аң атты, қыз бір атқанда екі құланды, анау жігіт бір құланды атты...”

1. “Дудар қыз” ертегісі архаикалық ертегілердің қатарына жатады. Оның мазмұнына аналық дәуірінен аталық дәуіріне өтетін кезеңге сай, ерте бақташылық дәстүрлері көп енген. Бұлардың қатарына: жылқы культі, қасқырдың тотемдік образы, ерлік салты, т.б. қосамыз.

*Ертегілер. Алматы, 1989. — т. 4. — 143-150-бб.*

## ЕРТЕ КҮНДЕ ОТТЫ КҮННЕН ҒҰН ТУҒАН (Ғұн заманы)

Б.э.д. I мыңжылдықтың ортасында Орталық Азия даласында рулардың ірі одағы қалыптаса бастады. Қытай және антикалық жазба ескерткіштері оларды “Ғұн” (хунну) деп атаушы еді. Ғұндардың өз шежіресіне қарағанда (б.э.басы) “олардың тарихы мың жыл бұрын басталған” еді. Ғұндармен қатар екі дәуірдің шектесетін уақытында усунь (үйсін) және кангью (қаңлы) тайпалық одақтары да көшпелі мәдениеттің тың үлгілерін жасады. Орталық Азияны мекендеген ондаған ірі рулардың басын қосқан ғұн мемлекеті б.э.д. III ғ. Тынық мұхиты мен Каспий теңізі аралығын, кейінірек Орталық Еуропаны қамтыған ұлан-байтақ империя құрды. Еуразия тарихында бұл көшпелілердің жасаған алғашқы империясы. Үйсіндер алғашқы кезеңде Шығыс Түркістанды мекендеп, ал юечжі тайпалары оңтүстік-батысқа жер ауған соң, Жетісу мен Ферғана өлкелеріне орнықты. Сол дәуірдегі көрнекті одақтың бірі — қаңлылар, әуелден Сырдария өлкесімен тығыз байланысты (Авестада Сыр бойына қатысты Канхга атауы кездеседі). Әрине, ғұн, үйсін, қаңлы руларының қоныстану мәселесі толық шешілді деуге өлі ерте, оның үстіне халықтардың ғұндар бастаған қолы қоныс аударуы кезеңінде (III ғ. бастап) этнотерриториялық картаға елеулі өзгерістер енгені даусыз.

Б.э.д. 200-ші жылы ғұндарға қарсы Қытайдан Гао ди бастаған (патша) ірі қол аттанды. Олар жылдан-жылға күшейіп келе жатқан көшпелі мемлекетті тізе бүктіру ниетімен шекаралық өлкеде билігін нығайтуды көздегенін жылнама жасырмайды. Бірақ ғұндарға қарсы соғыста патшаның әскері жеңіліп, оның өзі қолға түсті. Одан кейінгі қарым-қатынас ғұндардың пайдасына жүргені анық. Бір-



неше жүз жылдар бойы Қытай көшпелілерге тәуелді болып келді. Осы соғыста Қытай жылнамашысы ғұн әскерлерінің батыс бөлігі — ақ боз атқа, шығыс бөлігі — ақ тұмсық күрең атқа, солтүстік бөлігі — шұбар атқа, ал енді оңтүстігіндегілер — жирен атқа мінгендігін суреттейді. Мұның өзі ғұн қауымдастығына енген рулардың нағыз көшпелі жылқы өсірушілер екендігін дәлелдесе керек. Үйсіндерге қатысты деректерде “олардың ішіндегі байлары 4-5 мың жылқыға иелік етеді” деген мәліметтер бар. Бұл көрсетілген сан ең жоғары шек болмаса керек. Археологиялық деректер ғұн қоныстарында орташа қалалардың орыны барлығын, ал олардың маңында суландыру жүйесі болатынын хабарлайды. Осы сияқты құбылысты үйсін мен қаңлыға қатысты қазба жұмыстарынан да аңғарамыз. Дегенмен, осы аталған рулардың негізгі шаруашылық үрдісі көшпелі мал шаруашылығы болғаны айдан анық. Мәселен, отырықшы өлкелерге ең жақын деген қаңлылардың басшылары арасы 900 шақырым болатын жайлау мен қыстау арасында көшіп жүрген.

Ғұн заманында көшпелі рулардың әлеуметтік тіршілігі күрделі жүйеге орнықты. Оның тамаша көрінісі — ғұндардың мемлекеттік билік құрылымы. Жоғары биліктің атқарушысы — “шаньюй” (шамасы “жәңгір” немесе “шоң” деген әлеуметтік титулдың қытайша транскрипциясы) — көктің ұлы деген лақапқа ие, оны “көк пен жерден туған, күн мен айдан билікті алған ғұнның ұлы билеушісі” деп дәріптейді. Ғұн мемлекетінің негізгі құрамы 24 көшпелі рудан тұрады, олардың әрқайсысын билер — ру басылар басқарады, кейінірек ол руларға шаньюй “түмен басыларды” бекітті. Осылайша мемлекет құрамына кірген рулар 10 мың әскер бере алатын әкімшілік жүйесіне бағынды. Деректерге қарағанда ғұн қауымына енген рулардың басшылары, шаньюйдің туыстары жылына үш рет Лунци тауына жиналып, Тәңіріге арнап құрбандық шалып, мемлекет мәселелерін ортаға салатын. Ғұндардың күшеюі көршілес руларға әр түрлі әсер етті. Олардың ішінде юечжі сияқты аянбай соғысып, ақыры жер ауып кеткендері де болды.

Сонымен қатар, үйсін, ухуань сияқты ғұн билігін мойындап, одаққа кіргендері де болды. Бірақ, кейін келе, осы тайпалар б.э.д. 70-ші жылдары ғұн өлкесіндегі жұт



кезінде Қытайға одақтас болып шапқыншылыққа қатысты. Шабуыл жасаушылар ғұндардан 700 мың бас малды олжалап алды.

Орталық Азиядағы ғұн үстемдігі III-IV ғғ. біржолата тиылды, бірақ одаққа кірген көшпелі тайпалардың көпшілігі батысқа жылжып, жаңа саяси бірлестіктің іргесін қалады. Сібір және Орал өлкесінен естек жұртын (оралфин тайпалары) бағындырып, олардың біразын өзіне қосқан ғұн тайпалары, одан әрі славян қауымын ілестіріп, ақыры Қара теңіз маңында герман тілдес гот тайпаларымен көрші қонды. Бірнеше жылдың ішінде сармат-алан және герман-гот тайпаларын тас-талқан еткен ғұндар 376 жылы Рим империясының шекарасына ілінді. Батыс Еуропаны жаулап алу — Баламердің тұсында басталып, Ругилдің кезінде жалғасты, ал Аттила (Еділ) заманында аяқталды. Ғұндар бастаған халықтардың ұлы қоныс аударуы деген атақпен тарихқа енген бұл құбылыс Еуропаны жаңаша даму жолына бастады. Құл иеленушілік құрылыс жойылып, оның орынына феодализм қанат жайды. Еуропада бөлек-бөлек мемлекеттер дүниеге келді, ал адамзат баласы осы қозғалыстың арқасында көне дүниеден Орта ғасырларға қадам басты.

Көшпелі ұлыстардың түпкі жұрты болып табылатын Алтай тауларынан батысқа жайылған Ғұн көшінің бір тармағы Сыр бойына келіп тірелді. Ол өлкені кезінде ғұндар мен үйсіндер Жетісудан ығыстырып шығарған юечжі тайпалары мекендеуші еді. Олардың құрған мемлекеті бүкіл Шығыс өлеміне танымал Құшан империясы аталатын. Сыр өлкесіне келген ғұндар бірталай шайқастармен осы мемлекетті жаулап алып, оның орнында өз билігін орнатты. Жазба деректерде бұл жаңа саяси құрылымды — Эфталит немесе Ақ ғұндар мемлекеті деп атайды. Олардың тарихы мен мәдениеті жөніндегі мәліметтер Сасандық Иранның патшалары Перуаз, Кей Қуат пен Кей Қысырау жылнамаларына байланысты жақсы суреттеледі. Перуаз патша 484 ж. Ақ ғұндардың қолынан өлді, ал оның баласы Кей Қуат ғұндардың қолында көп жылдар кепілдікте болды, ғұн билеушісінің қызына үйленді. Кей Қуаттың тұсында Иран жерінде Маздақ бастаған діни қозғалыс болғаны белгілі. Оған да ғұндардың қатысы бар. Ғұндар Кей Қысы-

рау патшалық еткен заманда да белсенді болды, өздерінің Иран тағында отырған жиеніне қашанда қолдау көрсетіп отырды. Бұл тарихи оқиғаларды қазақтың көне эпостарынан да аңғаруға болады (Алпамыс батыр жыры). Ақ ғұндар билеген және мекендеген өлке XI ғ. атақты ғалымы Махмұд Қашқари кітабында “Арғу” деген атпен белгілі, бертінірек бұл өлке “Шағатай ұлысы” атанды (Шыңғыс қағанның ортаншы ұлының үлесіне тиді).

Қысқа әңгімеде ғұндар мен үйсіндер және қаңлыларға қатысты тарихи жағдайлардың бәрін баяндап беру мүмкін емес, сондықтан кіріспе бөлімде де, хрестоматияда да негізгі деген құжаттарға ғана тоқталдық.

## ҒҰН ШЕЖІРЕСІ

“Және бір ескі хабар: Ғайса пайғамбардан 1300 жыл бұрын Че-әу нәсілі Қытайда хан кезінде Азияның Темірқазық жақ шетінде “ғұн” яки “құн” деген халық болған. Бұл “ғұн” деген Орхон өзеніне қойылған ат еді. Сол себептен ол халық ғұн атанды. Одан кейін бір уақыттарда түріктер “киунығну” деп те аталды. Оның себебі Қытайлар Ханқу дариясының Темірқазық жағындағы халықты “киунығну” дегенінен шыққан. Шежірелердегі “Хунну” атанғаны “Онау”, яғни “үйғыр” дегеннен шықты деп Радлов айтады. Және, бір кезде, бұлардың “күншығыс татар” атанған құнның “Топа сиян-жу-жін” деген таптары Азияның күнбатыс шетіне шейін барды. Бұл құнну Қытаймен көп соғысып, кейде жеңіп, алым да алды. Олар хандарын “Шан-иуи” деп, одан кейін “Тан жу” деп атады. Бергі заманда “таичи” деп қалмақтың айтқаны да сол сөзден, жоғарғы құннулар ханның қатынын “Иан-ши” деуші еді, біздің қазақтың өзінен үлкен кісінің қатынын “жеңеше” дегені сол сөз болар. Олардың “Танжуы”, яғни ханы Айышан тауында тұрушы еді. Ол тау Алтайдың Ертіс өзеніне қарай созылған бір тарауы еді. Танжу Қытай ханымен тату тұрып, хат жазғанда Аспан, Күн, Ай тарапынан ғұндардың тағына қойылған Ұлық Танжудан деп жазушы еді. Бұл тату тұрғанының соңғы мезгілдері Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210-шы жылға шейін білінеді. Жоғарыда ай-



тылған: қытайларды ғұндардың шауып, талауы, Ғайса пайғамбардан бұрынғы 210-шы жылда, құннулардың ханы — Тумын танжу тұсында еді. Бұл Тумын хан Ғайса пайғамбардан бұрынғы 206-шы жылы өліп, оның орнына баласы Мете, яки Мөте хан болды. Ғайса пайғамбардан бұрынғы 174 жылға дейін бек көп жерлерді алды. Қытайдың сол кездегі ханы Киу-хуан-ти еді. Мөте Сопных-фу шаһарын алып, Шәнсиге кіріп, Синхан-фу шаһарына келген соң, Хану-тихан қарсы шыға алмай, қыз беріп бітім қылған. Мұнан соң қытай мен түрік қыз алысты. Ғайса пайғамбардан 175 жыл бұрын Хүннулар юеши, яғни шүршіт халқын Қансу һәм Шансиден шығарып, күнбатысқа қарай Балқаш көлі мен Іле өзеніне қуды. Юешилер барып Яқсарт, яғни Сырдариядан өтіп, Соғды-Бақтырияны алып, онда ғися, яки саха атанған бұрынғы түріктерді қуды. Бұл кезде ғұнның танжуы, яғни ханы барып күншығыс татарды быт-шыт қылыпты. Сол татардың бір бөлегі Қытайдың Пекин деген қаласының Темірқазық жағындағы У-хуан тауына барып, “у-хуан” татары атанды. Және бір бөлегі Сиян пи тауына барып “сиян пи” атанды. Юешилер Мәуреннахрға кірген заманда ғұнның батыс жағындағы көршісі у-сун, яғни үйсіндер еді. Іле өзені жағасында еді. Олар хандарын “күнби” деуші еді. Осы үйсінді ғұндардың ынтымағынан айырмақшы болып Қытайдан ең алғаш дүниені көруге шыққан Чан киен дегенді жіберген еді”.

1. Шөкәрім деректерінің көпшілігі В.В. Радлов зерттеулеріне саяды, ру-тайпа аттарының транскрипциясы ескіше.

*Шөкәрім Құдайбердіұлы.  
Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. —  
Орынбор, 1911. — 14-15-бб.*

## КӨНЕ ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАСЫ

“Қытайдың солтүстігінен әрі мекендейді, малыменен бір жайылымнан екіншісіне көшіп жүреді. Көбінесе жылқы, сиыр, қой-ешкі өсіреді, аздап түйе, есек, қашыр және арғымақ тұқымын өсіреді. Көшкенде шөп пен судың



ыңғайына қарайды. Не қалалары, не егіні жоқ, бірақ әркімнің өз жер еншісі бар. Жазу жоқ, ал заңдарын ауызша жариялайды. Ұлдары қойдың арқасына мінуге жарағаннан бастап, садақпен күс, ұсақ тышқандарды ата бастайды, өсе келе түлкі мен қоян атады және оны тамаққа пайдаланады. Садақты жақсы меңгергендер сауытты атты әскерге түседі. Бейбіт уақытта мал соңында жүріп, далада аңшылықпен айналысып, күн көреді; қиын кезде әркім де жорыққа дайындала бастайды. Міне, осы — олардың табиғи сүйекке біткен қасиеттері. Алыстағы жауына садақпен жебені, жақындағысына қылыш пен найзаны пайдаланады. Жолы болса, алға ұмтылады, болмаса, шегінеді, кашуға ұялмайды. Пайда түсетін жерде ештеңеден де тайсалмайды, ол жерде әділдік, дұрыстықты ұмытады. Басшысынан бастап бәрі де малдың етін жеп, терісін киіп, жүні мен елтірісін үстіне жабады.

Моде таққа отырған шақта Дунху елі елші жіберіп, Туманнан қалған 1000 лиге шабатын ат сұратты. Моде шақырған кеңеске келген бектер: “Ол ат ғұн елінің қазынасы, беруге болмайды”, — деді.

Моде: “Көрші бола тұрып, бір атты олардан аяймыз ба?” — деп, бергізді. Біраз уақыт өткеннен кейін Моде өздерінен қорқады деп ойлаған Дунху елі елші жіберіп, Моденің бір әйелін сұрайды (Яньчжы). Моде тағы бектерімен ақылдасты. Олар ашу-ызамен: “Дунху әбден ар-ұяттан кеткен екен. Яньчжыны сұрағаны үшін соғыс ашайық!” — деді. Моде: “Көрші тұрып бір әйелді олардан аяймыз ба?” — деп, өзінің сүйікті әйелін Дунхуға жіберді. Дунху билеушісі одан әрі асып-тасып кетті. Ғұн иелігінде Дунхудан батысқа қарай 1000 ли бос жер бар еді. Екі қабырғасында шекара бойында қарауылдан басқа ештеңе жоқ. Дунху елші жіберіп: “Ғұндар пайдаланбай отырған екі жақтың қарауылы арасындағы жерді аламын”, — деді. Моде өзінің қарамағындағылардан ақыл сұрады, олар: “Оныңайсыз жер, беруге де, бермеуге де болады”, — деді. Моде бұған қатты ашуланып: “Жер мемлекеттің негізі емес пе, оны қалай беруге болады?” — деп, “Бер!” — деген адамның бәрінің басын шапты. Өзі атқа мінді де, атқа мінбеген адамның бәрінің басын шабуға бұйрық берді, сөйтті де шығысқа аттанып, түтқиылдан Дунхуға тиісті. Дунху бұрын Мо-

дені санатқа қоспайтын, сол себепті қапы қалды. Моде өз әскерімен Дунху ордасын тас-талқан қылып, әбден жеңді. Бүкіл елін, малы мен дүниесін өз иелігіне қаратты.

Елге қайтып келген соң, батыстағы юечжілерге жорық жасап, оларды қуып жіберді, оңтүстікте Ордостың Лэу-фань және Байян деген бектерін бағындырды және Янь, Дай деген өлкелерге жорық жасап, Мын Тхянь деген қол-басшының уақытында ғұндардан тартып алынған жердің бәрін қайтарды. Сонымен, Хань әулетінің шекарасына Ордос және Чаона, Лу-ши маңында шықты. Бұл уақытта Хань Әулеті Хянь-юймен күресте еді. Кіндік патшалық ауыр соғыстан әбден әлсіреді, осы қолайлы жағдай Модеге күшеюге мүмкіндік берді. Ол өз қарамағында 300 мың әскер ұстады. Шунь-вэйден бастап, Тұманға дейінгі мың жылдан астам уақытта Ғұн Ордасы бір көтеріліп, бір құлап, бөлініп, шашылып жатқан уақытты бастан кешірді, сол себептен тақ мұрагерлерінің тәртібін анықтау қиын.

Моде тұсында Ғұн Ордасы аса күшейеді, көтеріледі: солтүстіктегі бүкіл көшпелі руларды бағындырып, оңтүстікте Кіндік Ордаға тең болды... Ғұндар кеменгер адамдарын “Жұқа” (Чжуки) дейді, сол себепті тақ мұрагері Шығыс Жұқа тегін (князь) атанады. Шығыс, Батыс Жұқа тегіндерінен бастап Данхуға дейін жоғарғы бектерде 10 мың, төменгілерінде бірнеше мың атты әскер бар. Барлығы 24 ел басы бар, олардың бәрі түмен басы аталады... 24 бектің әрбірі қызмет атқаратын — мың, жүз, он басыларын тағайындайды... Бірінші айда, жаңа жылдың, ел басылардың таңдаулы тобы Шанью ордасындағы ғибадатханаға жиналады. Бесінші айда Лун ченге жиналып, барлығы аруақтарға, Тәңірі көкке, жер мен рухтарға құрбандық шалады. Күзде, жылқы семірген соң, барлығы орманды айналуға жиналады, сол жерде адам мен мал басын қарайды. Олардың заңдары бойынша: суық қару мен найза көтергені (өлтіргені) үшін — өлім, ұрлық үшін — дүние-мүлкін тәркілеу, ұсақ қылмыс үшін — бетіне таңба салу, ауыр қылмыстарға — өлім жазасы. Жүгініс (билер соты) он күннен әріге созылмайды. Тұтас мемлекетте жазалаған (түрмеде) адам бірнеше ондаған ғана. Шанью таңертең ордасының алдында шыққан күнге, кешке айға тағзым етеді. Ол сол жақта бетін солтүстікке беріп отырады”.



1. 1000 ли — 565000 м.
2. Мәтін б.э.д. III ғ. деректері бойынша берілді. Қытай жылнамашыларының көшпелі көршілеріне деген теріс пиғылы, олардың тұрмыс-салтын түсіне алмауы деректе сезіледі.

*Н.Я. Бичурин (Иакинф). Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. — М.-Л., 1950. — т. 1. — 39-40-бб.*

## ҚАҢЛЫ (КАНГЮ) ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР

“Кангю билеушісі қыста Лоюен өлкесінде, Даобитянь қаласында, Чан-аньнен 12300 ли жерде мекендейді. Қытай уәкіліне бағынбайды. Люенге дейін атпен 7 күндік жол, жаз жайлайтын Фаннейге дейін 9104 ли. 200 мың шаңырақ, адам саны 600 мың, әскері 120 мың. Шығыстағы уәкілге (протекторға) дейін 5550 ли. Әдет-ғұрпы үлкен юечжілерге келеді. Шығыс жағы хундардан теперіш көреді. Сю-ань патшаның кезінде хундар өзара бүлінді, бес хан таққа таласты.

Қытай ордасы Хуханені таққа отырғызды, бірақ Чжи-чжи хан оған келіспей, қытай елшісін өлтіріп, Кангюге барып бекінді (батысқа).

Осыдан кейін протектор Янь шеу мен генерал Чень Тхан Батыс өлкесінің әскерімен барып, Чжи-чжи ханның көзін құртты. Бұл оқиға Юань-ди кезінде, Цзянь билігінің 3-ші жылы болды. Чен ди патшаның уақытында кангю билеушісі сыйлықпен ұлын қытай сарайына жіберді, бірақ соның өзінде өзгелермен қатар бағынышты болғысы келген жоқ, алыстығын пайдаланып тәкәппарлана берді.

Протектор Го-шунь олар туралы сарайға бірнеше хабар берді: Хундар кангю мен усунды бағындырғандықтан құдіретті болған жоқ, сол сияқты ол екеуін жоғалтқаннан кейін де Қытай үстемдігін мойындаған жоқ. Қытай сарайына билеушілерінің балаларын аманатқа бергенімен жаңағы үш иелік бұрынғыша қарым-қатынаста; байланысы мен наразылығы қатар, аңдып жүріп, қолайлы шақта бірі-бірін шауып отырады. Басы қосылса да біріне-бірі сенбейді, бөлініп кетсе, бірі-бірін бағындыра алмайды. Усун ордасымен туысқанымен, Қытай сарайы әлі одан пайда тапқ-



ан жоқ. Бірақ ол байланысты усундар ерте бастағандықтан және хундармен бірге бодандықты мойындағандықтан оларды сырттату әділдік емес. Ал кангю болса тәкәппар, шұғыл және усундардай емес, елшілерге бас игісі келмейді. Протектордан барған қызметкерлерді усун елшілерінен төмен отырғызады. Өзінің бектері мен жайсаңдарына тамақ бергеннен кейін протектордың елшісіне ұсынады және онысын көрші иеліктердің алдында көрсетуге құмар. Осындай іс-қимылдан оның өз ұлын сарайға неге жібергенін түсінуге болады. Ол сауда жасау үшін ойлап тапқан жақсы сылтау.

Хундар шет елдерінің ішіндегі ең ұлы мемлекет еді, ал қазір Қытай империясына жағымпазданып қызмет етеді. Кангю басшысы тиісті тағзымын жасамайды деп естісе, сөз жоқ Шанью өзін қорсынып қалады. Өзіне құрметті дұрыс түсінбейтіндіктен, Хань әулетінің абыройын сақтау үшін оның (кангю) ұлын кері қайтарып, елшілікті тыю қажет”.

1. Б.э.д. 36-шы жыл.

*Бичурин. — 18-19-бб.*

## ҮЙСІН (УСУНЬ) ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР

“Усуннің үлкен гуньмосы Чигу қаласында өмір сүреді, Чань-аньнан 8900 ли, шаңырақ саны — 120 мың, адам басы — 630 мың, әскер — 188 мың. Шығысқа қарай протектордың отырған жеріне дейін 1721 ли, батысқа Кангюдің Фанней жеріне дейін 5000 ли. Жері жазық, шөбі мол. Жаңбыры көп, ауасы салқын жер. Тауларында қарағай қалың және мань ағашы бар. Егінмен айналыспайды, малымен су мен шөпке қарап көшіп жүреді, салттары хундарға келеді. Ол иелікте жылқы көп, байларында 4-5 мыңнан бар. Халқы қатал, зымиян, тойымсыз, жалпы жыртықшылыққа бейім. Осы иелік ең мықты болып саналады.

Бұрын олар хундарға тәуелді болды, соңынан күшейіп, оларға бағынышты болғысы келген жоқ. Шығысы — хундармен іргелес, солтүстік-батысы — кангю, батысы — Даванмен, оңтүстігі әр түрлі иеліктермен. Усунь гуньмосы

тайсалып, жылқы айдаған елшісін жіберді, қытай ханшасын сұрап, туысуға ниет білдірді. Қытай императоры Аспанұлы (император) қызметкерлерімен ақылдасып, ханшаны алу үшін алдымен сыйлық талап етті. Усунь гуньмосы мың жылқы жіберді. Юань-фынь билеген кезде қытай сарайы бір князьдың қызын ханша есебінде аттандырды, оған күйме, киім, қымбат зат, қызметкер мен бірнеше жүз құл қосты, шығарып салып, барлығына да қымбат сыйлық үлестірді.

Усунь гуньмосы оны екінші әйелі қылды. Хун ханы гуньмоға өз қызын берген еді, оны бірінші әйелі қылды. Ханша сарай салғызды, үш айда гуньмомен бір рет кездесті, оның бектері мен жақындарына сыйлықтар берді. Гуньмо кәрі еді және қытай тілін білмейтін, ханша болса іші пысқанда өлең шығарды:

*Мені ұзатты туыстарым алыс жаққа,  
Бөтен елге — усуньнің патшасына.  
Кигізбенен жабылған үйде тұрады,  
Кедей тұрмыс құрады,  
Жейтіні — ет, ішетіні — сүт,  
Отанымды сағынғанда, аққу болғым кеп тұрады.*

Аспанұлы бұл өлеңді естіп, елшіден сыйлық жіберді. Гуньмо өзі кәрі болғандықтан, ханшаны өзінің немересіне бермек болды...

Сюань-ди патшалық құрған дәуірде гуньмо мен ханша елші жіберіп, хундардың бірнеше рет усуньге әскер аттандырғанын, бір бөлек жер, біраз адамды алып қойғанын, елші жіберіп, Қытаймен байланысты тоқтатып, ханшаны өз қолдарына беруді талап еткенін хабарлады. Ал гуньмо болса, мемлекеттің жартысынан жиылған таңдаулы әскерді шығаруға дайын, 50 мың әскерді өзі жасақтап, асырайды, барлық күшті хундерге төгу үшін, Аспанұлының әскер шығарғаны жөн болар еді.

Сонымен, Қытай 150 мың атты әскер жұмсады. Бес генерал әр түрлі жолдармен бір уақытта жорыққа аттанды. Патша генерал Чан-Хойды усунь әскеріне көмекке жіберді. Гуньмо өзі бастап, 50 мың атты әскермен батыстан Батыс Гули князьдің (хун) иелігіне енді. Ол тұтқынға 40 мың адамды алды, оның ішінде ханның туыстары, белгілі бектер



болды, олжа деп 700 мың бас жылқы, сиыр, қой, есек пен түйе алды. Осы олжаның бәрін усуньдер өздері алды. Бұл оқиға Вень-шидің билік құрған 3-ші жылында болып өтті (б.э.д. 71-ші ж.).”.

1. Қытай мен усунь ордасы арасындағы байланыс б.э.д. 110-шы ж. бастап тығыз жүрді. Усунь ішіне бірнеше қытай ханшасы келген.
2. Қытай жылнамасы “Солтүстік Вэй патшалығының тарихы” (И. Бичурин аудармасы) арқылы беріліп отыр.
3. Қытаймен одақтас болып, кейін бағыныштылық қамытын алдымен усуньдер киді, оған себепкер Қытайдан келген ханшалар. Оларды көшпелілерге жібермес бұрын алдын-ала дайындайтын.

*С.Д. Асфендияров, П.А. Кунте // Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Сб. I. жинағынан. Москва — Алма-Ата, 1935. — 20-б.*

## **ҚЫЗЫЛ АРЫСТАН ХАННЫҢ ҰЛЫ — АЛАША ХАН**

“...Қырық ханның бірі болған Қызыл Арыстан деген Бұқарада тұрыпты. Осы күні бір өзінде он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол Қызыл Арыстан жасатқан екен деседі. Бәйбішесінен бала болмаған. “Қызыл аяқ” деген елді шауып, ат көтіне салып әкелген бір қызға аяқ салып, онан бір бала — сауысқанның аласындай ала туады. Бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туғандықтан, іші тарлық қылып, күндеп: “Бұл баланы балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып ұстайды, елінді ала тайдай бүлдіреді”, — деген соң, хан қырық жігітіне бұйрық беріпті: “Мына баланы, тапқан шешесін Сырдариядан әрі өткізіп, қоя беріңдер. Өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып күн көрер”, — деп, жер аударарды. “Зинхар қайтып бұл жұртты мына қатын да, бала да көрмесін, сендер де көрмеңдер”, — депті.

Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алқабына келіп жан сақтап күн көріпті. Бала өз асын өзі алып ішерлік болған соң, ешкіммен ісі жоқ, өз бетімен қаңғып



кетеді. Дәл он екі жасында Майқы бидің елінен бір адамға кез болыпты. Оған бір ауыз сөз тіл қатпайды. Ол еліне барған соң, Майқы биге сөйлепті: “Бір ағаштың көлеңкесінде жас баланы көрдім, күң дейін десем көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жібергендей. Жалғыз айыбы — тілі жоқ екен”, — депті. Майқы би өзі ақсақ екен. Өмір бойы арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке жек-тірмей, жаяу кісіге тартқызады екен. “Мені арбамен алып барыңдар, оны мен көрейін”, — депті. Бала Майқы биді көргенде-ақ, ұшып тұрып: “Ассалаумағалейкүм, хан біт-кеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы”, — деп сәлем беріпті. “Уәғалайкүмассалам! Әмсе аман бол, балам. Болайын деп тұрған ұл екенсің, қолыңа алып-салашының жоқтығынан кем болып тұр екенсің. Кел балам, қасыма мін”, — деп арбасына мінгізіп алып келіп, төрт көл ошақ қаздырып, ту биені сойдырып, төменгі елді шақырды. Ала биені сой-дырып, аймақ елді шақырды. “Ердің ері, егеудің сынығы”, — деп баласы Үйсінді бас қылып, жүз жігіт қосып берді. “Қаратаудан әрмән қарай асыңдар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар. Қара кеңгір, Жезді кеңгір, Құдайберлі деген жерлерге барып, ірге теуіп, қоныс салыңдар. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ел болуды ойлаңдар, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласыңдар. “Хан әділ болса, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді” деген”, — деп батасын беріп, жүргізіп жіберіпті. Ақтау, Ортаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жеріне келіп, ұйқыны бұзып жылқы алды, күймені бұзып қыз алды. Көш елді көш жөнекей алды, ереуіл елді отырған жерінде шапты. Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-баранды болды. Сатусыз дүние, қалыңсыз қатын ала бастаған соң, ел болмасқа немене!

Бұлардың мұндай болғанын баяғы Қызыл Арыстан хан естиді. Қотан, Қоғам, Қондыгер, Қобан, Майқы билерге елші жібереді: “Менің баламды жігіт-желең беріп, желіктіріп жібергені несі, баламды өзіме берсін, менен қалағанын алсын!” — деп. Сонан соң бұлар Құтанұлы Болатты жүз жігітпен жіберді: “Сендер барып, шақырып келіңдер!” — деп. Бұлар келген соң, бұрынғы келгендер: “Қайт” деген

сөзді айтпандар, өздерің де қайтпандар”, — депті. “Аты бестісінде қартайтын, жігіті жиырма бесінде қартайтын, көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын, тымақты тақияға айырбастайтын, пышақты қасыққа айырбастайтын, тары мен бидайдың нанын жегенге, жаман көженің суын ішкенге құтыратын, бөдененің бір санын жегенге күпті болатын, сарттың жаз болса тұзын, қыс болса отыны мен көмірін тасығаннан басқа қызығы жоқ жерде нелерің, не ақыларың қалды?” — деген соң: “Рас-ау, рас”, — деп шақыра келгендер де қайтпай қалыпты. Қызыл Арыстан хан қайта-қайта жіберіп келмеген соң, Қоғамұлы Алшынды бас қылып, жүз кісімен тағы жіберді. Он үш ақсақал косты. “Есеп саны үш жүз он үшке жетсе, дүние жүзі жиылса да, бетіне шыдамайды” деген. Үндемесе де, үйден шықпай жатып ақсақалдар жұмысты жайлап жатты.

Бұлар енді: “Ел болғанымызды жұрт көзіне түсірейік”, — деп баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлы таудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлапты. Оған “Алаша хан” деп ат қойды. Бастапқы бірге келген жүз жігіттің бастығы — Үйсін. Бұл “Ұлы жүз” — Үйсін аталды. Түп қазығы салықшы. “Жауға шапқанда, бұлар шаппасын, тастүйін болып тұрсын”, — депті. Ортада келген жүз жігіттің бастығы — Болат қожа. Бұған “Орта жүз” деп ат қойыпты. “Бұл орта тосқауылшы орта буында жүрсін. Ханның бақташысы болсын”, — депті. Бұл Орта жүз “Ақ жол аталсын”, — дейді. Соңғы келген жігіттердің бастығы — Алшын. “Жаудан беті қайтпайтын жау жүрек, қарсы алдында жүріп жан қадірін білмейтін, бұлар кезуілші болып, ең алдында жүріп жауға шабатын болсын”. Бұған “Кіші жүз” — Алшын деп ат қойды. Қазақтың “Үш жүз” атанған жері осы”.

1. Қызыл Арыстан — қазақтың тарихи аңыздарында көп айтылады. Ақ ғұндардың бір тармағы “қарлұқ” елінің билеуші әулеті (IX-X ғғ.), Қарахан мемлекетіне қатысы бар.
2. Қотан, Қондыгер, Қобан, Майқы — тарихи-мифтік тұлғалар, қазіргі түрік халықтарының түп аталары.

*М.Ж. Көпейұлы. Шежіре (қолжазба).*



## АЛЫНША (АЛАША) ХАН

“Алынша хан көп жылдар патшалық күрды. Нүк пайгамбар заманынан Алынша ханға шейін, барша Яфес (Иафес) әулеті мұсылман еді. Алынша хан заманында жұрт байып, дәулет тасыды... Әр кісі өзінің ең қимас адамы, не ұлы, не қызы, болмаса аға-інісі өлсе, соған ұқсатып қуыршақ жасатып қоятын болды. “Бұл пәленшенің суреті,” — деп, оны сүйер еді, ас келгенде оның алдына ас қойып, оның жүзін өбіп, көзін сүртер еді, оған бас ұрар еді. Бұндай әдет қайталана-қайталана келе пұтқа табынуға әкелді... .

Алынша ханның егіз ұлы бар еді: бірі — Татар, бірі — Моңғол”.

1. “Алынша” (Рашид ад-дин — Абұлше деп жазады, қазақша Алаша хан) — Орталық Азия көшпелі түрік-мұңғыл этностарының түпкі атасы. Оның өмір сүрген уақыты мұсылман дәуірінен әрі, біздің шамалауымызша Ғүн кезеңіне әдіптеледі. Қазақ генеалогиялық аңыздары өз бастауын қашанда Алаша ханнан алады.
2. Иафес — Нұқтың үшінші баласы, Еуразия халықтарының атасы.
3. Пұтқа табыну — қазақша буддизмді осылай атайды, ал Әбілғазының жазып отырған құбылысын қазақтар “мәжуси”, орыстар “язычество” деп атайды, яғни аруаққа, табиғат күштеріне, Төңіріге табыну кезеңі.
4. Қуыршақ (тұл) жасау және оған сыйыну қазақ арасында XIX ғ. дейін сақталды, қазір де елесі бар.

*Әбілғазы... 13 б.*

## МАРЦЕЛЛИН ЖӘНЕ ҒҮНДАР

“Осы уақытқа дейін көз көріп, құлақ естімеген адамдар — таудан аққан селдей тасып, жолындағының бәрін жапырып, дүлей күшпен жайпап келеді... Олардың бәрі де мығым және шымыр денелі, желкесі тұтас, сықпаттарының қорқыныштысы сондай, жабайы аңды еске түсіреді. Тау мен даланы қапталдай көшіп жүрген олар суыққа, аштық пен шөлге көнтерлі, бесіктегі кезінен бастап шыныққан, жат жерде жүргенде аса қажет болмаса, үйге де



кірмейді. Аяқ киімдері ешқандай қалыпсыз-ақ жасалған, олардың жүріп-тұруын аса тежейді. Сондықтан олар жаяу соғысқа жарамайды, қорбандап, қимылы үйлеспейді, оның есесіне атына жабысып қалған, аттары шыдамды, бірақ түрі сүйкімсіз, аттың үстінде отырып алып, күнделікті шаруаларын атқара береді. Күні-түні аттың үстінде өтеді, сатып алады, саудасын жасайды, жейді-ішеді, жалына жабысып мызғып алады, тіпті түс те көреді, қатты ұйықтағандықтан. Салмақты істерді талқыларда өз кеңестерін де аттың үстінде отырып жүргізе береді. Ешқашан патшалық билікті, қаталдықты мойындаған емес, бірақ кез келген ру басының соңынан еріп, айтқанын бұлжытпай орындап, жолындағысын тасталқан етеді... Олардың ешқайсысы жер жыртпайды, соқаны ұстап көрген жоқ. Тұрақты өмір сүретін қонысы жоқ, үй-жайы жоқ, заңы мен қалыпты өмір салты жоқ, мәңгілік қашқындар сияқты көшеді де жүреді. Күймелерінің ішінде бар өмірі өтеді. Әйелдері қарапайым киімдерін тоқиды, ойнап-күледі, бала туып, оны асырайды, ер жеткізеді. Олардың ешқайсысы “Қай жерде тудың?”— дегенге жауап бере алмайды. Бір жерде анасының құрсағында пайда болса, екінші жерде туды, үшінші жерде ер жетті”.

1. Аммиан Марцеллин — рим офицері және тарихшы (330-400-ші жж). Ғұндар туралы сол кездегі еуропалықтардың бәріне тән ұшқары пікірлердің жетегінде жазылған дерек. Ғұндар еуропалықтарға түсініксіз көшпелі тұрмыс-салттың өкілдері еді.
2. Ғұндардың ауыр саптама етіктері. Оның көне түрлері сақ киімі комплексіне де тән. Қараңыз: “Пазырық қорғандары туралы”. — Руденко С.И. “Горно-алтайские находки и скифы”. — М-Л, 1952.

*Аммиан Марцеллин. Прошлое Казахстана. — С.12-13.*

## АҚ ҒҰНДАР ТУРАЛЫ

“Эфталиттер ғұн еліне жатса да, өздері солай деп аталса да, бірақ өзге ғұндармен араластығы, ауыс-түйісі жоқ. Біз білетін ғұндар мен олардың ортасында ортақ шекара

жоқ, қоныстары бір-бірінен алыс. Олар көшпелі емес, басқа ғұндар сияқты. Ерте заманнан бері құнарлы жерлерге қоныс тепкен. Ғұндардың ішінде өң-түсі ағы да, түрі келістісі де ақ ғұндар. Тұрмыс салты жабайы көшпелі тірліктен оқшау, заңды мемлекеті, елді басқаратын жалғыз патшасы бар. Өз ішіндегі қарым-қатынасы, көршілерімен арадағы сыйластық пен әділдік жолы мығым, осы жағынан келгенде, олар парсы немесе рим жұртынан бір де кем емес”.

1. Ақ ғұн (белые гунны) — осы атақпен Орта Азия жерін V-VII ғғ. мекендеген түрік тілді тайпалар одағы. Деректерде оларды — эфталит және хионит деп те атайды. Ақ ғұндар халықтардың ұлы қозғалысы кезінде Шығыстан жылжыған тайпалардың алғашқы бөлігі болуы тиіс.

*Прокопий Кесарийский. История войн римлян с персами / Византийские историки. I кн. СПб., 1862. — 205-б.*

## АТТИЛА (ЕДІЛ) ПАТША ШАБУЫЛЫ

“Аттила — Скифия даласын мекендейтін тайпалардың әлемдегі жалғыз басшысы, бүкіл ғұндардың көсемі. Варварлар арасында таңғажайып даңқымен танымал. Тарихшы Приск әңгімелейді, төмендегі мына жағдайларды: Кермет үлкен өзендерден — Тизия (Тисса), Тибизия (Темеш) және Дрикка — кешіп өтіп, король Аттила тұрған елді мекенге келдік. Бұл өзі үлкен қалаға ұқсайды: бір-біріне тығыз бекітілген жылтыр ағаштардан іргесі бар, арасынан күн сәулесі өтпейді. Біршама алысқа созылған құрылыстары бар, әшекейленген порталдары көрінеді. Король сарайын жағалай қоршау бар, көлемінің өзі патша сарайынан хабар береді. Бұл өз қол астында бүкіл варварлар (көшпелілер) әлемін ұстаған Аттиланың қонысы, осы қонысты ол жаулап алған қалаларынан артық көріп тұр.

Осы Аттила Мундукзуктың баласы, Мундукзукпен Октар, Роас ағайынды. ...Ол халықтарды сілкіндіру үшін жаратылған ер еді. Бүкіл елдерге сұмдық болып тиді, бәрін де қалтыратып жіберді, ол туралы хабардың өзі қорқынышты еді. Оның жүрген жүрісі маңызды, көзқарасы мен қимыл-қозғалысы аса тектілікті көрсетеді. Соғысты жақсы

көргенімен тонаушылығы аз болды, ой қабілеті өте жоғары еді, сұраушыға қайырымды, сенген адамына өте мейірімді. Сыртқы түрі — аласа бойлы, кең кеуделі, басы ірі, көздері кішкентай, мұрыны пісте, терісі түсі бөлек (сары-қоңыр) өз шыққан тегінің барлық қасиетін бойында сақтаған... Каталаун соғысында — екі жақтан 165 мың адам, 15 мың гепид пен франкіні есептемегенде, өлді”.

1. Ғұндар Рим империясының іргесіне IV ғ. ортасында келді.
2. Иорданның шыққан тегі белгісіз, бірақ Каталаун соғысын толық сипаттаған жалғыз тарихшы. Рим мен Ғұн арасындағы бұл соғыс 451-ші ж. Париж қаласының маңында болды.
3. Иордан деректерінің біразы Приск деген елшінің күнделігіне сүйенеді.
4. Каталаун соғысынан кейін ғұндар Оңтүстік Италия қалаларын талқандап шықты. Осы сапарында Аттила Рим императорының қызына үйленіп, жасауына деп көп қазына алды.

*Иордан. О происхождении и деяниях гетов. —  
М., 1960. — 102-109-бб.*



### БӨРІ БАСТЫ БАЙРАҚ КӨТЕРГЕН ЕЛ (көне түркі дәуірі)

Бірінші мыңжылдықтың ортасында Қазақ даласында ірі этникалық өзгерістердің нышаны байқалды. Ғұндармен бірге мифтік тарих аяқталып, көшпелілер әлемі жазбаша тарихқа аяқ басты. “Жоғарыда — көк аспан, ал төменде — қара жер жаратылғанда, ол екеуінің ортасында адам баласы өмірге келді. Адам баласының үстінен патшалық құрып, менің аталарым — Бумын қаған, Естеми қаған отырды. Олар мемлекетті сақтап, түркі елінің заңдарын бекітті” деп басталады, Күлтегін құрметіне қойылған құлпытастағы жазу. Көне түркілер өздерін ерекше жаратылғандай сезінгені хақ, олардың санасында жаратылыс пен түркі халқы бір-бірімен тығыз байланысты.

Генеалогиялық жағынан алып қарасақ, түркілер ғұн қауымдастығына енген рулардан сақталған тұқым. Олар VI ғ. ортасына дейін жуан-жуан (жужан, авар) мемлекетіне тәуелді болды, тау арасында өмір сүріп, темір балқытып, қолөнермен айналысты. Теле тайпаларымен одақ құрып күшейген уақытында түркілер жужан патшасына елші аттандырды, өздерінің көсемдеріне жужанның ханшасын сұрады. “Терезесі тең” ел боламыз”, — деп, үміт етті. Бірақ жужан патшасы Анақуан: “Сен темір балқытушы құлым екендігіңді ұмыттың ба? Батылың барып, мұндай өтінішті қалай айттың?” — деп ашу көтерді. Осы оқиғадан кейін екі елдің арасы бұзылып, ақыры жужандардың тас-талқан болып жеңілуімен бітті. 552-ші жылдан бастап түркілер өз көсемдерін “қаған” деп атай бастағаны анық. Бірнеше жылдың ішінде түркі елі маңайындағы қидан, оғыз, татар, каи, Енесай қырғыздарын бағындырды, ақыры Қытайдың өзіне ауыз салды. Түркілердің құрған ірі империясы

батысында Византия, оңтүстігінде Эфталит және Иран, шығысында — Қытай сияқты алып мемлекеттермен тығыз экономикалық-саяси қарым-қатынастар орнатты. VII-VIII ғғ. түркілер асқан белсенділік танытып, Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ далалық өлкені түгел өздеріне қаратты. Түркі тілінің, әдет-ғұрпының, дүниетанымының үстемдігі сол кезеңнен басталады.

Көне түркілер көшпелі шаруашылық-мәдени үлгісінің өкілдері. Араб тарихшысы Әл-Жахиз: “Түркілер — отырықшы өмірді, қимыл-қозғалыссыз тіршілікті, аз қозғалып бір орында отыра беруді ауырсынатын халық. Олардың табиғаты қозғалысқа бейімделген, тыныштыққа ыңғайланбаған. Олар қолөнермен, саудамен, дәрігерлікпен, ағаш отырғызумен, құрылыспен, арық қазумен, өнім жинаумен айналыспайды. Олардың ойында, есіл-дерті, жаугершілік, аңшылық, тонау, атқа мініп сейілдеп жүру, батырлардың жекпе-жегі, олжа іздеу және өзге елдерді бағындыру”, — деп көркем суреттейді.

Түркі руларының басы құралып, мемлекет құрауына байланысты шаруашылық жүйесінде ірі өзгерістер туындады. Оның басты нышаны көшпелі рулардың отырықшы өлкелерді бағындыру барысында қалыптасып, біртұтас экономикалық система құрумен аяқталады. 570-ші жылдары көне түріктер Иран мен Византияның шекарасына ілікті, осы жорықтардың нәтижесінде империясының құрамына Орта Азия қалалық өлкесі тұтас кірді. Түркістан өңірінің тұрақты этникалық топтарының бірі — соғды көпестері мен қолөнершілері Көне Түркі мемлекеті жүргізетін сауданың тізгінін ұстады. VI-VIII ғғ. соғды отырықшы қоныстары Жетісу мен Жоңғария, Оңтүстік Сібір мен Шығыс Түркістан өңіріне кең тарады. Олар бір жағы сауда ісімен шұғылданса, екінші жағынан қолөнерді де дамытты. Сонымен қатар, соғды ішінен Түркі мемлекетінің сыртқы дипломатиялық шаруаларына жауапты адамдар да шықты. Соның бірі — Дизабұл қағанның атынан 567 жылы Византияға барған Маниах еді. Ол Иранға қарсы Византия мен Түркі мемлекеттерінің өзара әскери одағын құру мәселесін көтерді. Оның ізін ала Византиядан Земарх бастаған елшілік Түркі еліне аттанды. Земарх өз жазбаларында қағанның қабылдауында болғанын, алдын-ала өзін оттың арасынан



өткізгенін, түркілердің келе сала “Темір сатып алыңдар”, — деп үгіттегенін келістіре жазады. Орта Азия қалалық өңірі мен көшпелілер арасындағы тығыз араластық Батыс Түркі қағанатының Шегуй (610-618 жж.) және Тон жабғы (618-630 жж.) хандарының тұсында барынша жақсарды. Қағандардың қысқы астанасы — Шу өзені бойындағы — Суяб қаласы, ал жазғы астанасы — Испиджап (Сайрам) қаласы еді.

Біздің тарихи әдебиетте көне түркі кезеңі VI-XII ғғ. арасын қамтиды. Бұл кезеңде тұтас Орталық Азия билігі түркі тілдес көшпелі елдердің қолында болған. Бірақ түркі руларының алма-кезек күшеюіне байланысты көне түркі мемлекеттерінің аттары өзгеріп отырады. Мәселен, ол бірде Көк Түрік атанса, кейіннен Түргеш делінеді, сонымен қатар, тарихи әдебиетте Енесай қырғыздары, Қарлұқ, Қимақ, Оғыз, Қарахан т.б. тарихи атаулар кездеседі. Сайып келгенде, XI—XII ғғ. Орталық Азия мен Еділ өлкесінде үстем болған қыпшақ руы да сол Түркі мемлекеттерінің бір өкілі. Аталған мемлекеттердің құрамына кірген көшпелі рулардың этникалық тамыры бір, мәдениеті деңгейлес, тілі ортақ болғандығы даусыз. Сондықтан, осы кезеңде өмір сүрген ұлыстарға жеке-жеке қарағаннан гөрі, “тұтас бір мәдени-этникалық нұсқа” деп қарастырғанмыз жөн.

Этникалық жағынан алғанда, алғашқы түркілер “он оқ бүдүн” атанғаны белгілі. Кейінгі түркі ұлыстарының рулық құрамы әр түрлі өзгерістерге түсті. Мемлекет басшысын түркі тайпалары “қаған” дейтін, ал оғыз кезеңінде “жабғы” деген титул жиі қолданылды. Қағанның ұлдары мен туыстары “тегін” аталған. Қағанның жанында өзіне шын берілген адамдардан “нөкер” жинақталған. Елдің әкімшілік жүйесінің негізін ондық система құраған, әр ұлыс бір түмен қол (10 мың) шығаруға міндет алған. Яғни, біз көне түркілерден туыстық негізге саятын рулық-генеалогиялық және территориялық жақындыққа негізделген ондық системаны қатар кездестіреміз. Кейіннен осы ретті құрылым Шыңғыс хан құрған ұлы империяның негізгі өрнегіне айналды.

Көне түрік заманындағы аса бір белгілі оқиға — 751-ші жылғы Талас шайқасы. Бұл түркі руларының екі қапталынан арабтар мен қытайлар қысқан ауыр уақыт еді. Екі басқыншы ел, екі система бір-бірімен соғысқан кезде, түркілер



қайсысын қолдарын білмей, біршама уақыт дағдарды. Ақыры қарлұқтар бастаған көшпелі жауынгерлер қытайдың ту сыртынан тиісті. Араб тарихшысы Әл-Әсірдің айтуы бойынша: “Осы соғыста Қытайдан 50 мың адам қаза болып, 20 мың адам тұтқынға түскен. Осы уақиғадан бастап түркі жұрты мұсылмандыққа ден қойды. Көне түркі кезеңінде көшпелі рулардың өз жазу үлгісі қалыптасты (орхон-енісей жазулары), ал көшпелі ел мен отырықшы қоныстардың арасындағы маргиналдық кеңістікте ұлы ғалымдар мен ақындар шықты. Олардың ішінен Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни т.б. толып жатқан қайраткерлерді атап өтуге болады.

## ТҮРКІ ЕЛДЕРІ. ОЛАРДЫҢ ТІЛДЕРІ

“Түркі халықтары, негізінен жиырма тайпа. Әрбір тайпаның бірталай ұсақ рулары бар. Олардың саны Ұлы Тәңірдің өзіне ғана аян, мен солардың негізгілерін ғана жаздым. Оғыз түркілерін білуге құмарлық аса көп болғандықтан, олардың тектері мен малдарына, таңбаларына дейін нақтылап көрсеттім. Рум өлкесінде тараған тәртіп бойынша шығыстағы түрік тайпаларының тұратын мекен-жайларын анықтап жаздым. Румға бәрінен де жақын орналасқан тайпа — бажанақ, онан кейін қыпшақ, оғыз, иәмәк, башғырт, басмыл, қай, татар, қырғыз тайпалары. Қырғыздар Шыңға жақын орналасқан. Онан бері жігіл, тоқси, яғма, оғрақ, жарұқ, жамұл, ұйғұр, қытай тайпалары. Қытайды “Шың” деп атайды. Онан соң — тауғаж, бұларды “Машын” дейді. Бұл тайпалар оңтүстік пен солтүстік арасында өмір сүреді. Олардың мекен-жайларын арнайы картада көрсеттім.

Ең таза тіл — тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат жұртқа барып-келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі. Екі тіл білетін және шаһар халқымен араласып тұратын адамдардың тілдерінде алалық бар. Соғдақ, қанжа, арғу тайпалары дәл сондай екі тіл білетіндерге жатады. Жат жұрттармен араласып тұратын хотан, түбүт, таңұттардың кейбіреулері дәл сондай. Бұлар түркі елдеріне кейінірек келген. Рум өлкесінен Машынға дейінгі орналасқан түркі жерінің ұзындығы 8 мың парсах...

Қаз — Афрасияптың қызының аты. Қазойын шаһарын сол салдырған. Бұл сөздің негізі — “қыздың ойыны”. Қыз үнемі сонда тұрып, серуен құрған. Сондықтан кей адам Қазойын шаһарын Түркі елінің шекарасы деп есептейді. Құм шаһар да шекара болып саналады. Себебі, құм — түркі сөзі. Афрасияптың қызы мұнда тұрақты аң аулайтын. Кейбіреулер Мәруәш шақижан шаһарын да шекара санайды. Өйткені, қыздың әкесі — Тоңа Алып Ер, сол Афрасияптың өзі. Афрасияп Тақмұрастан үш жүз жыл кейін Мару шаһарын салдырған. Кей адам бүкіл Мауреннахрды Түрік елі деп те есептейді. Ол Ианкенттен басталады. Оның тағы бір аты — Дизроин (Мыс шаһары). Беріктігіне байланысты солай аталған. Бұл Бұқараға жақын. Осы жерде Қаздың күйеуі — Сияуыш өлтірілген. Мәжусилер жыл сайын сонда бір күн жиналып, құрбандық шалып, қабіріне қанын шашады. Бұл оларға салт болып кеткен. Бүкіл Мауреннахр мен Ианкенттен шығысқа дейінгі жерлерді Түрік шаһарлары дейтініміз, сондықтан. Самарқанд — Семізкент, Ташкент — Шаш деп аталатыны сияқты Өзкент, Түнкент деген атаулар бар.

Өгә — тегіннен бір саты төмен лауазым. Бұл лауазым мынадай жағдайда шыққан. Зұлқарнайын Шыңға қарай ілгерілеген кезінде, онымен соғысу үшін түрік хақаны тек жастардан құралған бір топ әскер жібереді. Ханның уәзірі: “Сіз Зұлқарнайынға қарсы тұру үшін тек қана жастарды жібердіңіз. Олардың арасында соғыс жағдайын жақсы білетін жасамыс адамдарының біреуінің болғаны дұрыс еді,” — дейді. Сонда хақан жасамыс, тәжірибелі деген мағынаны білдіретін сөзді пайдаланып: “Өгәні му?” — деп сұрайды. Уәзір хақанды қостайды. Сонан соң хақан дәл сондай адамды әскерге қосып жібереді.

Олар сол күні-ақ шабуылға шығып, Зұлқарнайынның алдыңғы саптағы әскерлерін жеңеді. Түркілердің бір әскері Зұлқарнайынның бір әскерін қылышпен шауып, қақ жарып тастайды. Өлген әскер ділдә салынған әмиянын ышқырына байлап алған екен. Сол әмияны да екіге бөлініп, қанға малынған ділдәлар жерге шашылады. Ертесінде түркілер әскері қан-қан ділдәларды көріп: “Бұл не?” — деп танданысқанда, біреу: “Алтын қан”, — деп жауап қайтарған. Сондықтан ол жердегі биік тау да солай атанып кетті. Қиғыр

еліне жақын орналасқан осы таудың айналасында көшпелі түркі тайпалары жасайды. Зұлқарнайын сол түнгі шайқастан кейін түрік хақанымен келісім-шарт жасап, мойындаған.

Түркі хақандарының бірі өзінен бұрын болған бір соғыстың тәсілін үйренбекші болады. Бірақ, сол соғыстың жылын анықтауда мықтап қателеседі. Осы жағдайға байланысты хақан халқымен кеңес өткізіп, былай дейді: “Тарихты анықтауда біз қалай қателессек, келешек ұрпақ-тарымыз да дәл солай қателеседі. Сондықтан біз он екі ай мен аспаннның он екі бұрышына негізделіп, әрбір жылға ат қоялық. Бізден кейінгі жыл есебі сол жылдардың айналыс тәртібімен есептелсін. Сөйтіп, бұл іс кейінгілерге мәңгілік естелік, мұра болып қалсын”.

Бұл ұсынысты халқы қостаған соң хақан аңға шығып, барлық анды Іле өзеніне қарай қууды бұйырады. Бұл өте үлкен өзен еді. Халық тамам анды қуып келгенде, қорыққаннан суға қойып кетеді де, алғашқы он екісі жүзіп өтеді. Солардың аты жылдарға есім болып қойылды. Өзеннен бірінші болып өткен Тышқан — жыл басы болып саналады”.

1. Машын — кейде Шығыс Түркістанды, кейде Оңтүстік Қытайды осылай атайды.
2. Рум — Византия.
3. Зұлқарнайын — Александр Македонский.
4. Парсах — орта есеппен 7-8 шақырым.
5. Мәжуси — көп құдайға, бақсылыққа табынушылар.
6. Афрасияб — Тұран (түркі) патшасы. Ежелгі жыр-аңыздардың, әсіресе Ирандық, кейіпкері.
7. Алтын қан — Алтын емел болуы мүмкін.

*Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі.  
(Диуан лугати ит-түрік). — Алматы, 1993. — 10-29-бб.*

## ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ БАСТАУЫ

“Ордада барлығы: “Бүгін бізге ұлы мемлекеттен елші келді (әңгіме 535 ж. қытай елшілігі жөнінде — Ж.А.), енді біздің қағанат көтеріледі,” — деп бірін-бірі құттықтап, қуанды. Келесі жазда Тумын өз елшісін жергілікті өнімдерді



көрсету үшін аттандырды (Қытайға). Сол кезде Телес елі жужанға соғыс жорығын бастады, ал Тумын болса өз әскерімен көлденең тиісіп, оларды тас-талқан қылып жеңіп, 50 мың шаңырақ болатын аймақты түгел бағындырды. Өзінің күшіне, көптігіне көзі жеткен соң Жужан елінің билеушісі — Анахуаньға: “Құда болайық,” — деп, елші салды. Ол болса қатты ашуланып: “Сен, менің темір балқытушы құлым, қалай батылың барып осындай ұсыныс жасайсың?” — деген асқақ сәлеммен жаушыны қайтарды. Тумын, ол да ашуға тізгін беріп, екі арадағы дәнекер болған адамды өлтірді, ханмен қатынасуды тыйды; Батыс Вэй әулетіне құда болмақ ниет білдірді, олар келісіп, алтыншы айда, жаз күні оған Чан-ле ханшаны ұзатты. Сол жылы Вынь-ди (Қытай ежен ханы) қайтыс болды. Тумын аза салып, көңіл айтуға 200 жылқыны айдатып, елші аттандырды. Фэй-дидің патшалық құрған бірінші жазында, бірінші айда Тумын жужанға әскер жұмсады, Хуайманның солтүстік жағында жужандарды тас-талқан қылып жеңді. Анахуань өзін-өзі өлтірді. Ал оның баласы — Яньлочен Ци ордасының иелігіне қашты. Қаған Анахуаньның әкесінің кіші інісі Дыншуц-зыны қойды, билеуші қылып... Осы оқиғадан кейін Тумын “Ел хан” деген лауазымды алды, ал “хан” дегеніміз көнеде қолданылған “Шаньюй” дегенмен пара-пар, өзінің әйелін “Қатын” атады, ол да “Яньчжы” дегенмен бірдей, бұрынғыдай Ци әулетімен елші ауыстырып тұрды.

Тумын өлген соң, оның баласы — Қола тұрды, ол Исиги-хан атағын алды”.

## ӘДЕТ-ҒҰРЫП, ДӘСТҮРЛЕР

“Түріктің әдет-ғұрыптары: шашын жібереді, сол жақ етектері (шапанның) белбеуге қыстырулы (немесе сол жақ қапталы шапанның үстінде). Кигіз үйлерде, шатырларда өмір сүреді, шөптің шығымына, суға қарай көшіп-қонып жүреді, мал шаруашылығымен, аң аулаумен айналысады, жейтіні — ет, ішетіні — қымыз, теріден, жүннен жасалған киімді киеді. Көне хундар сияқты сыпайылықты не әділдікті білмейді, ар-ұяттары аз. Билеушісін таққа отырғы-

зарда ең жақсы кигізге отырғызып, күннің бағытымен тоғыз рет айналады. Әр айналыста қызметкерлері алдына келіп, тағзым етеді. Сәлем ету аяқталған соң, ерттеулі атқа мінгізіп, тамағын жібек орамалмен буындырады, содан кейін босатып, тез сұрайды: “Қанша жыл хан бола аласың?”—деп. Қару-жарақтан: мүйізден жасалған жақ пен ысқырғыш жебе қолданады, сауыт-сайман, найза-сүңгі, қылыш-қанжар бар. Туларының сабына алтын басты қасқыр орнатылған. Жауынгерлерін “бөрі” (фуле) деп атайды (түріктің қасқырға қатысты генеалогиялық аңызы бар — Ж.А.). Ат үстінде садақпен дөп атады, табиғаты қатал, аяусыз. Жазу-сызуы жоқ. Керек болған жағдайда адам, жылқы санын, алым-салық пен малға байланысты ағашқа керткі жасап санайды. Қағаздың орнындағы бұйрық райын алтын басты садақ жебесі, балауыз белгімен қоса, атқарады. Ай толғанда көбінесе жортуылға, жорыққа шығады. Олардың қылмыс заңдары бойынша: адам өлімі, ханға қарсылық, қарсы жауға өту, бөтеннің әйелінің қойнына бару, тұсаулы тұрған атты ұрлау өлім жазасына кесіледі. Төбелесте болған кемтарлық үшін (жазым) ауырлығына қарай мал-дүниемен күн төлейді. Көзін шығарса, кінәлі жақ қызын береді, қызы жоқ болса, әйелінің жасауын береді; дененің бір жеріне зақым келтірсе, айыпқа ат төлейді; ат немесе басқа бір дүниені ұрлаған адам ұрланған дүниенің құнынан он есе қылып айып төлейді. Өлген адамның мәйітін шатырға сақтайды. Ұлдары, немерелері, екі жақтың туысқандары жылқы мен қой сойып, оны шатырдың алдына жайып тастайды, “кұрбандық” деп өздері атқа мініп шатырды жеті рет айналады, осыдан кейін шатырға кірерде беттерін пышақпен жаралап, дауыс салады, қан мен жас сөйтіп қатар ағады. Осылай жеті рет жасайды да аяқтайды. Кейін белгіленген күні марқұмның мінген атын, тіршілікте қолданған заттарын мәйітпен бірге жағып жібереді, күлін жинап, жылдың келісілген мезгілінде бейітке көмеді”.

1. Әңгіме “Батыс Вэй Ордасы” жылнамасынан алынған. Бұл шежіре түріктер туралы ең бір қызықты мәліметтерді беретіні белгілі. Адам аттары — қытайша транскрипция түрінде алынды, егер әркім өз білгенімен долбарлай беретін болса, деректен ештеңе де қалмас деп ойладық.


## Шартты белгілер:



Күмбездер



Сынтас орнатылған қорғандар



1. Үстірт қорымдары
2. Қойтас қорымдары (Сағыз өзенінде)
3. Өлке бойындағы тас мүсіндер
4. Жем өзенінің бойындағы күмбездер
5. Тайшық маңындағы тас мүсіндер
6. Көкдомбақтағы тас мүсіндер
7. Қара шоқы маңындағы тас мүсіндер
8. Баба ата мен Созақ күмбездері
9. Жәббан ана күмбезі
10. Айша Бибі, Бабажа қатын, Қарахан күмбездері

11. Тау түрген мүсін тастары

12. Таңсық маңындағы тас мүсіндер

Көне түркі дәуірі (VI ғ.-XII ғ.)



2. “Түркі елінікі” дейтін дәстүрдің бәрі өз жалғасын тапқан жоқ, кейінгі ұлыстардан елеулі өзгерістерді кездестіреміз. Көне түріктерде де ортақ, өте берік сақталған әдет-ғұрыптар болды деп ойлаймыз және әр рудың өз ерекшеліктері болуға тиіс. Қытай тарихнамасы түріктер туралы, жалпы көшпелілер жөнінде сөз қылғанда кейде аз, кейде көп астамшылыққа барады. Мәселен, “жужан” сөзі қытайша теріс мағынаға негізделген, негізінде олар да ғұндардың мұрагері. Қытайлар күштіні әлсіз арқылы ұру саясатын оларға қарсы да қолданған.

*Н.Я. Бичурин. (Иакинф). — 227-230-бб.*

## ОҒЫЗ НАМА

“...Оғыз қаған қатты қаһар шақырып, Урум қағанға аттануға ниет қылды. Әскермен бірге аттанып, туларын ұстап (жүріп) кетті. Қырық күннен соң Мұзтау деген таудың табанына келді. Шатырларын түсіріп, шөк болып ұйықтап кетті. Таңертең болғанда Оғыз қағанның шатырына күндей бір жарық кірді. Ол жарықтан көк түсті, көк жалды бір еркек бөрі шықты. Осы бөрі Оғыз қағанға сөз беріп тұрып, былай деді:

*“-Ай, ай, Оғыз!*

*Урум үстіне сен аттанар боларсың!*

*Ай, ай, Оғыз!*

*Қызметіңе мен жүрер болармын!” — деп айтты.*

Бұдан соң Оғыз қаған шатырын түргізіп, (жүріп) кетті. (Бір уақытта) қарады, (қараса) әскердің алдын бастап көк түсті, көк жалды бір еркек бөрі шауып барады екен. Ол бөрінің артынан соңына түсіп, шаба жөнелді. Бірнеше күндерден соң көк түсті, көк жалды бұл еркек бөрі тоқтады. Оғыз-дағы әскерімен тоқтады.

Ол жерде Етіл деген бір теңіз бар екен. Етіл теңіздің төменгі жағында бір Қара тау етегінде ұрыс болды. Оқпен, найзамен, қылышпен ұрысты. Әскердің арасында көп-көп ұрыс болды, ел жұрттың көңіліне көк-көп қайғы толды. Ұстасу, соғыс жаман болғаны сондай — Етіл теңіздің толқыны қып-қызыл, сіп-сіңірдей болды.

Оғыз қаған басты, Урум қаған састы, қашты. Оғыз қаған Урум қағанның қағандығын алды. Ел-жұртын алды. Ордасына есепсіз өлі олжа, есепсіз тірі олжа түсті.

...Оғыз қаған әскерімен Етіл деген теңізге келді. Оғыз қаған оған қарап тұрып айтты: “Етілдің суынан қалай өтерміз?” — деп. Әскерінде бір жақсы бек бар еді. Оның аты — ұлығ Ордабек еді. Үздік, ұғымтал бір ер еді. Қараса — жағада қалың тал, ағаш бар екен. Ол бұл ағаштарды кесті, ағаштарға жайғасып өтті. Оғыз қаған сүйсінді, күліп айтты:

*“Ай, ай, сен осы жерге бек бол!”*

*Қыпшақ деген сен бек бол!” — деп айтты”.*

1. Урум — Византия немесе Шығыс Еуропа елдері мағынасында.
2. Көкжал бөрі — тотем, қасиетті және құдіретке ие. Егер тотем көңілді болса — қолдайды, ренжісе — жазалайды. Әр елдің өз тотемі бар. Түркі-оғыз руларының бас тотемі — қасқыр. Қыпшақтардың тотемі — жылан. Кей руларда — түйе (бура), өгіз, қарға, т.б. болған. Тотемнің атын атамайды (табу).
3. Етіл — Еділ өзені.
4. Қыпшақ — ел аты. Неге қыпшақ атанғаны жөнінде бірнеше гипотеза бар, барлығы да ағашпен, ағашты өлкемен байланыстырады.

*“Оғыз наме”, “Мұхаббат наме”. — Алматы, 1986. — 40-41-бб.*

## **“ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ” — ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ҰЛЫСЫНЫҢ ЫДЫРАУЫ**

“... Бір күні үш оқ пен бұз оқ елі жиналып келіп, Қазан үйінде олжа бөлісті. Екінші жолғы олжа бөлісіне сыртқы оғыздар келмеді. Қазан үйінде олжа бөліскенде, ол әйелінің қолынан ұстап, өзі далаға шығып кетеді екен. Содан соң жұрт үйіне кіріп, олжа бөліскен. Бұл олжа бөлісінен сыртқы оғыз көсемдері — Аруз, Әмен сияқты батырлар хабарсыз қалған еді. Сыртқы оғыз бектері: “Бұл кезге дейін Қазанның үйінде біз ішкі оғыздармен бірлесіп олжа бөлісуші едік, бұл жолғы олжа бөлісуден бізді неге шет қалдырған?” — депті. Содан соң сыртқы оғыздың бектері баталасып, Қазаннан суып, оған бармайтын болыпты, дұшпандық ниет те көрсетеді. Құлбас дейтін адам бар еді, содан Қазан: “Мен мал-

мүлкімді олжаға салғанда, сыртқы оғыздар соны бірлесіп олжалаушы еді, олар бұл жолғы үлеске неге қатыспаған?” — деп сұрады. Құлбас оған “Сен олжа бөлісіне ішкі оғыздарды ғана шақырдың, сондықтан олар бұл олжа үлесіне қатыса алмады”, — депті. “Олар бізге жаулық ниетке көшкен жоқ па екен?” — депті Қазан. Құлбас тұрып: “Хан ием, онда мен барып, жау ма екен, дос па екен — білейін?!” — депті. Қазан “Білсең, біліп кел”, — деп, Құлбасты жұмсады. Құлбас атына мініп, қасына бірнеше жолдас ертіп, Аруздың үйіне барып түсті. Аруз алтын шатыр тіктіріп, балаларының ортасында отыр екен. Амандасып болған соң, Құлбас: “Қазанның басына ауыр күн туды. “Қызметімде болған Аруз келіп кетсін! — дейді. — Еліме жау келіп, түйелерімді бакыртып қуып кетті, жылқыларымды кісінетіп айдап кетті. Қаздай қалқыған қыздарымды олжалады. Басыма осындай күн туды. Тәрбиемде болған еді, Аруз тез жетсін, — деді”, — депті. Сонда Аруз: “Үш оқ, бұз оқ елі Қазан үйінен олжа бөліскенде, біз бірге барушы едік, соңғы олжа бөлісінен біз шет қалдық. Біздің не айыбымыз болды екен? Қазанның басына күн туса, біздің берер көмегіміз жоқ. Қазанға еткен қызметім аз болған жоқ. Ендігі жерде біз Қазанға дос емеспіз, жаумыз!” — депті. Сонда Құлбас арыла сөйледі. Тыңдалық, хан ием, ол не деген екен. “Ақылсыз болма, Аруз. Қазан хан орнынан ерте тұрып, жауға аттанбақ. Алатауға ақ шатырларын тікті. Үш жүз алпыс алты батыр жиналды. Ас үстінде олар сенің атыңды жоқтады. Бізге тиген жау жоқ. Сені дос па екен, қас па екен, сынағалы айтып ем, Қазанға жау екенінді білдім, бетіңнен жарылқасын, қош бол!” — деп, Құлбас атына мінді...”

1. Деректе оғыз елінің дағдарыс кезеңі суреттелген (XI ғ.). Оғыз-қыпшақ жаугершілігі осы оқиғадан басталады.
2. Қазан (Қазан-Самар) — оғыз тайпасының ханы (көсемі).
3. “Олжа бөлісу” — бұл институтты қазақтар “шүлен тарату” деп те атайды, этнографиялық әдебиетте “потлач”.

## • КҮЛТЕГІН БАТЫР ТУРАЛЫ

“...Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаралғанда екі арасында кісі оғылы жаралған екен. Кісі оғлының



үстінен (билік жүргізуге) менің арғы бабаларым Бумын қаған, Естеми қаған (таққа) отырған екен. (Таққа) отырып, түрік халқының мемлекетін ұстап, үкім-билігін жүргізуге берген екен, (оны) көркейте берген екен.

(Ол кезде) төрт жағы бірдей жау екен. Әскер жүргізіп төрт бұрыштағы халықтарды түгел алған екен, бұғалықтаған екен. Бастыны жүгіндірген екен, тізеліні шөгерген екен. Ілгері (күн шығыста) Қадырхан жышқа дейін, кері (күн батыста) Темір қапығқа дейін (халқын қондырған екен). (Қадырхан жыш пен Темір қапығтың) екі арасында бас иесіз, руы тоз-тоз болған Көк Түрік елі мекен тапқан екен.

(Бұл екі қаған) дана қаған екен, алып қаған екен. Бұйрықшылары дана екен, алып екен. Бектері де, халқы да сондайлық азбаған екен, түзу жолда екен. Сол үшін де жұртты көп уақыт құраған екен-дағы. Елді ұстап, жарғы-жарлығын жасаған екен. Өздері сөйтіп (барып) қайтыс болған екен. (Бұл екі қағанның асына сауын айтқан жерлерден) жоқтаушы, сақтаушы болып ілгері күн шығыстағы Бөккі шөлді ел, табғаш, тибит, апар, пурум, қырқыз, үч құрықан, отыз татар, қытаң, татабы — осынша халық келіп, жылаған екен, жоқтаған екен. Олар сондай күлік қаған екен”.

1. Көк Тәңірі, Қара жер — түркі елдерінің табынатын қасиетті күштері. Деректе Ыдық жер-су деп те жазылған, бертінгі көшпелі түркі-мұңғыл ұлыстары көбінесе Бай ана деп сиынады. Монотеизмнің белгісі — түркілердің Бір Тәңірі деп құлшылдық жасауы болса керек.
2. Бумын, Естеми — түрік қағанатының негізін салушылар (VI ғ.).
3. Қадырхан жыш (қойнау) — Мұңғылияның шығыс өлкесі, Темір қапығ — Дербент шаһары (солтүстік Ауғанда).
4. Бекли шөл — түріктің бір ұлысы болса керек, мүмкін печенег рулары, табғаш — қытайлар, тибет — тибеттіктер, апар — аварлар, қалғандары түрік, угор тілдес көне рулардың атаулары.
5. Күлік — атақты, даңқты. “Күлтегін” ескерткішінің үлкен жазуы 732-ші жылы жазылған. Ол — Елтеріс қағанның кенже ұлы. Қапаған қаған өлген соң, Күлтегін оның ұрпақтарын жеңіп, билікті ағасы Білге (Могилян) қағанға алып берді.

*Ғ.Айдаров. Орхон ескерткіштерінің тексі. — Алматы, 1990. — 56-57-бб.*

## БІЛГЕ ТОНЫКӨК СӨЗІ

“...Түрік жұрты Табғашқа қарайтын еді. Түрік жұрты ханымен болмастан, Табғаштан кетті, ара жігін ашты. Ханды (өз ханы бар жұрт) болды. Ханын қойып, Табғашқа тағы бағынды, кіріптар болды. Тәңірі сонда айтқан екен: “Хан бердім, ханыңды мойындамай (Табғашқа) бағындың!”. Бағынғаны үшін Тәңірі өлтірген екен (түрік елін).

...Ақылшы серігі, атақты серігі мен болдым. Шұғай ғүз бен Қарақұмды жерлеп отырар едік. Киік жеп, қоян жеп отырар едік. Халықтың тамағы жоқ еді. (Бірақ) жауымыз төңірегімізде айналып ұшқан жыртқыш құс сияқты еді (де), біз жемтік сияқты едік. Осылайша отырып, тіршілік жасадық.

...Ол сөзді естіп, түнде ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді. Содан соң, қағанымнан өтіндім, былай деп өтіндім: “Табғаш, Оғыз, Қытаң — бұл үшеуі қабысар. (Ортада) қалатын — біз, өзі іші-сыртын қорғалайтын — біз. Тозған жұқа топтауға оңай, тозған жіңішке үзуге оңай.

*Жұқа қалың болса,  
Жіктейтұғын алыпты.  
Жіңішке жуан болса,  
Үзетұғын алыпты.*

Шығыстағы Қытаңға, түстіктегі Табғашқа, батыстағы Құрданға, терістіктегі Оғызға екі-үш мың әскеріміз бар, неміз бар?! Осылайша өтіндім. Қағаным, мен өзім, білге Тоныкөк, өтінген өтінішімді есіте берді. “Көңіліңше жүргіз!”— деді. Осылайша Көк өңді өрлеп, түкен жышына қарай жүргіздім (әскерді). Сиыр-көлікпен Тоғлада Оғыздар келді, әскері алты мың екен. Біз екі мың едік.

Соғыстық. Тәңірі жарылқады. Қайтар жолда қаншама-сын өлтірдік. Осыдан соң Оғыздар көтеріле антқа келді. Келтіргендей-ақ келтірдім-ау! ...Елтеріс қаған ақылды жолдасы үшін, алып болғаны үшін — Табғашпен он жеті соғысты, Қытаңмен жеті соғысты, Оғызбен бес соғысты. Сондағы ақылшысы, қолбасшысы мен едім. Елтеріс қағанға, Түрік Бөке қағанға, Білге қағанға, Капаған қағанға мен түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қаным төгілді, қара терім жүгірді.

Ісімді, күшімді бердім-ау”.

1. Тоныкөк ескерткіші — VIII ғ. кең далада орнатылған төрт қырлы екі бағана тасқа әбден жақсы қашалып жазылған жазу. Тоныкөк Құтлығ (Елтеріс) қағанның ең сенімді көмекшісі болды. Жазуда оның өзі қатысқан жорықтар суреттелген.
2. Табғаш — қытай елінің атауы.
3. Қытаң — қидан елі, мәнжүр тектес ел.
4. Оғыз — түрік халықтарының бір тармағы.
5. Өтүкен жошы — Алтай тауларының бір аңғары, түркілердің ата мекені.

## РУМ (ҰРЫМ) ЕЛШІЛІГІ

“Юстиннің патшалық құрған дәуірінің 4-ші жылы Константинопольге түрік елшілігі келді. Оған себеп — қазір түрік қарамағындағы, бұрын эфталит ұлысына бағынған соғды көпестері қағаннан Парсы еліне жібекті кедергісіз сатуға келісім жасау үшін елшілік аттандыруды өтінген. Дизабул осы өтінішке орай Маниах бастаған елшілікті аттандырған. Парсы патшасы бұл өтінішті аяқсыз қалдыра берген. Соғдылықтар қоймағаннан кейін, Қысырау шаһ кеңес өткізді.

Эфталит Катулф жібекті өткізіп жібергеннен гөрі, түгел сатып алып, елшілердің көзінше отқа жағуды ұсынды: “түрік жібегін пайдаланғаннан гөрі оны жаққан дұрыс”. Сонымен, жібек отқа жанды, ал елшілер ренжіп қайтты.

Осы жағдайдан кейін, соғдының көсемі Маниах Дизабулға “түріктерге румдықтармен сауда жасаған пайдалырақ”, — деп, жібекті сол жаққа өткізуді ұсынды, өзі де елшіліктің құрамында бармақ болды.

Император тілмаш арқылы скиф тілінде жазылған хатпен танысып, түрік жұрты мен патшалығы жөнінде сұрады. Олар өздерінің төрт иеліктері түгел Дизабулға бағынатындықтарын айтты. Эфталиттерді бағындырып, олардан алым жинайтынын айтты. “Эфталиттердің бүкіл иеліктері сізге бағынды ма?” — деп сұрады император, “Иә”, — деген жауаптан кейін: “Эфталиттер қаланың халқы ма?” — деп сұрады. — “Қалалықтар”. “Ендеше, олардың бүкіл қаласын алдыңдар ғой?” — деген сұраққа: “Иә”, — деп жауап берді елші.

Бұрын “сақ” атанып жүрген түріктер Юстинге елшілік жібергендіктен, ол да елші аттандыруды дұрыс көрді. Ол



Земарх Киликиялыққа, шығыс қалаларының губернаторына, саяхатқа дайындалуға бұйрық берді. Керекті дайындықтан соң, августың басында Маниах елшілігіне еріп, жолға шықты. Көп күндер жол жүріп, Земарх, оның адамдары Соғдианаға келді, оның алдынан әдейілеп түріктің қарсы алушылары шықты. Олар темір сатып алуды ұсынды. Олар темір кендеріне бай екенін көрсетпек болғаны шығар. Бақсылар екі оттың ортасынан өткізіп, Ақтағ деген тауда отырған қаған ордасына алып барды (алтын тау). Осы таудың қойнауында Дизабул өмір сүреді. Қаған шатыры екі доңғалақты күймеде орналасқан, керек болса, оны бір ат тартады.

Шатырдың іші жібек кілемдермен жайнап тұр. Елшілерге шарап берді, бірақ ол жүзімнен емес, себебі жүзім ол жерде өспейді, үйренбеген, көшпелілердікі (өз ішімдігі қымыз — Ж.А.). Кейін Дизабул оларға екі шатырды көрсетті, алтын мен күміске толы сыйлықтар берді. Земархқа қырғыз елінен түскен тұтқын қызды берді. Земарх Дизабулдың парсыға жасаған жорығына қатысты, Талас қаласында парсы елшілерін көрді, кейін еліне қайтуға рұқсат алды. Онымен Дизабул жаңа елші жіберді, себебі Маниах өлген. Жаңа елшінің аты — Тағма, атағы — тархан. Румдықтар Өкістен өтіп, көп күндерден, ұзақ жолдан кейін жалпақ көлге келді (Арал теңізі). Земарх 12 күн бойы құмдарды жүріп өтіп, Жем, Жайық өзендерінен, көлдерден өтіп, Еділге жетті. Ол Константинопольге 12 түрікті ертіп келді”.

1. Юстин патшалық құрған дәуірдің 4-ші жылы — 568-ші жыл.
2. Эфталиттер — ақ ғұндар (Түріктерге дейін Орта Азияны билеп тұрған ғұн тайпаларының бір тармағы).
3. Соғды — Орта Азияның отырықшы өлкесі, соғды халқын “сарттар” дейді.
4. Рум — Византия.
5. Өкіс — Сырдария.
6. Тархан — хан деңгейіне жақын жоғары лауазым.
7. Скиф тілі — түрік тілін атап отыр.

*Менандр Протектор. Прошлое Казахстана  
в источниках и материалах. Сб. I.  
/под.ред. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. —  
Алматы-Москва, 1935. — 13-14-бб.*

## ТҮРІК ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

“...Түрік елінің бабасы ғұн жұртынан солтүстікке қарай орналасқан “Со” деген иеліктен. Оның қасқыр анадан туған тұқымының бірі — Есеней-нишы-ду адам сенбес керемет қасиеттердің иесі еді. Оның екі әйелі болды: бірі — көк Аспан рухының қызы, екіншісі — қаһарлы Қыстың рухының қызы. Бірінші әйелінен төрт ұл туды, оның бірі аққуға айналып кетті, Кико аталатын біреуі — Апоу мен Кем өзендерінің арасындағы мемлекеттің негізін салды; үшіншісі — Чу-си өзенінің жағалауында патшалық құрды. Төртіншісі, ең үлкені, Надулуше атты, Басы-чу-си-ши атты тауда мекен етті.

Сол тауларда, жоғарыда аталып өткен, ортақ бабадан тараған бір қауым ел бар еді, осы Орда шық түсер уақыттағы шықпен бірге түскен ызғардан тоңып, қатты зардап шекті. Надулуше оларға от жағуды үйретті, бойын жылытып, қарынын тойғызды, сөйтіп, олардың бәрінің өмірін сақтап қалды. Аталған орда ырза болғандығы сондай, оған бағынып, орталарына бек сайлап, өздері түрік атана бастады. Надулушенің тұқымы VI ғ. бірінші жартысында Қытай мемлекетімен араласа бастады”.

1. “Со” — Алтайдың солтүстік қанаты болса керек немесе қытайдың — “ся” ұғымына сәйкес сақ еліне қолданылған атауларының бірі.
2. Би — өзенінің бойында әлі күнге дейін “құманды” аталатын түрік рулары мекен етеді. Өздерін “ку кісі” деп атайды. Бұл елдің негізгі руы — құманды, сонымен қатар, со, тастар, отты, шапраш, тон аталатын рулары бар. Көк түркілердің тотемдік сенімдеріне байланысты қалыптасса керек.
3. “Кико” — бұл атаумен көне қырғыздар қытай деректерінде кездеседі. Қытай тілінде “р” — дыбысы түсіп қалады. “Апау” — Абақан өзені, ал “Кем” — түркіше Енесайдың аты.
4. “Чу-си” — Шүй өзені, Қатынның бір саласы. Осы күні бұл өлкеде телеуттер мен қазақтар қоныстанған. Таулы Алтай өлкесінде, Қошағаш ауданы. Басы “чу” — деген өзеннің жоғарғы ағысы дегенді білдірсе керек.

5. Соныменен, 558-ші ж. дейін қытай жылнамасына енген бұл аңызда түріктің төрт тармағы жөнінде аңыз деректері жинақталған. Құман (ды), Қырғыз, Чукісі, Телеуіт (Телес) және Түркі (Көк). Соңғылары VI ғ. ортасында өте ірі империя құрды. Бұл аңыз Солтүстік Вэй династиясының шежіресінен (386-558-ші жж.) алынды.

*Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе  
тюркских племен и народностей и сведения  
об их численности. — СПб., 1897. — 7-б.*



### “ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕ” ЗАМАНЫ (Алтын Орда)

XIII ғ. басында ерекше геополитикалық жағдай қалыптасты. Түркі руларының бірнеше ғасырға созылған үстемдік дәуірі аяқталды, енді олар бытырап, отырықшы қоныстарға икемделген әлсіз қауымдарға айналды. Олардың жігер-күші әлсіреп, қайраты мұқалды. Осынау шақта Ішкі Азиядан Шыңғыс қаған бастаған мұңғылдар туын желбіретіп, тарих кеңістігіне ат ойнатып шықты. 1205-ші жылға дейін Шыңғыс (Темучин) маңайындағы ірілі-ұсақты түркі-мұңғыл тілді тайпалардың бәріне бас игізді, мақсатына жету үшін көшпелі рулардың ұйымшыл одағын құрды. Оларды отырықшы елдерге қарсы ұлы соғысқа дайындады. Шыңғыс құрған мемлекеттің құрамына әр түрлі тайпалар кіргенімен (мұңғыл-түркі), өзара даму деңгейі бір еді, тілі ортақ болатын, мәдени тұғыры мен әлеуметтік құрылымы Түркі Қағанаттарының мұрасын толық қабылдаған. Шыңғыс мемлекетінің кеңсесін, ханзадалардың тәрбиесін ұйғыр ұстаздары жүргізгені де сол себептен. Ұйғырлар түркі көшпелілерінің ішіндегі елеулісі еді. 1206-шы жылы құрылтай Темучинді — Шыңғыс деп жариялады. Шамасы — Шыңғұз — бейне сөзінен шыққан болар. Шежіренің айтуына қарағанда, осы жиынға үйсін Майқы би, қоңырат Сәңкеле би сияқты ел ағалары да қатысқан, он екі ұлыстың басшысы қатарында ақ кигіздің бір пұшпағын көтерген. Сол заманда Хорезм мемлекетінің қарамағында болған Сыр бойындағы қалаларды жаулап алуды Шыңғыс хан 1218-ші жылы бастады. Бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде Әму мен Сыр арасындағы отырықшылар қонысын түгел бағындырып, мұңғыл әскері Солтүстік Индия мен Иран жеріне аяқ басты. Ал Жебе мен Сүбедей бастаған 30 мыңдық әскер Кавказды

талқандап, Еділ бойында қыпшақ, алан, славян елдерін мойынұсындырып, 1223-жылы Жетісуға қайта оралды. Таяу Шығысты тұтас жаулап алу 1260-шы жылы қағанның немересі Хулағудың тұсында аяқталды. Ал енді Батыс Еуропаны жаулап алуды Бату жалғастырып, 1242-ші жылы “жеті жылдық” жорықтың негізінде өзіне қаратты. Қытайды бағындыру 1207-ші жылы басталып, 1259-шы жылы Құбылай ханның заманында толық іске асты. Яғни, Шыңғыстың бастаған шаруасын оның ұлдары мен немерелері аса табандылықпен жалғастырып, жарты ғасырға жетпейтін уақытта әлемнің негізгі бөлігін бір Ордаға топтастырды.


Шыңғыс қаған өзінің көзі тірісінде қол астындағы иелікті төрт ұлына бөліп берген. Үлкен ұлы Жошыға — қыпшақ даласын, Шағатайға — Жетісу мен Түркістан өңірін, Үгедейге — Шығыс Түркістаннан шығысқа қарайғы жерлерді, ал Төлеге — мұңғыл қонысын еншіге берген еді.

Жошының көзі тірісінде оның ордасы Ұлытауда болды (1227-ж.), ал ол өлгеннен кейін, Шыңғыс немерелерін шақырып алып, он төрт ұлдың ішінде билікті Батуға берген еді. 1236-шы жылы осы Бату империяның әскери күштерін бастап, кеңесшілікке Сүбедей баһадүрді ертіп, батысқа аттанды. Ал енді Батыс жорығынан қайтқан соң, ордасын Еділ бойына тікті. Осының нәтижесінде мұңғыл империясының батыс бөлігі “Алтын Орда” атала бастады. Оның ішкі әкімшілік бөліктері есебінде еншілес інісі Сыбанға (Шибан) берген үлесі — “Көк Орда” — Батыс Қазақстан жері мен Еділ жұрты, Батудың өз ағасы Орда Еженге берген үлесі — “Ақ Орда” — қазақ жерінің көпшілігі. Бұл өлкені мекендеген елді “ноғайлы” деп атау сол Алтын Орда заманында қалыптасты. Шығыс деректері бұрынғы дәстүрмен бұл өлкені “Дешти Қыпшақ” деп атады.

Әуел баста Шағатай ұлысы деп аталған оңтүстік-шығыс өлке XIV ғ. ортасынан бастап екі иелікке бөлінді: Моғолстан және Мауреннахр. Біріншісін — дулат, чорос сияқты көшпелілер мекендеді, ал екіншісінде — барлас, қоңырат, арғын рулары билік жүргізді. Жалпы, Шыңғыс заманынан бері Жетісу көшпелі тайпалардың қонысы болып, отырықшылық нышандарын азайтты, қалалардың көпшілігі құлазып, бос қалды. Әсіресе, Шағатай тұқымынан сайланған Кебек ханның тұсында (1318-1326 жж.), оның біржолата Түркіс-

# Шартты белгілер:

- Сарай, Бату - қалалар
- △ Қол өнер орталықтар
- ⌒ Керуен жолдары
- ⌒ Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға және Моғолстанға жорықтары



Алтын орда мемлекеті (XIII ғ. - XV ғ.)



танға көшуіне байланысты, Мауреннахр отырықшылық үлгісін, ал Моғолстан көшпелілік үлгісін ұстанып қалды. Дегенмен, ғылыми әдебиеттегі көп айтылатын қалалардың қиратылуы, колөнердің құлдырауы шындыққа жанаса бермейді. Алтын Орда дәуірінде империяда 300-дей қала бой көтергені белгілі, олардың көпшілігі далалық аймаққа да танымал еді. Әсіресе, көш-керуен жолдары бойында сәулетті қоныстар көп салынды. Алтын Орда заманы сауда-айырбас қатынастарының кең өрістеген кезі. Мұңғыл империясының бір шеті мен екінші шетіне көпестер, елшілер, дін уағыздаушылар емін-еркін саяхаттап жүрді. Соның бір белгісі — көптеген араб саяхатшыларының, Еуропа елшілерінің жазып қалдырған күнделік еңбектері. Алтын Ордадан бұрын да, одан кейін де бұл құбылыс кездеспейді.

XIV-XV ғ. Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент сияқты Ақ Орда қалаларында бірқатар құрылыстар салынды. Бұл дәуірдегі ең сәулетті ескерткіш — Ахмет Яссауи кесенесі де қала салу мәдениетінің озық жемісі. Жалпы, Орта Азиялық қала мәдениетін, колөнерді екі түрлі ортаның, бір жағы — отырықшылық, екінші жағы — көшпелілік ұштасқан кезеңнің жемісі деп бағалаған дұрыс. Сонымен қатар, Түркістан өңірінің қалалары Алтын Орда дәуірінде Батыс пен Шығысты байланыстырып отырған делдалдық қызметінен айырылған жоқ. Сонымен бірге, ұлы даланы мекендеген рулардың негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Шығыс Дешті қыпшақ рулары Сыр бойында, Қаратау маңында қыстайтын, ал батыстағы көп рулардың қысқы қонысы Еділ бойы, солтүстік-шығыс Каспий жағалауы маңында болды. Кейбір рулар Жайық пен Жем бойында жаз жайлап, қыс қыстауға теңіз маңына көшті.

Алтын Орда мен Шағатай ұлыстарының мемлекеттік тіршілігі Шыңғыс ханның “Жаза-Жасак” заңдары жинағының аясында жүрді. Алғашқы бетте бүкіл жаулап алған кеңістікті Қара қорымнан басқарған болса, кейін келе жергілікті ұлыс басшылары өз биліктерін нығайтты. Осыған байланысты жаулап алған өлкелердің дәстүрлі салт-жобасы қайта жаңғырып, қоғамдық дамуда бөлектене бастады. Мұңғыл ұлыстарында хандардан кейінгі билік қара сүйектен шыққан ру басшыларында еді, оларға өз бұйрығын орнықтыру, берік әлеуметтік негіз жасау үшін “тархан”,

“қараша бек” лауазымдары берілді. Шыңғыс әулеті өзінің әлеуметтік артықшыларының арқасында өз билігін қанша күшейтемін десе де, көшпелі рулар өз көсемдерінің ыңғайына қарады.

Оның бір айқын айғағы — XIV ғ. соңына қарай өрістеген Едіге мен Тоқтамыс арасындағы шиеленіс. Қыпшақ даласындағы осындай келеңсіз жағдай Ақсақ Темірдің көтерілуіне жол ашты.

Алтын Орда, Шағатай дәуірі — Қазақстан мәдениетінің жарқын беттерін құрайды. Оның бөліктері — қалалық мәдениет, мемлекет құру мәдениеті, далалық эпос, жыраулар поэзиясы. Бұл дәуірді жеке-жеке ұлыс тарихы деп қарағаннан, тұтас мәдени феномен туғызған орта деп ұққанымыз жөн. Бұл дәуірдің аса өркендеген тұстары көшпелілер мен отырықшылардың өркениет нышандарын біріктіріп, сәнді симбиоз туғызғаны айқын. Этномәдени тұтастық көшпелі түркі-мұңғыл жұртында анық әлеуметтік құрылым идеяларын туғызды және өзінен кейінгі пайда болған мемлекеттерге негіз қызметін атқарды.

## ЖАЗА-ЖАСАҚ

“ I. Шыңғыс бұдан әрі айтады: Менің өсиетімді тыңдауға жылдың басы мен аяғында келген түмен, мың, жүз басы бектері еліне қайтарда әскерін басқаруға рұқсат, ал енді өз жұрттарында отырып, біздің алдымызға келмегендер — үлкен суға түскен тас, қалың қамысқа түсіп жоғалып кеткен оқ сияқты. Ондай адамдар бастық бола алмайды.

II. Әркім өзінің от басын дұрыс бастаса, өз иелігін де анық жолмен жетелейді; 10 адамды жақсылап басқарған, орналастырған әркімге 1000 немесе түменді сеніп тапсыруға болады.

III. Әркім өзінің ішін таза ұстаса, өз иелігінен ұрыны тия алады.

IV. Өз ондығының қамын ойламаған әрбір бекті әйелі мен балаларымен кінәлі деп санап, оның орнына сол ондықтан басқа адамды сайлаймыз. Түмен, мың, жүз басылармен да солай жасаймыз.

V. Әркім өзінен жоғарыға барғанда, оның сұрағын тосуы керек, сонда сұраққа сәйкес жауап берсін. Бірінші сөйлесе, оны естісе жақсы, әйтпесе суық темірді суарған сияқты.

VI. Аға бектер, әрбір жауынгер аңшылық кезіндегідей соғыста да ұран шақырып, белгілерін тақсын, аты мен атағын марапаттасын.

VII. Ел ішінде үндемес, ұғымды бұзаудай бол, ал соғыс кезінде айғаймен өз жауына ұмтылатын аш құрсақ сұңқардай бол.

VIII. Әр істе байыпты және шешімді бол.

IX. Шөлге шыдамсыз, ашқарақ адамға әскер басқаруға болмайды; жолға есеппен шығатын, әскерін аштық пен шөлден, төрт аяқтысын арықтаудан сақтайтын басшы дұрыс.

X. Әскер бектері ұлдарды садакпен атуға, атқа мінуге үйретіп, осы өнермен жаттықтырып, оларды ержүрек, батыр қылып тәрбиелеуі керек.

XI. Егерде біздің рудан біреу “Жазаны” бір рет бұзса, оған ақыл айту керек, егер тағы қайталаса, ұрысқан жөн, үшінші рет бұзса, Балджиун — Құлжыр сияқты алыс жерге жіберу керек: ол жерден түзеліп келеді. Егер жөнделмесе, кісен салып, отырғыз. Оған жөнделсе жақсы, ал жөнделмесе — ру болып ақылдасып шешкен жөн.

XII. Түмен, мың, жүз басылар әр жолы өзінің әскерін дайын, тәртіпті ұстауы керек, себебі, қай уақытта болмасын күн демей, түн демей атқа қонып, бұйрық пен жарлықты орындауға тура келеді”.

1. Жаза, ясса, жасақ — Шыңғыс хан (қаған) уақытында қолданылған заңдарды деректер осылай деп атайды. Оның негізгі ережелері хан тарапынан ауызша айтылып, біртіндеп қағазға түскен.

*Я.И. Гурлянд. Степное законодательство  
с древнейших времен по XVII столетие. —  
Казань, 1904. — 67-68-бб.*

## АҒАЗЫ ДАСТАНЫ “ШЫҢҒЫСХАН” (БАСЫ)

“Сосын Шыңғыс хан уәләйаттарды бағындырғанда, бір тарабы — Бағдад, бір тарабы — Үндістан, үшінші тарабы — Дешті Қыпшақ және Еділ дария, ол бұл уәләйаттарды төрт-



бес ұлына мұра қылды. Ирак уәләйатын Құлағу ханға берді, Үгедей ханға өз уәләйатын қойды, Төле ханды өз қасына ертті, Шағатай ханға Бұқара, Самарқанд және Кисар уәләйаттарын берді. Жошы хан ұлдарынан үлкен еді. Ол (Шыңғыс хан) үлкен әскер қосып Дешті Қыпшаққа жіберді, “Аттарыңа жайылым — жем болсын”, — деп, Хорезм уәләйатын да берді. Сонымен, Жошы хан Қыпшақ уәләйатына аттанды, аты мәшһүр Ұлытауға жетті. Бір күн тау арасына аң аулағалы шығып еді. Бір бөлек марал-киіктер жолықты. Оны қуалап, атып (жүргенде) аттан жығылып, мойыны сынып қайтыс болды”.

## ЕЖЕН ХАН, САЙЫН ХАН

“Ежен хан мен Сайын хан мәшһүр тұрар. Тұралы ханның қызынан туған еді. Және он жеті ұлы өзге әйелдерінен болып еді. Бұл Ежен мен Сайын хандықты бір-біріне мұрағат қылды. Сайын хан кіші еді, ағасы Еженге айтты: “Атам орнына ағам сен, яғни әке орынында әкесің, жат жұртқа бар тұрармыз. Хан бол!” — деді. Ежен айтты: “Менің сенен жасым үлкен екені рас. Бірақ атамыз сені ерекше жақсы көріп, ерке өсіріп еді. Осы уақытқа шейін сенің еркелігіңді, бұйрығыңды, сөзіңді түгел көтердім, ал бәлки хан болсам — бұрынғыдай сенің айтқаныңнан шыға алмаймын. Тақа арамызда ұрыс-керіс болар. Сен-ақ хан бол. Сенің хандығыңа мен шыдармын, бірақ менің хандығыма сен шыдамассың”, — деді. “Ол деген не сөз? Жолы үлкен (Жасақты) ағам тұрғанда қалай хан бола-мын”, — деп, (Сайын) көп жалынды. Қабыл қылмаған соң, айтты: “Болмаса, бір іс қылалық. Ұлы бабамыз Шыңғыс хан қасына баралық. Мен өз сөзімді арыз қылайын, сіз өз сөзіңізді арыз қылыңыз. Қайсысына бабамыздан жарлық болса, содан дегені болады”, — деп еді, бұл сөзді мақұл көріп, қабыл қылды. Бір анадан туған екі ұл, өзге аналардан туған он жеті — баршасы қосылып Ұлы ханға көрініске барды. Бұлар ханның қызметіне жеткенде, хан бұларға орда тікті.

Алтын босағалы ақ орданы Сайын ханға салды, күміс босағалы көк орданы Еженге салды, болат босағалы боз орданы Шәйбанға салды. Бәсе, үш жерде Шәйбан оғлан-

дары Тоқтамыш хан, Темір Құтлық және Орыс хан оғландарынан кеуде көтеріп, мақтаныш қылар еді: “Біз сіздерден артық тұрамыз”, — деп. Оның бірі — орда туралы. Айтар еді: “Атамыз Жошы хан өлгенде, ұлы бабамыз Шыңғыс ханның қасына аталарымыз барған еді, Ежен мен Сайыннан соң біздің атамыз Шәйбан ханға орда салды. Сіздің аталарыңызға телеген (жабық арба) де салмады”, — дер еді.

Тағы екіншіден: Өзбек хан қаһар қылып, өзінің барша оғандарына оларды елдерімен бірге Қыйат Исатайға үлеске қосып қылып берсе, ол таға да бізге ізет және құрмет көрсетіп: “Қылыш шапқан, жұрт алған Ер-Шәйбан ұлдары, бұлар”, — деп екі бөлек елді бізге берді: бірі қарлық, бірі бүйрек аталар. Ол екі елді алып Сайын хан анықтаған жұртымызда өз хәлімізше тұрдық.

“Біз ол Жыр Құтлының кесенесіне тас кірпіш қойғанда және таңы Теңіз Бұқаның есігінде қор болып, тізе бүккендердің ішінде біз жоқ болатын едік”, — деп айтар.

Солай болған, Бердібек ханның кезінде Сайын хан ұлдары құрыды (тәмәм болды) деп, Жәнібек ханның анасы Тай Дуалы бегім: “Енді жұрт пен хандық Шәйбан хан ұлдарына тиер”, — деп, Маңғытайұлы Хызыр ханды шақырып, Сарай Уәләйатына хан қылды. Сайын ұлдарынан соң ол хан тағында хандық бізге тигендер — төрелер. Бұл бір сөз тақырыптың ыңғайында айтылды. Енді келдік сөздің басына:

Сонымен, Шыңғыс хан оғандарына орда салып, ақшамда сүйсін-қоналқыға есеп жасады, таңында көрініс берді. Он екі қатар түзілді, бектері барлығы отырды тізе бүгіп, ас тамақ ішілгеннен соң, Сайын хан қайтып жүгінді, тағы айтты: “Атамыз өлді, енді орнына әмәндө атам сен, жат жұртқа бара тұрармыз”, — деп, “хан болыңыз”, — дедім. Қабыл алмады. Не себеппен қабыл алмағанын білмеймін. “Бұл арызымызды сізге айтайын деп келдім”, — деді. Хан айтты: “Сайын жосықты сөз айтып тұр. Не үшін қабыл қылмадың?” — деді (Еженге). Ежен де жүгініп айтты: “Дұрыс ханым! Жасы үлкен екенім рас. Бірақ біздің атамыз оны ерекше сүйіп, ерке өсіріп еді. Бұл уақытқа дейін мен оның айтқанынан шықпаған едім. Ол менің айтқанымда емес еді. Хан болсам, бұрынғыдай оның айтқанынан шыға алмаймын, арамызда кінә, әдепсіздік болар. Сіздің көзіңізге

алман көрнермін”, – деп, бұл ұсынысын қабыл алма-дым”, – деп ең, ханның бұл сөздерге көңіл бұзылып, ұлы Жошы жалтыра түсіп, көздерінен жасы ағып, екеуіне тағы көп дұа-бата қылды. Тағы айтты: “Таңда бектермен кенесіп, сіздерге жауабын беремін”, – деді. Таңында бектерімен кенесіп, хан жасағына сая Еділ дариясы бойындағы уәләһаттарды оң қол қылып, Саиын ханға берді, сол қол – Сырдария бойындағы уәләһаттарды Ежен ханға берді.”

1. Саиын хан – Бату хан
2. Қынат Исатай – Озбек хан тұсындағы ірі қараша бек. Озбек оған қарсылық жасаған төрелерді соның қарамағына жіберіп отырған
3. Ақ Орда, Көк Орда атаулары Шыңғыс ханның Жошыдан туған немерелеріне арнап тіптің үйлердің түсімен шығуы әбден мүмкін
4. “Шыңғыс нама” – XVI ғ. ортасында Сыр бойында түрік (ша-ғатай) тілінде жазылған шығарма

*Утемиш Хаджи. Чингис наме. – Алматы, 1992. – 91-93-бб.*

## ИМПЕРАТОР МЕН ОНЫҢ КНЯЗЬДАРЫНЫҢ БІЛІГІ

“Оның үстіне, княздар мен басқа атақты және атақсыз адамдар олардан (елшілерден) көп сыйлық сұрайды, оны алмаса, елшілерді төмен бағалайды, ешкімге де санамай қояды. Ал егер елшілер ұлы адамдар тарапынан келсе, олардан қарапайым сыйлықты алмайды, “Сіз ұлы адамнан келдіңіз, ал сондай аз бересіз”, – дейді. Сол себепті, егер елшілер өз шаруаларын жақсы бітіргісі келсе, көбірек беруді керек. Сондықтан бізге де қажет болғанда, қайы-рымды адамдардың жолға деп берген заттарының үлкен бөлігін сыйлыққа таратуға тура келеді. Тағы бір ескертетін нәрсе, барлығы императордың қол астында тұрғаны сондай, ешкімге де “бұл менікі немесе сенікі” деп айтуда батылы бармайды, барлығы да императордікі, яғни дүние-мүлік, қолқ және адамдар; осыған байланысты жақында императордың жарлығы шықты.



Көсемдердің билігі де осындай, татарлар мен басқалар көсемдердің арасында бөлінген. Көсемдердің елшілеріне, императорлардікіндей, барлығы да көлік пен тамақты беріп, ешқандай қарсылықсыз жылқыны күзететін, елшіге қызмет істейтін адамдарды бөлуі керек.

Көсемдер және басқалар императорға бірнеше жылға, қанша десе де, сүтін саууға биелерін беруі керек, көсемнің бодандары да өз бастықтарына осындай сый көрсетеді, сонымен, бұл елде еркін өмір сүретін адам жоқ. Қысқаша айтсақ, император мен көсемдер олардың дүние-мүлкінен не алам десе де, қанша алам десе де құқы бар. Сол сияқты, олардың жеке бастарына да қалай ыңғайлы болса, солай иелік етеді. Жоғарыда айтылғандай, император өлген соң, көсемдер жиналып императорлыққа ханның ұлы — Үгедейді сайлады. Ол бектердің (князьдар) жиналысын жасап, немере туысы Батуға әскер бөліп берді. Оны Ұлы Сұлтанның жеріне, Бессермендердің жеріне қарсы жіберді, олар сарацин (мұсылман) болғанымен, тілі Құманша еді. Ол сол жерге келіп соғысып, өзіне бағындырды. Ал Бархим деген бір қала көп қарсылық көрсеткенді, қаланы айнала ор қазып, үстін жауып қойды; қалаға шабуыл жасағандар сол орға құлады. Сол себепті орды толтырғанға дейін қаланы ала алған жоқ. Ал Ианкинт деген қаланың халқы бұл хабарды естіген соң, өз еріктерімен оларға берілді, сол себептен қала қиратылмай аман қалды. Бірақ олар көп адамды өлтірді, жер аударды, қалаға басқа адамдарды әкелді. Олар Орнас деп аталатын қалаға да шабуыл жасады. Бұл адамы көп қала еді — хазар, рус, аландар және басқалар, көп христиан, оған қосымша сарациндер болды. Қаланың билігі сарациндер қолында еді. Қалада байлық мол еді, себебі ол Ианкинт қаласы орналасқан Бессермен еліне қарай ағып, теңізге құятын өзеннің бойында орналасқан. Басқа сарациндердың онда үлкен базары бар, су арқылы жүретін саудаға ыңғайлы қала еді. Қаланы ала алмаған соң өзенді ортасынан қазып, сонымен қаланың адамы, мал, дүние-мүлкін тұншықтырып бағындырды.

Осыны жасаған соң олар Түріктердің жеріне енді, олардың өзі нағыз мәжусилер, оларды жеңіп, Руске шықты да, Рус жерінде ұлы Қырғын жасады, қалаларын бекіністерін қиратты, Киевті қоршады, адамдарын өлтірді, Ресейдің

астанасы болған. Біз олардың жерімен өткенде өлген адамдардың шашылып жатқан көп сүйектерін көрдік, қаланың өзі үлкен, адамы мол еді, қазір бар болғаны екі жүз үй, олардың өзі ауыр құлдықта. Рус пен Құманнан шығып татар көсемдері венгр мен поляктармен айқасты...”

1. 1235-ші ж. құрылтайдың шешімімен империя жерінде хабар, қызметкерлер қозғалысын қамтитын қызмет пайда болды. Пошта станцияларын “ям” — “жәм” деп атайды. Әрбірінде дайын ат, тамаққа мал тұруы керек.
2. Ұлы Сұлтан — Хорезмдік Мұхамет Текеш болса керек.
3. Бессермен — Еділ қыпшақтары болса керек.
4. Құман — ол да қыпшақ атауының бірі (Еуропалықтар қолданған).
5. Бархим — Баршынкент қаласы, Сырдың бойында.
6. Ианкент — Янгикент, Жанкент — Сырдың төменгі ағысындағы ірі қала.
7. Орнас — Үргеніш (Хорезм елінің астанасы).
8. Хазар — Еділ бойында (VII ғ. қағанат құрған түркі руы, діні — иудей).
9. Алан — осетиндердің бабалары. Иран тілдес көшпелі ру. Шығу тегі сарматтармен тығыз қатысты.
10. Сарацин — Еуропалықтар Батыс Азиялықтарды, мұсылмандарды осылай деп атайды. Тексте — хорезмдік елдер туралы айтылса керек.
11. Түрік — бұл жерде Еділ бойындағы торк (түрік) руы туралы айтылды деп жорамалдауға болады.
12. Киев қаласын мұңғылдар 1240-шы ж. бағындырды. Әскерді бастаған — Бату.
13. Татар — Алтын Орданың негізгі халқын, түрік-қыпшақтарды, Еуропада осылай атаған.
14. Шығарма 1245-1247-ші жж. саяхаттың нәтижесінде жазылған.

*Джиовани дель Плано Карпини. История монголов.  
Путешествия в восточные страны. —  
Алматы, 1993. — 40-42-бб.*

## ТАТАРЛАРДЫҢ ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ

“Олардың еш жерде тұрақты қоныстары жоқ, болашақта қайдан табатынын және білмейді. Олар Дунайдан бастап, күннің шығысына дейінгі алқапқа жайылған Ски-

фияны өзара бөліп алған. Әр бек өзінің қол астындағы елдің санына орай өз жайылымдарының шекарасын, сонымен қатар, өз малдарын қыста, жазда, көктем мен күзде қайда бағарын біледі. Қыста олар оңтүстікке, жылылау жаққа түсіп, жазда солтүстікке, салқын жаққа көтеріледі. Суы жоқ, бірақ жайылымы жақсы жерлерде табындарын қыста бағады, себебі қар судың орнында қолданылады. Өздерінің ұйықтайтын үйлері талдан тоқылған, дөңгелекті арбаның үстіне қояды; жоғары қарай талдар шаңырақ болып, одан әрі пештің түрбасындай көтеріліп тұрады; оны ақ кигізбен жауып, көбінесе ақ балшықпен, ақ топырақпен және сүйектің ұнтағымен жарқыратып сылайды, кейде қара балшықты да пайдаланады. Жоғарғы мойындағы осы кигізді өте әдемі оюмен, суретпен көркемдейді. Кіре беріске әр түрлі матамен әдіптелген кигізді іледі. Түрлі-түсті кигіздерден құрап жүзім сабағын, құстар мен аңдарды бейнелейді.

Олар осындай үйді кең жасайтыны сондай, кейде ені 30 футқа жетеді. Бірде күйменің екі дөңгелегінің арасын өлшеп едім — 20 фут болды, ал үстіндегі үй екі жағынан 5 футтан шығып тұрды. Осындай күймені 22 өгіз тартатынын санадым, екі қатар жегілген (11х11). Күйменің кіндігі (осі) корабльдің мачтасындай, айдаушы үйдің алдында, күйменің үстінде тұрды.

Оның үстіне талдан тоқып, үлкен сандық сияқты төрт бұрышты үйшік жасайды талдан, бұл жәшіктің үстін қара кигізбен жабады, жауын өтпейді, кіре берісі бар, бұл жәшікті де әр түрлі материалдармен көркемдейді. Мұндай сандықтарға олар ыдыс-аяғы мен қазынасын салып, үлкен күймеге мықтылап тіркейді. Үйді түсірген жерлерінде есігін оңтүстікке қаратады, күймелер мен сандықтарды екі қатар қояды, екі ірге сияқты. Әйелдер өз күймелерін өте әдемілейді, оны тілмен жеткізу мүмкін емес, егер суретші болсам, суретін салар едім. Бір бай Мұңғыл немесе Татар осындай күйме мен сандықтардың 100, 200-іне ие болады; Батудың 26 әйелі бар, олардың әрқайсысында кіші үйлерін айтпағанда, орданың артында тұратын бір-бір үлкен үйден бар; кіші үйлер бөлме сияқты, жастар тұратын, әр үлкен үйге 200-дей күйме жақын орналасады. Токтаған уақыттарында бәйбіше өз ауласын батыстан сайлайды, одан кейін тәртіп



бойынша шығысқа қарай орналасады, арасы тас лақтырым. Соныменен, бай мұңғылдың ауылы үлкен қаладан кем емес, тек онда еркектер аз. Әлсіз деген әйел 20-30 күймені бір-біріне тіркестіріп басқара береді. Өткелден бір-бірлеп өткізеді. Жүріс ақырындығы сондай, қозы немесе өгіз аяңына ұқсас. Жерлері тегіс”.

## ҚҰДАЙЛАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРІ ТУРАЛЫ

“Есігін оңтүстікке қаратып, үйлерін орнатқанда — үй иесінің төсегі — солтүстік жағында, ал әйелдің орыны — шығыс жағында, яғни үй иесінен солға қарай, егер өз төсегінде, жүзін күнгейге бұрып отырса. Ерлер жағы батыс, яғни оң жақ. Еркек үйге кіргенде, ешқандай жағдайда қорамсағын әйел жағына ілуіне болмайды. Отбасының бас жағында кигізден жасалған қуыршақ немесе мүсін тұрады, оны от басының ағасы дейді; осыған ұқсас мүсін бәйбішенің бас жағында да тұрады, оны бәйбішенің ағасы дейді; бұл кейіптер іргеке бекітілген, ал олардан жоғары, арасында кішкене, жұқа мүсін тұрады, ол, былайша айтқанда — үй күзетшісі. Бәйбішенің оң жақ бүйірінде, төсектің аяғында, жоғары ішіне жүн тығылған ешкі тұлыбы ілулі, оның жанында әйелдер мен күндерге қараған кіші мүсін бар. Кіре берісте, әйелдер жағында сиыр желіні суретпен бейнеленген, сиыр сауатын әйелдер үшін. Кіре берісте қарсы жақта, еркек жағында бие желінінің мүсіні тұр, еркектер үшін, бие сауатын. Қай уақытта қымыз ішуге жиналса да, алдымен отағасының бас жағында тұрған, одан кейін бәйбішенің басындағы, одан кейін тәртіп бойынша басқа мүсіндерге шашып барып қана отырады. Осыдан кейін, қызметкер қымыз құйылған кесемен далаға шығып, тізесін бүгіп, оңтүстікке үш рет шашады — отқа тағзым еткені, шығысқа бетін бұрып қайталайды, ауаға құрметінің белгісі, осыдан кейін батысқа қарайды, құрметін көрсету үшін, ал солтүстікке аруақтарға шашады. Отағасы қолына тостаған алғанда, ішпес бұрын бір бөлігін жерге шашады, егер аттың үстінде отырып ішсе, ішер алдында мойынына не жалына тамызады. Соныменен, қызметкері әлемнің төрт бұрышына тамызық қылып,

күрмет көрсеткен соң, үйге қайтып келеді, ал екі қызметкер тостағанмен, сол шамада, тағаммен дайын тұрады, қымызды өз орындарында отырған бай мен бәйбішесіне ұсыну үшін”.

## ІШІМДІКТЕРІ ТУРАЛЫ

“Қысты күні күріштен, тарыдан, сұлыдан және балдан таза, шарап сияқты тамаша ішімдік жасайды, ал шарапты алыс елдерден жеткізеді. Жазды күні олардың қам қылатыны тек қана қымыз. Қымыз қашанда үйге кіре берісте тұрады, оның жанында кішкене музыка аспабы (гитара, негізінде домбыра болуға тиіс) бар өнерпаз тұрады. Мен ол жерде гитара мен виелла көргем жоқ, бірақ бізде жоқ көп аспапты көрдім. Үй иесі іше бастағанда, қызметкердің бірі қатты дауыспен “аға” деп айғайлап, ал өнерпаз болса, домбыраны бір тартып жібереді, үлкен мереке болса, бәрі алақандарын ұрып, музыка дауысымен билейді, еркектері байдың, әйелдері бәйбішенің алдында”.

1. Фут — 304,8 мм.

*Гильом де Рубрук. Путешествие в восточные страны. — Алматы, 1993. — 79-82-бб.*

## ҰЛЫ ЖИҢАНГЕРДІҢ КҮНДЕЛІГІНЕН (XIII ғасыр)

“Шыңғыс ханнан кейін Күйік хан биледі, үшінші хан — Бату хан, төртінші хан — Алтын хан, бесінші — Моңке хан, алтыншы — Құбылай хан — ең үлкен, ең күштісі бөрінен; осы бесеуінің басы қосылса күші Құбылайға жетпейді; оны айтасыз, христиан, мұсылман патшаларының бәрін түгел алсақ, Құбылайға қарсы күші жоқ, оның жасағанын жасай алмайды. Осының бәрін, біздің кітапта, толық баяндаймын.

Шыңғыс ханның тұқымынан шыққан барлық ұлы патшаларды үлкен тау Алтайда жерлейді, татардың патшасы



қай жерде өлмесін, тіпті таудан жүз күндік жерде болса да, жерлеуге алып келеді. Ең бір таңғажайыбы — ұлы хандардың денесін тауға әкеле жатқанда қырық күншілік жерден кездескеннің бәрін “о дүниеде біздің патшамызға қызмет ет” деп мүрдені әкеле жатқандар қылышпен өлтіреді. Өлген адам о дүниеге барғанда, олардың патшаларына қызмет істейтініне шын сенеді. Аттармен де соны істейді. Билеуші өлгенде “о дүниеде қол астында болсын” деп, оның ең жақсы аттарын өлтіреді. Біліп қойыңыздар, Мөңке хан өлгенде мүрде жолында кездескен 20 мың адам өлтірілді. Татарлардан бастадым, тағы да бір әңгіме айтайын.

Қыста татарлар жылы, малға жайылымдық шөбі бар далада, ал жазда суы мен тоғайы бар қойнауларда өмір сүреді. Үйлері ағаштан жасалған, арқанмен тартылған, дөңгелек, өздерімен бірге алып жүреді, көшіп-қонуға жеңіл, шыбықтармен жақсы бекітілген, үйді орналастырғанда, есігі оңтүстікке қарайды. Күймелері қара кигізбен жабылған, күні бойы жауын жауса да су өтпейтіндей жақсы, оған түйе мен өгіздерді жегеді, бала-шағасы соның ішінде. Әйелдері, мен сізге айтайын, еркегіне керектің бәрін өздері сатып алады, сатады да, үй шаруасына берік. Күйеулері еш нәрсеге алаң болмай, соғысып немесе сұңқарларымен аң мен құсқа саятшылыққа шығып жүреді.

Ет жеп, сүт ішіп, аңнан олжасын ас қылады; суырды жейді, олар барлық жерде, жазықта көп. Жылқы етін азық қылып, бие сүтін ішеді. Әр түрлі етті жей береді. Өзгенің әйелімен ойнап-күлмейді, жат қылық санайды. Әйелдеріне сенімді, үй шаруашылығымен жақсы айналысады. Үйленгендері былай: әркім қанша әйел аламын десе, тіпті жүз болса да, ерікті, тек оларды асырай алсаң болды...

Ал діндері мынадай: олардың құдайлары бар, “Найзағай” деп атайды, “Жер бетінің құдайы” деп атайды, ол ұлдарын, малдарын, азықтарын сақтайды. Қатты құрметпен, оған көп сиынады, ол әркімнің үйінде. Кигіз бен матадан жасап және үйлерінде ұстайды, оған әйелі мен баласын жасап қояды. Әйелін жанына, ұлдарын алдына қояды, оларға да сиынады. Ас ішерде бір кесек маймен құдайдың, оның әйелі мен ұлының ауыздарына жағып, ал сорпасын табалдырықтан әрі төгеді, соны істегеннен кейін құдай өз жақындарымен ас ішті деп, өздері тамақтана бастайды.



Олар, біліп қойыңыз, бие сүтін ішеді, ақ шараптың өзіндей, өте дәмді, қымыз аталады.

Киімдері мынадай: байлары алтын оқалы, жібектен киінеді, құс қауырсынымен әдемілейді, түлкі, құндыз, жаннат терілерін пайдаланады. Ат әбзәлі және қымбат. Қару-жарағы садақ, қылыш, шокпар, әсіресе садақты көп қолданады, себебі айлалы атқыштар; аркаларын өгіз немесе басқа теріден жасалған, өте қатты сауыт қорғап құрады. Соғыста өте ержүрек, майталман.

Өзгелерден гөрі кезбе, себебі татар шаруасы болса, тұтас бір айға еш азықсыз кетіп қалады; қолына түскен аң мен бие сүтін қорек қылады, аты табылған шөпті жей береді, не шалам, не арпа алып жүрудің қажеті жоқ. Билеушісінің айтқанынан шықпайды, керек болса, түні бойы бесқаруымен ат үстінде өткізеді, аты қашандағыдай жайыла береді. Қиындық пен жоқтыққа басқа халықтардан гөрі шыдамды, шығыны аз, басқа жұрттар мен патшалықтарды бағындыруға өте бейімді ел.

Мынадай тәртіптері бар: татар патшасы жорыққа аттанып бара жатып, өзімен жүз мың атты әскерді ертеді де, оларды былай орналастырады: он адамға бір басшы, жүз адамға біреуін, мың адамға да солай, ал кейде — жүз мыңға да, өзі он-ақ адамды біледі, түмен басы он адаммен байланысады, мың адамның үстінен қойылған ол да он адаммен, жүз үстіндегі ол да ондықпен. Сіз естігендегідей, әркім өз бастығына ғана жауап береді... Жүз мың, білсеңіз, туғ, он мың — түмен, мың, жүз, ондық аталады.

Әскер бір іспен тау немесе жазықпен жортқанда екі күн бұрын жан-жағына, төрт қабырғасына, екі жүзден барлаушы адам жұмсайды, біреулер кездейсоқ шабуылдамасын дегендіктен. Алыс жолға шыққанда соғысқа, екі сүйретпе сүт алады ішуге, ет пісіретін қыш бақырды алып жүреді. Оған қосымша жаңбыр жауса деп, қос алып жүреді. Қажет күн туса, он күн бойы ассыз, от жақпай шабады, аттарының тамырын тесіп, ол кезде қанын ішеді. Олардың қамыр сияқты, қою созылмалы құрғақ сүттері де бар, суға салып, әбден езілгенге дейін араластырады, содан кейін ішеді.

*Книга Марко Поло. —  
Алма-Ата, 1990. — 80-82-бб.*

## ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ НАЙМАН ЕЛІМЕН СОҒЫСЫ

“Найман Тиан оң күт бегі Алақұш тегіне кісі салып “Шыңғыс хан өзінің тілін алмағандарды өлтірді, жамандарын өзіне бағындырды. Керейіт жұртымыздың бір үлкен елі еді, оның ханын да, жақсыларын да қырды, жамандарын өзіне тәуелді етті, басқа да ұсақ елдер қорыққаннан барып, өздері бағынып жатыр. Бұрынғы жақсылар: “Он дәруіш бір алашаның үстіне сияр, екі патша жер жүзіне сыймас”, — деуші еді. “Ендігі кезек не сенікі, не менікі. Ол үстімізге аттанбас бұрын екеуміз бірігіп, Шыңғыспен соғысалық”, — деді. Алақұш тегін бұл сөзді естіген соң, бір жақсы кісісін жұмсап, Тиан ханнан естігенін Шыңғыс ханға жеткізді. Шыңғыс хан бұл сөзді естіген соң, бектерін жинап ақылдасты. Бектердің бәрі: “Қазір атымыз болдырған және арық, атымыз оңалған соң найман үстіне жүрейік”, — деді. Шыңғыс ханның әкесінің інісі Дәрітай ечеке айтты: “Аттарыңыздың шаршағанын дәлел етпеңіздер, бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпес, сіздердің аттарыңыз арық болса, менің елімнің аттары семіз, менің аттарымды мініңіздер”, — деді. Хижраның 600-ші, яғни тышқан жылы аттанып, Тиан хан үстіне жүрді. Шоша ноянды шолғыншы етіп жіберген еді, ол бір тіл алып, Шыңғысқа жіберді. Оның хабары бойынша, Тиан хан Алтай суының жағасында отыр, найман әскерінен басқа меркіт, ойрат және жойрат әскерлері бір жерге жиналып, Шыңғыс хан үстіне жүрмек екен. Тиан хан да Шыңғыстың аттанғанын естіп, екеуі қарсы ұшырасты. Шыңғыс хан соғысуға әскерін дайындап, оң қолына інісі Жошы Қасарды, сол қолына үлкен ұлы Жошы ханды қойып, өзі орталық әскерді басқарды. Ертеден күн батқанша, қатты соғыс болды. Тиан хан ауыр жаралы болып, найман әскері қашты. Тиан ханды таудың басына алып шығып, одан ақыл сұрап еді, ол жауап бере алмады. Ханнан үміт үзген соң, найман бектері өзара ақылдасып: “Төремізден, елімізден айрылып, жат қолға түскенше, өлгеніміз артық”, — деп таудан түсіп, тағы соғысты. Найман қолы аз қалғанда Шыңғыс хан: “Сіздердің ерлігіңіз сыйлауға тұрады, мен кек алмаймын, қандарыңызды кештім. Найза-қаруларыңызды тастап, маған келіңіздер!”



— деп, бес-алты рет айғайлады. Қабыл қылмай, бірі қалғанша соғысты, бәрі де өлді. Мұны көріп, Тиан ханның қасындағы кісілер ханды атқа өңгеріп қашты, жол бойында хан жан тапсырды. Тиан ханның ұлы Күшлік соғыстан аман шығып, әкесінің үлкен ағасы — Бұйрық хан қасына барды.

Шыңғыс хан кейін Ертіс бойында отырған Бұйрық ханның елін шауып, өзін өлтірді, Күшлік құтылып кетіп, Түркістанға қара қытай гөрханына барды. Мұңғылдар оны ол жерден де қуды. Ақыры Бадахшанға кетті, колбасшы Шоша ноян найман билеушісін ол жерде іздеп тауып, өлтірді”.

*Әбілғазы. — 59-62-бб.*

## ШЫҢҒЫС ТУРАЛЫ ЕСКІ СӨЗ

“Біздің қазақтың ескі сөзінше: бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс атанғаны, баяғыда Шыңғыс хан мұңғол, татарды алып, үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында, қол астындағы елдердің топ басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенінің күншығыс жағындағы Хан биігінің басына, ақ кигізге салып, хан көтеріп, Шыңғысты алып шыққан. Сонда Ұлы жүздің қазағынан үйсін Майқы би барған екен. “Түтел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би”, — деп, мақал болған осы кісі. Және Орта жүзден Қоңырат Сәңкеле би барған. Сонда Шыңғыс хан бектеріне ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Ұлы жүз Майқы биге: “Таңбаң — сүргі, яғни малатемір болсын, құсың — бүркіт болсын, ағашың — қара ағаш болсын, ұраның — Салауат болсын!” — депті. Орта жүз Сәңкеле биге: “Ұраның — Қоңырат, құсың — сұңқар, ағашың — алма, таңбаң — ай болсын!” — депті.

Шыңғыс ханның шын аты — Темучин еді. Сол үлкен хан болғанда Шыңғыс қойды: мағынасы — бек мықты, зор деген сөз. Бұл таудың аты Шыңғыс атанғаны сол. Ана биіктің Хан биігі атанып, осы біз қыстап отырған өзеннің Хан өзені атанғаны — бәрі де сол Шыңғыс хан атыменен. Әбілғазы хан сөзінше, бұл таудың бұрынғы аты — Найман кере болса керек”.

1. Мұңғылдың өз шежірелері Шыңғыс хан Орхон-Керулен маңында хан көтерілгенін айтады.



2. Найман кере — Әбілғазы “Найман кіре” дейді, егер парсы сөзі болса — “куһ” делінер еді. Бұл оқиға Әбілғазы бойынша хижраның 599-шы жылы болған, яғни жаңа жыл санауымен 1202-ші — доңыз жылы делінеді. “Шыңғыс” деп ат қойған Көкше деген бақсы, “тәңірінің беті — тіп тіңірі” деп атайды екен.

*Шәкәрім... 46-47 бб.*

## **“ӘЛҚИССА, ТОҚТАМЫШ ОҒЛАН ҚАЗАҚЫЛАП ЖҮРІП, ОРЫС ХАННЫҢ ЕЛІНЕН ЖЫЛҚЫ ҚУЫП, ЕЛІН ШАБАР ЕДІ”**

“Шырын, барын, арғұн, қыпшақ — Тоқтамыш оғланның ата-аналарының байырғы елдері еді. Бұл оғлан мәзкүр қазақылап жүріп, тарихи істер қыла бастады. Бұл елдердің дәу білекті жігіттері барып, оған нүкер болып, медет бере бастады. Орыс хан енді бұл елдерге бірсыпыра жапа қыла бастады. Бұлар енді Тоқтамыш оғланға кісі жіберіп: “Сенің себебіңнен хан бізге азап қылып, малымызды алып тұр. Басымызға және төнген қатер бар. Бір тірлік қылып біздің пікірімізді қолдамасаң, қиямет күні сенің жағанда біздің қолымыз тұрар”, — деді. Оғлан бұл сөзді естіп, көңілі сарсаң болып, келген кісіге айтты: “Бұл жылы жайлауға шығармыз, елдің соңын ала көшсін. Пәлен судың бойында жайлаңыз, тағы жарағыңызды қылып тұрыңыз. Енші алла, өлмесем, өзім де жетіп көремін сіздерге”, — деді. Жаз да болды. Хан жайлауға көшті. Бұл ел де басқа елдің соңында көшті. Жайлауға да жетті, әрбір судың бойына кетті. Бұл елдер болжам қылған судың бойына келіп жайлады. Халайықтар қымыз ішіп, ойын-қызыққа батты.

Бұл кезде Тоқтамыш оғлан бұл елдің ішіне кіріп келді (жасырын). Алдын-ала келіскендей, барлығы жарақтарын дайын қылып еді. Әр отбасы бір тіләгәнға (күйме) екі ат жегіп, ұлы-қызын мінгізіп, Еділ дариясының тарапына қашты.

Екі күннен соң ханға хабар келді. Тоқтамыш оғлан келіп, шырын, барын, арғұн, қыпшақ, тағы әр елден алып, Еділ дарияға ауысты деп. Хан қасындағы кісілермен жақын

тараптарға кісі шаптырып, өзі бұл елдердің соңынан қуғын салды. Ханның елдері жайлауға тарқап еді. Аты семірген, майлы еді. Хан қатты жылжыды. Жырақтағы елдерінің шерігі ханға жете алмады, жақындағы елдерінің және аттары семіздігінен (жүре алмай) қалды. Бұларға жақын жеткен кезде ханның жанында кісі аз қалды, екі жүз кісі, көп болса үш жүз кісі болған еді. Күн батып бара жатқанда, қашқан елдің қарауылы ханның шаңын көріп келді. Бұлар кеңес қылды: бұлардың аттарының мойыны қатып келіп тұр. Аз-көп демес, қашан жетсе, бізге тисер. Біз бәрібір өлім кісісі. От басының үстінде өлерміз, не тұқымымыз құрымасын, атқа минуте жарар ұлдар мен Жәлел-ад-Дін сұлтанды, тағы Жақсы қожаны сайлап шығарып, екі жол білер кісі оларды дайын қылсын. Үн естілер шақ жерде әскердің жанында алып жүрсін. Егер жауды біз бассaq, сүренімізді біліп, біздің артымыздан келгей. Егер жау бізді басса, сүренінен мәлім болып тұрар, тұрмай, қаша көрсін”, — деп ынтымақ қылды.

Жәлел-ад-Дінді басшы қылып, Жақсы Қожаны, ол — Үрік Темірдің үлкен ұлы еді, және бірнеше атқа берік оғландарды сайлап шығарды. Жәлел-ад-Дін сол кезде он екі жасында еді. Жақсы Қожа ол да сол қатарлы еді. Олар бұл кеште әскердің жанында, үн естілер жерде бара жатыр еді. Түннің бір бөсі өткенде, хан бұлардың соңынан қуып жетті. Көштерін алдына салып, соңынан жасанып барады екен. Хан айтты: “Бұл кісілер бізден көп болып тұр. Нақақ таң атып, біздің аздығымызды көрсе, жаман болар. Түнде шауып, ұран салып тиелік, азды-көптігімізді білмес, қашар” — деді. Тағы сүрен салып тиді. Бір толғасып шықты. Үрік Темірдің аты жығылды, жаяу қалды. Айғай салды: “Әй, нәмәрт (мәрттігі жоқ) Тоқтамыш! Сөзіміз анадағы осы ма еді? Қайтып толғанса, мен қалдым!” — дер еді.

Осы кезде оғландар ат басын тартып, бір жерде тұрып күлақ салар еді. Жақсы қожа атасының үнін таныды дағы Жәлел-ад-Дін сұлтанға айтты: “Көрдің бе? Ол менің атам дүр, оны түсірді (ұстады). Одан кейін сенің атанды түсірер. Аталарымыздан айырылып, біз, жас оғландар, не күн көрерміз? Біздің бірге өлгеніміз жақсырақ емес пе?” — деп еді. Алла тағаланың көмегімен Жәлел-ад-Дін, тағы басқа оғландар қолға тап келіп, әрбіреуі шері-мәрт жігіттей, сүрен салып, біржолата ат салды. Ханның кісілері қорқып, тізгінін



тартты. Тоқтамыш оғлан қайта айналып келіп тиді, Үрік Темірді атқа көтеріп алып кетті. Хан кісілерінің аттарының мойыны қатып келіп еді, көп кісіні сонда-ақ алдырды. “Бәлі, соңында қолы бар”, — деп, көп қуа алмады. Түскен кісіні сол жерде оқлап қылды оқпен (өлтірді).

Ат жарағын алып, елінің соңынан жүрді. Ханның қолға түспеген кісілері аулақ шығып жығылды, қараса — еш жерде хан жоқ. Бұлардың бірі айтты: “Мен хан қасында едім, ханды екі кісі келіп тұтқанын көрдім. Онан соң, не болғанын білмедім. Қайтып ұрыс жеріне келді.

Ханның өлігін тапты. Сол жерден ханның мәйітін алып, қайта елдеріне қашты. Олар (Тоқтамыш) соңымыздан хан жетер деп, ол басқа жаққа қашты. Орыс ханның өлгенінің оқиғасы осы еді.

Өзбектер айтады: “Жәлел-ад-Дін хан оғлан кезінде бір бөлек оғландарды бастап, атасы мен Орыс хан соғысып тұрғанда көлденеңнен ат салып, Орыс ханды жеңіп өлтірді”, — дейтіндер. Жағдайы осы болды”.

1. Өтеміш қажының бұл шығармасы XVI ғ. ортасында қағазға түскен. Тарихи аңыздарға құрылған, қызықты, деректі шығарма.
2. Қазақылық — осы мағынасында өте ерте заманнан бері қолданыста бар, “еркін жүрген ел” деген ұғым.
3. Өзбек — Ақ Орданың халқы. Кейін бірде өзбек, бірде қазақ, бірде ноғай болып қолданылып келді.

*Утемиш хаджи. Чингис наме... — 142-143-66.*

## “ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ӨСИЕТІ”

“254. Бұдан соң Чингис хаган сартаул (Орта Азиялық Хорезм елі) еліне жіберген Ухуна бастаған жүз елшісі өлтірілгенін естігенде: “Алтын арқанымызды сартаулдарға қидырып, қол қусырып отырамыз ба? Ухуна бастаған жүз жігітіміздің кегін қайтарып, сартаулдармен соғысып, егеске қысас істеп, сартаулдармен шайқасайық”, — деп, дереу аттанғанда, Есүй ханым Чингис хаганға:



*«Хаган,  
Ұлы асудан асарда,  
Ұлы өзеннен өтерде,  
Ұзақ жолға шығарда,  
Елін қайтып билеуді,  
Етер өсиет, алдымен.  
Туған дене солатын,  
Тоңған гүл де оңатын.  
Барша әлем кезегін,  
Батыл ойла алдымен.  
Асқар таудай денеңіз,  
Апат болса көнеміз.  
Қалың елің — Мұңғолды,  
Кім билер деп сенеміз?*

*Пана тұтар денеңіз,  
Пани кетсе көнеміз.  
Қасиетті туыңды,  
Кім ұстар, деп сенеміз?  
Аузыңыздан сұрайық,  
Айтпай, қайтіп тұрайық,  
Туылған төрт ұлыңның,  
Таққа кімі лайық?  
Хан ұлың мен бауырың,  
Қарапайым халыққа,  
Қалың тобыр-қатынға,  
Қалай әмір етерін,  
Хаган сізден сұрайық? —*

дегенде, Чингис хаган: “Қатын болса да, Есүй тым орынды айтты. Бауырларым мен ұлдарым, Боорчи мен Мухулай, сендердің бір де біріңнің есіңе бұл сөз түспеді. Мен де, ата-бабамның артынан бармайтындай, бұл жайды ұмытып кетіппім. Мені өлім соқпай өтердей, шынында да, ойламаппын. Ал, ұлымның үлкені — Зүчи еді. Көне, не айтасың? Сен айт!” — дейді. Зүчи сөйлеуден бұрын сөзге Цагадай араласады: “Зүчиге сөз сөйле!” — деп, оны неге нұсқағалы отырсың? Біз Мэргидтің қоқсығына бағынбақпыз ба?” (Бөртені мэргид алып кеткенде, жүкті болғандықтан, солай деп отыр) дегенде, Зүчи қарғып тұрып, Цагадайдың алқымынан ала түсіп, бүй деседі: “Мені хаган әкем сырт көрмегенде, сен неге мені шеттетіп отырсың? Сен менен қандай білгір мықтылығыңмен артықсың? Сен тек долы — шарқаялығыңмен ғана артық шығарсың? Сенімен атысып мерт болсам, бармағымды кесіп берейін, күресіп жығылсам, жығылған жерімнен тұрмайын! Хаган әкемнің жарлығы білсін”, — дейді.

255. Сөйткенде, Чингис хаган: “Зүчиді шеттетуге бола ма? Ұлдарымның үлкені Зүчи емес пе? Бұдан соң, өйтпеңдер”, — дегенде, Цагадай жымып:

*Ауызбенен өлтірсе,  
Айтуға сірә болмас-ты.  
Жел сөзбенен өлтірсе,  
Жерлеуге сірә болмас-ты.*

*Қашып кеткен сұмдарды,  
Қыршынынан қияйық,  
Безіп кеткен қуларды,  
Бет қаратпай қырайық.*

*Балаңыздың үлкені,  
Біз екеуіміз оңдалып,  
Богды Әкейге тыныс боп,  
Болайық серік сомдалып.  
Қарқара тымақ кигізіп,  
— дейді.*

*Кешірімді еді Өгэдэй,  
Хаган таққа ылайық.  
Қадірмен Әке жанынан,  
Қалдырмай оны тұрайық  
Қадыл болуын сұрайық,*

Сөйтіп, Чингис хаган: “Зүчи не айтар екен, айтсын?”— дегенде Зүчи: “Цагадайдың айтуы бойынша, Цагадай екеуіміз бірігіп жәрдемдесейік. Өгэдэйді ұлық тұтайық”,— дейді. Сонда Чингис хаган: “Бірігу деген не? Жер-ана кең, өзен-көл көп қой. Бөгде елдерді бодам етіп, жеке-жеке болындар. Өз-өзіңнің елдерінді кеңейте беріндер. Ал, Зүчи мен Цагадай екеуің айтқандарыңа жетіп, елге күлкі, дұшпанға таба болмай, ынтымақтасып жүріндер. Бұрын Алтын мен Хучар осылайша серттессе де, айтқан сөзінде тұрмай қайтадан қақтығысып, ақыр аяғында неге душар болғанын білесіндер ғой? Енді Алтын мен Хучар екеуінің елін сендерге бөліп беремін. Сол құсамай, уәдеге болындар”.

“Ал, Өгэдэй, сен не айтасың? Айт!” — дейді. Сөйткенде, Өгэдэй: “Хаган Әкем рұқсат етіп, сөйле дегенде, не айтарымды білмей тұрмын. “Істей алмаймын” деп қайтіп айтамын. Істеуге тырысайын. Тек ұрпақтарым, немере-шөбере-лерім, шөпке орап берсе, сиыр жейтін болып туып, бұланды көздеп, тышқанға тигізетін болып жүрмегей. Мен бұдан басқа не демекпін”, — дейді. Сөйткенде, Толуй: “Мен Хаган Әкем атаған ағайдың жанында болып, ұмытса — есіне салып, ұйықтаса — оятып, ұран салса — үн қосып, атқа мінсе — қамшысы, алысқа жүрсе — серігі, соғысқа — сойылы болайын”, — дейді”.

1. Чингис хаган — Шыңғыс хан.
  2. Қысас — кек қайтару.
  3. Боорчи — Бауыршы, Шыңғыстың атақты қолбасшысы, өз қолында тәрбиеленген.
  4. Мухулай — Мұқалай, ірі қолбасшы. Қытайды бағындырушы, табы Жалайыр.
  5. Зучи — Жошы
  6. Цагадай — Шағатай
  7. Өгедей — Үгедей
  8. Толуй — Төле
- } Шыңғыс ханның ұлдары

9. Алтын мен Хучар — Шыңғыс ханның інілері, өзіне серік болған.

*Мұңғолдың құпия шежіресі. — Баянөлгий, 1979. — 132-135-бб.*

## ӨЗБЕК, ҚАЗАҚ, НОҒАЙЛЫНЫҢ АЙРЫЛУЫ

*Тоқсан баулы айтайын тор өзбекті,  
Заманында мал біткен зор өзбекті.  
Пайғамбардың батасы тиген дейді,  
Соның үшін байыған сол өзбекті.  
Өзбексіз ел бар ма тамам елде,  
Өзбектің өскені осы бір белде.  
“Тоқсан баулы” өзбек айрылыпты,  
Таңбалының моласы деген жерде.*

1. “Тоқсан баулы”— өзбек ұлысына енген рулардың жалпы саны. Кей деректерде “тоқсан екі баулы” деп аталады. XV ғ. Әбілқайыр бастаған көшпелі өзбек мемлекеті Орал мен Ертіс арасын тұтас алып жатты. XVI ғ. басында оның құрамына енген елдің көпшілігі Мәуереннахрға Мұхаммед Шайбанимен бірге қоныс аударды. Шежіреде өзбек-қазақ болып қоштасқан жер Ұлытаудың маңы делінеді (Таңбалы тас). Бертінгі деректерде Орта жүзді “тоқсан екі баулы” деп атайды. Өзбекстанға XV-XVI ғғ. барған рулардың көпшілігі өздерін “Дешті-Қыпшақтан немесе Орта жүзден келдік” деп атайды. (Т.И. Султанов пен Б.Х. Кармышева кітаптарын қараңыз).

*Нұржан Наушабаев. Манзумат қазақия. —  
Қазан, 1907. — 5-б.*

“Дала әлеміне әйгілі “Ел айрылған” жоқтау-күйін кыр өнерпаздары әлі күнге қобызда ойнайды, және кәрі ақсақалдардың сезімін босатып, көзінен жас шығарады. “Жүз мың ноғай бүлінгенде, Ормамбет би өлгенде, Ордың қара ағашы жанғанда”, — деп жыр төгеді дала жырауы. Бұл күй қазақ пен ноғайдың екі бөлінген оқиғасына арналған.”




1. Ормамбет би (1590-1597-ші ж.ж.) ноғайлы елінің соңғы тәуелсіз басшыларының бірі. XVII ғ. бастап бұл елдің ішкі ісіне Ресей толық қожалық етті. Осыған байланысты ноғайлы этносы ыдырап, оның үлкен бөлігі Қазақ Ордасының құрамына енді. Ресей шекарасындағы ел бірнеше ғасыр бойы ауыр азапты бастан кешіп, қазіргі күні саны 100 мыңға жетпей отыр.

**Ч.Ч. Валиханов. Киргизское родословие.  
Собрание сочинений в пяти томах. —  
Алма-Ата, 1985. — т. 2. — 166-б.**

### “ҚАСҚА ЖОЛДАН” “ЕСКІ ЖОЛҒА” ДЕЙІН (XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы)

XV ғ. — дүниежүзілік тарих үшін жаңа заманның басы. Қазақ халқы үшін өзінің төл мемлекетінің дүниеге келген уақыты. XV ғ. еуразияның далалық өлкесінде “өзбек ұлысы” немесе “Әбілқайыр ханның көшпелі мемлекеті” аталатын бірлестік ірге көтерді. Бұл мемлекеттің құрамына Дешті Қыпшақ тайпаларының дені енді, олар сондықтан “тоқсан екі баулы өзбек” деп те аталады. Әбілқайыр 1428-ші жылы Оңтүстік Сібірде Шымқай Тұра қаласында (Түмен) 17 жасында хан көтерілді. Алғашқы бетте оның саясаты қайткен күнде де Еділ бойында Батудың құрған Алтын Ордасын иемдену болса, кейін келе оңтүстікке ойысты. Оған да себеп мол болатын, алдымен Ақсақ Темір өлген соң, Шағатай ұлысындағы ел бытыранқы күй кешті, Сыр бойындағы, Хорезм өлкесіндегі қалалар иесіз қалғандай болды. Көрегеннің ұрпағы өз-өзімен соғысып, ұлы мемлекеттің тізгінін дұрыс ұстай алған жоқ. Ал басты себептің бірі — Дешті Қыпшақ тайпаларының көпшілігінің қысқы қонысты оңтүстіктен сайлауына да байланысты еді. 30-шы жылдардың ортасында Әбілқайыр Ұлытау бойында орда сайлап, сол жерден ұзамай қыстап жүрді, ал 1446-шы жылы Сырдың бойын иемденіп, ордасын Сығанақ қаласына көшірді. Моғолстан мен Мәуереннахрдың көшпелі және жартылай көшпелі руларының көпшілігі Әбілқайыр билігін мойындап, өзбек ұлысының құрамына кірді. Мемлекеттің ұлан-асыр молаюы ішкі саяси күрестің өрістеуіне басты себеп болғаны анық.

Шағатай ордасынан Әбілқайырға қараған рулар, соның ішінде арғындар, қыпшақ билігін мойындауға көнбей, 50-ші жылдары сепаратистік ниет білдіре бастады. Бұл ұлы қозғалысты Әбілқайырға бақас Керей және Жәнібек сұлтандар қостап, ақыры өкпелі рулар Шу бойына қарай ығыс-



Қазақ мемлекетінің бастаулары (XV ғ. ортасы)



ты. Моғолстан өлкесіне көрші қонған рулар алғашқы бетте “өзбек-қазақ” немесе “қазақ” атанды және Жетісулық көшпелі рулармен тығыз саяси одақ құрып, Әбілқайырға қарсы күресті бастады. Моғолстан ханы Исан Бұғы (1462 ж. қайтыс болды) қазақтарды қалмақтарға және өзбектерге қарсы ұтымды шеп есебінде пайдаланды. Бір жағынан хандық билікке таласып жүрген өз ағайыны Жүніске күш бермей кетті. Сол кезеңде Тәшкентті билеген Шайқы Жамал Қара арғын Жүністі кейін билікке өткізбей, кедергі жасап отырды (1466 ж.). Соныменен, Қазақ хандығы атты XV ғ. дәл ортасында өмірге келген мемлекет белгілі дәрежеде көшпелілердің табиғатына тән сепаратизмнің жемісі еді. Осы себептен де болар, қазақ елі көшпелілердің бірнеше мың жылдық өркениеті мен мәдениетінің бірден-бір мұрагері ғана емес, оны қазіргі заманға жеткізуші жалғыз халық болды.

XV-XVII ғ. қазақ хандығының негізгі саясаты ел есебінде қалыптасу және Сыр бойындағы қалаларды өз меншігіне қарату болды. Тәшкент, Сайрам, Отырар қалалары оңтүстіктегі ірі сауда-қолөнер орталықтары болды, олардың ішінде көшпелі рулар үшін Сығанақ қаласының кәдірі жоғары. Шығыс авторлары оны Шығыс Дешті Қыпшақтың “сауда алаңы” деп атайтын. Әр жылы көшпелі мал баққан рулар бұл қалаларға жүз мыңдаған бас мал айдап алып келіп, сатып не айырбастап, өз қажеттерін өтейтін. XVIII ғ. дейін Түркістан өңірінің қалалық аймағы Еуразия далалық елін отырықшылық мәдениетінің жемістерімен қамтамасыз етіп отырды. Бірақ қалалардың құлазу нышандары осы тұста айқын көрінеді. Ғылыми әдебиетте бұл кері кетуді ел арасындағы жаугершілікпен көбірек байланыстырады, ал негізінен, мәселе одан әрірек — XV ғ. басталған екі система — көшпелілік пен отырықшылық арасындағы бәсекеде. Мыңдаған жылдар бойы Еуропа мен Азияның күре тамыры болып келген Жібек жолы XV-XVI ғ. өз жұмысын тоқтатты. Батыс елдері Шығысқа теңіз жолдарын ашты, өз ішінде кәсіптердің түр-түрін игерді. Трансеуразиялық күре тамыр өз қызметінен айырылды.

XV-XVII ғасырларда қазақтың этникалық құрылымы нығыз орнықты. Әуелде қазақ ордасының Жетісу жерінде ірге көтеруіне байланысты Ұлы жүз, кейін келе “тоқсан екі

баулы өзбектің” Сарыарқадан Мәуереннахрға қоныс аударуына байланысты босаған өлкеде Орта жүз, ал енді Хақ Назар ханның уақытында Ноғай Ордасының бүлін-шілікке ұшырап, қазаққа қосылуының арқасында Кіші жүз құрылды. Сарыарқаның қазақ иелігіне көшуі XVI ғ. басында Қасым ханның уақытында жүзеге асты. Өзбек пен қазақтың бір-бірінен айырылған жері — “Таңбалы тас” Бетпақ пен Арқаның шегінде жатыр. Өзбектің ішінен 300 мыңдай адам екі өзен аралығына қоныс аударса керек. Мұхамед Шайбани заманында олар Самарқанд пен Бұқараны өзіне қаратып ірі мемлекет құрды. Қазақ пен екі арада Сыр бойындағы қалаларды бөлісе алмай соғысып, “ғаззауат” ашу да XVI ғ. бірінші ширегіне қатысты оқиғалар. Бұл шежіре Рузбеханның кітабынан толық көрініс береді. Қазақ шежіресі Ноғай дағдарысын “Ормамбет хан өлген күн, Ордың қара ағашы жанған күн” деген тақырыппен баяндайды. Ноғай елінің билігіне ағайынды Жүсіп пен Ысмайылдың таласуы, Ысмайылдың Иван IV-іншіге (қаһарлы) арқа сүйеп, ағасын өлтіруі, өзара соғысқа ноғайлардың көпшілігінің ұшырауы — Батыс Қазақстан өлкесінің Қазақ хандығының құрамына өтуінің басты себебі болды. Жермен бірге ел де қазақ этносының құрамына енді. Шежіреде Кіші атанғанымен осы жерге автохтондылығы жағынан ноғайлардың (өлімұлы, байұлы, жетіру) басқалардан гөрі үлесі көбірек. Қазақтың үш жүзге бөлінуі — белгілі дәрежеде дәстүрге сүйену болып табылады. Ғұн, түркі, тіпті одан әрі сақ заманында этникалық, саяси құрылымын үштікке негіздеу салт болған. Бір жағы көшпелі мемлекеттердің әкімшілік-территориялық бөлісінің бір көрінісі есепті.

XV-XVII ғ. ішінде қазақ хандығы өзіне дейінгі ұлыстардың, әсіресе Алтын Орданың мемлекеттік дәстүрін сіңірді. Әлеуметтік құрылым тек қана рулық-генеалогиялық негізге сәйкестенбей, әр түрлі әлеуметтік топтардың үлес салмағы арқасында күрделенді. Мәселен, қазақ хандығындағы төрелер, қожалар немесе төлеңгіттер де дамыған әлеуметтік организмнің элементтері болып табылады. Қандай да бір мемлекет болмасын, саяси билік жүргізуші топтарсыз баянды жұмыс бітіре алмайды. Сонымен бірге, оның үстемдігін жүзеге асыратын қызметкер (төлеңгіттер)



топтар салмақты құрылым үшін қажетті шарт. Қожалар болса, мемлекет мойындаған дінді сақтаушы, елдің рухани шаруасын атқарушы. Қазақ хандығының этноәлеуметтік табиғатында рулық негізге және әлеуметтік топтық дәстүрге бағынған екі жүйе бір-бірімен үйлесіп тұр. Ру басы билер мен батырлар ел мүддесіне сай келетін төрені қолдауға міндетті, төре ішінен тандап сайланған ұлыс сұлтандары мен хандары қашанда ру басыларымен ақылдасып, әр істе санасып отыруы қажет. Дегенмен, кей-кейде ру басшы-ларының қоғам шаруасын бұра тартып, өз руының, ағайы-нының пайдасын қуып кететін уақыты болады. Хандар мен ұлыс сұлтандары елді уысында ұстау үшін, әр түрлі амал-айла, әдіс қолданады. Соның түрлері — сыртқы елдерге жаугершілік ұйымдастырып, олжа табу, елді қашанда соғыс жағдайында ұстап отыру, белді-белді рулармен құда-жекжат байланысын бекіту, өз ұлдарын ірі руларға ұлыс сұлтаны қылып ұсыну, т.б.

Баяндалып отырған кезеңде қазақ руларының ортақ шежіресі түзілді. Оның бір вариантында қазақтың түбі тікелей пайғамбарға тартса, екінші варианты Алаша хан туралы аңыздарға негізделді. Қазақтың үш жүзін бір адамның тұқымы қылып келтіру қазақ көшпелілерінің тұтас этнос құрып, үлкен міндеттер орайынан шығуына мүмкіндік туғызды. XV-XVII ғ. қазақ мәдениеті “Ноғайлы-қыпшақ” үлгісінде жасалды, материалдық және рухани мәдениет салаларында жеке өрнек салу ұлы далада ол кезде әлі де мүмкін емес шаруа еді.

## **КОБЫЛАНДЫ МЕН АҚЖОЛДЫҢ ЖЕКПЕ-ЖЕГІ**


“1446-шы жылы Жошы нәсілінен атақты Ұлығ Мұхамед хан, біздің қазақ — Ормамбет хан дейді, ол өлген соң, Жошы нәсілдері хандыққа таласып, әрбір кішкене хандыққа бөлінді. Ұлығ Мұхамедтің шын аты — Темір еді.

Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр деген хан 1452-ші жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай, өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын түгел билеп тұрды. Сонда қазақтың ханы — Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырға



## Шартты белгілер:

- Ресейден Тәуекел ханға келген елшілік (В. Степанов елшілігі)
- Тәуекел ханның Алатаудағы жазғы Ордасы
- Қалмақтардың қоныс аударуы (бағыттары)
- Тәуекел ханның жорықтары
- Қазақ хандығының XVII ғ. астанасы
- Керуен жолдары



## Қазақ хандығы (XVI-XVII ғғ.)

карап тұрушы еді. Әз Жәнібектің шын аты — Әбусағид еді. Тоқай-темір нәсілінен, Барақ хан баласы еді. 1455-ші жылы Әз Жәнібек хан немере інісі — Шаһ Керей ханмен тамам қазақты алып, Әбілқайырға өкпелеп, Шудағы Шағатай нәсілінен Тоғылық-Темір баласы Есенбұға ханға қарады. Әбілқайырға өкпелеген себебін біздің қазақ былай айтады:

“Біздің осындағы арғындардың арғы атасы — Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы екен. Әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қарақыпшақ Қобыланды батыр да Әбілқайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шариғат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе көп қыпшақ бұзылатын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген: “Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, Құлыным,” — деген сөз Дайырқожаның сүйегінен айналып жүріп жылаған әкесі — Қыдан тайшы деген кісінің сөзі. Аты — Қыдан еді, “тайшы” деген — “өлеңші”, “ақын” дегені”.

1. Ноғайлыда Орманбет деген би де болған, оның өмір сүрген заманы да осы меже. Орманбет ханның аты — Мұхаммед еді деу өлі де дәлелсіз. Ұлығ Мұхаммед — Қазан патшалығының соңғы ірі ханы.
2. Әз Жәнібек — “әз” деген анықтама Алтын Орда ханы Жәнібекке де тиесілі болуы өте ықтимал екенін ескерткенді жөн көрдік. Ол өте абыройлы, ықпалды хан болған.
3. Қысас қылып өлтіру — қазақша айтқанда “қанды кек”.
4. Қыдан — Құтан, Қотан, т.б.

*Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — 31-б.*

## ТАРИХ-И-АБУЛХАЙР-ХАНИ

“Жүмәдүк хан билік құрып, басқарған уақытта Едіге би балаларының бірі — Қазы би, әкесінің үлгісіне сай ай-

мақты игеріп, елді билеп еді. Ол даңқы артқан сайын өктемдігі күшейіп, әділеттің ақ жолынан тайып, қайырымдылықтың кең шеңберінен шықты.

...Дешті Қыпшақтың әмірлері мен көсемдері Қазы мырзаның қиянаты шектен шыққан кезде, оның да бағы тайды, олар келісіп мырзаны өлтірді, сонымен, бұл елдің басына төнген қатерден сақтады. Үмітке толып Жүмәдүк ханның ордасына аттанды, ханның сыйлы төрінен орын алды, әмір атанды. Бірақ хан көңілін таба алмады, олжасын бөліп ала алмады, Жүмәдүк хан тәкәппарлық танытты, билікті мадақ тұтты, жаңағы адамдардың жағдайына қарамады. Сол себепті ханнан көңілі қалған әмірлер хан ордасынан қашып, Жайтыр Жалқын деген жерге келді, олардың ішінде Кепек қожа маңғыт, Омар би бүркіт, Мұта қожа, Тұрды қожа маңғыт, Жатан Мәдір нүкіс, Бай қожа батыр, Сары Шиман маңғыт сияқты Жүмәдүк ханға қарсы күресемін деп серттесіп белін буған қарсыластары бар еді.

Жүмәдүк хан бұл хабарды естігенде: “Әскер жиналсын” деп бұйрық берді... және оның әскерінің сол қанатының билігі ұлылығы аян, орыны ерек Әбілқайыр ханда, ал оның оң қанаты — ерліктің үлгісі Қожа оғлан мен өзге батырларда. Хан әскерін ертіп, Жайтыр Жалқынға аттанды...

Осы соғыста алланың өмірімен Әбілқайыр ханды Сары Шиман маңғыт тұтқынға алды, хан он алты жаста еді... Алла тағаланың құдіретімен Сары Шиман ұлы державалық биліктің болашақ иесін, хазіретті танып, оны аман-есен сақтау үшін, тәрбиелеу үшін, көп еңбек сіңірді. Біраз уақыттан соң, жақсы аттарды мінгізіп, қару-жарағын сай қылып, қайта аттандырды. Аллаға сыйынып, Әбілқайыр жолға шықты... Жолай періште қасиеттерінің иесі — сұлтан, бақыт пен жақсылық шарапатынан үміттеніп, Алаша батырдың кигіз үйіне аялдады.

Алаша бахадүр және сол елдің бас көтерер азаматы хазірет алдында тізе бүгіп, қызмет көрсетті, алланың жазуымен қысты хазірет сол жерде өткізді.

Он жеті жасында, 833-ші мешін жылы, мемлекет басына келіп, алтын таққа отырды. Жеңіс туын көтеріп, ісләм әскерін бастап, құдайға сыйынып, жеңісті жорықты Тара қаласына бастады...”



1. Алтын Орданың соңғы кезеңіндегі оқиғалар сурет-телген. Әбілқайыр — Дәулет шайқының ұлы, ол — Ибрагимнің, ол — Болаттың, ол — Мың Темірдің, ол — Бәдіғұлдың, ол Жошы Бұқаның, ол — Бахадүрдің, ол — Шибанның, ол — Жошының, ал Жошы — Шыңғыс ханның баласы.
2. Әбілқайырдың жас шағындағы оқиғаларды қазақылық деп те атайды.
3. Әбілқайыр ханды Алтын Орда төрелерінің үстем билігіне қарсы болған көшпелі ру басыларының қолдағаны және тәрбиелеп шығарғаны текстен белгілі.

*Масуд бен Усман Кухистани. Тарих и Абульхаири, Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. Извлечение из персидских и тюркских сочинений. — Алма-Ата, 1969. — 141-145-бб.*

## САРДАР ҚАСЫМ — ЕР ЕСІМ

“Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болыпты. Оның бірі — Қасым. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп, Ұлытауға орнатыпты. Қазақты ел қатарына қосып кеткен, осы — Қасым хан. Қазақтың ішінде “Қасым ханның қасқа жолы” деген сөз, үлгі-өсиет болып қалды:

*Баласы Жәнібектің Сардар Қасым,  
Қазақтың біріктіріп, құрап басын.  
Осы жер ата-қоныс шекараң деп,  
Найзамен сызып кеткен шекарасын.*

Қасым хан өлген соң, балалары баққа, таққа таласып, өзді-өзі жұлысады. Ноғай, өзбек, қалмақ үшеуі үш жақтан жау болады. Өзара быт-шыт болыңқырап, Қасым ханның бел баласы Ақназарды хан көтеріпті. Ақназар қайратты батыр атанып, өзбек ханы Шибаниларды көтінен пыстырып, ноғай ханы Көшім ханды қорғалатып, үйінен шыға алмастай қылады. Орыстың сол уақыттағы патшасы Иван Ақназарға елші жіберіп: “Жауласпайық, сауда жасап, керуен жүргізіп тұрысайық”, — дейді. Ақназар қазақты Қасымхан тұсындағы халіне жеткізген.

Ақназардан соң Шығай хан болып, бұл аналардай мықты бола алмай, осал болады. Бұдан кейін Шығайдың бала-

сы Тәуекел хан болады. Тәуекел өзбек хандарымен соғысып, оларға қатты соққы береді. Сарт қазақпен соғысуға шыдай алмай, әлсірейді. Тәуекел хан Тәшкент, Түркістан, Әндіжан, Самарқанд — бәрін өзіне қаратып алып, тақты Тәшкентке көшіреді, орданы Тәшкент қылып тұрған.

Тәуекелден соң Еңсегей бойлы ер Есім хан болды. Өзі Түркістанда отырып, Тәшкентке Тұрсын ханды ие қылып қояды. Сол күнде Имамқұл хан деген өзбекке хан болып, Бұқараны билеп, Еңсегей бойлы ер Есіммен үш рет соғысып, Түркістан мен Тәшкентті ала алмай, жеңіліп қала берген. Есімханнан кейін қазақ жүдеубас болды. Тәшкеннен айырылып қалды. Есімханнан кейін оның баласы “Салқам Жәңгірді” хан көтерген, бұл кезде қалмақтың Қонтәжісі күшейді. Қазаққа дамыл бермей, тыныштық көрсетпеді. Қысқа күнде қырық шапты. Соғыс болса, қалмақтың иығы аса берді.

Жоңғар жеңген жерде қазақты тырп ете алмастай қылып, ойсыратып, шауып кете берген. Қазақ сондай қатты қырғынға ұшырағаннан кейін, іле-шала қайтадан жиналып, қалмақпен соғыса берген. Бақытты ханы жоқ, тайсалмас батыры жоқ, көп жаманның жиылып төбелесе бергенінен не өнеді?!”.

*М.Ж. Көпейұлы. Шежіре (Қолжазба). — 9-10-бб.*

## ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ ЖӘНЕ ЕЛ АТАНУЫ

“Әбілқайыр өзіне Дешті Қыпшақты түгел бағындырған уақытында кейбір Жошы тұқымының сұлтандары өздеріне төнген қауіпті сезіп, бас сауғалауды ұйғарды. Керей хан, Жәнібек сұлтан және сол қатарлылар аздаған адамымен Моғолстанға келді. Ол кезде Моғолстанда хандықтың кезегі Иса Бұқа ханда еді. Иса Бұқа хан оларға ерекше қамқорлық көрсетіп, Моғолстанның бір бұрышын берді, ол жерде олар қауіп-қатерсіз, тыныш өмір сүрді.

Өзбек ұлысында Әбілқайыр өлген соң, өзара қырқыс басталды, мүмкіндігі барлары тыныштық іздеп, Керей мен Жәнібек хандарға қосылуға асықты. Осы себептен олар

әжептәуір күшейді. Олар алдыменен, өздерінің елінің бөлектеніп, біраз уақыт қолынан келер дәрмен жоқ, кезбе болып жүргендіктен, “қазақ” атанды, осы атау соларға бекіді. Керей ханнан кейін, хандық тағы оның ұлы Бұрындыққа бұйырды. Жоғарыда аты аталған Қасым хан Жәнібектің баласы еді. Керейдің Бұрындықтан басқа көптеген ұлдары болды және Жәнібектің де Қасымнан өзге ұлдары бар еді. Соның ішінде Әдік сұлтан; Сұлтан Әбу Саид мырзаның ұлы — Мырза Сұлтан Махмұд өлгеннен соң, Жүніс ханның төртінші қызы Нигар ханымды соған беріп еді. Тәшкентті талайтын кезде Әдік сұлтан Шақибек ханнан қашып, қазақтарға кетті, Сұлтан Нигар ханым артынан кетіп еді. Әдік сұлтан қайтыс болғанда ханымды ақ некемен Қасым хан алды.

Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан өте күшейді, ақыры Бұрындық хан елден кетіп, Самарқандқа барып, жат жұртта қайтыс болды. Қасым хан Дешті Қыпшаққа түгел билік жүргізіп, Жошы ханнан кейін ешкім ие болмаған атақдаңққа бөленді, оның әскері үш жүз мыңнан асты. 1518-жылы ол өлген соң, қазақ сұлтандары өзара жауласты. Қасымнан кейін, оның ұлы Мамаш хан болып еді, бірақ ол бір соғыстың кезінде ауырып, қайтыс болды. Осыдан кейін Әдік сұлтанның ұлы Тахир хан болды. Ол өте қатыгез адам болғандықтан, оның маңындағы 400 мың адам бір сәтте одан бөлініп, көшіп кетті. Осылай қырғыздың ортасында жалғыз қалып, ең сорлы жағдайда қайтыс болды. Моғолстанда бір отыз мың адам жиналып еді, оған Тахирдің ағасы Бұйдаш хан болды. 1523-жылы қазақтар миллион адам еді...”.

1. Қасым ханнан кейін Қазақ хандығы үлкен дағдарысты бастан өткерді, бірақ ортақ билігінен, абыройлы хандарынан айырылғанымен, жер бетінен жойылған жоқ. Әр ру өз бетімен күн кешті. Хақназар тұсында қайта жиналды.
2. Шақибек, Шайбақ, Шахбақыт, Мұқамет — Шайбани ханның лақап аттары.

*Мұқамет Хайдар. Тарих-и-Рашиди. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. — Алма-Ата, 1969. — 222-223-бб.*



## БАБЫР МЫРЗАНЫҢ КІТАБЫНАН

“Омар Шейх мырза Жүніс ханды соңғы шақырғанда, оған Тәшкент аймағын берді. Бұл кезде Тәшкент Омар Шейх мырзаның қол астында болатын. Кітаптарда Тәшкенттің аты — Шаш, кейде “Чач” деп жазылатын. “Чач садағы” деген сөздің төркіні де содан шыққан болуы керек. Сол кезден бастап тоғыз жүз сегізінші жылға дейін Ташкент пен Шаһрух Шағатай ұрпағынан шыққан хандардың қол астында болды. Сол кезде Моғолстанның билігі Жүніс ханның үлкен баласы, менің нағашы ағам — Сұлтан Махмұт ханның қолында еді. Омар Шейх мырзаның ағасы, Самарқанд әмірі Сұлтан Ақмет мырза мен мұңғол ханы Сұлтан Махмұт хан Омар Шейх мырзаның шөлкес қылықтарынан шыдамы таусылып, екеуі одақ құрды...

Жүніс хан мен Есенбұға — Уәйіс ханның ұлдары. Жүніс ханның шешесі — Темірдің рақымы түскен түркістандық қыпшақ бегі Шейх Нұр ад-диннің иә қызы, иә немересі. Уәйіс хан өлгеннен кейін моғол ұлысы екіге жарылды: бір бөлігі Жүніс ханға, екінші бөлігі Есенбұға ханға қарады...

Жүніс ханның Шақ бикеден туған екі ұлы, екі қызы болды. Ханның жоғарыда айтылған үш ұлынан үлкен, бірақ үш қызынан кіші ұлы — Сұлтан Махмұд хан еді. Оны Самарқанд пен оның төңірегіндегі жұртшылық Жанике хан деп атады. Сұлтан Махмұд ханнан кішісі — Сұлтан Ақмет еді, ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды. Оның Алаша аталуының себебі: қалмақтар мен мұғолдар кісі өлтірген адамды “алаш” деп айтады-мыс. Сұлтан Ақмет хан болса, қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан.

Әдік сұлтанның кейін Сұлтан Нигар ханымды (Жүніс ханның қызы) қазақ ұлысының ханы Қасым алды. Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бір де бірі бұл халықты дәл осы Қасым сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам бар еді”.

1. Омар Шейх мырза — Бабырдың әкесі, Ақсақ Темірдің тұқымы. 1494-ші жылы қайтыс болды.
2. Жүніс хан — Шыңғыстың екінші баласы Шағатайдан өрбитін тұқым. Жетісу бойының ханы.

3. Моғолстан — Жетісу өлкесін мекендеген ұлыстар: бір шеті — Төшкент, екінші шеті — Қашқар (шартты атау). Қазақтар кезінде ол елді “жағат уалайаты” деп атады.
4. Әдік сұлтан — Әз Жәнібектің ұлы.

*Бабыр Захир ад дин Мұқаммед. Бабырнама. — Алматы, 1993. — 25-32-бб.*

### **“ЖӘМИҒ-АТ ТАУАРИХ (ҚАДЫР-АЛИ БЕК)”**

“(Барак) ақырында Еділ мен Жайықтың арасында, Сарайшыққа жақын Қазы Наурызбен ұрыста ажал тапты. Оның ұлын — Жәнібек хан деп атайды. Бұл Жәнібек хан атасының ұлысын биледі. Оның ұлдары көп еді. Аңызға айналған... қағлы 40 інісі бар. Есімдері белгілі ұлдары мен немерелері осы еңбекте айтылады. Аты әйгілі болған ұлдары мыналар: Қасым хан, Қанбар сұлтан. Бұл екеуі бір анадан. Өсек хан, Әдік хан. Бұл екеуі бір анадан. Бауыш, Бұйдаш — бұл екеуі бір анадан. Қожаш хан — бұл анасынан жалғыз еді.

Олардың аса белгілі болғаны — Қасым хан еді. Жаған бикемнен туған еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысына патшалық етті. Төңірегіндегі уәләйаттарды өзіне қаратты. Оның хикаялары әр жерде кездеседі мәлім-мәшһүр. Ақыры Сарайшықта өлім тапты. Бүгінде оның қабірі — Сарайшықта. Оның ұлы Хакназар хан. Халық сұлтан ханымнан туған. Оның хикаясы — мәлім-мәшһүр. Хакназар хан өзара болған қақтығыстарда апат болды. Оның ұлдарынан патшалық біржолата кетті.

Қамбар сұлтан барлық жағдайда Қасым ханның жанында болды. Әскерінің қолбасшысы. Оның ұрпағына патшалық тимеді. Енді Өсек хан, оның ұлы — Болат. Оларға патшалық тимеді. Ақыры Болат сұлтан ұлдарымен ноғаймен болған ұрыста шәкид болды.

Енді Қасым ханның замандасы — Жәдік хан еді. Шағым мырзаменен ұрыста Жыланды төбеде бір ұлымен шәкіт болды. Оның қабірі — Үргеніште, Бақырған ата жанында жерленді. Жәдік ханның катыны, күмасы көп еді. Ұлдары да біраз болатын. Аты шыққан ұлдары мыналар: Тұғым хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғы

екеуінің анасы — Абайхан бегім. Тұғым ханның ұлдарын “тоғыз сары” деп атайтын. Мәлік ұлы Бешібек сұлтанмен, “тоғыз сары” ұлдарымен Жағат уәләйаты маңында шәқид болды. Отыз жеті сұлтан мәлім-мәшһүр еді.

Бөкей сұлтаннан тұқым болмады. Бауыш-Бұйдаштың ұлы — Әдік сұлтан. Оның ұлы — Бұйдаш хан. Әдік сұлтанның ұлдарын “бес ұл” деп атайды. Бұйдаш хан Барақұлы Деруіш ханмен соғыста өлді. “Бес ұлдың” ұрпағы 24 сұлтан сол соғыста шәқид болды. “Бес ұлға” патшалық тимеді, қайсыбірі сол елде келте хандық құрды, аты белгілі болмады.

Бұрындық хан. Оның ұрпағы мәртебеден айрылды. Ақмад хан Өзбекияда хан атанды. Шидақ бекпен болған ұрыста Орақ мырза шәқид қылды.

Тахир хан болды. Біраз күн хандық құрды, бірақ патшалық сырын білмеді”.

1. Барақ — оның әкесі — Құйыршық, оның әкесі — Орыс хан, т.б. — Жошы тұқымынан.

*Қадырғали би Қасымұлы. Жәмиғ ат тауарих. // Р. Сыздықова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. — Алматы, 1991. — 251, 258-бб.*

## СҮЛТАН САИД ХАННЫҢ ҚАСЫМ ХАН ОРДАСЫНДА БОЛУЫ

“Осыдан кейін “Қасым хан Тәшкент түбіне келіп, Сүйініш ханды қоршап тұр” деген хабар келді. Саид хан кешікпей Тәшкентке аттанды. Ферғана уәләйаты мен Тәшкент арасындағы Кендірлік асуына жеткен кезде, “Қасым хан шегініп кетті” дегенді естіп, қайта Ахсиға келді де Ферғана қамалдарын күшейтті, сөйтті де, қазақтарды қайтадан Тәшкентке көтеруге болмас па деген үмітпен соларға аттанды.

Мен ауырып қалғандықтан елде қалдым. Хан аман-есен Моғолстандағы белгілі жер Ажуға жетті. Сол кезде Қасым ханның алпыстан асып, жетпіске жақындаған кезі, ал ханның (Саид) нағыз отызға толмаған орда бұзар шағы еді.



Қасым хан жасы ұлғайғандықтан өзі қарсы алуға орайы болмай, Жошы тұқымынан тараған 30-40 сұлтанды, соның ішінде Жаныш хан, Биниш хан, Мамаш хан, Жан хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан — елуді алқымдап, алпысқа басқан көптеген сұлтандарды қосып, қарсы алдынан күтіп алуды бұйырды. Олар ханға келіп, тізелерін бүккен уақытында, солардың ішінен Жаныш хан, Биниш хандар үшін, әсіресе жасы асқан, хан өз орнынан тұрды. Ал қалғандары тізе бүгіп, хан болса оларды отырып қабылдады.

Бір сөзбен айтқанда, Қасым ханның ханды (Саид) жақсы қарсы алғаны сондай, хан өз өмірінің соңғы күндеріне дейін осы ілтипатты кездесуді ұмытқан жоқ. Қашанда, реті келгенде, хан, алла рухына иман берсін, Қасым ханды еске түсіріп, мақтап, оның ізгілігін еске түсіріп отырушы еді. Айтпақшы, Қасым хан кездесуден кейін: “Біз — қырдың еліміз, бізде не қымбат, не сирек зат, тауар болмайды, біздің басты байлығымыз — жылқылар; еті мен терісі — біз үшін ең жақсы тамақ пен киім, ал ең тәтті ішімдік — оның сүті мен қымызы, біздің жерімізде не қала, не бақша жоқ, біздің қызық көретін жеріміз — малдың жайылымы, ондағы жылқы табындары, біз өз табындарымызға жылқыны көріп, сүйсіну үшін барамыз”, — деп айтқан екен. Оған (Саид хан): “Ендеше табынға барайық, жүйріктеріңізге қарайық, біраз уақытты жұғымды ортада, бірге өткізейік”, — деді. Келген уақытта хан бізге өзінің барлық малы мен жылқыларын көрсетіп: “Менің екі атым бар, оның біреуі барлық табынға тұрады”, — деп айтты. Оларды алып келді, хан өмірінде осы екеуіне тең келер жылқы малын көрмегенін бірнеше қайтара айтып еді. Қасым, жылқыларды алып келгеннен кейін, ханға бұрылып: “Қыр адамына жылқысыз өмір, атсыз өмір — өмір емес, осы екі ат мен үшін ең сенімді, ең қымбат. Екеуін бірдей сыйлай алмаймын, бірақ сіз сияқты қымбатты, қадірлі қонақ үшін, тандауды өзіңізге салдым, қай ұнағанын алыңыз, тек біреуін маған тастап кетсеңіз болды”, — депті. Қасым хан екі аттың да қасиеттерін сипаттап бергеннен кейін, хан біреуін өзіне таңдады. “Ол аттың аты — Оғлан-Торы еді деп атаушы еді; расында да дәл сондай атты ешқашан көргенім жоқ”. Ханға табыннан тағы бірнеше аттарды таңдап алып, Қасым хан тамаша, күшті қымыз толы аяқты өз қолымен ұстап ханға

ұсынды: “Егер сіз осы сусынды ауыз тисеңіз, маған деген үлкен құрмет болар еді”, — дейді ол. Хан осының алдында ғана күшті ішімдік атаулының бәрінен бас тартып еді, сондықтан: “Қалай мен өзімнің тәртібімді бұзайын, мен сіз ұсынып отырған ішімдік атаулының бәрінен бас тартып едім”, — деді. Қасым хан оған: “Мен жаңа ғана Сізге сусынның ең қадірлісі деп бізде бие сүті және одан дайындалатын қымыз саналатынын айтып едім; мен сізге ұсынып отырған қымыз — ең жақсысы. Егер менің өтінішімді қабыл қылмасаңыз, онда сізді қандай қонақасымен сыйларымды білмей отырмын. Менің қонақжай ордамның табалдырығын Сіз сияқты қымбат қонақ аттау үшін жылдар керек, ал мен үшін Сізге, қадірлі хан, тиісті қонақжайлық көрсете алмау өте ренішті”, — деп, аса уайымды кейіппен төмен қарады.

(Сұлтан Саид) хан Қасымды ренжітпеу үшін және оған деген өзінің құрметін көрсету ниетімен қалыптасқан тәртібін бұзып, көңіл көтерер сусынның аяғын босатты. Қасым хан бұл мезіретке өте риза болды. Әңгіме жанданды. Сонымен, 20 күн бойы олар қатарынан қымыз толы тостағандарды босатумен болды.

Жаз өте шықты. Қазақтар Қасым ханның шешімімен қыстауға жылжыды. Қасым хан бұл уақытта шайбанидтерге жорық жасаудың қиындығын мәлімдеді, себебі қыр елі бұл уақытта қыстың тіршілігін ойлауы керек, әскер жасақтау мүмкін емес. Соныменен, қолынан келген әр түрлі сыйын көрсетіп, ықылас білдіріп, бірақ әскердің дайын еместігін сылтау қылып, ханға қайтуға мүмкіндік берді. Өзі тұрақты орнына көшті. Хан Қасым ханға өте риза болып, Әндіжанға қайта оралды. Күз уақыты еді, хан сарайындағы ғалымдардың бірі бұл кездесуді жылнамада “Қазақтармен бейбіт бітім” деп атады”.

1. Саид хан — сұлтан Ақмет хан (Алашаның) баласы, Моғолстанның ханы. Ол аталарының ісін жалғастырып, Шайбанид сұлтандармен көп соғысты. Хайдар мырза осы соғыстардың бір сәтін суреттеген. Жетісу және Сарыарқа көшпелілерінің одағы жөнінде сөз қозғайды.
2. Саид хан мен Қасым ханның кездесуі 1512-ші жылы болған.

*Мұхамед Хайдар... Тарихи Рашиди. — 225-226-бб.*



## ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘУРЕННАХРҒА ШАБУЫЛЫ

“Тәуекел қазақ Әбдімумин ханның өлтіріліп, Пірмұқамбеттің хан тағына отырғаны туралы хабар алғанда, Тәшкент пен Мәуреннахрды бағындыруға аттанды. Ол Тәшкентті алып, кейін Самарқандты шауып, Бұқараға беттеді. Пірмұқамбет ашық майданда қарсыласудың ретін таппай, бекіністің ішінде жасырынды. Шамасы жиырма күн бойы, Тәуекел хан Бұқара маңын тонады және таңның атқанынан күннің батқанына дейін екі жақтың арасында ұрыс басылған жоқ. Ақыр соңында қазақтар жеңіле бастады. Тәуекел Самарқандқа шегінді. Өзінің інісі Есім ханмен бірге Пірмұқамбет ханмен соғысқа дайындалды. Хан оларды соғыспақ ниетпен тосты. Осы кезде оған Дінмұқамбет ханның ағасы Бақимұқамбет хан келіп қосылды. Хан оның келгенін жақсы ырым көріп, құрмет жасады. Шамасы бір айдай екі жақтың әскерлерінің арасында соғыс, ұрыс толастаған жоқ. Бір күні түнде Тәуекел хан шабуыл жасады. Қатыгез ұрыс болды. Тәуекел хан ауыр жараланды. Ештеңе шықпағаннан кейін тізгінді тартып, бағытты Тәшкентке бұрды. Осы жарадан Тәуекел хан о дүние сапарына асықты”.

1. Әбдімумин — ол Абдолла II-нің ұлы. Оның өлімінен кейін Мәуреннахр жерінде Аштарханидтер Әулеті орнықты. Тәуекел хан осы тартысты пайдаланып, яғни шибан мен аштархандардың соғысын, Бұқара аймағын өзіне қаратып алмақ болған.

*Қожамқұл би Балхи Қыпшақханұлы... Тарихи Қыпшақи.  
Материалы по истории Казахских ханств в XV-XVIII вв. —  
Алма-Ата, 1969. — 395-б.*

## ОРАЗМҰҚАМЕТ ХИКАЯСЫ

“Ал Шығай ханның хикаяты, әр жағдайда батырлығы мәшһүр. Ақырында жалғыз қалып, апат тапты. Бүгінде қабірі Күмішкентте, Әлі атаның панасында жерленді. Шығай ханның әйелі көп еді. Мәлім-мәшһүр үш ордасы бар. Олардан туған ұлдары мыналар: Сейітқұл сұлтан, Ондан



сұлтан, Алтын ханым — Байым бикеден туған еді. Тәуекел хан, Есім сұлтан, Сабыр бике ханым — бұл үшеуінің анасы Жағаттың Жақсым бикемі болады. Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шахим сұлтан — анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханым болады.

Ондан сұлтанның хикаяты әр жерде қаласаңыз кездеседі. Асқан ұлы батыр, атқыш еді. Барлық жағдайда төңірегін жайпаған асқан батыр еді. Шығай ханның уағында әскердің қолбасшысы болды. Оның хикаялары мәлім-мәшһүр. Ақырында қалмақ шаһит қылды. Отыз жасында қаза тапты. Оның қабірі — Қожа Ахмет Яссауи, алланың рақымы жаусын, панасында. Оның әйелдері мен құмасы көп еді. Көп уәләйаттардан алып еді. Өз араларынан да алып еді. Мәлім-мәшһүр екі ордасы бар еді. Олардан туған ұлдары мыналар: Алтын ханымнан (Өсек ханның ұлы Болат сұлтанның қызы) туған — ислам патшасы Тәуекел хан, Оразмұқамет хан, Тәтлі ханым; Шүйім ханымнан (Бұрындық ханның ұлы Сұлтанның қызы) туған — Көжек сұлтан. Ол ислам патшасы Тәуекел ханның әскер қолбасшысы. Қазіргі уақытқа дейін сол елде.

Оразмұқамед хан сегіз жасында өзара қақтығыста қаза болған ұлы бабасы — Шығай ханнан айырылды. Он үш жасында әкесі Ондан сұлтан шаһит болып, одан айырылды. Біраз уақыт Сейдақ бидің алдында кіріптарлық шекті. Одан он алты жасында барлық христиан патшасы Борис Федоровичтің құлдығына әзір болды. Ол күннен қазірге дейін патша Борис ханның қызметінде”.

1. Әлі ата — Әулие кісі, Мәуреннахр жері.
2. Жағат — Шағатай төрелері, Шағатай ұлысы, т.б.
3. Сейдақ би — Тайбұғы әулетінен шыққан Сібірдің хандығының соңғы билеушісі. Хандықты Көшіммен таласып алды. Оразмұқаметпен бірге орыс қолына түсті (1590-шы жж.).
4. Борис Федорович — Борис Годунов. Федор патша тұсында 14 жыл бойы билікті өз қолында ұстаған, 1598-ж. бастап, өзі патшалық құрған адам.
5. Ондан сұлтан — ұзын оқты Ондан сұлтан. (М.Ж. Көпейұлы, Ш.Ш. Уәлиханов, Ж.О. Артықбаев кітаптарын қараңыз).
6. Оразмұхамбет хан — бұл туралы В.В. Вельяминов-Зернов, М. Мағауин зерттеулері бар.

*Қадырғали би Қасымұлы... 259-260-бб.*

## ҚҰЛМАҒАМБЕТЕЛШІЛІГІ (ТӘУЕКЕЛ ХАН)

«Қаңтардың 20-күні патшазада Оразмұқамбет (тексте Урусмагмет) диак Василий Шелкаловқа Қазақ Ордасының басты елшісі Құлмағамбетті өз үйіне қонаққа шақыратынын, одан жеке кездесуде өз ағайындары жөнінде сұрап білгісі келетінін айтып, осы хабарды өтініш есебінде патшаға жеткізуді бұйырды. Диак Василий Шелкалов осы өтінішті конюшни боярин және қызметкер (қызметкер мағынасында — Ж.А.) Борис Федоровичке жеткізіп және патшаның жарлығы бойынша қызметкер және конюшни боярин Борис Федорович Қазақ Ордасының бас елшісі — Құлмағамбетті сұлтан Оразмұқамбет сарайына баруға босатты және сол күні елші сұлтанмен кездесті. Елші келген уақытта сұлтанда тілмәштар Степан мен Велямин Степановтар отырды. Және сұлтан елші Құлмағамбетке айтты: “Құлмағамбет, осыдан бұрынғы маған келісінде мен сенен түгел жағдайға қаныққам жоқ, сұрай алғаным жоқ, ал енді баянда маған, біздің ағамыз бен туыстарымыз қалай өмір сүріп жатыр, бастары бірге ме, әлде бөлек пе; осы кезде бұқарлықтармен қалай арасы — бейбітшілік пе әлде соғыс па; ноғайлардың тірлігі қалай; ескі қоныстарында көшіп жүр ме екен; сонымен патшаға елші неге салды, шынымен, патша қол астында болғысы келе ме?”. Одан әрі елші айтты: “Осы уақытта сенің ағаң — Тәуекел хан Қазақ Ордасының басында, ал өзінің інісі — Шахмахмет сұлтанды қалмақ еліне билікке отырғызды, ал өздері жақын көшіп жүр, аралас; Бұқар патшасымен уақытша келісімге келген, бейбітшілік; ноғайдың “алты ауылы” мен арада тыныштық, ал енді Дінақмет балаларымен, Орыс тұқымымен кейде араз, кейде дос. Тәуекел хан мен сенің ағайындарыңа, сен патшаның сенімінде (қол астында — Ж.А.) деген тура хабарың жеткен соң, барлығы басы қосылып отырып, Бұқар патшасынан алыс патшаға (Ресей) жақын болуды ойлады. Ал енді, құдай берсе, патшамен достығы көркейсе, патшаның сеніміне енсе, онда Бұқар ханымен жауласар еді, ал патшаның Бұқар ханынан қапы қалмағаны, ноғайға қатты сенбегені керек. Бұқар ханы қазір Үргеніштік Әзім ханды жұртынан қуып жіберді, Үрге-



нішті өзіне қаратты, содан кейін ноғаймен қосылып, Сарайшықты қала қылып көтергісі келеді; енді Сарайшықты көтерсе, одан әрі Астраханға қарайды. Ал енді сен жайына келсек, егер ханым мен сұлтандарды патша ықыласына алса, сені жібермек болса, рұқсат берсе, мен мәселенің шындығын айтайын, Тәуекел хан аманатқа сұлтандардың бірін жібермек. Патша ықыласы ауып, хан мен сұлтандарға от қаруды берсе, Тәуекел хан мен сұлтандар бірге Бұқар хандығын жаулап алады, ал Тәуекел хан мен сұлтандардың Бұқараға таяу өмір сүретінін де білесің...”.

## ВЕЛЯМИН СТЕПАНОВТЫҢ ЕЛШІЛІГІ

Ханның Ордасына келдік. Ханның алты шатыры тұр екен, ол шатырларда ханның жақын адамдары отырды, ал шатырлардың артында кигіз үйлер тұр. Кейінгі тұрған шатырда ханның өзі отыр екен, жанында Сүтемген биден басқа ешкім де жоқ. Велямин шатырларға жақындай келе аттан түсті және жаяулап ханның шатырына жақындады, Веляминді ханның жақын адамы Есмайыл батыр қарсы алды. Соныменен, Велямин шатырға енді, хан отырды, ал Велямин ханға ұлы билікті патша, ұлы князь Федор Ивановичтен, бүкіл Русия елінің самодержеці, басқа көптеген елдердің патқшасы мен иесінен саған, хан ием,... деп сөлемдесу ғұрпын жасады.

Велямин билікті патша және князь Федор Ивановичтен, бүкіл Русия самодержецінен сөлем ишараттар жасап болып, грамотаны ұсынды және берілген сыйлықтарды тапсырма бойынша көрсетті...

Хан орнынан тұрып, патша жіберген грамота мен сыйлықтарды қабылдап, Веляминге отыр деп бұйырды және сол жерде билікті патша және князь Федор Ивановичтен, бүкіл Русия самодержецінен келген грамотаны ашып қарап, Веляминге былай деді: “Менің өзім грамотаны оқи алмаймын, ал өзімнің адамдарым сенімді емес, менің хатшы молдам бұқарлық және айтылар құпия мәліметтердің бәрін Абдолла ханның құлағына жеткізеді”. Билікті патшалық грамотасын өзінің сенімді адамына оқуға бұйырды, бұқарлықтар мен шибандық адамдар біліп қоймасын деп...”



1. Құлмағамбет елшілігі Мәскеуге 1594-ші ж. қаңтарында жеткен, ал Велямин Степанов Тәуекел хан ордасына мамыр-маусымда келді.
2. Оразмұқамбет ол кезде Хан Керменде, Касимов қаласы. Ресей иелігі болып табылатын осы өлкеде хан қызметін атқарды. Оның жанында жақын туыстарынан бір топ адам болды.
3. Диак — хатшы және діни лауазым.

*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. /  
Сборник документов и материалов. —  
Алма-Ата, 1961. — С. 3, 14.*

## ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМНІҢ ЕРТЕГІСІ

“Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде, Тұрсын хан “Қатаған” деген жұртты Тәшкентте билеп тұрды. Тұрсын хан ант етісіп, Есім ханмен бата қылысты, бір-бірімен жау болмасқа: “Күнбатыс Бұқара, Құқан, Самарқанмен жауласуға мен тұрайын, сен күншығысқа қосын қылып аттан. Ұзын аққан Ертістің суының басынан кіріп, аяғынан шық”, — деген соң, мың кісі қосын күншығысқа бет қойды. Ол күнде Шу мен Сарысу асқан соң ұзын аққан Ертіске дейін елсіз, жыртылып айырылған аңнан басқа дәнеме жоқ екен. “Шідертінің өзеніне келіп тынығайық”, — деп қос тігіп жатты, сонда Шүршіт биік қарауылдан қара көрінді, — дейді. “Елсіз-күнсіз далада кім жүруші еді”, — деп аттарын қоя беріп, қаннен-қаперсіз жата берді. Сөйтсе, ол көрінген қара қалмақ қарауылшысы екен. Бұлар бейғам жатқанда, түп көтере аттарын алып кетіп, айдалада мың кісі жаяу қалыпты.

*Мінгені Есімханның алабел-ді,  
Бойында Шідертінің қара көрді.  
Көрінген сол қараны кертағы деп,  
Аттарын шідер салып қоя берді,*

— бұл өлең сол күндерден бері қарай қазақ ортасында жоғалмай, айтып келе жатқан өлең. Аттарынан айырылып, сол мың кісі сол жатқан жерінде он күн жатты. Он күн өткен соң, Есім хан бас көтеріп, сөйледі.

—Азаматтар, шоралар, біз бүйтіп жатпайық. Міне, мен жортар аттың он күнде баратын жеріне бір күнде барамын. Маған еруге жарайтындарың бар ма?” — дейді. “Ол қалмақ он күндік жерге бармай орнықпайды. Не Қоқи ердің көліне, не Балқаш теңізінің қопасына барып бекінді”, — дейді. Біреу тұрып айтты: “Мен жортар аттың он күнде барар жеріне бес күнде баруға жараймын”, — деп. Біреу тұрып айтты: “Мен жортар аттың жетіп барып қонған жеріне жетіп барушы едім, он күнде баруға жараймын”, — деп. Екі кісі белсеніп шықты.

Еңсегей бойлы ер Есім айтты: “Міне, мен бүгін жүремін. Сол қалмақтың бекінген жеріне барамын, бес күнде келетұғын сізді тосамын. Он күнде келетұғын сізді тосамын. Және көкала қолыма тисе, үстіне мінемін, жауға тиемін. “Ұзын оқты Ондан бол, қайдан болсаң, сондан бол”, — деп, айғай-сүрең саламын. Көкала астыма тисе, қалмаққа тағалы торы тай тастамаймын, сонда екеуіңе қолыңа тигенді — ұстатамын”. Міне, сөй деп, қоштасып, жөнеліп берді. Сол күні барды, барса, қалмақ бір қалың жыныс қопаға бекінген екен, айнала қос тігіп, ат біткенді қопаның бір аралына салған екен. Күндіз жанға көрінбей жатады, түнде қопаны аралайды.

Іздеген көкаланы таба алмай, қолына түсіре алмай, тоғыз күн қопаны аралады. Көкаланы көре алмады. Оныншы күн болғанда, жан ұшырып, шарқ ұрып жүрсе, қалмақтың жайсаңы қопаның қалың ортасында, қосын тігіп, көкала ер-тоқым үстінде, қостың босағасында, шылбырын үйге кіргізіп, ұстап отырады екен, “бір айғай шықса, тыныш тұра алмайды, одан соң қолға түсуі жоқ” — деп. Қалмақтар тамақтарын жаңа жеп болып, жауырынды отқа салып, қарасып отырады екен. “Жауырындары не дер екен, тыңдайын деп, көкаланың артына келіп, тұра қалдым”, — депті. Сонда жауырынға қарады да: “Еңсегей бойлы ер Есім, дәу де болса, келген шығар, “көкала қолыма түседі” деп шарқ ұрып, қопаны аралап жүрген шығар”, — десті. Сонда біреуі: “Жауырын былшылдай береді. Бұл Есімханның көкаланы іздеп жүргеніне он күн болды”, — депті. Бірі қарай салып: “Ой, Есім көкаланың не алдында тұр, не артында тұр ғой”, — депті. “Шыға сала, біреуі қарар дегендей көкаланың бауырының астына кіріп

отыра қалдым”, — депті. Жалма-жан біреуі жауырынға қарады да: “Ой, осы Есімнің көкаланың үстінде отыр ма, астында отыр ма?”, — депті. “Жалма-жан ұшып тұра келіп, шылбырының түбінен қиып жіберіп, көкаланың үстіне мініп алдым да, салдым айғайды. Бар міністі қопадан қудым да шықтым, екі жолдас та бір-бір ат ұстасып мінген екен. Баяғы қалған жолдас та жаяу осылай қарай шұбырған екен де, кісі басы бір-бір таяқ кесіп алып, жерге үйген екен, “қаншамыз өліп, қаншамыз қалғанымызды осы таяқтан білейік”, — деп. Сондықтан сол жер “Мыңтаяқ” атанды”, — дейді. Сол жүргеннен бәрі бас қосып жүріп Ертіске түсіп, бөтен жұртпен соғысып, өлгені өліп, қалғаны қалып, мың кісіден қырық кісі қалды дейді. Еліне жақындап қалғанда естіді, Тұрсын хан мұны алдап, қаңғытып жіберіп, Түркістанды шауып, талап, олжалап алып қойғанын. Мұны естіген соң, Есім хан жынданды дейді. Қасындағы жолдастарын өлтіре жаздапты. Байлап қояйық дегенде, қырқын жерге домалатып, бықпырт тигендей қылыпты. Біраздан соң, сылқ етіп құлай кетті. Әрі-бері жатып, басын көтеріп алып:

- *Маған не болды? — дейді.*
- *Сіз жындандыңыз, — десінті.*
- *Онда мені неге байлап қоймадыңдар? — депті.*
- *Әліміз жетпеді, — десінті.*
- *Осы отырған бәрің жабылдыңдар ма?*
- *Жабылдық.*
- *Шамаларың келмеді ме?*
- *Келмеді.*
- *Бір кісі жынданса, қырық кісінің өлі келмепті. Осы отырған қырық кісі жынданса — дүние толы жанның шамасы келе ме? Кел, бәріміз көтеріле жынданайық та осы бетімізбен Тәшкентке кірелік! — депті. Лап қоя шауып, Тәшкентке кіріп, көзіне көрінгенді қырып, хан Тұрсынды өлтіріпті...*

*Қатағанның хан Тұрсын,  
Қай арамды ант ұрсын, —*

деген мақал сонан былай қарай жұрт аузында қалды деседі...”.



1. Есім хан заманында Сарыарқада қалмақтың қоныстана бастаған уақыты, әсіресе Балқашқа қарайғы атырапта. Бұл әңгімеге арқау болған кезекті бір соғыс болса керек (шамаcы 1625-ші жж.). Екі ел арасындағы қарым-қатынас тек соғыс түрінде ғана емес, сонымен қатар, шаруашылық, әлеуметтік тіршілікте көрініс беріп қояды. 1628-ші ж. Есімнің Тұрсын ханды өлтіргені — ол да анық.

*Көпейұлы М-Ж. Таңдамалы. Екі томдық. — Алматы, 1992. — 2-т. — 146-148-бб.*

## ЕСІМ ХАННЫҢ ТҰРСЫН ХАНДЫ ӨЛТІРУІ

“Ел: “Хан жұртынан безді, кетелік!”, — дегеннен бас-қа сөз айтпады. Шолпан жұлдызы туған соң, топ-топ болып Бұқараға, Түрікпен ішіне кетті. Бір кеткендердің соңынан кудыра кісі жібердім, оларды қайтарып келгенше екі-үш бөлігі тағы кетті. Менің қасымда тұрған жақсылар маған: “Бұл халық жұрт болмас, сіз кете көріңіз, біз соңыңыздан барайық”, — деді. Аз-аздан кете-кете мизамның ақыры, ақыраптың басында үш топ болды: біреуі — Бұқараға, біреуі — қазақ ішіне, енді біреуі — маңғытқа көшті. Шәріп-мұқамбет Бұқараға кетті, мен қазақ ішіне кеттім.

Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы — Тұрсын хан еді, ол Тәшкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені алдына қойып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылып, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп, алып барды. Тұрсын ханға: “Бұл Жәдігер хан ұлы Әбілғазы, еш уақыт бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл сіздің қызметіңізде болғаны жақсы”, — деді.

Тұрсын хан: “Жақсы, сенің айтқаның болсын”, — деп, өзімен бірге Тәшкентке алып кетті. Тәшкентте Тұрсын қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді.

Есім ханға: “Сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Имамқұлы хан қасына барайын”, — дедім. “Жақсы айтасың, солай қыл”, — деді. Келіп, Имамқұлы ханды көрдім. Менің Бұқа-

раға келгенімді естіп, түрікпен кісі жіберді: “Әбілғазы келсін, жат жұртта жүрмесін”, — депті. Тұрсын хан Имамқұлы ханның дұшпаны еді, ол өлгеннен соң, Имамқұлы ханның жанында жүрмекке бетім болмады. Имамқұлы хан екі рет Тұрсын қасында жүріп келгенімді есіме салды. Өзбек халқына: “Мен бұл жұртта тұра алмаспын. Сіздер не айтасыздар? — дедім...”

1. Маңғыт — Кіші жүз жеріндегі ноғайлар.
2. Шәріпмұқамбет — Әбілғазының інісі, екеуі бірге ағасы Спандиярмен соғысып, ақыры ел бүлінген соң, кетуге мәжбүр болған. Бұл оқиға 1625-ші ж. болған.
3. Жәдігер — Әбілғазының төртінші бабасы (Әкесі — Араб Мұқамбет, оның әкесі — Қажы, оның әкесі — Әмін, оның әкесі — Жәдігер).
4. Әбілғазы — Хиуа маңындағы өзбек руларына сүйенді. Ол жердегі халық аралас — түрікпен, өзбек, қарақалпақ, қазақ, т.б.

*Әбілғазы... — 189-б.*

## ТҰРСЫН ХАННЫҢ ҚЫЗДАРЫ

“Бұлай болғанда, біздің 9-шы атамыз Сарының қатыны, Тұрсын ханның қызы — Қоңырбике сол 1628-жылы алып келінген болды. Оны қазақтар былай айтушы еді:

— Атамыз Сарыменен бір туысқан інісі, Әлі деген, бір сартта қызметкер болып жүргенде, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріп, Тәшкенді қайта алыпты деп хабар келіпті. Мұны естіген соң, Әлі сарттың жемге байлаған екі атын мініп, елге қарай қашыпты. Жолда келе жатып, әкесінің өлгенінен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсын ханның қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай, елге келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген Тұрсын ханның қыздарын, қанша нөкер қыз һәм жасау, жолдастарымен алып келген соң, Әліге көріп, бастап барған жүлдесіне Қоңыр бикені барша киім, шатыр-сайманымен берген соң, жасау-киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріпті. Сол Қоңырбикеден біздің 8-ші атамыз Кішік пен Мәмбет сопы туыпты.



Есім ханнан соң баласы Жақангер хан болды. Оны қазақ “Салқам Жәңгір” дейді. Одан соң баласы Әз Тәуке хан болды. “Есім ханның ескі жолы” деген жолдан кем қалған бітім жолдарын түзеткен осы еді. “Күлтөбенің басында күнде кеңес” деген жол, бітім сол еді. Бұл Әз Тәукенің тұсында қазаққа қатаған да, қалмақ та, өзбек, сарт та жау болып, Тәшкенді алып, қазақ онда көп тұра алмай, 1652-жылы Әмударияның жағасына ауып, Парсының бергі шетіне барды. Бұл Әз Тәуке Салқам Жәңгірдің, қалмақтың ханының қызы қатынынан туған баласы еді. Мұнан басқа Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уәлібақи баласы бар еді. Жәңгірдің орнына әз Тәуке хан болғанда өкпелеп, Уәлібақи Ғайып ханға кетіп еді.

Әз Тәукенің тұсында қазақ Әмудариясында тұрғанда, бұрын Парсыға қарап тұрған Афшар деген түрік нәсілінен бір Нәдір шақ деген мықты кісі шығып, Парсы жұртын қаратып алғанда, қазақ содан қорқып, қайта ауып Сырдарияға келіпті”.

1. Қазақ шежіресі бойынша: Нұрбике, Айбике — Қаракесек-Шаншарға тиген, Дәулетбике деген бір қыз — Қанжығалыға, Жолбике — Сүйіндікке, Қоңырбике —Тобықтының Сары деген батырына тиген.
2. Қатаған — өзбек-қазақ ішіндегі ел, қазақтар көбінесе — шанышқылы деп атайды, мекені Шақарлы өлкелерде — Тәшкент түбі, одан әрі Жиделі-Байсын, Ауғанстан жерлері.
3. Афшар — Иранды билеген жеті түрік руының бірі, оларды “қызыл бас — қызыл сәлде” атайды.

*Шәкәрім... — 34-36-бб.*

## **КҮЙМЕМЕН КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР**

“Сөзі сенімді, өзі білгір адамдардан естігенім: Олардың үй-жайы аспанның жиегіндей үлкен доңғалақты арбаларға орныққан, бір жұрттан екінші жұртқа түйелермен сүйреп жеткізеді, кәдімгі керуен сияқты. Бір-бірінен қалыспай, іркес-тіркес жүрсе, жүздеген моңғол фарсаңына созылып кетеді. Осындай әр үй бір адамның үй-жайы, себебі ең кедей деген қазақтың жылқысы, түйесі мен қойы мыңдап



саналады. Осы сансыз үйдің иелері, осыншама көрнекті адамның бәрі шетінен батыр, әрқайсысы қалың жаумен шайқасында он жауынгерді байлап-матап алады, он жауынгерге ат жалын құштырып немесе о дүниеге аттандырып жібереді.

Соныменен, олардың көші-қоны туралы айтылғанда, олардың (Қыпшақ) даласының төрінен Еділ өзенінің жағасына күн сайын жылжи отырып, өзінің тамаша сән-салтанатымен, байлығымен, әсем әшекейлер тағылған ақ тиін, манат ішіктерге қымтанып, шымқай жібекке малынып екі ай бойы көшіп, кейде қарды кешіп, қыс қыстайтын қонысына жетеді. Олардың қыстаулары Сейхундариясының жағасына орналасқан, өздері оны — “Сырдария” деп атайды. Жоғарыда айтқанымыздай, Сейхунның жағасы — “най” (түркі тілінде), қамысқа толы, малға отын мол, қонысқа жайлы. Қой саны, шамасы, өскен ағаштан аз болмаса керек, осы қоныстардың шөбі майдай, өмірдің тамызығы, ал бұл тамызық қайтадан малға айналып шыға келеді. Осы солтүстік өлкенің бір ерекшелігі де осында болса керек, бір жағдайдан екінші жағдайға өту жылдам, себебі шөптен алынған азық малға айналады, мал адамға өтеді, ал енді жер мен судың өзі тез арада азыққа айналатындай әсер қалдырады”.

*Фазлаллах ибн Рузбехан. Мухман наме - и Бухара.  
(Бұқаралық қонақтың жазбалары). —  
Москва, 1976. — 94-б.*

## **ЕРЛІК ЖӘНЕ СЕРІЛІК ҒАСЫРЫ** **(XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы)**

Қазақ тарихында XVIII ғ. алатын орны зор. Бұл сын ғасыры. Бірнеше жүз жыл ғана өмір сүрген көшпелі мемлекет Орталық Азия басына түскен ауыртпалықты алдыменен қалмақтармен бірге, кейін өздері жеке көтеруге мәжбүр болды. Себебі, XVIII ғ. — көшпелілер жұлдызы жасқаншақтай төмендеген, ал отырықшылар жұлдызының оңынан туған кезі еді. Ресей мен Қытай тегеуріні ұлан даладағы түркі-мұңғыл тайпаларын қуғыншы қос өкпеден қысқан қасқырдың тағдырына жақындатты. XVII-XVIII ғғ. қазақ-қалмақ арасындағы қарама-қарсылықтың ушығуын тек осы тұрғыдан түсіндірген дұрыс. Мәселе екі ел арасындағы ежелгі жаулықта емес, жаугершілік амалдың жоқтығынан және бірін-бірі бағындырып, сол арқылы күшті молайтып, Ресей мен Қытайға қарсы тұру жоспарынан туындайды. Әйтпесе, 1743-ші жылы Абылайдың қалмақ тұтқынынан аман-есен, үлкен сыйқұрметпен, күшейіп шығуын, 1756-шы жылы Әмірсана үшін қазақтың Қытай империясымен соғысқа түсуін бақаша түсіндіру қиын.

Өз Тәуке хан 1715-ші жылы қайтыс болды. Ол өлгеннен кейін 1718-ші жылға дейін сұлтандардың ішіндегі белдісі — Қайып хан болды, онымен қатар, архив деректерінде Әбілқайыр да аталады. Екеуі Тәуке тұсындағы саясаттың дәстүрін сақтамақшы болып, Ресей мен Жоңғарияға, Бұқараға бірнеше елшілік аттандырды. Бірақ қашанда көшпелілер мемлекетінің салтына тән хан билігінің нығаюына, оның өзін көрсетуіне біршама уақыт керек еді. Бұл сыннан Қайып та, Әбілқайыр да өте алған жоқ. Оған 1717-1718-ші жылдардағы Аягөз, Бөген, Арыс түбіндегі

жеңілістер куә. Ресеймен әскери-сауда келісімін жасаймыз деген үміт іске асқан жоқ. Жоңғариямен бетпе-бет шайқасуға нар тәуекелдеп, хандарының қайраты мен бағы да болған жоқ. Осындай қысылшаң шақта Әбілқайыр 1723-1725-ші жылдары Жоңғария соққысынан Батысқа ауған Кіші жүз елін басқарып жүріп, Ресей шекарасына жақындады. Алдымен (1726-ж.) башқұртпен және Жайық казактарымен территориялық мәселелерді шешу үшін, кейіннен (1730-ж.) бодандыққа біржола қарау үшін ак патшаға елшілік аттандырды. Бодандық Әбілқайыр түсінігінде протекторатқа жақын еді, ол орыс қаруының көмегімен қазақтың ұлыс сұлтандары, хандары мен билерінің мысын басып, билікті өз қолына алуды ойлады. Екіншіден, Хиуа мен Бұқара сияқты оңтүстік өлкесіне қол созбақшы болды. Өкінішке орай, Ресейдің Петр I заманынан бері жоспарлағаны тіпті басқаша болатын. 1722-ші жылы патша қазақ жерін қайткен күнде де, тіпті миллион рубль ақша кетсе де, Ресейге қаратып, оны Шығысқа ашылған қақпа есебінде пайдалану мақсатын қойды. Осы жоспармен 1715-1716-шы жылдары Ертісті бойлап және Каспийді жағалатып жіберген И. Бухгольц пен Бекович-Черкасский экспедициялары сәтсіздікке ұшыраған соң, Ресей патшасына Әбілқайырдың ұсыныс хаты ойда жоқта табылған олжа болды.

Ұлы жүз Жоңғария билігін XVIII ғ. 30-шы жылдары мойындады. Олардың негізгі табан тірер қалалары — Тәшкент маңы қонтайшы билігіне 1725-ші жылы көшкен болатын. Орта жүздің билігі біраз уақыт Әбілмәмбетте болғанымен, оның әлсіздігі, Ресейден төнген қауіп, Абылайдың қолға түсуі себепті 1740-шы жылдары Жоңғария билігін таныды. Қалдан Серен Орта жүз басшысы Әбілмәмбетке ризалық ретінде Түркістанның 32 қаласының кілтін берді және Абылай сұлтанға қолдау көрсетті. Қалалардың қазақ билігіне көшуі көшпелі рулардың бір орталыққа бағыну процесін жеделдетті және елдің материалдық қажеттіліктерін шешуге қажетті жағдай туғызды. Дегенмен, XVIII ғ. бірінші ширегінде солтүстікке қарай жылжу, Арқа жерінде біржолата қыстап қалу, Ресей бекініш-шептерінің айырбас орындарына айналуы — қазақ көшпелілерін терістікке бейімдеп еді. Оның үстіне, Ресей үкіметі





**Қазақ қоғамының потестарлы-саяси құрылымы**  
(XVIII ғ. материалдары бойынша)

**Хан** — Жоғарғы саяси билік иесі

**Нақ** — Хан жанындағы кеңесші

**Аталық** — Ханның сенімді адамы, хан балаларының тәрбиешісі

**Жарғы** — Мемлекеттің заң шығарушы жоғарғы кеңесі

**Қаз** — Халық кеңесі, хандықтың қарамағындағы елдің атқамінер, жауынгер азаматтарының жиыны

**Ұлыс сұлтаны** — Билеуші әулеттің (Шыңғыс тұқымы) ұлыс-елді менгерген өкілдері

**Ел басылар, ру басылар жиыны** — ірі ру одақтары көсемдерінің жиыны

**Ақсақалдар жиыны** — Өте сыйлы, кеменгер, жастары ұлғайған адамдардың кеңесі

**Ру (үру)** — қазақ қоғамындағы негізгі шаруашылық және саяси ұя






көшпелі руларды тәуелді ету ниетімен нан мен ұнды тегін таратып, хан-сұлтандар мен батыр-билерге қысқа ыңғайлы жылы үйлер тұрғызып, өз қамқорлығын көрсете бастады. Түркістан өңіріндегі ерте басталған дағдарыс әсерінен айырбас-саудаға ыңғайлы орта іздеп жүрген қазақтар үшін бұл қолайлы болды. XVIII ғ. 50-ші жылдарынан бастап Қазақ пен Қытай арасында да сауда-экономикалық қатынастары өрістеді.

Ресейдің, Қытайдың шекараны қазақ жеріне таяп, тіпті сұғына кіріп кетуі халық арасында үлкен алаңдаушылық туғызды. XVIII ғ. ортасына қарай бекініс желілері қазақтың солтүстік, батыс және шығыс шекарасын толық көмкерді. Көшпелі рулар біресе батысқа, біресе шығысқа толқумен болды, шекаралық алқаптарда жаугершіліктен, өзара барымтадан, жұттан малсыз қазақтар жинақталып, амалдың жоқтығынан христиан дініне, егіншілікке, малайлыққа өтуге мәжбүр болды. XVIII ғ. қазаққа толық бодандықты мойындатпағанымен, қомақты маргиналдық топтың пайда болуына алып келді. Тарихи материалдар маргиналдардың екі түрі жөнінде мәлімет береді. Бірі — 1725-ші жылы пайда болған “құрамалар” (Тәшкент түбінде), екіншісі — XVIII ғ. соңғы ширегінде пайда болған Орынбор, Сібір шекарасындағы “шоқыншылар”. Біріншісіне қалмақтар кінәлі болса, екіншісіне кінәлі — орыстар. Солай дей тұра, маргиналды топтардың пайда болуына бір себеп — далалық өлкеде көшпелілер санының көбейіп кетуінің әсері екенін түсіну қажет. Мәселен, XVIII ғ. екінші жартысында қазақ ішіне қара қалмақ (Жоңғариядан), Еділ қалмағы, қарақалпақ, башқұрт, қырғыз топтары мол енді.

Тарихи әдебиетте XVIII ғ. қазақ халқының ең бір ауыр кезеңі есебінде суреттеу орын алған. Бұл ғылымға жасалған үлкен қиянат деп білеміз. XVIII ғ. туралы В.В. Радлов: “Өзге халықтар болса, бұл ғасырдың қиындығынан көзі жойылып кетер еді, ал қазақтар үшін бұл тамаша-жарқын кез болды. Олардың малы мыңғырып далаға сиймай жүрді, аласапыран заманда қашанда олжасы үзілген жоқ”, — дейді, ал Ш. Уәлиханов болса: “Қазақтар Қытайға да, Ресейге де мойынсұнбай, емін-еркін ерлік-серілік дәуірін бастан кешті”, — деп жазады. Қазақтардың бағы-



Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы (XVIII ғ. материалдары бойынша)

## *Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы (XVIII ғ. материалдары бойынша)*

*Ақ сүйек* — Шыңғыс тұқымы: төрелер

*Асыл сүйек* — Мұхамбет пайғамбардың жұрағаты (Әли мен Фатимадан тарайтын ұрпақ): қожа

*Тархандар* — қара сүйектен шыққан жоғары лауазым иелері, өкеден балаға қалатын мұрагерлік атақ, төрелер сияқты тархандар да алым-шығыннан босатылған

*Жырау* — көшпелілер қоғамында сөуегей (жрец) қызметін атқарады, ел басқару мен саясатқа араласады

*Қара сүйек* — ру құрамындағы елдің бәрі қара сүйек

*Ру қауымдары* — негізгі әлеуметтік ұялар

*Би* — заңды (жолды) орындаушы және бақылаушы, сонымен қатар, көп жағдайда ру көсемі

*Батыр* — ру жасағының жетекшісі, ірі қолбасшылар, сонымен қатар, кейде ру көсемі

*Бай* — қоғамның ауқатты азаматы, шаруашылығы кемел адам

*Мырза* — қонақжай адам, сонымен қатар, елдің басшысы

*Ер азаматтар* — халық кеңестерінде дауысқа түсетін қарулы, атты адамдар

*Жатақ-байғұстар* — отырықшылық кәсіп (егін) иесі және кедейлер

*Кірме* — сырттан келген адам, басқа елден немесе басқа атадан

*Шалақазақ* — қазақ арасына жартылай сіңген өзге ұлт (этнос) өкілі

*Төлеңгіттер* — хан мен сұлтандардың жанындағы қосын, көбінесе өзге ұлт тұтқындарынан, азат құлдардан, кейде өз руынан қағажу көрген қазақтардан құралады

*Құл-күң* — не жаугершілікте түскен тұтқын, не сатып алынған бөтен ел өкілі (мұсылман-сүнниттерді құл қылмаған болса керек)



на қарай, XVIII ғ. 40-шы жылдарынан бастап олардың көш басшысы болып араларында Абылай сияқты ұлы адам жүрді. Ол Жоңғария, Ресей мен Қытай арасындағы саяси жағдайды оңтайлы пайдаланып, елін заманның қысталаң шағынан аман-есен алып шықты. Әйтпегенде, Қытай қолынан қырылған қалмақ, Ресей жемсауына жүк болмаған башқұрт тағдыры қазақтардың басына нақты төніп тұрғаны аян. Абылаймен бірге XVIII ғ. қазақ тарихына аса зор үлес қосқан тұлға есебінде Бұқар жырауды атаған жөн. Сайып келгенде, Бұқар жырау — қазақ атын жырға қосқан, ұлттық сана қалыптастырған, Отан туралы түсінігін оятқан бірінші жырау. Оның “Қазақтың қамал қорғаны”, “Қазақтың абырой-ары үшін”, “Қазақ деген халқыңнан, батыр шыққан даңқынан” сияқты сөз орамдары XVIII ғ. қазақ этникалық тұлғасы сомдалып шыққанын және оның аморфты — алаш, ноғайлы, қазақ-өзбек түсініктерінен алыстап, жеке отау-шаңыраққа иелік ететінін дәлелдейді. Осыған орай елден де толғауға сәйкес жауаптылықты көреміз. 1740-шы жылы Жоңғар әскери одағының ішіне кірген қазақтар 1756-шы жылдан бастап Орталық Азия көшпелі ұлыстарының тағдырына өз беттерімен жауап бере бастады. Жоңғарияның орыны енді Абылай бастаған Қазақ хандығына өткендей. Тек көшпелілерді сырттан қоршаған орта бұрынғыдан бөлекше еді. Олар үстем, көшпелілік әлсіз болды. Дегенмен, Абылай тұсында Қоқанд пен Қырғызға жасалған жорықтар, Башқұрт пен Қарақалпақты бауырға тарту — көшпелілердің жаңа үлкен мемлекетінің өмірге келгенінің нышаны еді.

XVIII ғ. соңында, әсіресе Абылай қайтыс болғаннан кейін, қазақ тағдыры күрделі сынға түсті. Ресей протекторат шарттарынан шығып, қазақтың ішкі ісіне араласуын көбейтті, хан сайлау дәстүрі Ресейдің ықтиярынсыз іске аспайтын болды. Қазақ жерінен жаңа әскери желілер салынды. Қазақ жерінің шығыс жағы Қытайға қарайтын болды (Алтай және Тарбағатай қазақтары). Қоқанд пен Хиуа оңтүстікке, Жетісуға, Сыр бойына қызығатын болды. Дегенмен де, XVIII ғ. соңына дейін қазақ халқы Еуразия көшпелілерінің туын құлатқан жоқ, мындаған жылдық дәстүрінен тайған жоқ, сапасы мен саны кеміген жоқ, рухы жүдеген жоқ.

## СЫБАН РАПТАННЫҢ ХАТЫ

“1696-шы жыл. Кансидің билігінің 37-ші жылы, 4-ші ай. “1. ... Император бұйырды: Халха, сонымен Ойратия әуел бастан бағынышты иеліктер. Өзара тыныштығы болмағандықтан, біз оларға бейбіт өмір сүруді ұсындық, олар болса өзара жаулықты жалғастырып, соғысқа дейін жеткізді. Қаладан қазірдің өзінде Самарқанд, Бұқара, Қазақия, Қырғыз (Булуте), Жәркент, Қашқар, Сайрам, Турфан, Хамия сияқты мұсылман иеліктерін бағындырды. Соғыспен бағынған қалалар 1200-ден асады. Яғни, (ол) соғысқа әбден төселген мемлекет. Халха оған қарсы шыға ала ма? Барлығы 100 адам шығаратын 7 қошын бір жылдың ішінде қырылады...”

“2. ...Сыбан Раптан жазады: “Қызметкеріңіз қазақтармен соғысты әлі аяқтаған жоқ. Осыдан бұрын Қалдан Тәуке қазақтың ұлын тұтқындап, оны далайламаға жіберген еді. Тәуке болса кейін ұлын қайтаруға көмектесуді, жаулықты тоқтатуды өтініп, елшілік жіберген екен. Қызметкеріңіз далайламаға елшілік жіберіп, Тәукенің ұлын қайтарды да, оның жанына 500 адамды қосып, еліне аттандырды. Тәуке болса, осы 500 адамды түгел өлтірді, одан кейін сіздің қызметшіңізге бағынышты Үркеде батыр тайшыны өлтірді, оның адамдарын тартып алды. Ақыры осының бәріне қоса ұранқайлардың 100 отбасын тонап, алып кетті.

Менің қайын атам, Аюке, қызметкеріңізге өзінің қызын аттандырған, менің әйелімді оның үлкен ұлы Саныци (Санжап) қорғап, аман-есен әкелуге бұйрық алған. Оларға да жолай шабуыл жасалды. Өткен жылдың күзінде қызметшіңіздің көпестері Ресейден қайтып келе жатып, олар да тоналды. Қазақтар қызметшіңізге қарсы бірнеше қайтара қылмыс жасады. Осындай зұлымдықтары үшін қызметшіңіз әскерді көтеріп, оларға аттануға мәжбүр. Ұлы мәртебелі қызметшісін соғысты жақсы көреді екен деп секем алып, қауіптенбесін деп, өз жағдайыммен таныстырып отырмын...”

1. Сыбан Раптан – Жоңғария қонтайшысы, 1727-ші ж. дейін. Бұл құжаттар қытай мен қалмақ арасын жақсы сипаттайды. Екі елдің арасында аңдысу басым екені анық.



2. Тәуке ханның ұлы қалмақ қолына 1682-ші жылғы шабуылда түскен болуы мүмкін. Сыбан Раптан қазақ-қалмақ шиеленісінің жауаптылығын қазақтарға әдейілеп аударып отыр.
3. “Қызметшіңіз” деген сөзді аудармашылар пайдаланған, түп нұсқада басқаша болуы да мүмкін.
4. Аюке — Еділ қалмақтарының ханы. XVIII ғ. басы.

*Дай цин шэньцзу Жэньхуанди шилу. Международные отношения в Центральной Азии в XVII-XVIII вв. — М., 1989. — т. 1. — 59-60-66.*

## ТҮРКІСТАН Өңірінің сипаттамасы

“Түркістанда және басқа қалаларда бекініс жалдар бар, үйілген топырақ жалдың үстінен саман кірпіштен қорған қабырғасын қалаған. Оның жалмен бірге биіктігі үш сажынның жартысы, кей жерінің ені сажын, кей жері одан қалың, кей жері жұқа, жоғары қарай бір жарым, екі аршын болады. Көбінесе қалаларында топырақтан үйген болмаса, кірпіштен қаланған қорған жоқ, ал бірақ топырағы тығыз және үгілмейді, қазылған орлары жоқ. Сол қалалардың бәрінде де бұқарлықтар тұрады, қазақтар аз, қазақтың бәрі егістігі мен жайылымдық жерлерінде, егіні сұйық, жылқысы мен қойы мол, сиыры аз, ет пен сүтті ас қылады.

Ал соғысқа бейім сиқырды Доннан қашқандардан үйренген, соғыс уақытында қазақтар 20 мың, одан да көп болып шығады. Қаруы — садақ пен найза, зеңбіректері жоқ және ұсақ, ұзын оқпанды от мылтықтары аз, ұсталық жағы туралы еш нәрсе белгісіз, ал оқ қару, күкірт, дәрі, қорғасын мен садақты үлкен Бұқариядан алып келеді. Айтуларына қарағанда, оқ-дәріге қажетті жабдықты ащы көлдерден алып, қазанға қайнатып алады, күкіртті Еркен (Жәркент — Ж.А.) қалаларының тұсындағы таулардан алады, қорғасынды Қарнақ қаласында құяды, ал оқ-дәріні жасайтындар — бұқарлық тұтқындар, қызыл мысты Тобыл жолында балқытып дайындайды.

Енді Түркістаннан Сырдың бойымен үш күншілік жолда Өгізтау (Юзуганту), өткен 203-ші жылы қарақалпақпен қаланың алымын жартылай жинайтын болып келісті және қазақтар егін салып бірге тұрады. Және Өгізтаудан төмен



Сырдың қапталында 10 күндік жерде Күршіт мешітіне дейін қарақалпақтар көшіп жүреді. Ерекше қалалары жоқ, қазақпен әскери шаруасы ортақ және барымтамен күн көреді, саны — 6 мың адам, одан аса шығады, мылтығы қазақтікіндей, зеңбіректері жоқ, ел билеушісі — Тобыршақ сұлтан.

Оларға Тобыл жолымен жалғыз жолмен тау арқылы келеді, одан әрі Сырды өрлей, Түркістаннан Сайрамға дейін 3 күн, Ерген қалаларымен іргелес, батыстағы жері Бұқарияға қарай Сырдан әрі 4-ші құдыққа дейін 4 күншілік, ал төртінші жағы Түркістаннан шығыстағы Таласқа дейін түгел қазақтың қонысы. Қалалар жоқ, 6 күншілік жол, қалмақтың Араптанымен (Сыбан Раптан — Ж.А.) жапсарлас.”

1. Сажын — 2,13 м. Аршын — 71,12 см.
2. Үлкен Бұқария — Мәуреннахр алқабын (Бұқара, Самарқанд) айтады.
3. Еркен — Шығыс Түркістан (Жәркент — деген атаудан шыққан).
4. 203-ші жыл — 1695-ші ж.

*Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. ч.1. Л., 1932. — С. 265.*


## ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ТУРАЛЫ

“Кіші жүз қазақтарын сипаттау. Ол ордаға қанша ру кіретіні, жолы, қай рудың күшті, орташа және әлсіз екендігі төменде сипатталады.

Күшті руы — Алшын, ал Алшын екіге бөлінеді: Қаракесек және Байұлы болып. Қаракесек бәрінен де күшті, алты ру, атап айтсақ: Шекті, Қаракесек, Шөмекей, Төртқара, Қаракете, Қарасақал. Осы алты рудың билігі — Әбілқайыр ханда болды.

Байұлы — Қаракесекке қарағанда төмен (жолы), он екі рудан тұрады деп атап айтсақ: Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таздар, Есентемір, Алтын, Шеихлар (ысық), Шеркас, Тана. Осы он екі рудың басшысы — Нұралы сұлтан.

Жетіру — Кіші жүздегі ең әлсіз рулардың одағы, атап айтсақ: Табын, Тама, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Тілеу,



**А** — Рулар бірлестігі.

**Б** — Төрелер.

**В** — Қожалар.

**Г** — Төлеңгіттер.

**Д** — Шалақазақтар немесе кірмелер, өзге этностармен араласып кеткен қазақтар (мәселен — құрама)

**Қазақ қоғамының этникалық құрылымы  
(XVIII ғ. материалдары бойынша)**

Рамадан. Жоғарыда айтылған Жетіру Тәуке ханның кезінде қосылған, оның алдында бөлек жүрген. Ал Алшын екіге бөлінген: Қаракесек және Байұлы болып, рулары көп, олардың күші мығым және алшындар жаңағы жеке-жеке жүрген жеті руды ренжіте берген; қазақ әдетімен барымта жасап есесін алуға шамасы келмеген, сонымен қашанда алшын тарапынан таяқ жеп отырған. Сол себепті аталған рулар Тәуке ханға шағым жасап (Тәуке ол кезде Түркістанда тұрған), есесін беруді өтінген. Тәуке ақылды, кең, қазақтың ұлы құрметіне бөленген басшы ретінде белгілі, бірақ қазақтың дәстүріне байланысты, хан сыйлы болса да, одан қорықпайды, елге өкімі жүрмейді, осыған байланысты жеке-жеке жүрген әлсіз руларға еш көмек жасай алмағандықтан, алшынның таяғынан құтқара алмаған, бірақ жоғарыда аты аталған рулардың бәрінің басын қосып, “Жетіру” деп атапты. Сондықтан алшын тарапынан бір ру жәбір көрсе, қалғандары бірігіп, жетеулеп жүріп барымта алатын жағдайға жеткен. Дегенмен, жетеуінің басы бір жерде қосылса да жалпы алшын алдында әлсіз.

Қазақтың хатқа түсетін заңы жоқ, бірдеме болса ағайын араласып, ауызша ережелермен шешіледі, ал биді сайларда кімді қаласа, екі жақтан соны ұсынады. Би кім кінәлі болса, сол жақты айыпқа тартады, ал күштеп тіпті ханның өзі де жүгініске алып келе алмайды. Кінәлі жақ өз еркімен айыбын мойындамаса, онда даугердің руы түгел көтеріліп, барымта алады...

Кіші жүз екі Борсықта, Ор өзенінің жоғарғы бастауында, Елек пен Жем бойында, Жайық қаласынан Жайыққа құятын өзендердің жағасында, тіпті Гурьев пен Каспий теңізіне дейінгі жерлерде көшіп жүреді.

Орта жүзде күшті ру Арғын, құрамында он алты ру бар, атап айтсақ: Қаракесек арғын, Сары жетім шақшақ арғын, Қарауыл кесек арғын, Атығай арғын, Тобықты арғын, Бәсентиін арғын, Қанжығалы қарауыл арғын, Шаншар арғын, Төртуыл арғын, Алтай арғын, Темеш арғын, Бөрші арғын, Қарпық арғын, Ағыс-қалқаман арғын, Қозған арғын, Қақсал арғын. Бұл рулардың басшылары — Барақ сұлтан мен Абылай сұлтан.

Орта жүзде Найман құрамында он бір ру бар, Арғыннан гөрі төмен, атап айтсақ: Ақ найман, Бура найман,



Болатшы найман, Қаракерей найман, Теріс таңбалы найман, Дөртуыл найман, Көкжарлы найман, Ергенелі найман, Семіз найман, Бағаналы найман, Садыр найман. Осы рулардың басшысы — Қарасақал, тек соңғы кезде оның дақпырты аз. Орта жүзде Қыпшақ тоғыз рудан тұрады және Найманға қарағанда төмен, атап айтсақ: Торыайғыр қыпшақ, Көкбөрі қыпшақ, Тұйықша қыпшақ, Кетібак қыпшақ, Бұлтүн қыпшақ, Қарабалық қыпшақ, Танабұға қыпшақ, Көлденең қыпшақ, Ұзын қыпшақ. Бұл рулардың билеушісі жоқ. Орта жүзде Уақ пен Керей, Кіші жүздің жеті руы сияқты, Тәуке ханның кезінде қосылған, Орта жүздің өзге руларынан жолы төмен болғанымен, бәрінен де бай, бұл үшеуі атап айтқанда: Уақ, Керей, Тарақты. Бұл руларда билеуші — Әбілқайырдың ұлы Ералы сұлтан, ол кезінде аманатта болған. Осы аттары аталған үш руға Төлеңгіт аталатын бір ру қосылды, ал Төлеңгіт дегеніміз — хан сарайының қызметкері.

Орта жүз Тобыл мен Есіл өзендерінің бойында, Ертіс өзенінің жоғарғы ағысында, Көкшетау маңында көшіп жүреді. Ұлы жүзде он ру бар, барлығы да — Үйсін аталады, ал одан бөлінгенде, былай аталады: Ботбай үйсін, Шымыр үйсін, Жаныс үйсін, Сиқым үйсін, Албан-суан үйсін, Сары үйсін, Шанышкылы үйсін, Қаңлы үйсін, Жалайыр. Оларды Тәшкенттегі хан басқарады.

Сол Ұлы жүзде өте күшті ру — Қоңырат бар, ал ол ру Орта жүзге қарайды, көп жылдар болды, олар Ұлы жүзбен қатар көшіп жүр, Қоңырат руы тоғызға бөлінеді, атап айтқанда: Байлар-жандар қоңырат, Оразкелді қоңырат, Құлшығаш қоңырат, Бажман қоңырат, Тоқболат қоңырат, Жаманбай қоңырат, Қаракөсе қоңырат, Жетімдер қоңырат, Құйысқаннсыз (Куюш қансым?) қоңырат.

Үлкен ордада хандарды қазақтың сұлтандарынан сайлайды, қонысы Тәшкентте, бүгінгі күні хандары жоқ, ал хан билігі мұрагерлік жолын сақтамайды, сайлауға байланысты, сол себептен де болар, бұрынғы хандарын біле қоймайды, ол жөнінде жазулы тарих жоқ”.

1. М. Тевкелевтің 1748-ші ж. Ресей үкіметі үшін жасаған суреттемесінен алынды.

2. Найман елінің басшысы — Қарасақал деуі шындыққа келмейді. Қарасақал — қазаққа башқұрт арасынан қашып келіп паналаған батыр.

*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв./  
Сборник документов и материалов. —  
Алма-Ата, 1961. — С. 406-408.*


## УӘЛІБАҚЫ НӘСІЛІ

“Қалмақпен көбінесе ұрысқан біздің Орта жүз еді. Қазақтар үш бөлінерде, күніміз туса, тыныққан соң жиылып, қалмақтан ата қонысымызды алалық деп уағдаласып тарқады. Қалмақтың осы зорлығынан ауып, ішкері орысқа жақын бар-ғандар, 1731-ші жылдарда қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды. Мұнан кейін Ұлы жүздегі Әбілмұқамбет хан тамам қазаққа хабар айтып, жиылып, қалмақпен ұрыспақ болды. Сол кезде өзіміздің Абылай хан жас, бала күнінде Ұлы жүзге келген еді. Оның мәнісі — мынау. Жоғарыда айтылған Салқам Жәңгірдің бір баласы Уәлібақи хандыққа өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы — Ғайып ханға барды деп едік. Оның баласы — Абылай деген бек мықты болып, жекпе-жекке шыққан батырларды өлтіре берген соң, қанішер Абылай атанды. Оның баласы — Көркем Уәлі, одан Әбілмансұр, біздің хан Абылай дегеніміз осы Әбілмансұр еді. Жоғарғы үш атасы да Ғайып хан қолында тұрып, хан болмай өлген. Мұның тұсында Ғайыптың нәсілінен хандық кетіп, жүдеу тартқан соң, Әбілмансұр бала күнінде “қазақ — елім, Сарыарқа — жерім” деп іздеп, үйсін Төле бидің қолына келді.

Төле би басында түйе бақтырып, онан соң жылқы бақтырып, ақырында әр түрлі мінездерінен ұнап, бала қылып күтіпті. “Кімсің?” — десе, “Білмеймін”, — деп, “Атың кім?” — десе, “Сіз қойған ат — атым болсын”, — деген соң, шашы өскен, киімі жыртық баланы — Сабалақ атапты.

Бір күні Әбілмәмбет хан қазақты жиып, қалмақпен ұрысқалы жатыр дегенді естіп келіп, Төле биден рұқсат сұрапты. Төле би: “Балам, саған соғыстан жылқы жақсы емес пе?” — десе: “Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғанша, жігіт адамның өлгені жақсы”, — деген соң, Төле


Қазақ қоғамындағы әлеуметтік байланыстардың түрлері  
(XVIII ғ. материалдары бойынша)





## Қазақ қоғамындағы әлеуметтік байланыстардың түрлері (XVIII ғ. материалдары бойынша)

- I. а). *Ақ үйлі аманат* — өте күрделі халықаралық қарым-қатынас салты, аманатқа берілетін хан мұрагеріне және ел басшыларының балаларына арнап дайындалатын ақ киіз үй
- б). *Елшілік* — жарғы, жиын, қаздың шешімімен шығынын бүкіл ел болып атқаратын шаруа
- в). *Ант-серт* — ел басшылары қабылдайды, ел жауапты болады
- II. а). *Мәжіліс* — үш жүз өкілдерінің жиыны, бас қосуы
- б). *Жиын-той* — бүкіл халықтық мереке
- в). *Кеңес, қаз, жарғы* — бүкіл халықтық маңызы бар қоғамдық шарулар шешілетін кездесулер
- III. а). *Әдет-ғұрып, салт* — жалпы этностық дәстүрлер, елдің басын қосады
- б). *Тіла, әдебиет* — осы халыққа ортақ тіл мен әдебиет, түсіністік құралы
- в). *Дін, наным-сенімдер* — этностың басын құрап бір-біріне жақындастырып тұратын фактор
- IV. а). *Құда-анда* — рулар мен әлеуметтік топтарды бір-бірімен туыстастырады
- б). *Құрдас-тамыр* — туысы бөлек адамдарды бір-біріне жақындастырып тұратын дәстүрлер, шаруашылық мүдде
- в). *Дос, жандос* — туысы бөлек адамдарды жақындастыруға мүмкіндік беретін қатынастар
- V. а). *Ас беру, шүлен тарату* — әлеуметтік өмірді реттеп жеке адамдар мен рулардың қоғамдық қарым-қатынастан тиісті орын алуына мүмкіндік береді
- б). *Конақасы (міндетті)* — баба мұрасы есепті бүкіл қазақ баласының басын қосатын, жауаптылық артатын дәстүр
- в). *Бөлінбеген енші* — қазақ баласына ортақ енші, бір-біріне көмектесуге міндеттейді



би рұқсат беріпті. Барса, қазақ пен қалмақ екі төбеге жиылып, ортасында — қалмақтың Ғалдан Церен деген ханының күйеуі, Хоңтажы деген әскер басының баласы Шарыш деген батыр қазақтан жекпе-жекке батыр сұрап тұр екен. Әбілмансұр ханға барып: “Тақсыр, бата беріңіз, мен мынаған барайын”, — дегенде, хан бата берген соң, Шарышқа қарай “Абылай!”, “Абылай!” деп ұран салып барып, Шарышты өлтіріп, басын кесіп алып: “Жау қашты!” — деп, ұран салып айғай салған соң, қалмақтар қашып, қазақтар қырып, бір мезгілде бір жерге келіп, хан шатырын құрып, Әбілмәмбет Әбілмансұрды қасына отырғызып: “Шырағым, сен кімсің, “Абылайлап” шапқаның қалай?” — десе: “Мен қанішер Абылайдың — немересі едім. Соғыста жолы болған атамның атын ұран қылдым”, — дейді. Сонда Әбілмәмбет хан: “Қарағым”, “Бауырым”, — деп сүйіпті де, халқына айтыпты: “Баяғы Уәлібақының нәсілінен бір жалғыз бала қалды деп естіп едім, бұл сол екен. Сіздер ұнатсаңыздар, үлкен хандық — осының орайы еді”, — деп, халыққа ұнап, үш жүзден тоқсан жақсыны ертіп барып, өздері қасиетті көретұғын — арғын-шақшақ нәсілінен Жәнібек деген кісіден бата алып, Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты. “Абылай” атанғаны жоғарыда “Абылайлап” шапқанынан болар. Абылайдың хан болғаны 1735-ші жылдың маңайы болар. Сонан соң, біздің Орта жүздің жақсылары: “Бұрын үлкен хандар Ұлы жүзде болушы еді. Бұл ханды өзіміз сақтаймыз, қалмақпен көп ұрысатұғын да біз”, — деп Төле биге сый алып барып, Әбілмансұр-Абылайды алып келіпті”.

1. 1735-ші ж., шындығында да, Абылайдың ел бастаған кезі. 1733-ші ж. Сәмеке хан қайтыс болды, оның орынына отырған Әбілмәмбет Орта жүздің билігін көбінесе Абылайға тапсырып, өзі Түркістанда отырды. 1740-шы ж. орыс-қазақ келіссөздері кезінде Абылай өте беделді сұлтан есебінде көзге түседі. Ал нағыз ақ кигізге орап, хан көтерілген уақыты — 1771-ші ж.
2. Абылай хан туралы жазба деректер мен қазақ шежіресінің материалдарын қараңыз: Ж. Омари. Бұқар жырау / “Он екі тарих”. — Қарағанды, 1994.



## 1740-ШЫ ЖЫЛҒЫ ОР КЕЗДЕСУІ

“Бұл екі арада қолжазбада құпия советник Татищевтің ү.м.и. сарайына шақырылғаны, полковник Тевкелевтің құпия советниктің бірсыпыра істеріне разы болмай, наразылық айтқаны, ерекше тексеру комиссия келіп, 1739-шы жылы 17-маусымда Татищевтің орынына Орынбор комиссиясының басшысы болып генерал-лейтенант князь Василий Урусовтың тағайындалғаны, бұл уақытта қазақ жерінде екі керуеннің тоналғаны жайында айтылды. Генерал-лейтенант Орынборға келгеннен кейін қазақ хандарымен жүздеспекші болып, Орта жүз Әбілмәмбетке (ол 1739-шы ж. Орта жүздің ханы болып сайланған) поручик Гладышев пен Таймас тарханды жіберген.

Бұл уақытта, 19-тамызда Әбілқайыр ханның үлкен ұлдары — Нұралы мен Ералы сұлтандар келіп, 22-сі күні генералда болды. (Әбілқайыр хан 1740-шы ж. кездесуге келген жоқ. “Қонысым алыс, науқаспын”, — деп, сәлем айтты, ал, шын мәнінде, Татищев өзіне сеніп тапсырған керуеннің қазақ қолында тоналғанына қымсынған еді. Бұған қоса өзіне Орта жүз ханы Әбілмәмбеттен кем құрмет жасала ма деп тосылды, ол екеуінің әуелден араздығы бар еді. Әбілқайыр: “Генерал-лейтенант өзі әскерімен маған келсін, Сыр бойында қала салынсын”, — деп, өзінің ұсақ қажеттері мен уәждерін айтып, талаптар қойды).

Генерал қазақтың атақты ру басысы — Жәнібек батырға: “Сіздің сіңірген қызметіңізді жақсы білемін, ол үшін ү.м.и. мейіріне лайықтысыз”, — деді. Миллерді тұтқыннан босатуға қосқан қызметін сұлтандар көзінше айтты, Орынборда осы істің баяны анық екенін аңғартты. Осы арада қалада кепілде (аманатта) жүрген Қожақмет келіп, ағалары мен ру басыларына сәлемдесті. Бұдан кейін ү.м.и. адал болуға ант берісіп, қонақасы жеді. Бірінші столда, ортада — генерал, оң жағында — Нұралы мен Қожақмет сұлтандар, сол жағында — Ералы сұлтан мен Жәнібек батыр, одан әрі штаб-офицерлері мен қазақтың 74 ру басы отырды. Қонақасыдан соң ү.м.и. атынан Нұралы сұлтанға күміс қынды қылыш, штуцер, төрт кез қызыл шұға, бір қара түлкі, төрт кез алтын парша, Ералы сұлтанға осындай тарту, Жәнібек батырға күміс қынды қылыш, бір жүп

бесатар, төрт кез қызыл шұға, бір тай камка, бір қара түлкі сый берілді”.

1. Ұ.м.и. — ұлығ мәртебелі император
2. Г-л. — генерал-лейтенант В. Урусов.
3. Штуцер — мылтық түрі

*П.И. Рычков. История Оренбургская (1730-1750). —  
Оренбург, 1896. — 42-б.*

## ЕДІЛ ҚАЛМАҚТАРЫН ҚУҒАН ЗАМАН

“Қазақ ханы Нұралыдан осы әскердің басшысына арнайы келген хабаршы жолды өзгертуге мәжбүр қылды. Ол хабар мынадай еді: қалмақтар Ор өзенінің бастауына соқпай, Мұғалжар тауы арқылы Ырғызға шыққан және шапшаң алыстап барады, хан болса өз ордасының бір болегімен соңынан қалмай өкшелеуде, бар мүмкіндігімен ұрыс салуда.

Хан ақыр соңында Ресей әскерлерінің Ор өзенінің жағалауын қойып, тура Ырғыз өзеніне шығуын талап етеді, біріккен күшпенен қашқын бүлікшілерді тоқтату үшін. Хабаршы осыған қоса бізге тағы төмендегі жаңалықтарды жеткізді: өздерінің хандары мен бірнеше сұлтандары бастаған қазақтар қалмақпен екі рет соғысқан, бірі — Мұғалжар тауларында, екіншісі — Жем өзенінде. Екеуінде де қарсы жақ бас сауғалады, Табуйлу және Арселен деген екі атақты зайсанын жоғалтты, көп адам жеңімпаздардың қолында олжа болып қалды. Қалмақтың мініс атына аса мұқтаждығы туралы бұрынғы хабарды жаушы растады. Осы себептен қалмақ өте мүсәпір халде, қысқы ауыр жолда аттарынан айрылған олардың көпшілігі балалары мен дүние-мүлкінің қалдығын жаяу арқалап барады...”

\*\*\*

“Ханның жіберген адамы бізге ауызша мына хабарды жеткізді:

1) Бұлардың ең бір атақты тарханы — Дәуітбай, өз руын және басқа бағыныштыларын түгел жинап алып, бар

мүмкіндігі келгенше, қалмақты тоқтатпақ ниетпен Торғай өзенінің арғы жағасында тұр екен.

2) Қытай шекарасына жақын көшіп жүрген үлкен орданың (Орта жүз) ханы — Әбілмәмбет Абылай сұлтаннан қалмақтардың Ресей бодандығынан қашып, Жоңғарияға өтпек ниетпен келе жатқанын, өз көне иелігін жаңғыртпақ екенін естігеннен кейін, олардың алдынан өзінің ұлын бастатып бір бөлігін жіберген екен, мақсаттары — қалмақтарды ескі қонысына өткізбеу.

Ауызша айтқан бұл хабарды не тіпті теріске шығаруға, не растауға болмайды. Себебі қазақтардың арасында мақтана білудің өзі өнер деп табылады. Олардың бізге жіберген хабарларының қаншалықты шындыққа жанаспайтынына кейін анық көз жеткіздік.

Осындай сенімді жолбасшымыз болған соң, таңертен түстік-шығысты бетке алып, Торғай өзеніне бастадық”.

1. Бұл оқиға 1771-ші ж. болған. Ресей үкіметінің Еділ бойын игеріп, қысымшылығы асып бара жатқаннан кейін, Еділ торғауыттары өз отандары — Жоңғарияға қайтпақ болып, қыс ішінде үдере көшкен. Сол қашқан елді қуып, Ресейден әскер шықты. Капитан Н. Рычков сол әскердің құрамында болған.
2. Дәуітбай тархан — Шақшақ Жәнібек батырдың ұлы. Тархандық атағы әкесінен мұраға қалған.

*Н.Н. Рычков. Дневные записки путешествия  
в киргиз-кайсацкой степи в 1771 г. —  
СПб., 1772. — 6-19-бб.*

## “ЖЕТІ ЖАРҒЫДАН” ҮЗІНДІ

“Бірінші орынды кек заңы алады: қанға қан, зақымға зақым, ұрлық, тонау, зорлық, зинақорлық өлім жазасына кесіледі. Осы ережелерге сәйкес өлген адамның туыстары қылмыскерді өлтіруге хақылы, ал қолын, аяғын, құлағын, т.б. мүшелерін зақымдаса (шапса) сол мүшесінен айрылуы керек. Дегенмен, билердің шешімі немесе даугер жақтың келісімі бойынша қылмыс үшін кесілетін кесімді ақыны төлеп, жазаны жеңілдетуге болады.

Қылмыскер құн төлеп өзінің жанын сақтап қала алады, яғни әр өлген еркек үшін 1000, ал әйел үшін 500 қой



төлесе. Зақым келтірген немесе біреудің бір мүшесін шауып тастаған адам тиісті жазасына сәйкес белгілі мал санын төлейді. Мысалы, үлкен бас бармақ үшін — 100 қой, шынашақ үшін 20 және тағы сондай.

Кімде-кім Сұлтанды немесе Қожаны өлтірсе, ол туысқандарына жеті адамның құнын төлейді. Сұлтан мен Қожаны ренжіткен адам (сөзбенен) айыпқа бір тоғыз мал береді, ал қол жұмсаса — 27 мал (үш тоғыз үйірімен).

Егер әйелі күйеуін өлтірсе, тек өлім жазасына кесіледі, егер туыстары өтінбесе, кешпесе ешқандай құн оның жанын сақтап қала алмайды. Осы тәртіпке тек аяғы ауыр әйелдер енбейді, олар күйеулерін өлтіргендері үшін жазаланбайды, бірақ өмір бойы жек көрінішті және арсыз атанады. Егер күйеуі әйелін өлтіретін болса, ол өлім жазасынан құн төлеп құтылуына мүмкіндік бар.

Балаларын өлтіргені үшін ата-анасы еш жаза алмайды; тек некесіз туған сәбиін жаман атақтан қорқып (ұялып) өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі.

Өзін-өзі өлтірген (қол көтерген) адамдар бөлек жерленеді.

Егер де әйелді атты кісі қағып кетіп, содан ол зақымданып және содан түсік тастаса, кінәліден мына есеп бойынша айып талап етіледі: бес айлыққа дейінгі сәбиге — әр айына бір жылқыдан; 5-9 ай аралығындағы сәбиге — әр айына бір түйеден. Зорлық адам өлтірумен бірдей және сол себепті кінәлі өлім жазасына кесіледі немесе әйелі үшін күйеуіне, қызы үшін туыстарына құн төлейді; бірақ зорланған қызға үйленсе және ол үшін қалың малын төлесе өлім жазасынан да, құн төлеуден де босатылады... Құдайға тіл тигізгенді, егер жеті куә болса, таспен ұрып өлтіреді.

Егер кімде-кім христиан дінін қабылдаса, оның туысқандары дүние-мүлкін түгел тартып алады.

Құлдардың өз иелеріне арызы еш жерде қабылданбайды. Олардың иесі құлдарға шексіз билік жүргізеді, өміріне, өліміне шексіз билігі бар.

Ата-анасына тіл тигізген немесе қол көтерген ұлды қара сиырға теріс мінгізіп, мойнына ескі қара құрым кигізді байлап, жаңағы сиырды ауылдарды аралатып жүргізіп, оның үстінде отырғанда қамшымен ұрады; ал қыздың аяқ-қолын байлап, не істесең оны істе деп, анасына береді.

Ұрлығы ашылған ұрлаған затын үйірімен үш тоғыз есе қайтарады, ол жаза “айып” деп аталады. Егер мал ұрласа, онда кінәлі түйеге бір құлды, жылқыға бір түйені, қойға бір жылқыны үстеме қылып беруі керек. 100 түйенің нарқы 300 жылқы, 1000 қойға тең.

Егер кімде-кім ұрлық және кісіні қатар өлтірсе, ол екі қылмысы үшін жауап береді.

Отағасының ұрлығын білген әйелі мен балаларына жаза жүрмейді, себебі от басының, ағасының сыртынан сөз жүргізуге рұқсат жоқ. Жүйрік тазы мен қыран бүркітті өлтірген жақтан иесі құл не күң талап етуге хақылы... .

Егер жауапкер билерге сенбесе, оларды ауыстыруды өтіне алады. Егер жауапкер биге келмесе, не кесілген айыпты төлей алмаса, онда оның туыстары немесе ауылдастарынан алынады, олар болса кінәліден өздерінің шешімі бойынша қайтарады.

Қылмысты мойынға салу үшін кемі екі, көбінесе үш куә қажет. Куә табылмаған шақта ант беріледі (жан беру), бірақ не даугер, не жауапкер өздері ант бере алмайды, олар үшін өзінің адалдығы мәшқұр, белгілі адамдар ант беруі керек. Әйел жынысы, сонымен қатар, қызметкерлер мен құлдар куәлікке жүрмейді.

Істің басы-қасында жүрген билер мен ара ағайындарға дауға түскен кесімнің оннан бір бөлігі тиесілі.

Егер кінәлі деп табылған жақ билер шешімін орындамаса немесе ел ағасы қылмыскерді жақтаса және істі шешуден қашқақтаса, онда даугер билердің рұқсатымен барымта жасауға хақылы...

Ханның өзі, барлық сұлтандар, билер мен ру басылар ел шаруасын шешу үшін күз айында, даланың ортасында бір жерге бас қосуға тиіс.

Ел жиынына бір де бір қазақ қалмай, бәрі қаруымен келуі керек. Қарусыз адамға жастар орын бермеуге хақылы, оның дауысы жоқ.


Сұлтандардан басқа, қару көтеруге жарамды әр адам хан мен ел басыларға жыл сайын өз дүние-малының 20/1 бөлігін беруі қажет.

Әр ру, одақ, бөлімшенің өз таңбасы болуы керек. Сол заманда-ақ малға, дүниеге салуға, айыруға үлестіріп берілген”.

**XVIII ғ. көрші елдерге жылына сатылған малдың көлемі:**

- А** — қой
- Б** — жылқы
- В** — түйе-керуен саудасы
- Г** — сиыр — күнделікті қолданыста


(барлық сан шамамен алынған)



**XVIII ғ. басындағы қазақ шаруашылығы**



**XVIII ғ. соңындағы қазақ шаруашылығы**





1. "Жеті жарғы" 1710-ші ж. Қарақұм кеңесінде қабылданды делінеді. Бірақ оған енген ережелер ертеден бері белгілі.
2. "Жарғы" — заң деген ұғымда немесе жоғарғы кеңес деген мағынада. Алтын Орда уақытында көшпелілерге белгілі.
3. "Жеті" — кеңеске қатысушы билер саны.

*А.И. Левшин. Описание киргиз-казачьих  
или киргиз-кайсацких орд и степей. ч. 3. —  
СПб., 1832. — 170-178-бб.*

## ШҮРШІТ ҚЫРҒАН ОҚИҒАСЫ

"1. Цяньлун билігінің 21-ші жылы. 6-шы ай. "Батысты бағындырушы" цзян цзюнь Дардана қазақ-қытай соғысы жөнінде хабар етеді:

Қызметкеріңіз өзінің әскерімен "Жарлы" деген жерге жетіп, барлауға Ябу танды жіберді. Мәлімет бойынша, қазақ жауынгерлері таудың қараңғы, қорқынышты қойнауларына тосқауыл жасаған. Жетінші айдың 3-ші күні Билигунды солтүстік қанаттағы төбені алуға, сонымен бірге, Урдэнді өз жүздігімен қазақтарды таудан алдап алып шығуға жібердім. Өзім мың әскерді бастап, 2 мыңнан асатын әскерге (қарақшы) қарсы шабуылға шықтым. Менімен қатар Цинухун, Тэтунэ Ердене, Али гун, Оши, Ханина, Мин Жуй басқарған оң қанат пен сол қанаттың отрядтары соғысқа кірісті. Сіздің қызметкеріңіз Дардана жалпы басшылықты жасады. Қарақшыларды ержүректілікпен жойып, 570 адамды өлтірдік, 11 жауды тірі ұстадық. Көп адам жаралы болды, садақ оғымен. Одан кейін, 11-і күні, қарсыластарымызды қуалап, Нұра деген жерге жеттік. Қатар сап құрып, алға жылжыдық. Екі мың қарақшыны кездестірдік: жанкештілікпен ұрысқа ұмтылып, 340-ын өлтірдік, тірідей 10-ын ұстадық. Соның ішінде Әмірсана-ның зайсандарының бірі — Чжананьбу қолға түсті. Қызметкеріңіз олардан қинап тұрып сұрады, біздің Қожаберген мен Әмірсана бастаған әскермен соғысқанымыз мәлім болды. Әмірсана, ұлы армия біліп қоймасын деп, өзінің көк байрағын ауыстырыпты, ол ұлы армияға қарсы тұра алмай, бірінші қашты. Онымен бірге, тұтқын қазақ Шолақ және тағы біреуі: "Ағайындымыз, Абылай қарамағынанбыз", — деп айтты. Әмірсананы ұстап беру жөніндегі император гра-

мотасын Абылайға жеткізуге дайын екендіктерін білдірді. Осыған дейін қолға түскен Шорман деген казак, ол да Шолак пен Аралбайдың ағайынды екенін, Абылайға жақын екенін білдірді.

Қызметкеріңіз Аралбайды аманатқа алып қалып, Шолакты 7-ші айдың 12-і күні 15 күнге Абылайға Әмірсананы қайтару жөніндегі бұйрықты жеткізуге аттандырды.

2. Цяньлун билігінің 21-ші жылы, 9-шы ай. “Шекараны белгілеуші” оң фуцзянцзюнь Хадаха казак-қытай соғысы жөнінде хабар етеді:

Бэйцзы Дарчжа өз қарауылының алдынан Баян тауы-нан батысқа қарай жылжып бара жатқан казактың мың адамдық тобы жөнінде мәлімет берді. Қызметкеріңіз (Хадаха) 600 адамдық Саньдубу жасағын казактың алдынан кесекөлденең жұмсап, өзі көмекке аттанды. Біз бірге шабуыл жасап, жеңдік. 100-ден аса адамды өлтіріп, аттар мен арбаларды алдық. Одан басқа 5 адамды тұтқынға алдық. Оларды азаптап, барлығынан бірдей біздің әскердің Абылай әскерімен соғысқанын білдік. Ал Әмірсана мен Қожаберген казак мындығын бастап, Батыс колоннасымен соғысуға кеткен (яғни, Дарданаға қарсы — Ж.А.). Тұтқындар айтты: “Әмірсана казак жеріне аяқ басқаннан бастап, біздің жүздің көрі ақсақалдары: “Ол шүршітке бағынып, төрт ойраттың түбіне жетті. Енді оған сатқындық жасап, біздің жерімізге қашып келді, сонымен бізге бақытсыздық әкеледі. Егер оны ұстап алып, қайтарып бермесек, ешқашан тиыш өмір сүре алмаймыз”, — дейді. Бірақ, Абылай: “Әмірсана өлім-нен қашып қарағанға қорғалақтаған торғайдай. Оны ұстап алып, шүршітке беру — арға сын”, — деп, Әмірсанамен келісім жасап, казак руларынан әскер жинақтауға бұйырды.

Абылай алдыменен мың адамдық топты басқарып, Қазылық маңына келді. Осы жерде ол ұлы армиямен соғысып, оның күдіретін көрді, жеңілді. Бірақ, оның алдында ұлы армияның жылжығанынан хабар алып, өз ауылдарын алыс қоныстарға көшіріп жіберді...

Одан басқа, Абылайдың тағы бір отрядымен, Бөгенбай бастаған, шайқаста 20 адамнан көп өлтірдік, 1 адам тұтқын, 40 ат олжа.

Абылай мен Бөгенбайдың соңына түстік. Қаракшылар шашырап кетті.



3. Цяньлун билігінің 22-ші жылы. 2-ші ай. Император жарлығы:

Былырғы жылы сатқын және көтерілісші Әмірсана қашып, Абылайға тығылды. Біздің Батыс және Солтүстік бағыт әскерлерінің басшылары кінәні бір-біріне тағады. Дардана батыс бағыттың әскерін бастап, Әмірсанаға аз-ақ қалды, бірақ ақымақтықпен айрылды. Солтүстік әскері, Хадаха, Абылайдың қай жерде екенін біліп отырып, уақытты созып, оны қолға түсіре алмады. Алғашқы уақытта қумай, әскерді тоқтатып отырды, соғыс ісінде ұсақ-түйек болмайды, енді келіп, міне, бір-біріне жауаптылықты артып, қолдан шығарды. Бір-бірін кінәлауға бола ма?

Біз қолынан түк келмейтін адамдарды алыстағы жорыққа пайдаландық, бір шешімге келу қиын. Жорыққа барғандардан сұрасақ, олардың айтқаны бір-біріне сәйкес. Ақтайтын еш еңбектері жоқ. Дардана, Хадаха және басқа әскер басылардың бәрі қателескен, оларды бұрынғы орнында қалдыруға болмайды.

Дардана мен Хадаха ақ сүйек тұқымынан шыққан. Оларды атақ-лауазымдарынан босатуды бұйырамыз, олармен бірге екі армияның лауазымды адамдарын, әскер басыларын жазалау керек”.

1. Бұл үш құжат 1756-1757-ші жж. қытай-қазақ соғысын айғақтайды. Қазақтар көшпелілердің тәсілімен қаша соғысып, Сарыарқаға дейін шегінген, қуудың қызығына түскен қытай армиялары қыстың аязы мен боранына қалып, қатты азап шегіп, көп адамын жоғалтып, әзер деп еліне жетті (20 мыңның 3 мыңы). Текст қытай тілінен аударылған, терминдері сол қалпы, қазақтарды, кейде “қарақшы” деп те атайды, көшпелілерді солай атау қытайда ежелден бар.

*Цинская империя и казахские ханства XVIII-XIX вв. /  
Сборник документов и материалов. —  
Алма-Ата, 1989. — т. 1. — 109-112-бб.*

## ҚАЙЫП ХАН II — МУНИС ШЕЖІРЕСІНДЕ

“Қайып хан. Ол Батыр ханның ұлы. Өз өмір соқпағының басында ол қазақтан кетіп, Бұқараға барды және Нәдір



шақ Мәуреннахрды иеленген уақытта, соған қызмет істеуге келді. Үлкен соғыстар мен жорықтардың кезінде ол шаһ маңында жүрді. Қораз бекпен бірге, күн Арыстан шоқжұлдызына қонақтаған кезде, яғни 1746-шы жылдың шілде айында келіп, хорезм шаһтарының тәжіне ие болды. Ол таққа отырған соң, екі күн өткенде Қораз бек Әбілғазы ханның нөкерлерінің ішінен Артық инақ пен Саидалы биді өлтіруге тікелей қатысқан 18 адамды өлтірді.

Оның заманында бағыныштылары тыныштық кешті, ал мемлекет ісі Қораз бектің қарауында, билігі қолында болды. Қайып ханның атағынан басқа ештеңесі де болған жоқ.

Әңгіме. Сенуге тұрарлық әңгімешілердің айтуынша, Қораз бектің өліміне мына жағдай себепші болған. Тауық жылы, 1751-1752-ші жылдардың айларында, Мұқамбет найман инақтың ұлы — Күшік бек Гүрленде мас болып, бір жесір әйелді қатты ренжітсе керек. Бұл уақытта хан Шайх Жәлел тауы маңында аң аулап жүреді. Жаңағы жесір әйел сол жерде ханға арыз айтып келеді. Хан Мұқамбет инаққа ауызша сөзбенен қылмысы туралы ескертіп, қалаға келген соң, Күшік бекті, жақын нөкерлерімен ұстап, қамап қояды.

Қораз бек маңғыт руына тиесілі бос жатқан, игерілмеген жерлерді көркейтемін деп Гүрленнен оңтүстікке қарай арық тартып жатады. Осы оқиғаны естіп, ауыр ренжіп, Хиуаға келеді де, ханның рұқсатынсыз Күшік бекті жабылған жерінен босатып және ханның атына бірсыпыра ретсіз сөздер айтады. Осы себептен ханның жүрегін жек көрушілік өртеп, қайткен күнде де өлтірсем деген ой келді. Келесі күні, ол (Қораз бек) қабылдауға келгенде, оны мылтықпен атып өлтірді, оның соңынан Шәкір бекті де аттандырды. Қораз бектің жақын адамдарынан он адам және маңғыттың бас көтерерінен алпыс адам өлім жазасын алды. Бұл рудан Артық инақ алты жыл, Қораз бек бес жарым жыл бүкіл Хорезмді жеке билеген еді. Олардың күндерінде қатал қанау, ойына келгенді істеу және бетімен кетіп заңды мойындамау, бұлғақ күшейген еді. Дегенмен, мырзалығы жағынан, олар Атымтайға жақын еді. Бекабад Қораз бектің салғызған туындысы болады.

Осы оқиғадан кейін Қайып хан билік ісін өз қолына алды. Оның арты қанаудың шектен тыс артып, қанағат

көлемінен шығып кетуіне ұласты. Ол бес қаланың қауымдарына 40 мың тіллә салық салды. Ол бақытсыздар мен кедей-мүсәпірлердің көз жасына қарамады. Осы себептен Қыпшақ Матан аталық, найман Ибрахим инақ және нүкүз Ешнияз наиб, оны Шаңқай деп те атайды, Күрленде бас көтеріп, ал Үргеніштен Бабаджан Ақсақтан қолдау тапты.

Осы себептен хан қорқып, 1756-шы жылы, сиыр жылы болатын, өзінің мұрагері қылып кіші інісі — Қарабайды қалдырып, “Ұлымды көремін”, — деп, көп әскермен келген әкесі Батыр ханға қосылды. Олар Бақ Мұрат деген жерде жолығып, содан Дәшті Қыпшаққа аттанды, сол кеткеннен Әуез инақтың тұсында, көп жылдар бойы хандық қызметінен кейін қайтыс болды. Хорезм иелігінде оның билік құрған уақыты — 11 жыл. Біз оның 30 ұлы бар деп естідік. Әбді-Әзіз хан, Шахғазы хан және Жәңгір хан соның ішінде. Алла бұйыртса, енді солар жөнінде әңгіме қозғап корейік...”.

1. Нөдір — парсының афшар әулетінен (қызылбас) шыққан билеушісі. XVIII ғ. ортасы, 1740-шы ж. Хорезмді, Бұқараны жаулап алды.
2. Хиуа-Хорезм-Бес қала — Сырдың төменгі ағысындағы әр түрлі өзбек, түркімен, қарақалпақ рулары мекендеген өлке, ара-тұра қазақ, түркімен, парсы бұл елдің билігіне араласып отырған. Оған себеп — бір-біріне мойынсұнбайтын рулық құрылымы.
3. Гүрлен — Хиуадан батысқа қарай орналасқан елді мекен.
4. Атымтай — Хатымдай, араб ауыз әдебиетіндегі мырзалықтың үлгісі саналатын кейіпкер.
5. Қайып II-ші деуімізге себеп, оның атасы, яғни Батырдың әкесі де, Қайып аталған, 1718-ші ж. өлген хан.
6. Хиуа мемлекетінің тағында билік құрған қазақ төре-лері туралы қараңыз: Артықбаев Ж.О. Қазақ этнографиясы: қоғам және этнос. XVIII ғ. — Қарағанды, 1995.

*Мунис (Шер Мұхамбет бен Әмір Ауез би мираб) /  
Феродоус ал Иқбал. Материалы по истории  
Казахских ханств XV-XVIII вв. —  
Извлечение из персидских и тюркских сочинений.  
Алма-Ата, 1969. — 469-470-бб.*



### **XIX ғасырдағы ҚАЗАҚСТАН (Өліара кезең құжаттары)**

Көне замандардан бері қазақ жері көшпелі елдердің құтты қонысы болып келді. Дүниежүзі үлкен өзгерістерге түсіп жатқан уақыттарда бұл өлке бірқалыпты ырғақпен ғасырдан ғасырға шығып отырды, не бір күрт даму, не бір әлеуметтік қайшылық бұл қоғамдарға тән емес еді. Тек табиғаттың әсері, ішкі демографиялық өсу, жер тапшылығы және рухани еркіндік, жауынгерлік дәстүрлер оларды қозғалысқа итермелейтін. Сәтін салғанда, көшпелілер дүниежүзілік империялар құрып отырды, Батыс пен Шығысты судай сапырылыстырды, отырықшылықтарды бағындырып, мемлекеттер құрды. Осы үрдіс XVIII ғ. соңына дейін қазақ-жоңғар ортасында өз жалғасын тауып келді. Ал, енді, XIX ғ. ол заңдылықтардың шеңберінен шықты. Оған басты себеп — қазақ жерінің осы ғасырда Ресейдің нақты отарына айналуы деп білеміз. 1822-1824-ші жылдардағы “Жарғыларға” дейінгі қазақ бағыныштылығын протекторат деп атағанымыз жөн (өзге елдің қамқорлығына көшу, ішкі жағдайындағы тәуелсіздік), 1867-1868-ші жылдардағы “Уақытша ережелерге” дейінгі бағыныштылықтың түрін “вассалдық” деп атаған келіседі, себебі ол — белгілі дәрежеде алым-салығын төлеп, сыртқы тәуелсіздіктен қол үзумен байланысты. Таза отарға (колонияға) айналу — “Уақытша ережеден” кейін ғана болған жағдай. Оның бір белгісі — қазақ жерінің иесі болып Ресей империясының атануы, әкімшілік биліктен қазақты ығыстыру, әлеуметтік топтардың (төре, қожа, төлеңгіт) жойылуы, елдің тұтас қара боданға айналуы. Сонымен, XIX ғ. қазақ үшін үш ғасырдың жүгін көтеріп келді десек, артық айтқандық болмас.





Қазақтың солтүстік өлкесіндегі Ресей әсері алдымен кең тараған қайыршылық болды (әсіресе, С. Датұлы көтерілісінен кейін үдеп кетті), малдан айырылу (жер тапшылығы және сауданың кесірінен) егіншілік кәсіптің кең тарауы, шөп шабу, саудаға бейімделуден сезілді. А.И. Левшиннің жазуынша, XIX ғ. басында әр жылы қазақтар Ресейге I млн. қой, 100 мың жылқы сатқан, осынша малды Қытай, Бұқара, Хиуа елдеріне жөнелткен, яғни қазақ әлі де малды ел болған.

Оның бір айғағы XIX ғ. бірінші жартысында ел ішінде 10-20 мың жылқысы бар байлар сирек болмаған. XIX ғ. екінші жартысында мал саны шектеле бастайды, егер дәстүрлі кезеңде малдың негізгі қоры орта шаруада болса, ғасырдың соңына қарай аз малдың өзі байлардың қолына жинақталғаны аян. Осыдан-ақ Қазақстандағы әлеуметтік ірі өзгерістердің басы мал шаруашылығындағы дағдарыспен байланысты екенін аңғару қиын емес. Әрине, егіншілік және өзге кәсіптер (мұжыққа, орыс-қазаққа жалдану, жәрмеңке саудасына араласу, өндірісте жұмыс істеу) мал шаруашылығынан босаған жұмыс қолын өзіне сіңіріп жатты. XIX ғ. бірінші жартысында Қазақстан жерінің негізгі халқы қазақтар еді. Қалыптасқан дәстүр бойынша олар руларға бөлініп, ал рулар жүздерді құрады. 1822-1824-ші жылдары қабылдаған “Жарғылар” қазақ этноәлеуметтік тіршілігінің осы заңдылықтарынан аса алмады. Хан билігін жойғанымен, рулық байланыстар сақталды, бұрынғы ұлыс сұлтандардың орнына аға сұлтандар отырды. Тек “Жарғы” қазақ ішіндегі әдет-ғұрып заңдарына көп кесел келтіріп, мәселен, билер институтын әлсіретті. Тіпті ру басыларын аға сұлтанды сайлауға енгізген жоқ. Осы шара арқылы патша үкіметі көшпелілердің басқарушы элитасын екіге жарып тастады, сұлтандар мен би, батырлардың өзара жаулығын қоздырды. 30-шы жылдары бұл күрес өршіп, әкімшілік тәртіпке үлкен нұқсан келді. “Жарғы” бойынша руларды территориялық тұрғыдан болыстықтарға бөлгенімен, нақты шекара орнату мүмкін болмады. Негізгі өзгерістер тізбегі 1867-68-ші жылдары басталады. Оған басты себеп — осы жылдары қазақ өлкесінің Ресейдің ішкі колониясына айналуы деуге болады. 60-шы жылдары Қоқанд және Хиуа билігіндегі Түркістан

өңіріне қарулы қол жіберіп, қалаларды (Тәшкент, Шымкент, Әулие ата) бағындырған соң, империя шекарасы Бұқара әмірлігіне шықты, тіпті әмірдің өзі де бағыныштылығын мойындады.

Осыған қарамастан, көшпелілер XIX ғ. бірнеше дүркін ірі көтерілістерге шығып, өз тәуелсіздіктерін қорғап бақты. Шынтуайтына келгенде, оларды ұлттық-азаттық дегенімізбен, көшпеліліктің Ресей әкелген жаңа өмір-салтына қарсы реакциясы деген жөн. Мындаған жылдар бойы еркін өмір сүрген шаруашылық-әлеуметтік система реформалармен бірге енген жерге бөліну, алым-салық, кәсіпке бейімдеу, әкімшілік жүйені, т.б. қабылдай алмады. Мысал ретінде, Бөкей ордасында 30-шы жылы өрістеген Исатай мен Махамбет көтерілісін айтуға болады. Бұл көтеріліс — Жәңгір ханның Орда жерінде жүргізген реформаларына қарсылықтың ең ушыққан түрі. XIX ғ. қазақ жерінде белең алған көтерілістердің ішінде К. Қасымов бастаған 10 жылдық күресті ғана “ұлт-азаттық” деп атауға негіз бар. Себебі, басқа көтерілістерге карағанда, Кенесары мен оны қоршаған әлеуметтік топтардың өз бағдарламасы, ұлттық-мемлекеттік мұраттары болды. Оның ең басты талабы — Абылай хан тұсындағы еркіндікті сақтау, ішкі шаруада тәуелсіз болу, Ресейді тек сырттай ғана мойындап өмір сүру. Үлкен күреске жалғаспағанымен, Арынғазы бастаған қозғалыстың мақсат-міндеттері Кене ханның жоспарымен тоғысады. Қазақ жеріндегі XIX ғ. соңғы көтеріліс (1870-71-ші жж.) — Адай руының ішіндегі реформаға қарсы қозғалыстың нәтижесі. Бірақ бұл көтеріліс қазақ руларынан қолдау таппай, шектеулі аймақты ғана қамтыды. Бұл да болса көшпелілердің әлі де ұлттық міндет-мақсат қоя алмайтын, бір-бірін ортақ мақсат жолында қолдай қоймайтын қасиетіне байланысты.

Ресей отаршылдығының оң нәтижесі болды ма? Бұл мәселе қандай тарихшыны болмасын толғандырмай қоймайды. Қай ел үшін болмасын, отар болу үлкен бақытсыздық, соның ішінде еркін көшпелі ел үшін бодандықтан асқан сорлылық жоқ. Қандай ел болмасын, өз бос-тандығын өз еркімен бермейді. Бірақ отаршыл ел де, адамзат дамуынан қол үзбейді, жақсылық пен жамандық оған да тән. Ресейдегі 60-шы жылдардағы реформалар капиталистік



дамудың көзін ашты. Әр түрлі реформалар-дың (заң, оқу-ағарту) шапағаты қазақ жеріне де түсті. Осының нәтижесінде “оқуға сенген — ұмытшақ, жазуға сенген — жаңылшақ” деп келген қазақ оқу-білімге бас қойды. Бас-аяғы 20-30 жылдың ішінде жаңа заман талабына сай зиялы қауым өсіп шықты. Оның көрнекті өкілдерінің бәрі де Ресей жорғарғы және орта оқу орындарынан өткендігін ескерген жөн. XIX-XX ғ. шектескен тұсындағы осы зиялы қауымның жанқиярлық қызметі мен қайраты қазақ елін этнос және қоғам есебінде апаттан (жойылып кетуден) аман алып қалды.

Сонымен қатар, XIX ғ. — ісләм дінінің бұрын-соңды болмаған дәрежеде қанат жайған уақыты. Қазақ жерінде мындаған мешіттер салынып, оның шәкірттері Орта Азия мен Еділ бойы оқу орындарының ғұламалық бұлағынан сусындады. Екі ғасырдың тоғысқан тұсына қазақтар иманы бұзылмаған қалпында келіп килікті. Көшпелілерге тән ит жандылық пен ісләм діні сіңірген иман қазақтың талай апаттан аман өтіп, осы күнге дейін жетуінің басты кепілі болды.

XIX ғ. екінші жартысында жер мәселесі қара шекпендердің қоныс аударып, қаптап келуіне байланысты ауырлады. Ең шұрайлы деген жерлер солардың үлесіне көшті, бұл саясат патша заманындағы ең бір ауыр, кесапаты Совет (Кеңестік-*ред.*) дәуірінен кем емес саясат еді. 1916-шы жылы қазақ жерін түгел қамтыған көтерілістің бір басты себебі — осыдан келіп туындағаны анық. Дегенмен, XIX ғ. соңы — XX ғ. басында халықтың ұлттық құрамында өзгерістер болғанымен, қазақтың үлес салмағын тым азайтқан жоқ, олар саны жағынан өзінің үстемдігін сақтап қалды.

Оның үстіне XX ғ. басында ауыл-болыс, ояз болып жүрген халықтың басын қосатын амал — газет-журнал шығару ісі қанат жайды. Қазақ сауатты, кітап оқығыш халық қатарына ене бастады. Әрине, ол кітаптардың көпшілігі діни тақырыпта болғанымен, арасында жаратылыс ғылымы мен көркем әдебиет те кездесетін. Шежірені жариялау да осы кезеңнің жемісі.

Қазақ халқы өзін мемлекет ретінде XV ғ., ұлт есебінде XVIII ғ. сезінсе, XIX ғ. басында одан айырылса, аяғында

кайта жаңғыртты. Сондықтан оқу-білімге деген ұмтылыс — “ұлт-азаттық қозғалысы” деуге лайық.

## “СЫРЫМ БАТЫР”

“Қазақ мемлекеттігінің орнықтылығы және тәуелсіздігі ішкі ұйымдастыру ісіне ғана емес, мұның үстіне сыртқы қатынастарға да байланысты екендігін Сырым жақсы біледі. Ол империямен жақындасу қажеттігін және осы жақындасудың қандай экономикалық нәтижелері болатындығын жақсы түсінеді. Бірақ империя тарапынан агрессиялық әрекеттер болуынан үнемі қауіптеніп отырады да, ол патша үкіметіне сенбейді. Халық бұқарасының көтерілісіне басшы болып жүріп, ол генерал-губернаторға бір мәрте де барған емес және барамын деп, ізденген де жоқ. Соғыс жанжалының қалай да болмай қоймайтындығын ол алдын-ала көрген, Патша өкіметтерімен сөзге кіріскенде, Сырымның дұрысында көздеген бірден-бір мақсаты: жүз ішіндегі ішкі күреске уақытша болса да, патша өкіметтерін араластырмау, сұлтандарды патша әкімшілігінің қолтықтауынан айыру. Бұл мақсатқа Сырым жетеді, генерал-губернатордың патша әкімшілігін жүзді басқару системасына сіңіру жөніндегі жоспарлары, анығында, жокқа шығарылады. Патша өкіметтерімен арасының ашылуын Сырым таяу уақытқа күтеді. Ол соғысқа әзірленеді, бірақ, мұнымен қатар, ішкі алауыздықпен берекесі кеткен, әлсіз қазақ мемлекеттілігінің күш-қуаты айбарлы Россия империясына сай келмейтіндігін ол жақсы біледі. Халық аңызының айтуына қарағанда, ол империямен соғыса қалған күнде, Орта Азия халықтарының бәрінің күшін біріктіріп барып қана жеңілмей шығуға болады деп есептеген. Бұл халық аңызына біз сене аламыз, өйткені ішкі саяси ұйымдастыруда да Сырым бірлікке ру старшиналарының бірауыздылығы арқасында жетемін деп есептеген. Ру старшиналарына Сырым халық бұқарасының әкімдері деп қараған. Біз тағы бір аңызға сене аламыз, бұл аңызда патша үкіметімен арадағы болашақ жанжалдарда жеңіле қалған күнде Сырым көбінесе империямен шектес аудандардағы тіршілікке өте қажетті мал



жайылысынан қалай да айрылатындығын уайымдайды. Осы аңыздарының бірінде мынадай делінген: Сырым Хиуа ханымен сөйлескенде, оның алдына Россиямен соғыса қалған күнде деп, үш шарт қояды: “Біріншісі — Хиуа қазақтарға қару-жарақпен, адамдармен, атпен және азық-түлікпен көмек-тесуге тиіс; екіншісі — жеңіле қалған күнде Хиуа хандығының жерінен қазақтарға қоныс берілуге тиіс, сонда Сырым қазақтардың осы жерге ескіден келе жатқан правосы бар екендігін еске салады; үшіншісі — қара қалықтардан бұрын қазақтарға тиесілі мал-мүлікті қайтарып беру”.

Дегенмен, патшалық Россиямен қалайда соғыс болмай қалмайтындығын ұғынып, Сырым мұнымен қатар, сол соғысты болдырмау үшін немесе кешеуілдету үшін барлық шараларды қолданады”.

1. Сырым батыр бастаған қозғалыс 1783-1793-ші ж. аралығында болды. Бұл қозғалыс хан билігінің Ресей отаршылдарының қолында ойыншық болуынан туындады.

*М.П. Вяткин. Сырым батыр. —  
Алма-Ата, 1952. — 270-271-бб.*

## СІБІР ҚАЗАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ

### Кіріспе

“3. Бұл қазақтар жөніндегі ерекше Жарғы: біріншіден, басқару міндеттерін, екіншіден, қазақтар туралы өзге ұлттардан (бұратаналардан) бөлек шешімдерді, үшіншіден, Жарғыны іске енгізу жөніндегі тәртіпті тиянақты баяндауға арналады.

### Бөлінуі. Бірінші тарау.

4. Линиядан тыс қазақтардың қазіргі жағдайына орайлас олардың көші-қон жері болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінеді, ал олар қазіргі атауларын сақтайды.

5. Ауылда 50-70 шаңырақ, болыста 10-12 ауыл болуы жалпы талап етіледі.

6. Болыстарды басқаруға ыңғайлы болу үшін, олар округтерге бірігеді.

7. Округтің құрамында жалпы 15-20 болыс болады.



## **Басқару. Екінші тарау.**

19. Әр округта Округтік Приказ (Дуан — Ж.А.) құрылады.

20. Приказда Аға сұлтанның төрағалығымен Облыс бастығы бекітетін екі Ресейлік заседатель және сайлау бойынша екі сыйлы қазақтан заседатель.

21. Округтік Приказдың кеңсесі, аудармашылары мен тілмәштары штат бойынша болады.

22. Округтік Приказдың полицейлік (жазалаушы) және сот билігі бар.

23. Округтің ішкі тәртібін шекаралық казактар командасы құрайды, олар, мүмкіндік болса, сол жерге қоныстануы керек.

### **Жазалау тәртібі. Үшінші бөлім.**

59. Барлық сұлтандар өздеріне бағынышты болыстармен Округтік Приказға тікелей бағынады.

62. Халықты қорғау, қиыншылық болса, керекті көмекті көрсету.

63. Ағарту, еңбекке үйрету және шаруашылық пайдасына әр адамды, барлығын баулу.

64. Қазаққа тән күнделікті тәртіпсіздікті (тонау, барымта, үкіметке мойынсұнбау) өте тез тыюды барлық күшпен қолға алу.

113. Сұлтанның рұқсатынсыз бір жерден екінші жерге көшуге тиым салу.

### **Шаруашылық тәртібі. Төртінші бөлім.**

117. Аға сұлтандар, Округтік Приказ мүшелері мен болысты басқарушы сұлтандар, сонымен қатар, емші, хатшылар, аудармашылар мен тілмәштар, келісімді түрде штат бойынша жалақысын алып отырады.

118. Жаздың соңында қазақтардан жылдық жасақты малмен жинау: жүз бастан біреу, түйелерден жиналмайды.

119. Нанға қазақ тарапынан елеулі сұраныс болмаса да, аурудан малдары қырылып қалса, аштықтан сақтау үшін деп егіншілікті қолдау, әр округте қазыналық нан саудасын жасау, сатуды ұйымдастыру.

171. Далаға (қырға) қоныстанған казактарға 15 десятиналық көлемде жер беру.

172. Егіншілікпен айналысам деген немесе шаруашылық құрылысы бар әр қазаққа 15 десятинадан жан басына беру.

**Сот тәртібі. Бесінші тарау.**

205. Барлық сот ісі қазақтарға байланысты үш түрге бөлінеді: а) қылмыстық; б) тұрмыстық дау; в) басқару тәртібіне қарсы арыз.

206. Қазақтарға байланысты қылмыстық істерге: 1) мемлекетке сатқындық, 2) адам өлімі, 3) тонау мен барымта, 4) үкімет орындарына ашық бағынбау жатады.

209. Қылмыстық істі қозғау Округтік Приказ тарапында.

215. Қылмыстық істер ауылдар мен болыстарда билердің араласуымен атқарылады.

216. Билер ол істерді ауызша, бірақ қазақтардың дәстүріне, ғадетіне сәйкес шешеді.

**Ерекше шешімдер. Алтыншы тарау.**

244. Қазақтардың осы күнгі діні мұсылмандықтан гөрі мәжусиге мазмұн жағынан келетін болғандықтан, оларды көптеп шоқындыруға үміт бар. Облыстық басшылық күштемей, ақылға салып, үгітпен жұмыс істесе, Қырға арналған ерекше діни миссияны шақыра алады.


245. Әр қазақ өзінің ұлын Империяның ішіндегі кез келген оқу орнына жалпыға тән тәртіп бойынша орналастыруға құқылы.

1. 1822-ші ж. қабылданған бұл Жарғы 10 тараудан тұрады. Барлығы 319 ережесі бар.
2. Жарғы тек Сібір қазақтарына, яғни Орта жүзге арналған, ал Кіші жүздің жерінде жеке "Орынбор қазақтары туралы жарғы" қабылданды, 1824-ші ж.

*А.И. Левшин. Описание... Ч. 3. – С. 243-301.*

## **ҚАСЫМ СҰЛТАННЫҢ ХАТЫ**

“Сіздің құзырыңызға жеткізуді өзімнің міндетім санаймын. Менің қазақтарымның (ордыңы) арасында еш тыныштық жоқ, бұл жағдай мені өте ренжітеді. Оның үстіне, Омбы бастығы генерал Капцевич Кокшетауда жиылыс орнын (қала салу) ашты, ол жер біздің жерде, қазаққа қарасты қыр өлкесінде; онымен қоймай, біздің сұлтандар мен



**XIX ғ. 60-90 жылдарындағы Қазақстанның әкімшілік бөлінісі**



билерді сол орынға күштеп жиналысқа (отырысқа) жинап, сонымен реніш тудырып отыр. Біздің сұлтандар мен билер бастаған қазақтар мұнымен келіспейді, олар бұл жерлерде сот орындарының ашылуына қарсы, оған себеп Абылай ханға сенімді болған адамдардың ішінде ешқайсысы да ол орындардың ашылуы туралы өтініш білдірген жоқ.

Омбы генералы император ағзамға — Абылай ханға сенімді болған сұлтандар мен қазақтар өздері осы сот орындарының ашылуын және онда жиналыс болуын тіледі деп жалған, әділетсіз ұсыныс айтқан. Біз өз тарапымыздан император ағзамға жалынышты өтінішімізді жібердік, бірақ оны Сібір жағынан өткізбегенін анық білеміз.

Осындай себептерге байланысты мен өзімнің сұлтандарым мен қазақтарым атынан ұлы патшадан бізге өз қалыптасқан әдет-ғұрыпымызға сәйкес, кезінде менің атам Абылай хан тұсында қалай өмір сүрсе, солай өмір сүруге бұдан әрі рұқсат беруін өтінеміз. Біздің император ағзамға қарсылық көрсетпейтінімізді, оған қарсы шықпайтынымызды айтқанды жөн санаймыз. Біз қолымыздан келгенше оған құлшына қызмет істеуге дайынбыз, оған да, бізге де пайда түсуіне ниеттіміз. Тек біз жиналыс орнын ашып, ол жерлерде билік құрындар дегеніне келіспейміз және қабылдамаймыз. Егер де бұл қазақ жеріндегі орталықтар жабылмаса, онда біз өзіміздің ескі қонысымызда қала алмаймыз, сондықтан сіздің жоғарғы мәртебеніз түсінік береді деген үмітпен жоғарғы ұлық император алдында біздің өтінішімізді орындау жөнінде өз сөзіңізді айтарсыз деп сенеміз. Біз ол хабарды асыға күтеміз.

Осы хатты жазушы, сөз соңында, Сіздің ұлы мәртебеңізге ұзақ жылдық денсаулық пен сәттілік тілейді.

Сұлтан Қасым Абылайханұлы өз қолыммен мөрімді бас-тым.”

*Жазылды, 1825 ж. 24 маусымда.*

1. Бұл хат Орынбор өскери губернаторының атына жазылған.
2. “Присутственные места” дегенді “жиналыс орыны” деп аудардық, бұл негізінен “Округтік Приказ”, оны ашу қазақша “Дуан салды” немесе “қала салды” делінеді. Бұл орталықтарға әкімшілікпен бірге өскер де келді. Қазақ шаруаларының көшіп-

қонуына, еркіндігіне бұл “дуан орталықтары” ерекше тосқауыл болды.

3. Қасым сұлтан қазақ қоғамын әлі де Абылай уақытындағы тәртіппен ұстауға болады деп сенсе керек, бірақ 1820-шы ж. қазақтың бір де бір беделді ханы, оны сөзсіз мойындайтын халқы қалмады. Жалпы, ел болып бодандыққа мойынсұнған уақыт, асаулығы басылған.

*Материалы по истории политического строя.*

*Сб.1. — Алма-Ата, 1960. — С. 137-189.*

## УАҚЫТША ЕРЕЖЕЛЕР (1868-ші жыл)

“61. Әкімшілік бөлінісі.

1. Орынбор және Сібір облыстарының қазақтары және Семейпалат, қазіргі құрамымен, Орал және Сібір казак-орыстары әскерінің жерлері төрт облыс құрайды: Орал, Торғай, Ақмола және Семейпалат.

2. Орал және Торғай облыстарының бас басқармасы Орынбор генерал-губернаторлығына, ал Ақмола мен Семейпалат — Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қарайды.

13-16. а) Орал облысы — 4 уезге, Торғай облысы — 4 уезге, Ақмола облысы — 4 уезге, Семейпалат облысы — 4 уезге бөлінеді.

21. Облыстық басқару жүйесі әскери губернатор және облыстық басқармадан құралады.

44. Әр уездің басқару жүйесі уезд басшысының қолына жинақталады.

58. Көшпелі ел, қазақтар, әр уезде болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінеді.

59. Болыстарға, ауылдарға бөліну уездерде жергілікті жағдайға байланысты жүреді және губернатор тарапынан бекітіледі. Ауылда 100-200 шаңырақ, болыста 1000-2000 шаңырақ болуы көзделеді.

60. Болысты қатар қыстау жердің ыңғайына қарай, көрші ауылдардан құралады.

62. Болысты болыстық басқарма, ауылды ауылдық старшын басқарады.



68. Әр болыста 50 шаңырақ бір сайлаушы (елубасы) шығарады, осылар өз жиналыстарында болыстық басқарма мен оның кандидатын сайлайды.

92. Сібір және Орынбор карамағындағы қазақтар, осы облыстар көлемінде, империяның ортақ заңдарымен, әскери сотпен және халық сотынан соттасады.

93. Әскери сотпен қазақтар: сатқындық үшін, үкіметке қарсылық, қарсылық үндеу, почта мен қазына транспортына шабуыл жасау, телеграфты бүлдіру, христиан болам дегендерді өлтіру, қызметкерлерді өлтіру қылмыстары үшін сотталады.

94. Империяның жалпы қылмыстық заңдарымен қазақтар: кісі өлімі, тонау, барымта, көпес керуендеріне шабуыл жасау, өзге иеліктерге қашу, жалған ақша шығару, қазына мүлкін ұрлау, үкімет басқармаларының тәртібін бұзу, қызмет қылмысы үшін сотталады.

97. Әскери сот пен жалпы империялық соттың карамағына жатпайтын қылмыстар бойынша, өзара ұрыс-керісі бойынша билердің хукіміне жүгінеді.

168. Орынбор және Сібір қазақтары әр шаңырақтан жылына 3 руб. кибиточный сбор төлейді (алым-салық).

169. Көшпелі елдің міндетіне: жергілікті басқарманың шығыны (ауыл старшындары мен болыстардың жалақысы), шабармандарының шығыны, жол бойын жондеп отыру, почта трактын ұстау, жазды күні ауруларға (емдеу кезінде) үй тігу, ауылдардың үстімен жүрген қызмет бабындағы чиновниктерге үй тігу, отынын әкеліп беру.

205. Почта жолынан алыс жерде чиновниктерге рұқсат қағазы бойынша көлікке ат беру.

210. Қазақ жайылымындағы жерлердің бәрі мемлекеттік болып табылады және қазақтарға қоғамдық негізде беріледі.

211. Жеке меншік жер иеленуші болып тек патша ағзам тарапынан сыйға алған жерлер және иелігі акті бойынша заңдастырылғандар саналады.

230. Ресейден қоныс аударушы орыстарға, Сібір қалаларына орнығатын адамдарға белгіленген жеңілдіктер беріледі.

231. Башқұрт, татар, және Азиядан шыққандар қалалар мен қоныстарға орнығып, жеке бөлінбей, қалыптасқан қоғамға енеді, оларға орысқа берілгендей жеңілдік берілмейді.



251. Өздерінің діни мәселелері бойынша қазақтар Орынбор мұсалмандарының діни жиынынан шығады.

252. Жергілікті жерде діни мәселелерге иелік жергілікті моллаларға, оларды азаматтық басқармаларға бағындыру арқылы іске асады. Олар Ішкі істер министрлігіне бағынады.

254. Моллалар тек Ресей бодандығындағы қазақтар арасынан ғана сайланады, басты шарты — сотқа тартылған адам ұсынылмайды.

258. Мешіт көтеру тек генерал-губернатордың рұқсаты арқылы ғана іске асады”.

1. 1865-ші жж. Орта Азияны бағындырған Ресей үкіметі Қазақстанды толық отарлау барысында Түркістан өлкесіне арналған “Ережелер” (1867-ші ж.) шығарды.
2. 21-қазан 1868-ші ж. қабылданған “Уақытша ереже” атымен белгілі бұл құжат далалық өлкедегі қазақ елінің XIX ғ. екінші жартысындағы дамуы барысына жөн сілтеген негізгі заң.
3. Алғашқы бетте әр облыста 4 уезден болады, дегенмен, кейіннен өзгерістер болды. Көпшілігі 5-7 уезден құралды.

*Материалы по истории политического строя... —  
С. 323-340.*

## СИЫР ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

“Сиыр жылы Баян аулада дуан саламын деп орыстар ағаш кестіре бастайды. Осы жылы он шамалы қытайлар келіп, ағаш кестірмеймін, қала салдырмаймын, қазақтар саған қарамайды, бізге қарайды деп, орыстармен таласады. Бұл Әбәйділдә ханның, Шоң мен Торайғыр билердің заманында, осылардың тұсындағы дәуір еді. Ел жайлауда отырған мезгіл еді. Ағасы Шоң биден тіленіп, мұның жауабын мен берейін деп, Торайғыр келеді. Көкшетаудан Әбәйділдә хан келеді. Орыстың Бөлкебайы қазаққа: “Шүршітке қарайсың ба, бізге қарайсың ба? Айт шыныңды?” — деп ақырды. Әбәйділдә хан үндей алмады, қорқып, сасып, не дерін білмей қалды. Бөгеліп қалады. Торайғыр: “Ей, Бөлкебай, осы жүрген уақытыңда өзіңе біреу маған бағын десе, не айтар едің?” — дегенде, Бөлкебай: “Біздің қарап тұрған патшамыз бар. Қасықтай қанымыз, шыбындай жанымыз қалғанша, соның жолында боламыз. Оның билігінсіз еш-

кімге қараймыз деп айта алмаймыз”, — дейді. Торайғыр: “Ендеше біздің де сондай қарап тұрған патшамыз бар. Ата-бабамыздан бері Бұқарға бағынып келе жатқан жұртпыз, бос жатқан жер болған соң, малдың қамы үшін Сарыарқаға келіп едік. Енді бұл жерге ие табылса, біз де өз патшамызға барайық. “Мұнда да жер-су бар. Көшіп кел”, — дер ме екен, жоқ, “Малыңның қамын қыл”, — дер ме екен? Қазіргі ханымыз Мирфидар деген кісі”, — дейді.

Орыстар көптік қылып: бізбен бірге Омбыға жүресіндер. Арыздарынды, сөздерінді Омбыдағы ұлығымызға айтасыңдар деп зорлап, өздерімен бірге Әбәйділлә хан мен Торайғыр биді алып, Омбыға келеді. Жолдағы бәсентиін ағайындар “Жібермейміз, тартып алып қаламыз”, — деп кам жасағанда, Торайғыр: “Тырп етпендер, текке жек көрінішті болмаңдар. Бізді өлтірсе де алмайды, бізге залал қыламыз десе, өздері де орындарында тыныш отыра алмайды. Жоғарғы ұлығына барып, бетпе-бет сөйлесіп, қазақ жеріне қала салмайтын, қазақтан солдат алмайтын қылып, бетін ашып келейін”, — депті.

Омбыда жетпіс күн жатыпты. “Орыстың дәмін татпаймын”, — деп, Сапар деген сарттың үйінен сүт алдырып ішіпті. Шәйді алғаш рет Омбыда көріпті. “Бұл не деген ас?” — деп сұрағанда, “Шәй”, — деген соң, “Мына шіркін, ішкен кісінің мейір-шапағатын шайып кететін неме екен”, — депті. Ұрттап алғанын қайта төгіп тастапты. Қантты көріп: “Бұл немене?”, — деп сұрапты. “Қант” деген ас”, — депті. “О, құдай-ай, мына шіркіннің өзі тәтті болса да, жеген кісіні қатты қылатын қудың өзі екен”, — депті. “Сірә, мына екеуін ас деп ішкен бізден соңғы жұрттың бір-біріне достығы болмас, сойған малының сирағы мен төстігі болмас”, — деген екен. Бөлкебай алдына шақырып алып: “Қолыңа сақина-жүзік салайық, басыңа қалпақ кигізейік, үстіңе шекпен жабайық, беліңе қылыш асындырайық, арылмайтын шен берейік”, — дейді. Торайғыр: “Қолыма сақина салсам, ауылымда ұстам бар, соларға соқтырып, өзім де саламын. Қалпақ киетін болсам, қойдың жүнінен неше түрлі қылып, бастырып кием десе, табылады. Қылыш асынам, ұсталарым бар, неше түрлісін соғады. Берем дегеннің бәрі де өзімнен табылады, сенікін не қылайын, алмаймын”, — депті.



“Бізге анда-санда өзің не Шоң келіп тұрсын. Жеріңе, еліңе қайтарайық деп тұрмыз”, — дейді. Торайғыр: “Өзінде ақылдан дәнеңе жоқ екен ғой. Сенің ақ патшаң біздің ауылға неше рет келіп еді. Шоң сондай, қазақтың ақ патшасындай кісі. Ол сенен не аламын деп келеді. Ал мен сегіз санаттың қатар кісісімін. Сегіз санатың сенің біздің ауылға неше рет келіп еді? Біз де сондай керексіз орынға қаңғырып жүрмейтін кісіміз”, — депті. Бөлкебай: “Сен аюдан күшті екенсің. Аюды үйреткенде, жетпіс күнде күрдай жорғалатушы еді. Сені еліктіріп, көндіре алмадық, еліңе қайта бер”, — депті.

“Әбділдә хан мен Торайғырды орыстар алып кетті”, — деп қорқып, Баянаулаға Шоң, Көкшетауға Уәлихан тоқалы Айғаным қала салдыра бастаған екен. Торайғыр Шоңға қатты өкпелеп: “Бір жолдың билігін маған бермедің, мені елдің құрмалдық тоқтысы етіп, шалып жіберсең болмаушы ма еді?!. “Менің билігім інімде, інім көніп келсе, қала салдырамын. Інімді ұстап әкетіп, өзіммен жауласып тұрғанда сенің тіліңді қалай аламын? Не деп саған қараймын?” — деп отырып алсаң, қала сала алмаушы еді. Маған беттеп аяғын баса алмаушы еді. Сөйтіп, аяқсыз қалдырушы едік қой”, — депті. “Орысқа қарамаймын”, — деп көшу себебі осы көрінеді. Торайғыр, Шонты, Ізден абыз күрдас екен. Елден кеткен жылы Қуандық жібермей, алты ай Аманкелдінің қосын қыстаған екен. Ізден абыз әдейі Торайғырды іздеп барса, Жетімқоңырда отыр екен. “Баянаула, Қызылтаудан сен қалайша адасып біткен жерсің, Айдабол, Күліктен Торайғыр сен неғып адасып жүрген ерсің”, — деп көріскенде, Торайғыр өкіріп жылаған екен. Шонты да барған. “Қайтпасаң, емшегімді көкке сауамын”, — деп, шешесі Борсық бәйбіше барыпты”.

1. Қытай делегациясы 300 адам Ғұбайдолланы хан (Әбәйділдә хан) сайлауға Баянаулаға 1824-ші ж. жазда келді.
2. Бөлкебай — полковник С.Б. Броневский болуға тиіс (Омбы басқармасы).
3. Шоң өзінің қала салуға келісімін 1826-шы ж. ақпанда қағаз жүзінде тапсырды, яғни Торайғырдың Омбыда абақтыда болуымен қатысы тығыз.
4. Әбәйділдә — Уәлидің үлкен ұлы, Абылайдың немересі (Ғұбайдолла хан).



5. Мирфидар — мұндай есіммен Бұқар тағында болған билеуші жоқ. 1800—1826-шы жж. — Қайдар төре, 1826-шы ж. — Құсайын, онымен қатар, Насұраллах — 1827—1860-шы жж. билей бастады: осы жылдан — Мұзаффар-ад-дин. Мирфидар — Бұқар хандығының уәзір бектерінің бірі болуы мүмкін.
6. “Бұрын Бұқар ханына бағындық” — деген сөздің мәнісі — ерте заманда (XV-XVII ғғ.) қазақтың қысқы қонысы, саяси орталығы Сыр бойында, одан әрі Жиделі-Байсында болған.

*М.Ж. Копеев. Шежіре... — 60-68-бб.*

## КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ТАЛАПТАРЫ

“Сіздің құзырыңызға мына мәселелерді түсіндіру бақытына ие болғанымна ризамын. Сіздің аталарыңыздың патшалық құрған дәуірінде, ал бізде Абылай хан заманында ел тыныш және жайбаракат еді, оны ешкім де бұзбайтын. Екі патша да екі ел арасында бейбіт саудаға жол берді, біздің елде алым-салық болмаушы еді. Одан кейін заман өзгерді, оның көрінісі — біздің халқымыздан жасақ (алым) жинау және әр-түрлі қыспақ көрсету. Бұрынғы бейбіт келісімді бұзып, сіздің қарамағыңыздағы кіші бастықтар, бүкіл қазақ елі түгел Ресей бодандығын қабылдады деп, жалған ақпар берді. Осыны себеп қылып, менің атам Абылай қарамағында болған жерлерде сегіз диван (Приказ-Округ) белгіледі. Бұл біздің халқымыз үшін аса бақытсыздық, әсіресе жасақ (алым) талап ету. Бүкіл қазақ халқының атынан, оның бейбіт өмір кешіп, жоқшылыққа ұшырамауы үшін, мен сізден, Ұлы патша, талап етемін: Қазақты бұрынғы қалпында қалдырып, жаңадан ашылған сегіз округтік диванды, қырда салынған-ашылған басқа бастамаларыңызды жойсаңыз. Осы сөздерді сізге жеткізу бақытына ие болып отырған, Кенесары Қасымов. Өз мөрімді қойдым”.

1. Кенесары хаты. 1838-ші ж. желтоқсанда Николай патшаға жазылған.

*Национально-освободительная борьба казахского народа  
под предводительством Кенесары Касымова. —  
Алматы, 1996. — С. 120-121.*

### “ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЖАҢА, ЖҮЗ ЖЫЛДА – ҚАЗАН” (XX ғасыр)

XX ғасырды Ресей империясының отары болып бастаған Қазақ елі ғасырдың соңында тәуелсіздік туын көтерді. Қазақ елі басынан өткерген жүз жылдың жүгі, оның ауырт-пашылығы бірнеше ғасырға жетіп артылады. Аштық пен жоқшылыққа, адам қаны судай болып аққан қанды қасапқа толы XX ғ. сынынан аман өтіп, елдігімізді сақтап, жеке мемлекет болып, орда тігіп отырғанымызды Алла тағаланың қазаққа тартқан сыйы деп қабыл алмасқа шараң жоқ.

XIX ғасырда Ресей капитализмі қазақ өлкесінде тауарлы-ақшалы қарым-қатынастарды орнықтырды, көшпелі мал шаруашылығын күйретіп, отырықшылық пен өндірістік дамудың негізін салды.

Оның бәрі халыққа оңайлықпен келген жоқ, дегенмен, ол өзгерістерді нәубет деп айта алмайсың. Себебі адамзат баласының даму жолы бір – ерте ме, кеш пе әлемнің алдыңғы қатарлы елдері түскен сарапқа түсу керек болды, базар нарқын сезінбей, бастан өткермей ел қатарына қосылу қиын.

Капитализмнің текпісінің арқасында қазақтың өз ішінен саудагерлері, байлары (кәсіпкерлері), өндіріс жұмысшылары шықты. XX ғ. басындағы қазақтың зиялы қауымы да осы әлеуметтік-экономикалық дамудың жемісі. Ал XX ғ. тіршілігі жоғарыдағы суреттен тіпті бөлек.

Еуропада XIX ғ. ортасында пайда болған социализм идеялары ғайыптан тайып дамуы бәсең, феодалдық-самодержавиялық дәстүрі мығым Ресейде өз иесін тапты. 1917-ші жылғы қазан төңкересі Ресей аумағындағы елдердің

бөріне де бұрын-соңды болмаған нәубетті әкелуі де осы қарама-қайшылықта жатыр. Социалистік аталатын революция Ресей империясының ыдырау процесін тағы да жүз жылға шегіндіріп, адамзат көшінен бұрып жіберді.


XX ғ. басында ұлт-азаттық қозғалысы Қазақ жерінде жаңа сипатқа ие болып келе жатқан еді. “Алаш” ұранымен ұйымдасқан зиялы қауымның ең таңдаулы өкілдері көшпелілердің азаматтық қоғамы туғызған асыл құндылықтарды Еуропаның білімімен суарып, бітімі болек, рухы биік, тамыры терең мәдени үлгі үрдісін салды. Совет заманында небір қиын-қыстауға түскен уақытта да осы негіз қазақ халқының өз-өзін сақтап, елдік нышандарынан айырылмауына сеп болды. Бүгінгі күнгі бостандық пен тәуелсіздік те сол Алаш зиялыларының қажырлы еңбегінің жемісі деп таныған жөн.

Қазақстан жеріндегі XX ғ. оқиғалары жалпы ССРО (Кеңес Одағы — *ред.*) құрамында өмір сүрген басқа елдердің басынан кешкен тағдырдан өзгеше емес: қазан төңкерісі; азамат соғысы — ақ қашып, қызыл қуу; ұлы көмпеске мен индустриализация; жоқшылық пен аштық; 1941-1945-ші жылдар аралығындағы соғыс; тың игеру.

Осы негізгі белестердің ара-арасы халыққа, оның ең озық азаматтарына қарсы бағытталған репрессиялар: ату, асу, жер аудару. Өндірістің дамуы, темір жолдың салынуы, қалалардың пайда болуы, жалпыға міндетті орта білім, жалпыға тегін денсаулық сақтау — социализмнің жемісі, жеткен жетістігі деп түсінсек, осы жетістікке жету қаншама мұхнатпен келгенін еске түсірсең, жаның түршігеді. Сол себептен болар, жігер-күшінен, рухынан айырылған, сорпаның бетіне шығар тектілерінен ажыраған халық дел-сал күйден онша айыға алмай келе жатқаны.

XX ғ. тарихына ой жүгірту, сана сарабына салу жаңа басталды. Ескі марксистік-лениндік догмалардан құтылып, қоғамдық дамуымызға, этникалық ерекшеліктерімізге көңіл аударып жатырмыз. Бұл процесс болашақта өз жалғасын табатыны, соған байланысты XX ғ. тиісті бағасы берілетіні де аян. Ол бағаның сарапшылары болашақ ұрпақ өкілдері болмақ.





*Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс*

## ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ

1905-ші ж.

*Император ағзамға Қарқаралы-Семейлік  
қазақтардың талабынан*

Омбыда әр түрлі мекемелер өкілдерінің жиналысында қырғыздардың (қазақтардың) өкілдерін Земствоның жиынына жібермеу жөніндегі жек көрінішті министр А.Г. Булышының жобасына жақын шешім қабылданыпты.

Бұндай жағдай — дала өлкесінің басты тұрғындары (қазақтардың) жағдайын білмеудің салдары — бізді қатты алаңдатуда. Қандай әділет бар. Қазақтарды хұқықсыз, заңсыз топқа енгізу қайдан шыққан? Иә, біз мал шаруашылығымен айналысамыз. Бірақ ол қанғу емес қой. Мал шаруашылығымен айналысу неге біздің сайлау хұқымызға шек қоюға себепші болмақ? Қазақтар қоғамдық және мемлекеттік мақсатты орыс шаруаларынан кем түсінеді деп кім қорытынды жасай алады, тіпті басқа отырықшы “бұратаналармен” салыстырмай-ақ қояйық. Кім қазақтардың мүддесін қорғамақ, кім біздің мұқтаждығымызды дұрыс түсіндіреді?

*Қазақ мемлекеттік орталық архиві.  
64-қор, 1-тізім, 322-іс. — 116-парақ.*

## 17-ШІ ҚАЗАН МАНИФЕСІ

*Біз, екінші Николай*

*Алланың мәрхаматымен*

“Бүкілрусия императоры әрі дара билеушісі, Польша патшасы, Финляндия ұлы князі уә ғайры, уә ғайры, уә ғайрылары.

Астанада және Империямыздың көптеген жерлерінде болып жатқан бүліктер мен ереуілдерден Біздің жүрегімізді ауыр қайғы басты. Осы ереуілдердің аяғы ел ішінде тәртіптің бұзылуына соқтыруы, Державамыздың тұтастығы мен бірлігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Үкіметке Біздің мынадай калауымызды екі етпей орындауды жүктейміз.

1. Әр адамның іс жүзінде толық азат болуы, ожданына,

ойындағысын айтуына, жиналыстар өткізуіне, одақ құруларына ерік берілуі негізінде халыққа түпкілікті азаматтық бостандық жариялансын.

2. Мемлекет Думасына сайлау жұмысын кідіртпей жүргізу, Дума шақырылуына аз уақыт қалғанын ескере отырып, қазірден бастап бұл сайлауға мүмкін болғанынша халық ішіндегі мүлде сайлау хұқығы жоқ таптар Дума сайлауына араластырылсын, алдағы уақытта жалпы сайлау хұқығымыз белгіленген заң тәртібі бойынша өрби беретін болсын.”

*1905-ші жыл 17-қазандағы патша манифесі.*

## **“АЛАШ” ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ**

### **I**

#### **Мемлекет қалпы**

“Россия демократическая, федеративная республика болу.

(Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауаптар болу. Депутаттар тегіс, тең, төте һәм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болады.

Законды жалғыз ғана Г. Дума шығаруы һәм. Г. Дума хұкмет үстінен қарап, іс тексеруі, запрос (сұрау) жасау хақыда Г. Думада болады. Мемлекет салығы Г. Думада салынбау.

### **II**

#### **Жергілікті бостандық**

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия республикасының федерациялық бір



ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болуы. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алуы.

“Алаш” партиясы қазақ ұлтының би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар болуына жәһид қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

“Алаш” партиясы ғәділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

### III

#### Негізгі хұқық

Россия республикасында дінге, канға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға — еркіншілік, хұқымет қызметшілері иесінен рұқсатсыз һеш кім табалдырығын аттаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылымысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып жазба судья хұкімімен жабылуы.

Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болуы.

### IV

#### Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырылулы болуы. Дін біткенге тең хұқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы.

### V

#### Билік һәм сот

Һәр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм хұкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы. Би һәм судья орынынан

тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болуы; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кім де болса, олардың хукіміне мойынсұнуы. Айтылған хукім тез орынына келуі. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралуы. Присяжныйлар қазақтан алынуы. Қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылуы.

## **VI**

### **Ел қорғау**

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы.

## **VII**

### **Салық**

Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға — байша, кедейге — кедейше ғаділ жолмен таратылу.

## **VIII**

### **Жұмысшылар**

“Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. “Алаш” партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды).

## **IX**

### **Ғылым — білім үйрету**

Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хукімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашылуы.

## **X**

### **Жер мәселесі**

Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер

сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі; бұрын алынған жер-лердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуін; сыбаға өлшеу — норма жердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу; Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара әділдік жолымен пайдалану.

Жер законінде жер сату деген болмау, һәр кім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу.

Жоба жасаушылар: Ғалихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғаддулхамит Жүндібәев, Ғазымбек Бірімжанов.

*“Қазақ”, 1917-ші ж., 21-қараша, сейсенбі.*

## АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ КӨЗҚАРАС ЭВОЛЮЦИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР ҚҰЖАТТАР

*Ахмет Байтұрсыновтың “Қазақ” газетінің  
оқырмандарына арнау сөзі*

“Заманына қарай адамы” деген сөз бар. Мұның мағынасы — заманның түріне қарай іс істеу. Төңірекке қарасақ, түнерген-түнерген бұлттар көрінеді. Түбі қандай — белгісіз. Не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма, болмаса дауыл боп соғып, үйімізді жығып, үй-ішімізді шашып тастар ма? Көзіміз бұған жетпейді. Жалаң аяқ, жалаң бас, жеңдеріміз киюсіз, етектеріміз жиюсыз ашылып-шашылып қамсыз жатқан халықпыз. Күннің не боларына көзіміз жетпей тұр, дауыл-ды жауын ету қолымыздан келмесе де үйлеріміз қирамай, шашылмай қалуына амал ету керек емес пе? Сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі — га-



зет. Халыққа газеттің керегі қандай екенін айтып өткеніміз ұнамсыз болмас.

Әуелі, газета — халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр саналады. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бөтен дүниежүзіндегі халықтар телеграмма, телефон, почталардың арқасында бір-бірімен хабарласып, газет арқылы жұртты жиып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге залалды екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, залалдысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газет — жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады.

Үшінші, газет — халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, запаны өсіп, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші.

Төртінші, газета — халықтың дауысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады.

Халыққа газетаның осындай қызметтері бар екенін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газетаның пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халықтар болса, соғұрлым газета, журналдары көп... Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп газетіміздің есімін “Қазақ” қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етемін десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы.

Милет халін ойымызға алып, қызмет етуді мойынымызға алып, талаптанған бір ісіміз осы. Құдай сәтін салғай.

”Әмин” деп қол жайып, ”оп” деп күш қосып, ”Алла” деп іске кіріселік.

”Қазақ”, 1913-жыл, N1.

### Ә. Бөкейханов

*Мен кадет партиясынан неге шықтым?*

Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұрдша көрші мүжыққа сатып, бір аз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді.

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молла хүкіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болды. Жалование алған моллалар хүкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, хүкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша ”отделение церкви от государства” дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым. Мұны мен июльдегі жалпы қазақ съезінде айтқан едім.

Ғалихан

”Қазақ”, 1917, 23 декабрь, N256.

”Қазақ” — саяси партияға...

”Қазақ” — саяси партияға кірген кісі, кірген партиясының программасына мақұл болады. Онан шыға жайылам деген екен, партия программасына пікірі яки ісі қайшы болса, ондай жағдайда партиядан шыққанға есеп береді. Ғалиханның пікірі кадет программасынан айырылғандығы жағдайы қазақ һәм күзгі күнгі Сібір съездеріне мәлім еді. Орынборда болып өткен желтоқсанның 5-13-інде соңғы жалпы қазақ-қырғыз съезінде Ғалихан топқа кадет партиясынан шыққандығын баян қылды. ”Кадет партиясынан неге шықтым?” деп себептерін көрсетіп жазған мәнісі сол.

”Қазақ”, 1917, N256. Кеңес Нұрпейісов.

Алаш һәм алашорда. — Алматы, 1995.



1930 жыл

## СОЗАҚ КӨТЕРІЛІСІ: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Созақ көтерілісіне тарих қандай баға береді? Оның сипаты, мақсаты қандай? Қозғаушы күштері кімдер? — деген тәрізді шым-шытырық сұрақтар қазіргі тарихшыларды мазалап отыр. Бұл көтеріліс туралы шындықтан жас ұрпақ әлі күнге дейін хабарсыз. Өйткені оның объективті де шынайы тарихы әлі толық жазылған жоқ. Көтеріліс басылып қалған соң, көп кешікпей-ақ ол туралы И. Сталиннің өзі де хабардар болды.

“Көсемнің” салқын қабағына тап болып қалармын деп қорықты ма, жоқ әлде оны дер кезінде хабардар ету өзімнің міндетім деп түсінді ме, ол жағын кім білсін, әйтеуір 1930-шы жылдың наурыз айында Голощекин И. Сталинге жазған жабық хатында төмендегі сөздерді айтыпты: “...Ақпанда біз үш бұқаралық қарулы көтерілістерге кездестік.

Біріншіден, Сырдария округінің Созақ ауданында. Аудан малды, рулық қатынастар өте көп сақталған, дінбасылардың ықпалы күшті және Ташкенттегі ұлтшыл басшылықпен тығыз байланысты. Партия — совет жұмысының әлсіздігі және бұрмалаулар белең алып кетті. Бұл көтеріліске төмендегілер тән: көтеріліс басшылары бір ауданнан, қатысқан байлар және ишандар; мұқият даярлық екі айдан астам уақыт жүргізілген көтеріліске халықтың көпшілігі тартылды, оларға аудан коммунистерінің едәуір бөлігі де қосылды. Ұйымдастыру ұраны діни: “Исламның атынан”, “Байларға қарсы кеңес заңдарын қолдануға тыйым салу” болды, “армияны рулық принциппен, әрбір қатысушыны ру басы — байдың қолдауымен ұйымдастыру”, әскери шайқастағы жанқиярлық. Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олардың жағынан шайқаста 400-ден астам адам шығын болды. Олардың жағынан басқа аудандардың халқын тартуға байланысты жүргізілген көп жұмыстарды біздер дер кезінде талқандадық. Бұл аудандарға ұйымдастырушылық және бұқаралық жұмыстар жүргізу үшін көптеген қызметкерлер жөнелтілді (2948-іс, 44-п). “Қазақ аудандарындағы басшылықтағы және жұмыстағы дөрекі қателіктер туралы” Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімінен бұрын отрядтың қазіргі бар комотрядтардың



зиянды ықпалын және жанжалдарды шешуге дұрыс келмеуін атап көрсетеміз. Әсіресе, Созақ, Сарысу аудандарын еске ала отырып ескертудің және банды шайкалардың ықпалын жойып жіберудің саяси шараларын қолдануды ұсынамыз.

*Голощекин. 21 сәуір, 1930 жыл.  
Қазақ өлкелік партия комитеті.  
Алматы (2954-іс, 13-п.).*

Бұл жерде мынаны айтпай кетуге болмайды: жоғарыда, Сталинге және төңірегіндегілерге коммунистік отрядты окружкомдардың “санкциясымен”, яғни мақұлдауымен ОГПУ ұйымдастырды және “күресті әскери тәсілмен бастап” жіберді деп Голощекин өтірік айтып отыр. Бұл отрядтар шын мәнінде оның өзі қол қойған қаулыға сәйкес, яғни оның өзінің ұйымдастыруымен құрылды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін сол қаулыдан үзінді келтіреміз. Қаулы Өлкелік партия комитеті жабық бюросының 1930 жылғы 7-қаңтардағы мәжілісінде қабылданған. Ол — “Қарақалпақтағы, Бостандық және Батпаққара аудандарындағы контрреволюциялық бас көтерулерге саяси бағаны бекіту” деп аталады. Мұнда мынадай жолдар бар:

“VI. Қазіргі кезеңнің контрреволюциялық бас көтерулерімен күресудің міндеттеріне бейімделе отырып, ПП ОГПУ органдарына өзінің жұмысын қайта құру ұсынылсын.

ПП ОГПУ-ге бұл мәселені нақты анықтау және өлкелік комитет қарауына ұсыну тапсырылсын.

VII. Коммунистерден, комсомолдардан және мүқият іріктелген партияда жоқ жұмысшылардан және батырақтардан әрбір ауданда жауынгер отряд ұйымдастыру окружкомдарға ұсынылсын, отрядтарды тікелей парткомға бағындырып, олармен үздіксіз әскери оқу-жаттығу өткізілсін.

*Төраға Голошекин. Хатшы Ряднин (2926-іс, 28-п).  
Талас Омарбекова. “Зобалаң”  
(Қазақстандағы 30 ж. XX ғ.  
Болған саяси көтерілістер). —  
Алматы, 1994.*

## АШТЫҚ

*Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің  
төрағасы М.И. Калинин жолдасқа ҚАКСР  
Максим Горький ауданының №4 ауылдық  
кеңесінің азаматы Дүйсенбинов Нұрғалидан  
1932 жылғы 10 ақпан*

Қазақстанда тұратын барлық халық аштан өліп жатыр, кейбір жерлерде тұтас ауылдар халқының қырылуы байқалады, мысалы, Павлодар және Ертіс аудандарының №9, 10, 11 ауыл кеңестері, сондай-ақ Қазақстанның басқа аудандарында.

Соңғы уақытта барлық жерде халық қырылып, өле бастады, егін шықпай қалды, барлық мал мемлекетке тапсырылған, ал мемлекет тарапынан колхозшылар нанмен жабдыкталмайды, халықтың ішіп-жейтін ешнәрсесі жоқ. Әрбір қожайынның жеке пайдалануында және колхоздарда бір де бір мал, жылқы жоқ. Рынокта базар және еркін сауда өткізілмейді, оларға жергілікті жерлерде тыйым салынған, астық мүлде жоқ. Жергілікті ұйымдарда жұмыс істейтін қызметшілер, село-ауылдардың төрағалары мен мүшелерінің жергілікті активі, партия ұялары мен кандидаттық топтардың хатшылары, сондай-ақ аудандық ұйымдардың қызметкерлері өзгелердің мүлкін тонаумен айналысуда. Егер қайсыбір азаматтан немесе колхозшыдан бір тілім нан, бір қадақ ұн және бір кесек ет көрсе болғаны, бейне бір мемлекетке тапсырылатын сияқты тартып алады да, өздері пайдаланады, шындығына келгенде, мұндайларды олардың өзі ішіп-жеп қояды. Сонымен бірге, ақшаны, жақсы киімді және басқа да әртүрлі мүлікті тартып алады, тінту жүргізіп, халықты қорқытады. Бұнымен қатар, пара алумен де айналысады, кім не алғысы келсе содан алады. Егер қайсыбір адам пара бергісі келмесе, ол кедей немесе орташадан төмен адам болса да, ол даусынан айырылады, кәмпескеленеді (мүлкі), сөйтіп ол енді кулак деп саналады. Осы қырғын өлім, кәмпескеден, пара мен мүлкінің тоналуынан (қорыққан) халық беті ауған жаққа кетеді; қайыршы болып қайыр сұрап, тіпті басқа өлкеге немесе округке ауа көшеді. Мынадай жағдайлар болды: әкесі мен шешесі аштықтан өздерінің жас балаларын тас-



тап, өздері кетіп қалған. Бұл Қазақстанда халықтың бұдан әрі тіршілік ете алмайтынын (көрсетеді), өмір сүру өте сұмдық, қиын. Оның үстіне жергілікті өкімет орындары осы аш халықтан әртүрлі бұйымдар мен азық-түлік дайындау науқанын жүргізеді, ал халық болса оны орындау салдарынан өзінің тамағына бір тілім де нан таба алмайды. Жергілікті өкімет орындары халықтың бұл қырылуы аштықтан емес, қайта тырысқақпен ауырудан деп иландырмақшы болады. Шынына келгенде, халық арасында тырысқақ ауруы жоқ. Мұны жоғарыдағы органдарға хабарламай, жасырып отыр. Жергілікті ұйымдар халыққа Кеңес өкіметі бейне бір тонаумен айналысады, әсіресе орташа кедей шаруашылығына дұшпандық (көзқараста) дегенді ұғындырып, село шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды сәтсіздікке ұшыратуда. Біздің ауданның және Қазақстанның басқа аудандарының барлық халқы аштықтан Кеңес өкіметіне наразы болып отыр. Аштықтан басқа (халық киім-кешектің болмауынан азап кешуде), өнеркәсіп товарларымен жабдыкталмайды.

Осы өтінішті жолдай отырып, Сізден өтінетінім:

1) халықтың аштан өлуін, қырылуын тоқтату (үшін) шұғыл шаралар қолданып, мемлекет тарапынан тамақ өнімдерімен жабдықтау, олар жөнінде жүргізілетін әртүрлі дайындау науқандарын тоқтатып, өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз ету және жер-жерде еркін сауда, базарлар мен рыноктар ашу керек.

2) Талап-тонаумен, пара алумен айналысып, басқалардың мүлкін пайдаланатын, Кеңес өкіметін халыққа дұшпан (етіп) көрсетіп, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру-ды сәтсіздікке ұшырататын барлық аудандық ұйымдар мен жергілікті өкімет орындарының қызметкерлерін, белсенділерді, ауыл-село Кеңестерінің төрағаларын, мүшелерін бүкіл дүниежүзі пролетарлық революциясының жаулары ретінде қатаң қылмыстық жауапқа тарту керек.

Осы өтініштің нәтижелері туралы төмендегі мекен-жайға сәйкес почта арқылы хабарлауды өтінемін.

*Качира почта бөлімшесі, Қазақ АКСР (Бұрынғы Павлодар округінің) Максим Горький ауданы, №4 ауылдық кеңес Дүйсенбинов Нұрғалиға.*



## ОРАЗ ИСАЕВТЫҢ ХАТЫ

*Тамыз, 1932 ж.*

“Сталин жолдас!

Қазақ ауылындағы қазіргі жағдай мені мына бір жайт-ты тікелей Өзіңізге хабарлауыма мәжбүр етіп отыр.

Бізде, Қазақстанда атқарылған және атқарылып жатқан істерді түгел тізіп, Сіздің уақытыңызды алғым келмейді. Одақтың бір бөлігі ретінде Қазақстанда жасалып жатқанының бәрі социализмнің еліміздегі жалпы жеңісінің нәтижесін бейнелейтіні хақ. Алайда, Қазақстанның халық шаруашылығының аса маңызды бір саласы — мал шаруашылығы, оны дамытуда түбірлі өзгерістер болғанымен (совхоздар, коллективтендіру), сан тұрғысынан алғанда түп-тура қиямет жағдайға ұшырап отыр. Бұл арада біздің жағдайымыз сөзсіз, өзгеше, оны мал шаруашылығын дамытуды тұтас алғандағы жалпы қиыншылықтармен салыстыруға әсте болмайды.

1929 жылғы есептің деректері бойынша Қазақстанда 40 миллион бас мал болған (төлді бөліп-жармай түгел қоса есептегенде), ал қазір не бары 6 миллиондай мал қалды, оның 2 миллионы совхоздарда, ал колхоздық сектор мен жеке меншік сектордағы 4 миллион бас малдың көп бөлігі қазақтың бұрынғы негізгі мал шаруашылық аудандарында емес, орыс аудандарында. Мал шаруашылығы қазақ халқының көпшілігі үшін негізгі кәсіп және бірден-бір дерлік табыс көзі болғандықтан, мал шаруашылығының мұндай жай-күйі қазақ жұртын күйзелтіп отыр. Турасын айту керек, мал шаруашылығындағы қазіргі қалыптасқан жағдай қазақ ауылын өркендетуде қолымыз жеткен табыстарымызды едәуір кемітіп тастайды.

Орталық Қазақстанның 10-12 қазақ ауданында халықтың едәуір бөлігі қазір де аштыққа ұшырауда. Алынған болжамды деректерге қарағанда, биылғы көктемде 10-15 мың адам аштан өлген, әсіресе 1931-жылы ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелер мен республикаға кету қазір де тоқталмай отыр. Көптеген қазақ аудандарында 1929-жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмаған. Өлкедегі шаруалар қожалықтарының жалпы саны 1931-жылдағыдан қазір 23-25% кем. Арып-ашыған

қазақтар мен олардың панасыз балалары өнеркәсіп орындарының, Семей мен Ақтөбе аудандарындағы совхоздардың, темір жол станцияларының төңірегінде сендей соғысады, ұрлықпен айналысуда, колхоз егініне түсіп, масақты көктей жұлуда. Аштық ойдан-қырдан жиналған елдің есепсіз кө-беюі, тазалықтың жоқтығы, жұқпалы аурулардың (қара шешек, сүзек, қантышқақ және басқа) таралуына жол ашты.

Қазақстан Одақтың негізгі мал шаруашылық ауданы болып табылатындықтан, мал шаруашылығының қазіргідей күйге ұшырауы Одақтағы азық-түлік және шикізат қорына қазірдің өзінде-ақ салқынын тигізіп отыр: биылғы жылы нашар орындалып жатқан ет дайындау жоспары 1929-1930 жылдары іс жүзінде дайындалған еттің 1/6 бөлігін ғана құрайды, жүн және тері дайындаудың жайы да тап осындай. Құрылысы аяқталып қалған Семей ет комбинаты 1931-жылдың аяғында да Қазақстанның өз шикізатымен тіпті бір ауысымның жұмысын қамтамасыз ете алмады.

Малдың осыншалық жаппай қырылуының себептері қандай? Мұндай себептер көп. Олардың негізгілері жайында айтайын. Жұртқа мәлім, ет өткізу жоспарын шамадан асыра белгілеуге, яғни товарлылықты шамадан асыра қалыптастыруға, жарамсыздыққа шығаруға карамастан, мемлекетке ет дайындаудан мал басының кеміп кетуіне келген зиян шамалы ғой деп білемін... Мал басының кеміп кетуіне соңғы бірқатар жылдарда егіннің шықпай қалуының көп ықпалы болды...

Мал шаруашылығын қазіргі күйге душар еткен басты себеп Қазақстанда партия саясатының, артта қалған ұлт аудандарындағы коллективтендіру туралы Сіздің талай рет айтқан нұсқауларыңыздың бұрмалануы деп білу керек. Бұл күштеп коллективтендіруден, барлық малды ықтиярсыз қоғамдастырудан және мал дайындау ісінде тікелей озбырлық жасаудан көрінді. Мұның бәрі негізінен жергілікті жерде, аудандарда жасалады, ал Өлкелік комитет осы бұрмауларды жеткілікті түрде батыл түзеп отырмады”.

*Қазақ қалай аштыққа ұшырады?  
Қасіретті жылдар хаттары. —  
Алматы, 1991.*



## ӘУЕЗОВТЫҢ АШЫҚ ХАТЫ

...Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері “Еңлік-Кебек”, “Қаракөз” сияқтылары еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшелеп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендігі және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендікті білдіретін нәрселер. Мен сол жазушылардың қатарына кіріп, 1920 жыл мен 1928 жыл, аздап 1929 жылдың аяғында Қазақстандағы және Ташкендегі баспасөзге әсер етіп, баурап алмақ боп әрекет еттік. Сол жылда оқушы тобына тар ұлтшылдық бағытында әсер етіп, әдеби шығармалар, сындар, айтыстар арқылы ұйымдар қандай іс жүргізсек, жастар арасына ұлтшылдық күйін тараттық. Бұл әрекеттің барлығы ортақшыл партиясы мен кеңес үкіметінің сол жастарды интернационалдық рухында баулимын деген міндет бағытында негізсіз қарсы жүріп отыр. Мен қазірде жаңағы сияқты шығармаларымның бүгінгі күннен аулақ кетіп, бірбеткей тақырыптарды ғана екшеп алғандығын айып деп, кінә деп қоймаймын. Сол тақырыптарды суреттеген, таратқан әдісін салт-санашылдық — суреттеулік ретіндегі қалыптасуын да теріс деп білемін.

Менің шығармамның көпшілігі сарнамашылдық бетімен болуымен бірге, өткен дәуірді төңкерісшіл сарыншылдық жолымен сипаттаудан қашық болды. Қайта ескіліктің кейбір залалды салттарын жарыққа шығарып өсумен, ол салтты жақтаушыларды аз-аздап пікірі жолындағы құралсызданумен қатар, бәрібір мен өз шығармаларымның көпшілігімен аны-ғында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы болып шықтым.

Ал бұл жол — біздің аймақтың кеңесі тарихи өсуінің қорытындысында төңкеріске жаулық жолы болып шықты. Себебі, жаңағыдай шығармалардың пікір, сезім жолындағы теріс әсері, біздің уақытымыздағы қазақ жастарының ойына да, рухына да тиетін болды. Өйткені біздің жастар өткен күнін жаңа танып келе жатқан, жаңа оянған, артта қалған елдің жастары болатын. Қорытындысын айтқанда, менің әдеби қызметім, сол жастардың көңіліндегі, салт-санасындағы ұлтшылдық күйін жеңілдетіп, сейілдетуге



арналмай, қайта соны нығайта түсуге арналып кетті. Қазіргі күнде мен өзімнің бұрынғы жазушылық жолымдағы бағытыма ғана емес қазақ әдебиетін тексерген тарихшы, зерттеуші есебіндегі қызметіме де теріс деп қараймын.

Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жолдарының қоғамдық заңы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған. Бұл ретке қосылатын төңкеріс жолындағы жылдар ішінде қазақ әдебиетінің жолы қандай болу туралы “Шолпан” журналының бетінде ертеректе айтқан пікір. Бұл салт-сана жолында залалды пікір еді.

Сол қаталарым кейбір кейінгі тексерулерімнен де арылған жоқ. Мысалы, соған ұқсаған қаталар Абай шығармаларын тексеруімде де бар.

Онан соң, “Алқаның” бағытын әдебиеттегі жаңа төңкерісшіл бағыт деп қабылдауым да теріс еді. Анығында ол марксшылдыққа құр ғана иек сүйеп отырып, негізінде бұрынғы тар ұлтшылдыққа қайта тереңдетіп, қайта қалыптап, қайта нығайтамын деген жол болатын. Мен оның негізгі бағытын қаталасып барып, көтере бағалаппын. Қазір де қазақ жазушыларының алдында тұрған төңкерістік міндеттерді түсіну жолында, мен ол “Алқаның” теріс ұлтшылдық бағытынан бойлап астым. Сондықтан бұдан былай, онымен ешбір байланысым жоқ деп санаймын.

Тағы бір сөз, ауыр қатам деп санайтыным қазақ баспасөзінің жүзіндегі төңкерісшіл марксшілдің сынына күлақ салмауымда.

Дәлелсіз сыңаржақтықпен қарап, барлық сынды түгелімен ұйымсыз жазушыларға арналған жаулықтың ғана сыны деп санап жүрдім. Өз ісімнен ол сынның ролі де, мақсаты да ортақшыл емес. Жазушыны әдебиет жүзінде соққыға жығудан басқа емес деп біржақты теріс баға беріп жүрдім, сонымен сынның негізгі — ғылыми негізді төңкерісшіл басшы екенін ескермедім. Сынға осылайша теріс қараған көзқарасыммен соңғы жылдарға шейін келдім де, әдейі ұстанған көңіл құрылысы есебінде, жұртшылық алдында өзімнің қаталарым туралы да үндемей сөз көтермей келдім. Бұл да қатамның бірі еді.

Енді Қазақстан правдасы мен Социалды Қазақстан арқылы барлық Қазақстан жұртшылығының алдында өзімнің бұрынғы әдеби-саяси істерімді осылайша айқын күйінде

айыптайты-нымды ашық жарияламақ боламын. Сонымен бірге, енді бұрынғы қаталарымды төңкеріс ісіне барымша бой салып, ұдайы адал қызметпен түзетуге бекінгенімді білдірмекпін. Енді мәдениет салт-сана майданының ең жауапты, ең қызу тартысының кезеңдерінде іс істеуге өзімді-өзім міндеттеймін деп санаймын.“

*Әуезұлы Мұхтар.*  
*Социалды Қазақстан. 1932. 10 маусым. —*  
*Әуезов үйі, ФМО-ның қолжазба қоры. 676-п.1-6 п.*

## ТҮРКСІБТЕН МОСКВА – ДОНБАСС МАГИСТРАЛЫНА ДЕЙІН

Түркістан-Сібір темір жолы құрылысына тағайындалғаннан кейін біздің алғашқы кезекте түпкілікті іздестірулермен айналысуымызға тура келді, өйткені соларға сүйене отырып, жол трассасын белгілеу, сметаның басты жобасын жасап, қажетті жұмыс күшін, материалдар, көлік, жабдық мөлшерін анықтау керек еді.

Негізгі құрылыс штабын тез арада құрып алып, біз іздестіру жұмысын, ал сонан соң жолды бір мезгілде екі жағынан – Сібір (Семей) жағынан және Орта Азия (Фрунзе) жағынан сала бастауға ұйғардық. Құрылыста біздің алдымыздан зор қиындықтар туды. Түрксібтің бүкіл өн бойында ағаш, цемент, металл мүлде болған жоқ, құрылыс материалдарының қандайы да болсын өте тапшы еді.

Солтүстікте Семейден немесе оңтүстікте Фрунзеден осы ауқымды да ауыр салмақты материал мен механизм-дерді темір жол пунктіне дейін ат, өгіз түйе жегілген арба-лармен жүздеген километр қашықтыққа тасып жеткізуге тура келді.

Құрылыс басталар жерге дейін трассаның көп бөлігі адам аз қоныстанып, нашар игерілген жерлермен өтсе, Айнабұлақтан Сергиопольге дейінгі 500 километр болатын орта тұсы мүлде елсіз еді. Осы қиыншылықтардың бәрі артта қалды.

Бізге өкімет пен партияның Орталық Комитеті зор көмек көрсетті...

Құрылыс басшылығы құрамының негізгі ұйытқысы оқуды 1926-1927 жж. бітірген жас кеңес инженерлерінен тұрды. Құрылыс барысында олар өздері де үйреніп, мамандығы жоқ жұмысшылардың көпшілігін де үйретті. Құрылыстың аяқ кезінде бізде енді 10 мыңнан астам білікті қазақ және қырғыз жұмысшылары болды.

Біздің темір жол салу тәжірибемізде тұңғыш рет Түркісібте механизмдер кеңінен қолданылды. Түркісіб темір жол құрылысы жұмыстарын механикаландырудың тәжірибе мектебіне айналды.

Алайда құрылысты механикаландыру жөнінен Түркісіппен салыстырғанда Москва-Донбасс әлдеқайда озып кетті. Бұл жол Одақтағы үлгілі жол болмақ. Оның көлемі де, мұндағы жұмыс ауқымы да Түркісіппен салыстырғанда анағұрлым басым.

Қазір Москва-Донбасс магистралында жұмыс істеп жүрген біз, бұрынғы Түркісіб құрылысшылары, өз үлесімізге бірінші бесжылдықтың алғашқы ірі темір жолын да, екінші бесжылдықтың қуатты магистралын да салудың асқан зор бақыты тигенін мақтаныш етеміз.

*Есею жылдары. —  
Алматы, 1969. — 123-124-бб.*

### **Т. РЫСКҰЛОВ ісі 1937-38 жылы**

КСРО атынан СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясы құрамында:

Армвоенюрист Ульрих,

Бригвоенюрист Зарянов,

I Рангалы военюрист Кандыбин,

I Рангалы военюрист Костюшко,

СССР прокурорының орынбасары Рогинский —

Үкім шығарды.

*Москва қаласы, 8 февраль 1938 жылы.*

Жабық сот мәжілісі.

Қаралды: Рыскулов Тұрар Рысқұловичтың ісі, 1894 ж. туған. РСФСР совнарком төрағасының бұрынғы орынбасары. РСФСР қылмыс кодексінің 58-1а, 58-2, 58-8, 58-11 статьялары бойынша белгіленген қылмыстары бойынша...



Үкім шығарды:

Рысқұлов Тұрар Рысқұлович жазаның ең ауыр түрі — атуға кесілсін.

Үкім өзгермейді, қайта қарауға жатпайды.

*Шерхан Мұртаза “Тамұқ”. Атамұра—Қазақстан.  
Алматы, 1994. — 199-б.*

Военная Коллегия  
Верховного Суда  
Союза ССР  
— февраля 1938 г.  
N00260238  
г. Алма-Ата

Совершенно секретно  
НАРОДНОМУ КОМИССАРУ  
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ КАЗ. ССР  
КОМИССАРУ ГОСУДАРСТВЕННОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ 1-го РАНГА  
ТОВ. РЕДЕНС

Прошу Вашего распоряжения о приведении в исполнение приговоров Выездной сессии Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР от 26 февраля 1938 года в отношении осужденных высшей мере уголовного наказания — расстрелу:

- |                  |            |                |
|------------------|------------|----------------|
| 1. Ашихина       | Алексея    | Ивановича      |
| 2. Биленко       | Владимира  | Леопольдовича  |
| 3. Богатикова    | Алексея    | Семеновича     |
| 4. Бураева       | Уразгалия  |                |
| 5. Варламова     | Николая    | Николаевича    |
| 6. Васильева     | Павла      | Алексеевича    |
| 7. Воробьева     | Иосифа     | Иннокентьевича |
| 8. Джансугурова  | Ильяса     |                |
| 9. Джантлеуова   | Шахи       | Османовича     |
| 10. Джелезбаева  | Максута    |                |
| 11. Джулдыбаева  | Аскарбека  | Табылбековича  |
| 12. Дюйсенова    | Хакима     |                |
| 13. Журлова      | Владимира  | Лукича         |
| 14. Зефинова     | Сергея     | Павловича      |
| 15. Искакова     | Гарибуллы  | Мусабаевича    |
| 16. Искалиева    | Султана    |                |
| 17. Исмагулова   | Газиза     | Манановича     |
| 18. Кабулова     | Ильяса     | Юсуповича      |
| 19. Каратлеуова  | Селимгирея |                |
| 20. Касабулатова | Исенгалия  | Киреевича      |

|                   |             |                  |
|-------------------|-------------|------------------|
| 21. Кенжина       | Асфендира   | Кенжиновича      |
| 22. Куленова      | Саямхата    |                  |
| 23. Кулетова      | Казмухамеда | Карибаевича      |
| 24. Лекерова      | Азимбая     | Лекеровича       |
| 25. Майлина       | Беймбета    | Жармаганбетовича |
| 26. Мухамеджанова | Капана      |                  |
| 27. Орумбаева     | Мукаша      |                  |
| 28. Распопова     | Виктора     | Яковлевича       |
| 29. Сабитова      | Бигима      |                  |
| 30. Сафарбекова   | Садыбека    |                  |
| 31. Сейдалина     | Асгата      | Фазиловича       |
| 32. Туртаева      | Шахмана     |                  |
| 33. Устинова      | Сергея      | Платоновича      |
| 34. Часовникова   | Виктора     | Ивановича        |
| 35. Чомонова      | Рахметжана  | Калимановича     |
| 36. Шанина        | Жумата      | Тургумбаевича    |
| 37. Юсупбекова    | Хамзы       |                  |

Председатель Выездной сессии

Военной Коллегии

Верховного суда Союза ССР

ДивВоенюрист

(қолы)

Горячев

### КАРЛАГ

1934-1940 жылдар арасында қылмыстық сипаты бойынша Карлагтағы тұтқындар топтары:

|      |      |      |      |      |      |      |
|------|------|------|------|------|------|------|
| 1934 | 1935 | 1936 | 1937 | 1938 | 1939 | 1940 |
|------|------|------|------|------|------|------|

контрреволюциялық қылмыс жасағандар:

|            |      |      |      |       |       |       |
|------------|------|------|------|-------|-------|-------|
| Саны: 7113 | 7435 | 6660 | 6603 | 15392 | 18286 | 19181 |
|------------|------|------|------|-------|-------|-------|

|              |      |    |    |      |      |    |
|--------------|------|----|----|------|------|----|
| Проценті: 27 | 19,5 | 24 | 20 | 43,9 | 57,7 | 55 |
|--------------|------|----|----|------|------|----|

Ерекше қауіпті қылмыс жасағандар:

|     |      |     |     |      |     |      |
|-----|------|-----|-----|------|-----|------|
| 533 | 1038 | 262 | 483 | 1056 | 557 | 1278 |
|-----|------|-----|-----|------|-----|------|

Кеңестік басшылық тәртібіне қарсы болғандар:

|      |       |      |       |       |      |
|------|-------|------|-------|-------|------|
| 6408 | 10863 | 9694 | 13146 | 11132 | 4263 |
|------|-------|------|-------|-------|------|

|      |      |    |      |   |    |
|------|------|----|------|---|----|
| 24,3 | 28,4 | 35 | 41,7 | 8 | 13 |
|------|------|----|------|---|----|

Тұрмыстық қылмыс жасағандар:

|       |       |       |       |      |      |       |
|-------|-------|-------|-------|------|------|-------|
| 12830 | 19896 | 11195 | 11799 | 8534 | 8009 | 13977 |
|-------|-------|-------|-------|------|------|-------|

|      |      |      |      |      |    |      |
|------|------|------|------|------|----|------|
| 48,7 | 52,1 | 40,7 | 37,4 | 24,8 | 27 | 41,3 |
|------|------|------|------|------|----|------|

*Д.А. Шаймұқанов, С.Д. Шаймұқанова. —  
Карлаг. Алматы, 1997.*

## 1941-1945 жылы СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ

*М. Әуезовке жазылған хаттан*

Сәлем Сізге, Мұхтар аға!

Ташкенттен келісімен мен жан-тәніммен сегізінші гвардияшыларға баруға тырыстым, Бауыржанмен бірге болуды аңсадым. Мені Момышұлы басшылық ететін батареяға комиссар етіп жіберді. Бірақ сол арада-ақ мені кері шақырып алып, қазақ тілінде газет шығару ісін ұйымдастыруды тапсырды.

Толассыз төнген ажал оғы гүрсілдеп жатқанда блиндажда отырып, туған даласын қатты сағынған қазақ жауынгерлеріне өз тілінде газеттер мен кітаптар оқу өте қуанышты.

Алматыдан келген делегаттар өздерімен бірге осында едәуір мөлшерде қазақ тіліндегі кітаптар әкеліпті, олардың ішінде Сіздің “Абай” романыңыз да бар екен. Бұл кітаптарды біз алғы шептегі жауынгерлерге апарғанымызда, біздің қазақ жауынгерлері сүйсініп қайран қалды. Бұл оларға аспаннан түскендей күтпеген сый болып көрінді.

Менің мынадай көріністі талай рет көруіме тура келді: білтелі шамның жарығы әлсіз ғана сығыраяды, жауынгерлер топталып отырады да, біреуі дауыстап оқып, қалғандары мұқият ден қойып тыңдайды. Көбінесе Сіздің “Абайды” оқып отыратын еді.

Жақында блиндаждардың біреуінен мен осы романның әбден тозған бір данасын тауып алдым. Бүкіл кітап айқыш-ұйқыш жазуға толы екен. Оның көп адамның қолынан өткені бірден-ақ көрініп тұр. Жазулар мынадай сипатта: “Өте жақсы кітап, атақ-даңқы арта берсін, Абай”; “Осы кітапты оқып шыққан соң, мен бүгін үш фашисті өлтірдім. Мерген Үркімбаев”; “Мен бұл кітапты немістердің тылында жүріп оқып шықтым. Бүгін фашистермен кескілескен шайқасқа түсіп, олардың 10-ын өлтіріп, үшеуін тұтқынға алдым, 24. X. 1942 ж..”

Барлық жазулар осы сияқты.

*Сіздің Құрманбек*



*8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы 1073-ші гвардиялық атқыштар полкінің командирі, майор Бауыржан Момышұлына жауынгерлік*

*Мінездеме*

*1942 жыл, маусым*

1910 жылы туған, 1942 жылдан БКП(б) мүшесі, ұлты қазақ, әлеуметтік тегі — қызметші. Жалпы білімі — орта, әскери білімі — бір жылдық. 1932 жылдан 1934 жылға дейін (осы уақытқа дейін) Қызыл Армия қатарында. 1941 жылдың қыркүйегінен майдандағы армияда.

Момышұлы жолдас құрылған күннен бастап, 8-ші гвардиялық дивизия қатарында. Ол дивизиямен бірге даңқты жауынгерлік жолдан өтті. Кенестік Отанымыз жолындағы ұрыстарда Момышұлы жолдас өзін Ленин партиясының ұлы ісіне адал берілген ерекше ержүрек әрі батыл командир ретінде көрсетті.

Момышұлы жолдастың тактикалық даярлығы жақсы, өзінің әскери білімін неміс-фашист оккупанттарына қарсы кескілескен шайқастарда, іс жүзіндегі командирлік жұмыста арттырған және ол білімін ұрыста шебер қолданды.

1941 жылғы шілде-қыркүйек айларындағы кезеңде атқыштар батальонының командирі болған капитан (қазіргі майор) Момышұлы жауынгерлер мен командирлерді өз Отанына шексіз берілгендік рухында тәрбиелеп, өз батальонының жауынгерлік құрамының сапалы әскерлік даярлығына қол жеткізді.

1941 жылғы қазан айында Москва үшін болған ұрыстарда Момышұлы жолдас басқарған батальон жауға қарсы ерлікпен шайқасып, оған елеулі соққы берді.

1941 жылғы қараша айынан Момышұлы жолдас—1073-ші полктің командирі, ол басқаратын полктің жауынгерлік құрамы Батыс майданда жаудың тегеурініне батыл тойтарыс беріп, оның бірқатар әскери құрамалары мен көптеген техникасын жойды.

Дивизия басқа бөлімдерімен бірге Момышұлының полкі неміс оккупанттарын Москва түбінде (Волоколам бағытында) талқандауға жол ашты.

1942 жылдың қысы мен көктемінде Калинин майданында 1073-ші гвардиялық атқыштар полкі бастапқы кез-

де, қар қалың түскен қыс, қатты аяз және жол қатынасы аса қиын жағдайда, ал сонан соң көктемгі лайсаң, батпақты жерлерде шабуыл жасай отырып, жаудың көптеген танкілерін, автомашиналары мен басқа да әскери техникаларын жойып жіберді, ондаған селолар мен деревняларды азат етті.

Дивизияның бүкіл еліміз алдында белгілі жалпыға мәлім еңбектері, оның гвардиялық болып қайта құрылып, жауынгерлік Қызыл Ту орденімен және Ленин орденімен наградталуы майор Момышұлы басқаратын 1073-ші атқыштар полкінің жауынгерлік табыстарымен байланысты.

Қазақ халқының адал ұлы, өзінің Кеңес елінің абыройы мен тәуелсіздігін қолына қару алып қорғап жүрген осы халықтың таңдаулы өкілдерінің бірі — майор Момышұлы үкімет наградасына ұсынылды.

*Дивизия командирі полковник Серебряков*

*Дивизияның әскери комиссары полк комиссары Лобов*

*Дивизия штабының бастығы подполковник Гофман*

## 1950-ші жылдар:

### ЕЛ ТАҒДЫРЫ — ЕР ТАҒДЫРЫ

*Жазықсыз кінәлі болғаным ба?*

Москва, Кремль

И. В. Сталин жолдасқа

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Менің өмірімнің соңғы кезеңіндегі төтенше жағдайлар Сіздің өзіңізге осы бір, қажет болғандықтан ұзақтау хатты жолдауыма мәжбүр етіп отыр.

Мен совет дәуірінде жоғарғы оқу орынына түсіп, оны бітіріп шыққан қазақтардың бірімін. Өзімнің саналы өмірімнің 32 жылдан астамын (жоғарғы оқу орынындағы оқу мерзімін қосқанда) партия мен халықтың мүддесіне адал қызмет етуге арнадым, оның ішінде 15 жыл Орталық Қазақстан өңірінде геолог қызметінде және 11 жылға жуық Советтік Қазақстан ғылымының жетекшісі болдым...

Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының жабық мәжілісі 1951 жылғы 23 октябрьдегі шешімімен мені төмендегі үш факты бойынша кінәлі деп тапты: 1) партия-



ға өтерде өзімнің әлеуметтік шыққан тегімді жасырғаным, 2) 1927 жылы менің редакциялауыммен және алғы сөзіммен шыққан Едіге туралы аңыздың қателігін 1945 жылдан кейін айыптамағаным, 3) Ғылым академиясының кадрларын жат элементтермен былықтырғандығым. Тағы бір айта кететін жәйт, “айыптаудың” соңғы екі пунктін маған бұрын да тағылған еді, мен олар жайында Орталық Комитет Бюросында жазбаша түсінік бергенмін, ал бірінші айып тосыннан, Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының мәжілісінде алып тасталған тағы екі айып бар: яғни, 1) 1927 жылы Едіге туралы аңыздың менің редакциялауыммен шыққандығын осы уақытқа дейін жасырғаным және 2) 1917 жылы ұлтшыл “Алашорда” партиясының үгітшісі болғаным-мыс. Осы көрсетілгендердің үстіне Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының шешімінен кейін мерзімді баспасөзде жарияланған материалдарға сүйеніп, Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Насихат бөлімінің меңгерушісі Храмков жолдас Қазақстан Компартиясының V съезінде маған “ұлтшылдарды қанатына алған” деп айыптақты. Осы алты пункттен тұратын айыптаулардың әрқайсысының нақты іс жүзіндегі көрінісі мынадай:

1) Партияға өтерде өзімнің әлеуметтік шыққан тегімді жасырып қалғандығым туралы.

Айыптаудың бұл пунктін мынадай документті деректердің негізінде жай бір жөнсіз бірдеңе болып шығады. Партияға өтер алдында жазған өмірбаянымды мен түп-тура атам Сәтбайдың ірі бай болғандығын көрсетуден бастаймын. Оның 4 баласы бар еді: менің әкем — Имантай және оның үш бауыры, оның ішінде біреуі, ең кенжесі, қазақтардың салты бойынша әкесінің бүкіл дүние-мүлкін мұра еткендіктен бай болды, ал қалған екеуі кедей еді. Менің әкемнің шаруа жайына келетін болсақ, мен өзімнің өмірбаянымда оның 100-150 қаралы ұсақ малы, 40-50 жылқысы болғандығын көрсете келіп, “Менің әкемнің бар шаруасы таза малшылық кәсіпке байланысты болғандықтан, оның кірісі мен шығысының нақты тепе-теңдігін ескере келгенде, менің көзқарасым бойынша, оның шаруа жайын орташа ауқаттылар қатарына жатқызуға болады” деп жазған едім. Менің бұл дәйектемеімнің дұрыстығы мынадай фактілерден көрінеді: 1) Әкем Имантайдың шаруашы-



лығы, 1927-1928 жылдарға берілген бірыңғай ауыл шаруашылық салығының менде сақталған ордерінің көшірмесі негізінде, 78 ұсақ малдан, 21 жылқы мен 12 ірі қарадан тұрады. Оның шаруашылығынан түсетін бүкіл жылдық кіріс 586 сом 20 тиын болып есептелініп, оған 72 сом 98 тиын салық төлеу белгіленген. Мына жайды атап көрсеткен жөн: 1927-1928 жылдар салық салу органдары тарапынан Қазақстандағы мал басына өте мұқият санақ жүргізілген жылдар болып саналады. Өйткені бұл жылдары Қазақстанда маңызды саяси шара — байлар мен жартылай феодалдардың малы мен мүлкін конфискелеу жүргізілді. Осы документтерден көрініп тұрғанындай, менің әкемнің шаруашылығындағы мал саны менің өмірбаянымда көрсеткендегіден анағұрлым кем болып шықты және жылына 600 сомға жетпейтін (ал айға 50 сомға жуық) кіріс беріп отырған, демек, мұны тіпті де “байдікі” деп санауға болмайды. Бұл тұжырымның әділ екендігін ВКП(б) Орталық Комитетінің Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралар туралы 1932 жылғы қаулысы да қуаттайды. Онда Қазақстанның таза мал шаруашылықты аудандарында (мәселен, менің әкем тұрған Баянауыл секілді — Қ.С) жеке меншікте 150 басқа дейін ұсақ мал ұстауға рұқсат етілген, оны орташа шаруашылық ретінде қарау керектігі айтылған. Бірақ әкемнің шаруашылығы мықтағанда орташа ауқатты шаруашылық болғанына қарамастан мен атамның ірі бай болғанын, ағамның кезінде Совет өкіметінің тарапынан репрессияға ұшырағанын, ал немере бауырымның бірі бұрын “Алашорда” партиясы қатарында болғанын ешқашан жасырған емеспін. Осы фактілердің бәрін партияға өтер кездегі өмірбаянымда егжей-тегжейлі жазған болатынымын. Осының бәрі менің әлеуметтік шыққан тегімді жасырды деген айыптың ақиқатқа ешбір жанаспайтындығын бұлтартпай көрсетеді. Айта кетейін, арғы тегімнің осындай болғандығы ғана менің партия қатарына келуімді ұзақ уақыт тежеді, әйтпесе мен партияға өтуге идеялық тұрғыдан әлдеқайда ерте, Жезқазғанда жұмыс істеген кезімде-ақ әзір едім.

2) Едіге жөніндегі аңыздың менің редакциялауыммен және алғы сөзіммен 1927 жылы шығуы қате болғандығын өзімнің айыптамағаным туралы.

Менің алғы сөзіммен 1927 жылы кітапша болып шыққанша Едіге туралы аңызды Уәлиханов, Мелиоранский, Потанин, Диваев жинастырып жариялаған, ал менің кітапшам шыққаннан кейін де Батырлар жырының 1-томының авторлары мен редакторларынан бастап, түрлі оқулықтардың, жинақтар мен пьесалардың құрастырушыларына дейін ол көптеген адамдардың еңбектерінде жарияланды. Едіге “халық батыры ретінде” Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің Насихат бөлімінде әзірленген Қазақстан Орталық Комитетінің барлық секретарлары және басқалар қол қойған белгілі “Қазақ халқының қазақстандық майдангерлерге хатында” да ерекше атап көрсетілген болатын. Бұл деректер Едіге туралы редакциялық эпосты тұңғыш насихаттаушы мен емес екендігімді, әсіресе дәйекті насихаттаушы емес екенімді дәлелдей түседі...

Бұл арада мынаны атап көрсеткен жөн. Қазақстанда ешкім де Едіге туралы өткенде жіберген қателіктерін жұрт алдында айыптаған емес, ал олардың ішінде жоғарыда айтылған “Қазақ халқының қазақстандық майдангерлерге хатына” қол қойған Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің секретарлары да болғаны ғой. Сондай-ақ бұл мәселе еш жерде ашық талқылаудан өткен емес. Бұдан 20 жыл бұрынғы Едіге туралы кездейсоқ қателігімді айыптау қажеттілігі туралы ойыма да келмегенін осындай жәйттермен түсіндіруге болады.

3) Ғылым академиясы кадрларын былықтырғаным туралы.

СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалында, әсіресе соғыс жылдарында, қорғаныстық маңызы бар жеке нақты міндеттер шешіліп жатқан кезде, ғылыми жұмыстар интенсивті өсіп, жалпы өрлей түскен шақта негізінен кадрлардың іскерлік қабілетіне, олардың белгілі бір халық шаруашылық немесе қорғаныстық маңызы бар нақты тақырыпты орындау қабілеті мен біліктілігіне баса назар аударылды. Жұмысқа қабылданатындардың анкеталық деректері, сол кездегі тәртіп бойынша, кадрлардың стандартты “есеп листогы” арқылы толтырылатын, онда, әдетте, жұмысқа қабылданатындардың туған-туысқандары мен жақын-жақыбайларына қатысты мәселе қойылмайтын. Мұның өзі белгілі дәрежеде жұмысқа жаңадан қабылдан-



гандардың жақын туыстарының репрессияға ұшырағанын жасырып қалуға немесе ол жағдайды орағытып өтуге әсер етті; екінші жағынан, филиалға, кейіннен академияға жоғары оқу орындарын жаңа ғана бітіргендер есебінен қабылданған жас мамандардың өмірбаян деректерінен кейде қолайсыз жәйттер ұшырасты, ал бұл жәйттер әлгілер жұмысқа қабылданғаннан кейін, оларды құпия материалдарға жіберуге тиісті органдардың тиым салу барысында анықталды. Ғылым академиясы өткенінде саяси күдік бар бірқатар ірі ғалымдар мен мамандарды директивалы органдардың рұқсатыменен, саналы түрде технологиялық немесе биологиялық мақсаттағы жекелеген, практикалық жағынан актуальды ғылыми тақырыптарды зерттеуге пайдаланды. Саяси жағынан күдікті деген кадрлардың біразы филиалға 1941 жылға дейін, яғни оның басшылығына мен келмей тұрғанда-ақ қабылданған...

Академия кадрларын тазарту ісін біз 1950 жылдың аяғына қарай негізінен аяқтадық. 1951 жылдың жазында ВКП(б) Орталық Комитеті комиссиясының құрамында Алматыға келген Шишкин мен Митрейкин жолдастар академия кадрларын тазарту барысымен танысу үстінде бұл мәселеде біз жіберген кейбір асыра сілтеушіліктерді атап көрсетті. Қазіргі кезде академия кадрларының негізін соңғы жылдары өз қабырғасында даярланған, партия мен халық ісіне әбден берілген, творчестволық жағынан белсенді жас ғылыми қызметкерлер құрайды. Бұл фактілер академия кадрларын былықтырды деген айыптың Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының шешімі қабылданған кезге дейін тағылғанын, шынтуайтқа келгенде, тек тарихи мәнісі ғана болғанын көрсетеді.

Осы айтылғандарға тағы мына жәйтті қосу ғана қалды: бұл пункттердің барлығы бойынша маған тағылған айып, сонымен бірге менің оған берген түсініктерім 1951 жылы, яғни менің Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болып қайтадан сайланғанымнан көп бұрын ВКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясында Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің екінші секретары Кругловтың қатысуымен қаралған болатын.

Осы тұста маған бұрынырақ тағылған және Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының мәжілісінде растал-




май қалған екі пункт бойынша да түсінік бере кету артық емес шығар деп ойлаймын.

4) 1927 жылы менің редакциялауыммен шыққан Едіге туралы аңызды жасыру фактісі туралы.

Бұл айыптаудың жосықсыздығын мына жәйттің өзі-ақ аңғартады: бұл кітап совет заманында Москва қаласындағы орталық баспалардың бірінен едәуір тиражбен жарық көрген. Бұл кітаптың “жасырылмағандығын”, мысалы, 1943 жылы Алматыда жарияланған СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының мерекелік ғылыми сессиясының “Еңбектерінде” (202-бет), сонымен бірге 1939 жылы басылып шыққан қазақ халқының Батырлар жырының бірінші томындағы библиографиялық түсініктемелерде менің кітабымның көрсетілген фактілерінен айқын көрінеді. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің Бюросында айыптаудың бұл пункті расталмаған деп табылды.

5) Менің 1917 жылы “Алашорда” ұлтшылдық партиясының бейнебір үгітшісі болғанымды жасырып қалғандығым жайында.

Бұл айыптау “Сарыарқа” газетінің 1917 жылғы 9 ноябрьдегі номерінде “Алашорда” партиясының үгітшілері ретінде 1917 жылы халық арасына жіберілген адамдардың аты-жөні жазылған үлкен тізімге байланысты тағылды. Ол тізімде менің де фамилиям аталыпты. Газеттің бұл номерін мен бірінші рет 1951 жылы күзде Алматыда көрдім. 1917 жылдың күзінде мен туберкулезбен ауырып, ауруханада жатым, ал содан кейін емделу үшін ауылға кеттім. Ол кезде мен бар болғаны 18-ге жаңа толған едім және насихат түгілі, тіпті, жалпы саясат жөнінде ештеңе ойға алған емеспін. Алашордашылардың газетіне менің фамилиямның қалай және неге түскені маған белгісіз. Менің жорамалдауымша, сол кездегі аз ғана қазақ интеллигенциясын, оның ішінде оқушы жастарды өз жағына тарту мақсатында алашордашылар оқып жүрген қазақ жастарының бірі мені де қосқан болу керек; бөлкім, мұнда сол кезде “Алашорда” партиясында болған менің немере ағайым Әбікейдің белгілі бір ролі болуы да ықтимал. Мен ешқашан алашордашылардың үгітшісі болмағандықтан және де үгітшілік сияқты жұмысты сол уақыттағы архивтік және әдеби материалдардан оп-оңай табуға болатындықтан, мен сол кезде-ақ



*Қазақстанның осы заманғы әкімшілік орталықтары*

осындай материалдарды егжей-тегжейлі қарап шығуды табанды түрде талап еткенмін. Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының мәжілісінде айыптаудың бұл пункті де расталмаған деп табылды.

Енді айыптаудың соңғы, Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының 1951 жылғы 23 ноябрьдегі шешімінен кейін, маған сырттай таңылған пунктіне көшейін.

б) Академияның президенті болып тұрған кезінде “ұлтшылдарды қанатына алды-мыс” деген айыптау жайында.

Менің түсінігімше, осындай бұлыңғыр пайымдауды бетке ұстап, Қазақстан тарихы мен әдебиетіне байланысты кейбір мәселелерді түсіндіруде бұрмалаушылықтарға жол бергендердің қатарына менің де фамилиямды қалайда қосуға тырысушылық байқалады...

Айыптау авторы мені “ұлтшылдарды қанатына алды” дегенде, меніңше, сірә, Е. Бекмахановтың біраз уақыт академияда жұмыс істегендігін айтпақшы болған шығар. Е. Бекмаханов Қазақ ССР Ғылым академиясына басшылық жұмысқа 1947 жылдың майында, яғни докторлық диссертациясы жұмысы негізінен Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінде қызмет істеген кезде, Москвадағы Ғылым академиясы Тарих институтының ғалымдары тарапынан кеңес алып жүріп жазған еді. Е.Бекмаханов 1947 жылғы 22 майдан 1948 жылғы 20 июньге дейін, яғни бір жылдан сәл астам уақыт ғана Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих институты директорының орынбасары болып істеп, Қазақ мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі қызметін қоса атқарды. 1949 жылғы 29 апрельден бастап ол университеттегі негізгі жұмысына ауыстырылды да, академияда тек қосалқы жұмыс атқарушы ретінде ғана қалдырылды.

Жоғарыда келтірілген фактілер Е. Бекмахановтың Қазақ ССР Ғылым академиясының қабырғасында қандай да бір берік орын тебуіне және ғылыми мансапқа ие болуына мүмкіндік бермегенін бұлтартпай дәлелдейді. Сондықтан осының өзі-ақ академия президенті ретінде менің тарапымнан оған “қамқорлық” жасалды деген фактіні жоққа шығарды. Содан кейінгі бір назар аударатын жәйт, “Правда” газетінде “Қазақстан тарихының” мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын” деген мақала шыққанға



дейін Кенесары Қасымовтың көтерілісін түсіндіруде Москвадағы СССР Ғылым академиясының ірі ғалым-тарихшылары мен Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Насихат бөлімінің басшы қызметкерлерінің, тіпті, Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті секретарларының арасында әйтеуір бір түсініспеушілік болды...

Осы фактілердің барлығы маған “ұлтшылдарды қанатына алды” деген айып тағудың қисынсыз екеніне бұлтартпас дәлел бола алады. Мен шын мәніндегі өз кінәмді мынадан көремін: Қазақстан ғылымының басшысы болған кезімде мен Қазақ ССР Ғылым академиясының идеологиялық ғылыми мекемелеріне барлық уақытта да қолма-қол басшылық жасап отырған Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің Насихат бөлімінің беделіне толығынан сеніп, идеология мәселелеріне тиісінше жете мән бермеппін. Бұған қоса мынаны атай кеткен жөн: Қазақ ССР Ғылым академиясының идеологиялық ғылыми мекемелерінің бүкіл тыныс-тіршілігі мен жұмысы жөнінде Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің Насихат бөлімі, әдетте, менің қатысуымсыз-ақ және мені хабардар етпей-ақ шешім қабылдай беретін, мені тіпті өздерінің мәжілістері мен кеңестеріне шақыруды ұмытып кете беретін.

Революцияға дейін, мәдениет жағынан өте-мөте мешеу қалған Қазақстан жағдайында, Совет өкіметі жылдарында республиканың ғылым деңгейі мен қауырт өркендеп келе жатқан халық шаруашылығы арасында орын алып отырған төзгісіз үйлесімсіздік жағдайында мен ғылыми кадрларды, әсіресе республиканың жергілікті халық есебінен өсіруді маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі деп санадым.

Сіздің кадрларды сүйіспеншілікпен аялап өсіру қажеттігі жөнінде айтқан кеңесіңізді еске ала отырып, мен ғылымға ұмтылған әрбір адамды қуана қарсы алып, қолдап отырдым, ғылыми және мәдени жағынан өсуінде оларға жан-жақты көмектесіп, ықпал еттім. Кадрларды өсірудегі осынау тер төгілген жұмыстың нәтижесінде, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, қазіргі кезде Қазақ ССР Ғылым академиясы — мықты ғылыми коллектив, оның құрамында 60 ғылым докторы мен 300-ге жуық ғылым кандидаты бар. Жаңадан даярланған сан-сан ғылыми қызметкерлердің

ішінде, өкінішке орай, жекеленген теріс мінезді элементтер де болды. Бірақ бұл жекелеген адамдар академияның партия мен халыққа жан-тәнімен берілген көптеген жас мамандар тәрбиелеудегі жұмысының нәтижелерін ешқандай да кемсіте алмайды.

Осы айтылғандардан мынадай ой туындайды: егер маған “қанатына алушы” деген ат тағыла қалған болса, онда шын мәнінде ғылымға ұмтылған кез келген жастарды қанатыма алып, мәпелеп өсіруге ат салыстым. Ал осылай адамдарға шексіз ілтипат пен сенім көрсетуден ғана өзімнің Қазақ ССР Ғылым академиясына басшылық жасаған кездегі кемшіліктерімнің бірін көремін: сондай кезде академияның ғылыми кадрларының арасына бірлі-жарым түбі шикі адамдар өтіп кеткен шығар... Бірақ мен өзіме тағылған “ұлтшылдарды қанатына алды” деген айыпты үзілді-кесілді қабылдай алмаймын, сөйтіп, оны жоғарыда келтірілген бұлтартпас деректердің негізінде объективті емес және түп-тамырымен әділетсіз деп санаймын.

\* \* \*

Соңғы күндерге дейінгі менің саналы өмірім мен қызметімнің қысқаша нәтижесі осындай... Мен өзімнің тап қазіргі хал-жағдайыма сабырлы қарағым келеді, ол ауыр болғанымен, өмірдегі бір кездейсоқтық деп санаймын. Осыған байланысты, жолдас Сталин, Сізден бұл мәселенің жуық арада объективті түрде қаралуына ықпал етуіңізді сұраймын, соның нәтижесінде менен “ұлтшылдарды қанатына алушы” деген масқара айып-таңбаның және маған берілген партиялық жаза алынып тасталады деп кәміл үміттемін.

Менің күш-жігерім әлі жетеді және алдағы уақытта оны Ұлы Отаныма қызмет ету үшін, партия қайда жіберсе, кез келген қызметті орындауға бүкіл күш-жігерімді аямай жұмсаймын.

*Зор құрметпен академик Сәтбаев*

*1952 жыл, 20 қаңтар*



*РСФСР Қоғамдық қамсыздандыру министрі  
Н.А. Муравьева жолдасқа*

Советтік фольклорға көп еңбегі сіңген, Қазақ ССР халық артисі Александр Викторович Затаевич Москва қаласы, Дмитрев көшесі, 40, 93 үй, телефон В1-09-58-де тұратын қызы Ольга Александровна Затаевичке дербес пенсия тағайындауды өтінеміз.

Қазақ совет музыка мәдениетінің дамуында А.В. Затаевич (1889-1936) творчестволық еңбегі жағынан қоғамдық-саяси қайраткер, этнограф ретінде алатын орны ерекше. Революциядан бұрын А.В. Затаевич қазақтың халық музыкасын зерттеуші алдыңғы қатарлы орыс оқымыстыларының бірі болды.

Ол он бес жылғы экспедициялық-зерттеу жұмысының нәтижесінде 2350-ге тарта ел аузында жүрген халық әндері мен күйлерін жинап, “Қазақтың 1000 және 500 әндері мен күйлері” деген тақырыппен теңдесі жоқ еңбек жазып шығарды.

Бұл қазір қазақ совет музыкасының негізін салуға үлкен үлес қосты. А.В. Затаевичтің ғажап еңбегі музыкалық мұра ретінде дүниежүзілік прогрессивті қоғам қайраткерлерінен, пролетариат жазушысы М. Горькийден, академик А.А. Асафьевтен, Ромэн Ролланнан зор баға алды. Қазақ совет музыкасына сіңірген еңбегін бағалай келе, А.В. Затаевичке “Қазақ ССР-нің халық әртісі” деген атақ берілді. Өмірлік пенсия тағайындалды. Оған қайтыс болғаннан кейін Москвадағы Новодевичьеде Қазақстан үкіметі ескерткіш орнатты.

Оның жан-жақты еңбегін жинап бастыруда әдеби секретары әрі жәрдемшісі өзінің қызы О.А. Затаевичтің де еңбегі ерен. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның ғажайып еңбегін бір ізге салып, музыкалық еңбегін әрі апарды.

Қазіргі уақытта Ольга Александровна Затаевич ауыр науқастың әсерінен жұмыс істей алмай жүр. Сондықтан да оның материалдық жағдайын ескере отырып, республикалық көлемде пенсия тағайындауды сұраймыз.

*Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті,  
академик Сәтбаев*

*1958 жыл, сәуір*



1986-жыл

## “ЖЕЛТОҚСАН” ЫЗҒАРЫ

### Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атынан ҮКІМ

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы мына құрамда:

Төрағалық жасаушы — Қазақ КСР Жоғарғы Сотының мүшесі — Е.П. Грабарник, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының халық заседательдері: А.Т. Түсіпбеков және Л.Ф. Юсупова, хатшылар: Ж. Тағай мен К. Бұқанбаеваның хатшылық етуімен, Мемлекеттік айыптаушы: Қазақ КСР прокуратурасының бөлім бастығы, юстиция аға кеңесшісі Е. Д. Баймұхаметовты, қоғамдық айыптаушылар Ж.М. Жұмабаев, М. Толысбаева, Ә.С. Оразовты, ақтаушылар: М. Әлиайдаров, З.И. Исаев, С. Әлімғазиева, Е.Н. Сотириадиі және жәбірленушілер: Г.П. Савицкая, А.Е. Савицкий, Г.Г. Вельд, И.П. Зимулькин, З.Д. Ибраимов, А.А. Алмабековты қатыстыра отырып;

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының сот мәжілісі залындағы ашық сот отырысында 1987 жылдың 25 мамырынан 16 маусымына дейін Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбековтың (туған жылы т. т...) айыптау ісін қарай келіп, жоғарыда айтылған оқиғалардың (барлығы 10 том — *Ауд.*) негізінде Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 287, 299 және 301- баптарына сәйкес сот алқасы Үкім етеді:

Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков кінәлі деп табылып, мынадай қылмыстық жазаға тартылсын — Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 60-бабы бойынша 3 жылға бас бостандығынан, 65-бабы бойынша 15 жылға бас бостандығынан айыруға, Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 173-1-бабы бойынша ең жоғары — өлім жазасына, атуға кесілсін...

Қазақ КСР қылмыстық істер жүргізу кодексінің 314-бабына сәйкес үкім түпкілікті болып есептеледі, кассациялық тәртіппен қайта қарауға және шағым жасау жолымен өзгертілуге жатпайды.

Төрағалық етуші:

(қолы)

Е.П. Грабарник

Халық заседательдері:

(қолдары)

А.Т. Түсіпбеков

Л.Ф. Юсупова

1987 жыл, 16 маусым

## ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Жасалынған қылмыстың өте ауырлығын, қоғамға қауіптілігін және одан туындаған қайғылы жағдайларды, Қазақ КСР Прокуратурасының кешірім жасамау жөніндегі қорытынды пікірін назарға ала отырып, сондай-ақ, Қ. Рысқұлбековке нашар мінездемені ескеріп, Рысқұлбеков Қайраттың кешірім сұрау туралы өтінішін қанағаттандырмауға шешім қабылдансын.

*Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі*  
*Президиумының төрағасы:* (қолы) *С. Мұқашев*  
*Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі*  
*Президиумының хатшысы:* (қолы) *С. Нұрпейісов*

1987 жыл, 20 тамыз

\* \* \*

## КСРО ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫ

1986 жылғы Алматы оқиғасының белсенді қатысушысы, айыпкер Қ. Рысқұлбековтың өтінішін қарай келіп, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 23.04.88 жылғы N8836 — XI жарлығымен Қ. Рысқұлбековке кешірім жасап, ату жазасын 20 жылға бас бостандығынан айыруға ауыстырды.

*КСРО Жоғарғы Кеңесі*  
*Президиумының төрағасы:* (қолы) *А. Громыко*

## ТҮРКИЯДА

Польшамен, Чехословакиямен, Венгриямен және Батыс Германиямен салыстырар болсақ, Түркиядағы ресми және ресми емес ұйымдар мен қоғамдардың қазақ-түркі студентін құтқару үшін пәлендей әрекет жасамағаны аңғарылды. Ал Батыс Германияның Мюнхен қаласында орналасқан “Түрікелі” комитеті Түркия баспасөзі мен басқа да ұйымдарына жеткілікті материал жіберген болатын. Түрікелі комитеті таратқан ондай мағлұмат пен мәлімде-



мелердің кейбіреулері Анкарада шығатын “Иени Форум” (“Жаңа форум — ауд.), “Яңқы” (“Жаңғырық”), Әзербайжан және Ыстамбұлда шығатын “Иени Баты Тракия” (“Жаңа батыс Тракия”) сияқты журналдарда басылды.

Түркиядағы күнделікті газеттерде Қазақстандағы 1986-шы жылғы демонстрацияларға байланысты жарияланған маңызды мақалалардың кейбіреулері мыналар:

Эргүн Гөзе, Қазақстан орыстардыкі емес, қазақтардікі (“Тәржұман” газеті — 1987-ші ж. 11. 01.);

Нүри Әсин. Қазақстан оқиғалары — Ресейдегі ұлттық қарсыласудың алғашқы көрінісі (“Гүнайдын” газеті — 1987-ші ж. 17.01.);

Жошкун Қыржа. Кеңестік Ресейдегі түркілер (“Хүрий-эт” газеті — 1987-ші ж. 30.12.);

Иылмаз Қзтұна. Қазақстан оқиғалары (“Тәржұман” газеті — 1987-ші ж. 23.12.);

Зафэр Атай. Көтеріліс (“Тәржұмән” газеті—1987-ші ж. 23.12.).

1986-шы жылдың желтоқсан айында Қазақстанда болған оқиғалар туралы Түркиядағы кейбір журналдарда да мақала жарияланды. Мысалы, Анкарада шығатын “Иени форум” журналының 1987-ші ж. Ақпандағы 178-санында “Түркілерді жоқ етуге бағытталған болгар-орыс ынтымақтастығы” және “Қазақ патриоттарының ұрандары” атты мақалалар жарық көрді.

Ыстамбұлда шығып тұратын “Түрік әлемі бойынша зерттеулер” журналының 1987-ші ж. сәуірдегі 47-санында басылған Хасен Өралтайдың “Қазақстан — қазақтардікі” деп аталған 18 беттік мақаласында Қазақстандағы желтоқсан оқиғалары туралы назар аударарлық мол мағлұмат берілген.

*Ислам коференциясының*

*Бас хатшысына*

*Мюнхен*

**ЖИДДА**

*Сауд Арабиясы*

*Бісмилләһ ирраһман ирраһим*

*Жоғары мәртебелі Бас хатшы мырза!*

Өзіңізге белгілі, 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Қазақстанның астанасы — Алматы қаласында қазақ студенттері-



нің екі күнге созылған демонстрациясы болды. Бұл туралы Кеңестердің СОТА және ЖБА агенттіктері де хабарлады. Демонстрацияға қатысқан студенттердің “Қазақстан — қазақтардікі!” деп жазылған транспаранттар алып жүргені және көшелерде машиналарды киратқаны, бір дүкенді өртегені анықталды. Демонстрацияны ұйымдастырған студенттер жайында “ұлтшыл элементтер”, “бұзақылар”, “ішкіштер”, “нашақорлар” сияқты коммунистерге тән сөздер айтылды.

Батыс баспасөзі және басқа ақпарат құралдары 1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Қазақстан астанасы — Алматыда демонстрацияға шыққан студенттерді, “Қазақстан — қазақтардікі!”, “Дербестік талап етеміз!”, “Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болу хұқығын талап етеміз!” деп жазылған транспаранттар алып жүргенін және ұрандағанын хабарлады. Осы уақиғаларға куә болған адамдардың білдіруінше, Алматыдағы демонстрацияға қатысу үшін басқа қалалардан, жақындағы елді мекендер мен ауылдардан көп қазақ келген, демонстрацияны басу үшін орыстар 70 мың солдаттар апарған.

1986 ж. 17-18 желтоқсан күндері Алматыда қазақ студенттерінің бастауымен болған бұл демонстрацияның негізгі себебі: 74 жастағы Дінмұхаммет Ахметұлы Қонаевтың қызметінен алынып, орынына орыстың тағайындалуы емес. Ол тек кеседегі суды тасытқан соңғы тамшы ғана. Демонстрацияның негізгі себебі, француз профессоры Александр Беннигсеннің “Монд” және “Нью-Йорк таймс” газеттерінде атап көрсеткеніндей, әлдеқайда тереңде жатыр.

Қысқаша қасиетті хадистерде айтылғандай, “Бір мұсылманның қасіреті басқа мұсылмандардың да қасіреті болып табылады”, “Мұсылман — мұсылманның бауыры”. Қазақтар да діні бір бауырымыз. Қазақстандағы орыстандыру әрекеттері мен соңғы оқиғаларға байланысты күшейе түскен орыстардың зорлық-зомбылығының жоғары мәртебелі ислам басшылығының жиынында қаралуын қамтамасыз етулеріңізді мұсылманшылық, адамгершілік және адам хұқықтары атынан өтінеміз.

*Ысмайыл Пынар*  
*Түркіелі комитетінің*  
*президенті*

*Жәнібек Оралтай*  
*Түркіелі комитетінің*  
*хатшысы*

## ЕЛ АҢСАҒАН—ЕГЕМЕНДІЛІК ЖЫЛДАРЫ

*ҚазССР Мемлекеттік егемендігі туралы*

*Декларациясы*

“ҚазССР Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, ҚазССР Мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы Декларацияны қабылдайды”.

*Алматы, 1990 жылғы 25 қазан.*

*ҚазКСР президентінің жарлығы*

*Семей ядролық полигонын жабу туралы*

Қазақ КСР-нің территориясындағы Семей облысында 1949 жылдан бері ядролық қару сынау жүзеге асырылып келді. Осы уақыттың ішінде онда 500-ге жуық ядролық жарылыс жасалып, оның өзі мыңдаған адамдардың денсаулығы мен өміріне нұқсан келтірді.

Қазақ КСР – КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық әскери тепе-теңдікті қамтамасыз еткен ядролық потенциалды жасау жөніндегі өз борышын орындағанын ескеріп және республика жұртшылығының талаптарына құлақ асып қаулы етемін:

1. Семей ядролық сынақ полигоны жабылсын... .

*Қазақ КСР-нің Президенті Н.Ә. Назарбаев*

*Алматы, 1991 жылғы 29 тамыз.*

*Қазақ КСР-нің атауын өзгерту туралы*

*Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:*

1. Қазақ КСР-нің атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілсін.

*Қазақ КСР-нің Президенті*

*Н.Ә. Назарбаев*

*Алматы, 1991 жылғы 10 желтоқсан.*

*Елдегі жағдай мен 1997 жылға арналған ішкі*

*және сыртқы Саясаттың негізгі бағыттары туралы*

*ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы*

*Кіріспе*

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бергі бесінші жыл да аяқталып келеді. Тарих ауқымында алғанда, бұл

қас-қағым сәт, уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде, әлбетте, мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру біршама қиын. Тегінде, баяулық қоғамдық процестер табиғатының өзіне тән, өйткені саяси және экономикалық құрылыстың, қоғамдық құндылықтардың, өмірлік мұраттардың алмасуы ондаған жылдарға созылады...

*Алматы, 1996 жыл, қазан.*

*1998 жылды “Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы” деп жариялау туралы.*

Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының көптеген өтініш тілектерін ескере отырып, жалпы ұлттық татулық пен ұлттық тарихты зерделеуді қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. 1998 жыл “Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы” деп жариялансын...

*Қазақстан Республикасының Президенті  
Н.Ә. Назарбаев*

*Ақмола, 1997 жылғы 10 желтоқсан.*

## *Қазақстан – 2030*

*Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеу, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы*

### Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы

Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары. Біздің еліміз мен айтқан перспективаларға қол жеткізу үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстан тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық



стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негіз-делген экономикалық өсу.

4. Қазақстан Азаматтарының денсаулығы, білім мен әлеуметі.

5. Энергетика ресурстары.

6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс.

7. Кәсіби мемлекет.

### РУХАНИ МҰРА

(Қазақстан тарихына қатысты әдеби нұсқалар)

#### “ТҮРІК БІЛГЕ ҚАҒАН СӨЗІ”

“...Табғаш жұртының сөзі тәтті, қымбат, заты жұмсақ екен.

Тәтті сөзімен, қымбат затымен арбап, алыс елді сонша жақын келтіреді екен. Жақын кондырғаннан кейін сол жерде (оларға) жаман мінез-қылық үйретеді екен. Игі, ақылды кісіні, игі батыр кісіні жүргізбейді екен (өз еркімен). Бұл кісі жаңылса ру-тайпасына, үрім-бұтағына дейін босатпай ұстайды екен. (Табғаштың) тәтті сөзіне, жұмсақ қымбат затына арбалып, көп түрік халқы жоқ болды.

... Ол жерге барсаңдар, Түрік халқы, өлер-ақсың! Өтүкен жерінде отырып, керуен-тіркеу жіберсең, ешқандай мұңың жоқ. Өтүкен жерінде отырсаңдар, мәңгі ел тұтып отырасың.

Түрік халқы сен тоқсың да, арықсың да. Аш-тоғынды ойламайсың: бір тойсаң, аштықты ойламайсың. Соның үшін (ел) көтерген, тойдырған қағанның сөзін алмастан, жер-жерге бардың, оның бәрінде аздың-тоздың. Сол тұрып қалған жеріңнің бәрінде тіріліп жүріп едің.

Тәңірі жарылқағаны үшін, өзімнің құтым бар үшін қаған отырдым. Қаған (болып) отырып, жоқ-жітік халықты түгел жинадым, шығай (жарлы) халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Әлде бұл сөзімде жалған бар ма?!“

#### ЖОРЫҚ ЖЫРЫ

Мен былай дедім:

— Мен білге Тоныкөкпін.

Алтын қойнауын асып келдік!

Ертіс өзенін кешіп келдік!  
(Кім) келсе де “батыр!” — дедім.  
(Олар біздің ойымызды) білмейді.  
Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-су  
Жазалайтын болады, ойлану керек!  
(Жау) көп деп неге қашамыз?!  
Азбыз деп неге қорқамыз?!  
Неге (оларды) басындырамыз?!  
Шабамыз! — дедім,  
Шаптық. Жойдық.

## КҮЛТЕГІНДІ ЖОҚТАУ

Інім Күлтегін қаза болды,  
Мен өзім (қатты) қайғырдым.  
Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды.  
Мен — өзім (қатты) қайғырдым.  
Ғұмырды Тәңір берер,  
Адам баласы бәрі өлгелі туған.  
Мен осылайша қайғырдым.  
Көзге (ыстық) жас келіп,  
Көңілді ауыр шер басып,  
Мен тағы да күйіндім,  
Қатты қайғырдым.

### 1. VIII ғасыр

*Ғ. Айдаров. Орхон ескерткіштерінің тексі. — Алматы, 1990. — 70-104-бб.*

## “СОПЫ БОЛУ ОҢАЙ МА?”

“Ей, Дәруіш, білгіл, ең бол, әуелі — кәлима шариғат, екінші — кәлима тариғат, үшінші — кәлима мағрифат, төртінші — кәлима хақиқатты білмек керек.

Егер софы болып, бұл кәлималарды білмесе, софы емес. Дәруіштің мақамы қырық түр. Егер біліп амал қылса, дәруіштігі.

Ол надан түр, ол қырық мақамның он мақамы шариғатта түр, он мақамы тарихатта түр және он мақамы мағрифатта түр және он мақамы хақиқатта түр.



Шариғаттағы он мақам бұл түр:  
Бірінші, иман келтірмек. Алла тағаланың бірлігіне  
және барлығына және сипатына және затына.  
Екінші, намаз оқымақ.  
Үшінші, ораза тұтпақ.  
Төртінші, зекет бермек.  
Бесінші, қажыға тәуап қылмақ.  
Алтыншы, жылы сөйлемек.  
Жетінші, ғылым үйренбек.  
Сегізінші, ғазіреті Расул сали Аллоһи тағала Әллахи  
уассаламның сүндеттерін орынға келтірмек.  
Оныншы, нәһи-мәңкүр қылмақ  
(білмегендерге үйретпек).  
Он мақам тарихатта түр:  
Бірінші, Тәубе.  
Екінші, Пірге қол бермек.  
Үшінші, Кауф уәржә, яғни хақ тағаланың азабынан  
қорқып, рахметінен үміт қылмақ.  
Төртінші, білмегенінді орынға келтірмек.  
Бесінші, ләззат шәуітін тәрк қылмақ.  
Алтыншы, пірдің қызметінде болмақ.  
Жетінші, пірін жамандамау.  
Сегізінші, насихат естімек.  
Тоғызыншы, адал сұфы болмақ.  
Оныншы, шариғаттан бөлінбеу керек.

Он мақам мағрифатта түр:  
Бірінші, пина болмақ (жүзін жасырып ұстау)  
Екінші, дәруіштікті қабыл қылмақ.  
Үшінші, әр іске табанды болмақ.  
Төртінші, адал талап қылмақ.  
Бесінші, мағрифат қылмақ.  
Алтыншы, шариғатты, тарихатты толық тұтпақ.  
Жетінші, дүниені тәрк қылмақ.  
Сегізінші, ақыретті мойындамақ.  
Тоғызыншы, шариғат сөзін білмек.  
Оныншы, хақиқат сырын білмек.  
Он мақам хақиқатта түр:  
Бірінші, шындықпен болмақ.  
Екінші, жақсы-жаман танымақ.  
Үшінші, ұлық іске бұрын қол салмақ.

Төртінші, алланың ісіне разы болмақ.  
Бесінші, өзінің несібесіне риза болмақ.  
Алтыншы, кісіге азар бермегей және  
пақырларға қарсы болмағай.  
Жетінші, қағиданы тұтпақ.  
Сегізінші, әркімнен сырын сақтамақ.  
Тоғызыншы, шариғат, тарихат, хақиқат мақамын білмек.  
Оныншы, ғамал қылмақ.

*Қожа Ахмет Яссауидің "Даналық жолы Хикметтерінің"  
алғы сөзі. Аударған Сыраш Итенов.  
/“Қарқаралы” журналы. N3/91  
Қожа Ахмет Йассауи. Хикметтер. —  
Алматы: "Өнер", 1995.*

## ЕЛШІ БОЛУДЫҢ ШАРТЫ

...Елші сан түрлі істерді тындырады,  
Игілікті істер елшілер арқылы іске асады.  
Елші өте елгезек, тапқыр, сақ болуы керек.  
Білімді, сөзі мағыналы, көреген болуы тиіс.  
Әрбір сөздің ішкі және сыртқы мағынасын  
түсіне білсін.  
Өйткені бүлінген істерді келістіретін де елші.  
Ғайырымды болсын, ашкөз болмасын.  
Сенімді, шыншыл ісіне адал болуы тиіс.  
Ашкөз адам ар-намыстан жұрдай болады,  
Көзі тоймайтын жан елшілікке лайық емес...  
Адамда сана мен білім болса,  
Білімі сан түрлі істерді жүзеге асыруға  
мүмкіндік береді.  
Парасатпен түрлі жазуларды оқып үйренсе,  
Жазу (кітап) оқыса — ақылы артады.  
Жазса, оқыса, (ғибрат) сөздерді тыңдаса,  
Сол арқылы өзін-өзі данышпан етеді.  
Түрлі өнер игеріп, бәрін тегіс білсе,  
Сол өнер шапағаты оның жүзін нұрға бөлейді.  
Кітаптар оқыса, әрі сөз сырын білсе,  
Өлең-жырлар оқыса, әрі өзі де жазатын болса,  
Астрология, медицина, әрі түс жори білсе,  
Оның болжамы қашанда дұрыс шығып жатса,

Математика мен геометрияны білсе,  
Саннан түбір шығарса, әрі шекараларды  
ажырата білсе,  
Барлық тілдерді білетін болса,  
Түрлі жазуларды білсе, көркем әрі келістіріп жазса...

*Жүсіп Баласағұн. “Құтты білік”. —  
Алматы. — 265-266-бб.*

## ҒЫЛЫМДЫ ҮЙРЕНУДІҢ ШАРТЫ

Захируддин Әл-Байхакий: “Шейх Әбу Насыр Әл-Фарабидің аты — Мұхамед-ибн Тархан болып, шыққан тегі Түркістанның Фараб деген жерінен екен. Бұл кісі “Муаллим ас-Саний” — “Екінші ұстаз” деген лақап есім алған. Ислам ғылымдары арасында одан бұрын мұншалықты ақылы алғыр адам болмаған еді.

Әбу Насырдың көп трактаттары болған. Мен Рай шаһары бастығының кітапханасынан бұл кісінің шығармаларын көрдім. Сол жерде мен Әбу Насырдың небір шығармаларын көрдім, тіпті ондай кітаптар жайында ешқашан естімеген де екенмін. Тағы бір айта кететін жәйт, көрген кітаптарымның көпшілігі Әбу Насырдың өз қолымен жазылған, яки оның шәкірті Әбу Закария Яхия ибн Адидің қолымен көшірілген еді.

...Ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби айтқан екен: Кімде-кім хикмат (философия, даналық) білімін оқып үйренуге кіріспек болса, ол ең алдымен жас болуы, ниеті дұрыс, әдепті, қайырымды адам болуы керек. Ондай кісі адамдарға мейірімді, таза, адал болуы, азғын қылықтардан: күнә, қиянат, зұлымдық пен аярлықтан таза болуы тиіс. Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет. Хикмат білімін оқып үйренуге кіріспек болған адам білімді де, ғалымдарды да құрмет тұтатын кісі болуы шарт. Ондай кісі ғылым адамдарынан басқа ешбір нәрсені қадірлейтін болмауы керек. Білімді кәсіп, өнер етіп алмауы керек, әрі оны мал-дүние табу құралы етіп жібермеуі қажет. Кімде-кім мұны керісінше істейтін болса, онда ол көзбояушы саналады. Жалған ақша таза ақша есептелмейтіні сияқты, жалған сөз ешқашан мәнді сөз болмайды. Егер мінез-құлқы біз айтқандай емес, теріс мінезді кісі болса, ол



ешқашанда ғалымдар қатарына қосылмайды. Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтақтың жемісіне қарай бағалайды ғой. Сондай-ақ адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы мінез-құлыққа байланысты. Кімде-кім өзін өз дәрежесінен жоғары көтермек болса, ондай адамның өсу жолына тосқауыл қойылады.”

*Захируддин әл-Байхакий. Әбу Насыр Әл-Фараби туралы. //*  
*Н. Келімбетов. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. —*  
*Алматы, 1986. — 108-109-бб.*

## БІЛІМ ҚАЗЫНА

Білікті білім жинап кәсіп етер,  
Білімнің дәмін татып өсіп өтер.  
Білдірер білім елге білім сырын  
Біліксіз білімді аттап, басып өтер.

Тура сөз біліксізге қаза болар,  
Насихат, пайдалы сөз жаза болар.  
Надан жан қанша жусаң тазармайды —  
Талай кір жуған сайын таза болар.

Білімдар: “Істі біліп, бекін!” — дейді.  
Ақылмен іс істеген өкінбейді.  
Білмеген талай жұмыс істей жүріп,  
Амал жоқ, түбінде сол опық жейді.

Білікті біліп айтар сөзін ұтар,  
Ол емес бос сөзінді бедел тұтар.  
Білімсіз не айтса да білмей айтар —  
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар.

Алла өзін біліммен құт етеді.  
Қайырсыз надандықты жұт етеді.  
Білімді үйренбеген талай қауым  
Құдайды қолдан жасап бұл етеді.

Өнеге, білген сөзі — насихат, жол,  
Араб пен азияттың сүйгені сол.  
Кедейдің кертіп жейтін малы — білім,  
Білімнің жоқ-жігітке(?) берері мол.

*А. Иүгінеки. Ақиқат сыйы. — Алматы, 1985. — 72-73-бб.*

## НАҚЫЛ СӨЗДЕР

“...Баят руынан Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңірі зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған... оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық билігін бұлжытпай орындаған. Қорқыт атадан бір сөз мынадай: “Тәңірге сыйынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі пәндесінің маңдайына жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп өлмейді. Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды, байиды, бірақ ішінен өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар қанша тарам-тарам болып, тасып аққанмен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, тәкәппар адамды Тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға Тәңірі бақ бермейді. Өзіңнен тумаса ұл өгей, қанша бағып-қақсаң да ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң өз жөніне кетеді, бәлки ол тәрбиелеген адамды көрдім-білдім деген сөзді де айтпас. Күлді қаншама үйгенмен төбе болмас. Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен бәйбіше болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамас. Ананың көңілі балада болар, жақсы ана үшін бала — екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол от басының мерейі, бас-көзі. Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ”. Қорқыт ата өзінің ел жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: “Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке арғымақтан пайда жоқ. Қолына қылыш ұстап көрмеген қорқақ, қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз жақсы. Ат жемейтін ащы



шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес суды жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді.”

*“Қорқыт ата кітабы”. — Алматы: “Жазушы”, 1996. — 7-8-бб.*

## ТЕКТІЛІК ТУРАЛЫ

“Бұл үгіт-насихатты жазушы Ескендірұлы Қабус, Қабу-сұлы Бушмагир, Бушмагирұлы Емір Қайқауыс өзінің перзенті Гиланшахқа: “Ей, перзентім, мен қартайдым, тәнімді күн сайын қуатсыздық жайлап келеді, өлім уақыты да жақын қалды. Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі — кітап, оны құртып жіберетіндей күдіретті күш жоқ. Мен өзімнің төрімнен көрім жақын екенін сезіп, өлім жарлығы қолыма тимей тұрған шақта, білген ақыл-кеңесімді кітапқа жазғым келді. Әрбір қиын істі жеңіп, соңғы ұрпақтарға үлгі боларлықтай жақсы атақ қалдыру үшін әрекет жасау жөнінде бірнеше әңгіме баяндаймын, сен ғибрат алғайсың, ал мен аталық парызымды өтейін”, — деді...”

“Ей, перзентім, есінде болсын, өнерсіз жан — өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ, тікенді ағашқа ұқсайды. Өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады.

Егер адам текті, асылзада әулетінен болса да, өнері болма-са халықтың ізет-құрметінен мақрұм қалады. Нәсіл гәуһарынан да, өнер өрнегінен де құр алақан жанның тағдыры одан да жаман болады. Жаратылыстан текті, асыл, сұлу болғанға мастанба. Өйткені тектілік пен тән сұлулығы, өнерпаздық жан сұлулығымен толықтырмаса еш нәрсеге арзымайды. Мысалы, ұлы дәрежелі болу шыққан тегіне емес, ақыл-біліміңе байланысты. Ата-анаңның қойған есіміне де есірме. Ол бір сыртқы сипаттан басқа ештеңе де емес. Қалайда сен өнерлі болып, жақсы атаққа ие болу үшін талаптан, атыңа ісің сай болмаса, ол саған лайықты ат болмайды.

Егер адам текті асылзада болғанымен, өнері болмаса, оны ешкім де елемейді. Бұл екі гәуһарға бірдей ие болған адамды көрсен, етегінен ұстап, қолыңнан шығарма. Мұндай жан



жалпы халықтың қажетіне жарайды. Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн. Өйткені басқа жан-жануарлардан адам баласы он түрлі қасиетімен артық. Бұл абзал қасиет тек адамның бойында ғана бар. Оның бесеуі сыртқы тән дүниесін жайласа, бесеуі ішкі жан дүниесінде жасырынған. Ішкі жан дүниеде: жаттап алу, оны ұзақ есте сақтау, қиялдау, ажырата білу, сөз сөйлеу, көру, иіс білу, дәмін тату, тітіркенгіш сезімдер болады. Бұл қасиеттердің кейбірі жануарларда да бар, бірақ адамдағы қасиетке тең келе алмайды. Сондықтан да адамзат басқа жан-жануарлардың үстінен үстемдік құратын падишасы.”

1. Қайқауыс — XI ғ. Орта Азияда өмір сүрген аса білімдар ғалым.

*Қайқауыс. Қабуснама. — Алматы, 1992. — 20-б.*

## АСАН ҚАЙҒЫ МЕН ӘЗ ЖӘНІБЕК

“Қазақтың әуелгі замандарында қазақ халқын билейтін Әз Жәнібек деген хан өтіпті. Ол уақыттар қазақтың билеушілері һәм қазақтардың көбі азына зорлық жүргізетін заман екен. Бірақ сонда да билеушілері жерінің, халқының қалыбына қарай қандай жаманшылықтардан тиылуға өз ақылымен заң шығарған екен. Ол Әз Жәнібек ханның бір Әулиезада ақыл иесі — Асан қайғы деген адамы болыпты. Ол Асан қайғы ілгеріде не нәрсе уайымды болады, соны айтып отырады екен. Хан оның сөзін екі қылмайды екен. Әз Жәнібек хан Қаракөз деген сұлуды алып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады. Бұл тойға Асан қайғыны да шақырады. Ханның шақырушысы Асан қайғыға келіп:

“Әз Жәнібек хан сізге жіберді: “Үлкен тойым бар, Қаракөз сұлуды алғалы жатырмын, соған тойға келсін”, — дейді. “Ханыңа сәлем де, мен барар той емес екен, бармаймын”, — деп шақырушыны қайтарып жіберді.

Әз Жәнібек хан өзі мініскер кісі екен, “Құладың” деген құсты қайтарып, бабына келтіріп аққу алғызды. Оған һәм той қылды. Ол тойға және кісі жіберіп, Асан қайғыны шақырды. Той қылған себебі: ол құладың деген құс бұл хан аққу алғызғанынан бұрын тұқым заты бір торғай іліп көрген емес екен. Шақырушы келіп айтып еді, Асан қайғы мәнісін

әбден сұрады. “Ей, жаным, ханыңа сәлем айт, мен барар той емес екен, бармаймын”, — дейді. Хан өзі ойлы кісі екен. Ол уақытта бұрын суға қайық-кеме жүргізілмеген екен. Хан өзі ойлап кеме жасатып, бір үлкен судан халқын өткізіп, арғы жағындағы неше жылғы ту шөпті малға жегізіп, семіртіп, бұған және той қылған екен. Осы тойға һәм Асан қайғыны шақыртты. “Ханға сәлем айт, бұл тойы мен барар той емес екен”, — деді. Сонымен, той қылып, ақылшы қайғыны ешбір лаж етіп алдыра алмайды. Көп ойлап, бірқатар заманнан соң және бір шақырушы жіберді: “Қайғыға менен көп сәлем, келсін, ел азды, жұрт тозды. Соның мәнісін бір ақыл қылу керек еді. Бұл қайтсе тыныш болады, соның ақылына келсе екен. Ол кісі келмейінше лажы жоқ сықылды көрінеді”, — деп. Жіберген кісі келіп, ханның сәлемін айтқан. Мәнісін сұрап алып: “Қайыр, енді барайын, жұрт тыныштығы деген бір құдайға жарар, сауаптан мақұрым қалмаспыз”, — деп ханға сәлем беріп отырды. Хан бек хош алып, бірқатар отырғаннан кейін, Асан қайғыдан сөз сұрай бастады. “Тақсыр, мен сізді мұнан бұрын үш той қылып шақырдым, не себепті келмедіңіз? — деді. Сонда Асан қайғы айтқан екен:

Ей, хан, мен айтпасам білмейсің,  
Айтқаным көнбейсің.  
Жайылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып,  
Мастанып қызып терлейсің.  
Өзіңнен басқа хан жоқтай,  
Елеуреп неге сөйлейсің?!  
Қорған салдың бейнет қып,  
Қызметшің жатыр ішіп-жеп,  
Мұны неге білмейсің?  
Қатын алдың қарадан,  
Айрылдың хандық жорадан.  
Ел ұстайтын ұл таппас,  
Айрылар ата-мұрадан,  
Мұны неге білмейсің?!  
Құладың құстың құлы еді  
Тышқан жеп жүнін түледі.  
Аққу құстың төресі  
Ен жайлап көлді жүр еді.

Аңдып жүрген көп дұшпан,  
Елге жау боп келеді,  
Құладың қуды өлтірсе,  
Өз басыңа келеді!  
Құлын келіп сені өлтірер,  
Осыны Асан біледі,  
Мұны неге білмейсің?!  
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,  
Желмая мініп жер шалсам,  
Тапқан жерге ел көшер,  
Мұны неге білмейсің?!  
Ей, Жәнібек ойласаң,  
Қилы-қилы заман болмай ма?  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма?  
Мұны неге білмейсің?!  
Қош, аман бол,

Жәнібек

Енді мені көрмейсің!!!!“

1. Өз Жәнібек. Ол туралы “Тауарих гузида-и-нусрат наме” деген кітапта: “Одан кейін Өзбек хан болды. Кейіннен хандық оның ұлы Жәнібекке көшті. Оны “Әзіз Жәнібек” деуші еді. “Дәшті елінің Шах Жаны еді, ал қараша халқы төні еді” деген шумақ өлең де бар. Оның билік құрған уақыты 1340-1357-ші жж.
2. Асан қайғы – көшпелі ноғайлы-қазақ ұлысының ойшыл кеменгері. Қазақ ішінде ол туралы тарихи аңыздар көп. М.-Ж. Көпейұлы: “Асан қайғы айтқаны тура келіп, Өз Жәнібекті құлы өлтірді”, – дейді. Кейін Асан қайғы елін алып, Жиделі Байсын көшіп кеткен екен-мыс деген сөз бар. Жыр Алтын Орда мемлекетінің ыдырап, көшпелілердің үлкен дағдарысқа түскенінен сыр тартады.

*Дала уәләйатының газеті... – 1901, 613-б. –*

*Алматы, 1992. – 413-415-бб. //*

*XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы. –*

*Алматы, 1982. – 65-66-бб.*

*(Өлең нұсқасы толық емес болуы мүмкін)*

## “МАХАББАТ НАМЕ”

Ақшам айы көрінді – мейрам айы,  
Мүкамет Қожа бек – дәулет құмайы.



Бұйырды ол — Өрге (Орда — Ж.А.) тігілді,  
Қазан көтеріліп, мәжіліс құрылды.  
Хусаини пернесіне түсіріп саз,  
Жыршы бұл газелді қылды уағыз...

*Гәзел:* Жаратқан тән ішінде жан жаратты,  
Сені көріктілерден жоғары хан жаратты.  
Жүзінді күн сияқты жаратты,  
Тағдыр біздерді таңырқауға қаратты.

Толған айды қарағайдың басына шығарып,  
Ай бетінде гүл қауызын жаратты.  
Жамалынды жаһанға жарқыратты,  
Мені сол суретіңе қаратты.

Халыққа құбыла болды жамалың,  
Сені жаратқан күн...

*Мадаһ:* О, арыстан жүректі Қоңырат ұрпағы,  
Кіші жастан ұлықтардың ұлығы.

Бақыт көзі, береке кеніші,  
Мұқамет Қожа бек — Әлем қуанышы.

Еліміз жансыз тән еді бұрын сенсіз,  
Шаһтың шаһы — Жәнібек ханға етенесіз.

Әскерің дінге қуат берер,  
Фаридуннің кенішін мүскінге берер.

Сүлеймендей салтанатты падишасың,  
Жүсіптің жүзі мен Мәсихтің демі тиген.

Желден асар желгенде атың,  
Күн сияқты жаһанды тұтты атың.  
Мың жылдан соң Хатымдай тірілсе егер,  
Сенің атыңды естіп жерді өбер.

1. Шығарманы 1358-ші ж. түрік Хорезм ақын Ақ орда хандарының бірі Мұқамбет бекке арнап жазған. Мекені — Сыр бойы.

*Мұхаббат наме. —  
Алматы, 1986. — 87-90-бб.*

## ШАЛКИІЗ ЖЫРАУДЫҢ БИ ТЕМІРДІ ХАЖЫ САПАРЫНАН ТОҚТАТУҒА АЙТҚАНЫ

Қарабас құспен шалдырып,  
Көк теңіздің үстінде,  
Көтеріп желкен аштырып,  
Уай хан ием, жүк тиеттің кемеге,  
Ниет еттің тәңірінің үйі Кебеге.  
Жүк тиетсең кетерсің,  
Ниет етсең жетерсің,  
Жетсең тауап етерсің.  
Етектеп жиған көп халқың,  
Сұлтан ием, кеткенінде  
Кімге асмар етерсің?

.....  
Темір еді ханымыз,  
Теңіз еді халқымыз,  
Тebірлерге қалғанда,  
Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз!  
Соқса бір жілік сындырған,  
Көк қоянның қос құлағын тұндырған,  
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,  
Тегеурінді болат темірдің  
Тегеуріні өзіңсің!..

1. Шалкиіз (Шөлгез) Тіленішұлы — Ноғай Ордасының атақты биі және жырауы (XV ғ. соңы — XVI ғ. басы) XV-XVIII ғғ.

*Қазақ поэзиясы. — Алматы, 1992. — 75-76-бб.*

### “ҚЫҢЫР ЕР”

“Еңсегей бойлы, Ер Есім,  
Есім, сені есірткен,  
Есіл менің кеңесім.  
Ес білгеннен, Есім хан,  
Қолыңа болдым сүйесін,  
Қолтығыңа болдым демесін.  
Ертеңгі күн болғанда,  
Елің кеңес құрғанда  
Айналып ақыл табарға

Есіктегі ебесін  
Сонда ханым не дейсің?  
Мен жоқ болсам, Есім хан,  
Ит түрткіні көресің.  
Жиёмбет қайда дегенде,  
Не деп жауап берерсің.  
Меніменен, ханым, ойнаспа,  
Менің ерлігімді сұрасаң —  
Жолбарыс пенен аюда,  
Өрлігімді сұрасаң —  
Жылқыдағы асау тайындай.  
Зорлығымды сұрасаң —  
Бекіре менен жайындай.  
Беріктігімді сұрасаң —  
Қарағай менен қайындай.

1. Есім хан заманындағы асау батыр, қыңыр ер, езулі жыраулардың бірі — Жиёмбет (XVI ғ.)

*XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы. — Алматы, 1982. — 92-б.*

## **ҚАРАҒАЙҒА ҚАРСЫ БІТКЕН БҰТАҚ**

Салпаң да салпаң жортармын,  
Сары азбанға қосымды артармын.  
Торлаусыз өскен құланмын,  
Мезгілсіз жусап өрермін.  
Қайраңға біткен құрақпын,  
Саусағым жерге түсірмен,  
Жапанға біткен терекпін,  
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.  
Ой, мен қарағайға қарсы біткен бұтақпын,  
Балталаса да айырылман.  
Сыртым — құрыш, жүзім — болат.  
Тасқа да салса майырылман!

1. Ақтамберді — XVII ғ. сияқты күрделі заманда өмір сүрген тұлғалардың бірі. Ол ерлік ісімен, жыраулық қа-сиетімен, елге сіңірген еңбегімен қара қазақтан оқшау тұрған биік емен.

*XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы. — Алматы, 1982. — 96-97-бб.*



## ЕРДІ ЖОҚТАУ

Қазақтың ханы — Абылай,  
Ақиықты аспанға  
Ашпастай ғып торлады,  
Құлағанға ұқсайды,  
Қазақтың қамал қорғаны,  
Қайғырмаңыз, ханзадам,  
Айтпасыма болмайды,  
Батырың өтті Бөгенбай!

Қиядан қиқу төгілсе,  
Аттың басын тартпаған,  
Қисапсыз қол көрінсе,  
Қорқып жаудан қайтпаған,  
Қазақ деген халқынан,  
Батыр шыққан даңқынан,  
Қарсыласқан асылдар  
Қорғасындай балқыған,  
Батырың өтті Бөгенбай!  
Өкпе қылған ел үшін,  
Жауда кеткен кек үшін,  
Қазақтың абырой-арына  
Сарып қылған бар күшін,  
Қайыры болсын халқыңа,  
Сабыр қыл, ойлап келмесін,  
Қарияң келіп жырлап тұр  
Еңбегі сіңген ер үшін,  
Батырың өтті Бөгенбай.

1. Бұқар жырау (XVIII ғ.) — бірнеше мың жылдық көшпелілер поэзиясындағы соңғы ірі тұлға. Оның деңгейі — оғыздың Қорқытымен, ноғайлының Асан қайғысымен қатар. Ол — тек жырау емес, қазақ ұлттық сана-сезімінің іргесін бекіткен ұлы идеолог-құрылысшы.

*XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы. — Алматы, 1982. — 130-131-бб.*

## ЖҰРТЫМА ҚҰРБАН БОЛСАМ ДЕП

Алай ма, сұлтан, алай ма!  
Астыма мінген арғымақ  
Аяндай түсіп марай ма?

Арғымақ дейтін жығылар,  
Найза бойы жар келсе,  
Жабыдайын жалтандап,  
Түсер жерін карай ма?

Арғымақ атқа айдай таға қақтырса,  
Кілегей қатқан Әділдің  
Көкше мұзынан таяр ма?!  
Ата ұлының баласы,  
Асыл ерге малың бер,  
Малың бер де басың қос,  
Басыңа тарлық түскенде  
Ардақтаған әділ жанын аяр ма?

Ханнан кегім ала алмай,  
Арқаның алпыс екі саласына барғанда,  
Айдаһардай арбадың,  
Арбадың да қалмадың.  
Қайрат қылар ер біз болсақ,  
Заманында болған “сұлтаным”  
Бізді жіпсіз байладың.

1. Махамбет — XIX ғ. ортасына дейін ерлік, елдік дәстүрін сақтаған қазақ қоғамының ер ақыны. Оның өлеңдері — еркін рухтың биік желбіреген туы. Ақын басына түскен қиыншылық сәттерінің өзінде де өжеттілігінен таймайды, ол жанын ары үшін құрбандыққа шалған өрен азамат.

*XIX ғ. әдебиеті. Хрестоматия. —  
Алматы, 1992. — 36-38-бб.*

## ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

“Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі мінезін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай

тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді. Ол екі мінезі қайсы десек — әуелі ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен. “Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа ғой”. “Бас басыңа би болсаң, Манар тауға симассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің”, — деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, одан соң, жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, соларды қамын жемей қайтеді? Екіншісі — намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. “Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады екен”, — деп, “Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді”, — деп, “Ағайынның азары болса да, безері болмайды”, — деп. “Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар”, — десіп. Кәніки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы — бейіл емес, алдау, дұшпандығы — кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.”

1. Абай — қазақ халқының жаңа дәуірінің рухани іргетасын қалаған ұлы тұлға. Ол бірнеше мың жылдар бойы көшпелі тіршілік кешкен қазақ қоғамының отырықшылық, сауда, кәсіп, т.б. өркениет нәтижесін мойындайтын кезінде туған ойшыл. Байырғы рухтан қол үзіп, соны сынаған алғашқы ғұлама және қайраткер.

*А. Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы, 1986. — т. 2. — 155-156-бб.*



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы. Екі томдық шағармалар жинағы. — Алматы, 1986. — 2 т.
2. Авеста (Перевод с авестийского Ивана Стеблин-Каминского). — Москва, 1993.
3. Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. — Алматы, 1979.
4. Акишев К.А. Курган Иссык (Искусство саков Казахстана). — Москва, 1978.
5. Асфендияров С.Д., Кунте П.А. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I. — Алматы-Москва, 1935.
6. Аммиан Марцеллин. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I. — Алматы-Москва, 1935.
7. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. — СПб., 1897.
8. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. — Алматы: «Ғылым» баспасы, 1990.
9. Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр-аңыздар. — Алматы, 1985.
10. Әбілғазы Баһадүр хан. Шежіре-и-түрік. — Алматы, 1991.
11. Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. — М.- Л., 1950. — т. I.
12. Бабыр Захир ад дин Мұқамед. Бабырнама. — Алматы, 1993.
13. Вяткин М.В. Сырым батыр. — Алматы, 1952.
14. Гумилев Л. Қиял патшалығын іздеу. — Алматы, 1992.
15. Геродот. История в девяти книгах. — Москва, 1972.
16. Гурлянд Я.И. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие. — Казань, 1904.
17. Диваев А. Тарту. — Алматы, 1992.
18. Дала уәләйатының газеті. — Алматы, 1992.
19. Дай цин Шэнцзу Жэньхуанди шилу. // Международные отношения в Центральной Азии в XVII-XVIII вв. — Москва, 1989. — т. I.
20. Ертегілер. Қазақ халық әдебиеті. 4 т. — Алматы, 1989.
21. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. — Алматы, 1986.
22. Захируддин Ел-Байхакий. Әбу Насыр Әл-Фараби туралы. // Н. Келімбетов. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. — Алматы, 1986.
23. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. — Алматы, 1985.
24. Иордан. О происхождении и деяниях гетов. — М., 1960.

25. Кастанье М.А. Надгробные сооружения киргизских степей. — Оренбург, 1911.
26. Книга Марко Поло. — Алматы, 1990.
27. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. / Сборник документов и материалов. — Алматы, 1961.
28. Құрбанғали Халитұлы. Тауарих хамса. — Қазан, 1910; Алматы, 1992.
29. Қазақ ертегілері. — Алматы, 1991. — 3-т.
30. Қадырбаев М.К. Памятники Тасмолинской культуры. Древняя культура Центрального Казахстана. — Алматы, 1966.
31. Қорқыт ата кітабы. — Алматы, 1986.
32. Қожамқұл би Балхи Қыпшақханұлы. Тарихи Қыпшақи./ Материалы по истории Казахских ханств в XV-VIII вв. — Алматы, 1969.
33. Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер. — Алматы: «Өнер», 1985.
34. Қорқыт ата кітабы. — Алматы, 1996.
35. Қайқауыс. Қабуснама. — Алматы, 1992.
36. Құнанбаев А. Екі томдық шағармалар жинағы. — Алматы, 1986.
37. Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 1-3. — Спб, 1832.
38. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. — Алматы, 1993.
39. Көпейұлы М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. — Қазан, 1907.
40. Медоев А.Г. Гравюры на скалах. — Алматы, 1979.
41. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. — Алматы, 1979.
42. Махмуд Қашғари. Диуан-лұғат ат-түрік. — Алматы, 1993.
43. Менандр Протектор. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. СПб. I./ Под.рек. С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте/. — Алматы-Москва, 1935.
44. Моңғолдың құпия шежіресі. — Баян-өлгий, 1979.
45. Масуд бен Усман Кухустани. Тарихи Әбульхаири.// Материалы по истории Казахских ханств в XV-XVIII вв. Извлечение из персидских и тюркских сочинений. — Алматы, 1969.
46. Мұқамет Хайдар. Тарих-и Рашиди. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. — Алматы, 1969.
47. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Ч. 1. — Л., 1992.
48. Мунис. Шер Мұхабет бен Әмір Ауез би мираб. Фердоус ал Иқбал. // Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. — Алматы, 1969.
49. Материалы по истории политического строя Казахстана. т.1.— А, 1960.

- Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. — Алматы, 1996.
50. «Оғыз наме», «Мұхаббат наме». — Алматы, 1986.
  51. Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. — Қарағанды, 1994.
  52. Өтеміс Қажы. Шыңғыс наме. — Алматы, 1992.
  53. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. — Алматы: Ғылым, 1993.
  54. Рашид-ад дин. Сборник летописей. т.1. кн.1. — М, 1952.
  55. Рычков П.И. История Оренбургская. — Оренбург, 1896.
  56. Рычков Н.Н. Дневные записки путешествия в киргиз-кайсацкой степи в 1771 г. — СПб. 1772.
  57. Сыздықова Р., Қойделдисев М. Қадырғали би Қасымұлы және оның жылнамалар жинағы. — Алматы, 1991.
  58. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. — Алматы, 1979.
  59. Тевкелев М. Опись казахских родов и племен. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. — Алматы, 1961.
  60. Тоинби А.Дж. Постигение истории. — Москва, 1985.
  61. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. — Алматы, 1985.
  62. Уәлиханов Ш. Қазақ шежіресі. Сборник соч. в пяти томах. — Алматы, 1985. — т. 2.
  63. Цинская империя и казахские ханства. XVIII-XIX в.в. (Сборник документов и материалов). — Алматы, 1989. — т. 1.
  64. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. — Орынбор, 1911.
  65. Юдин В.К. Чингиз-наме. — Алматы, 1992.
  66. Юстин. Эпитома сочинении Помпея Трого. // Вопросы древней истории. — 1954. — N2-4.)
  67. XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы. — Алматы, 1982.



# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан тарихы пәні және оны оқытудың маңызы, кезеңдерге бөлу.
2. Қазақстан тарихының тарихнамасы және негізгі деректері, методологиясы.
3. Қазақстан тас дәуірінде. Қазақстан тарихының ежелгі дәуірінің шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы.
4. Қазақстан қола дәуірінде. Дәуірдің ерекшеліктері, шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы.
5. Қола дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың мәдениеті және этникалық тарихы.
6. Скиф-сақ дәуірі. Дәуірдің ерекшеліктері, шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы.
7. Скиф-сақтардың мәдениеті және этникалық тарихы.
8. Қазақстанның ерте көшпелілері Евразиялық әлемде. Олардың Алдыңғы Азия (Таяу Шығыс), Қара теңіз бойы және Орталық Азия елдерінің саяси оқиғаларына араласуы.
9. Орталық және Орта Азия, Европа елдеріндегі ғұндар мемлекеті.
10. Үйсін және Қаңлы мемлекеттері. Шаруашылығы, қоғамдық құрылысы және тұрмыс-тіршілігі.
11. Ғұндар, үйсіндер және қаңлылар мәдениеті.
12. Көне түркі дәуірі. Дәуірдің ерекшеліктері, шаруашылығы және әлеуметтік құрылымы.
13. Көне түркі тайпаларының мәдениеті және этникалық тарихы. Ұлы Жібек жолының көне түркі мемлекеттерінің экономикалық және саяси дамуына әсер етуі.
14. Көне түркі мемлекеттерінің Шығыс және Батыс елдерімен саяси қарым-қатынасы. 751-ші ж. Талас шайқасы және оның Орталық Азия этномәдени өміріне әсері.
15. Қыпшақтар Қазақстанның ортағасырлық тарихында.
16. Ерте ортағасыр дәуіріндегі көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара қарым-қатынас. Көшпелілер қоғамының экономикалық және мәдени өмірінде қалалардың алатын орыны.
17. Көшпелілік және оның негізгі даму кезеңдері. Көшпелі өндірістік қарым-қатынастарының спецификасы.
18. Көшпелі халықтардың әлеуметтік құрылымы, рулық құрылымы, басқару және билеу институттары.
19. Шыңғыс хан мемлекетінің құрылуы. Отырар тағдыры және Мәуереннахрдың басқа да қалалары.

20. Алтын Орда дәуірі. Дәуірдің ерекшеліктері, шаруашылығы және қоғамдық құрылымы.
21. Алтын Орда дәуірінің мәдениеті. Қалалардың салынуы, отырықшылық және көшпелілік симбиозы. Исламның дамуы. Әдебиет.
22. Алтын Орданың ыдырауы. Ақ Орда және Көк Орда. Орталық Азиядағы саяси процестер.
23. XIV ғ. соңындағы Темір империясы мен Дешті Қыпшақ тайпаларының арасындағы өзара қарым-қатынас.
24. Көшпелі өзбек мемлекеті. Өзбек ұлысының этникалық құрылымы.
25. Қазақ хандығының қалыптасуы. Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі далалық ауызша тарихнама.
26. “Қазақ” этнонимі жөнінде. Әлсуметтік және этникалық мазмұны.
27. Қазақ хандығының нығаюы. Қасым хан және оның ішкі-сыртқы саясаты.
28. Хақназар хан. Қазақ жүздерінің құрылуы. Қазақ жүздерінің этникалық құрылымы.
29. XVI-XVII ғғ. II-ші жартысындағы қазақ хандығы. Тәуекел және Есім хандар заманы.
30. Қазақстанның Тәуке хан тұсындағы саяси жағдайы. “Жеті жарғы” заңдар жинағы.
31. XVII-XVIII ғғ. қазақ-жоңғар қатынасы.
32. Жоңғар хандығының күшеюі. Оңтүстік Қазақстан қалаларының жаулап алынуы. “Ақтабан шұбырынды” жылдары.
33. XVII-XVIII ғғ. қазақ-орыс қатынастары.
34. Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуы. Протекторат кезеңі.
35. Әбілхайыр хан — жеке тұлға, саясаткер.
36. Жоңғарлардың дағдарысқа ұшырауы (XVIII ғ. ортасы) және Абылай ханның күшеюі. XVIII ғ. ортасындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты.
37. Абылай хан — жеке тұлға, саясаткер.
38. XVIII ғ. II-ші жартысындағы қазақ-қытай қатынасы.
39. XV-XVIII ғғ. қазақтардың шаруашылығы.
40. XV-XVIII ғғ. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы.
41. XV-XVIII ғғ. қазақ мәдениеті.
42. XVIII ғ. қазақ мәдениеті. Бұқар жырау, Үмбетей, Ақтамберді және басқа да жыраулардың шығармашылығы.
43. Қазақтың билері. Олардың XVII-XVIII ғғ. Қазақ қоғамындағы ролі. Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би.
44. XVIII ғ. Түркістан оазисінің қалалары. Оның қазақ этносының тағдырына әсері.

45. С. Датов бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі.
46. Қазақстандағы орыс-казак отарлауы. Шекаралық бекіністердің салынуы.
47. XVIII ғ. Қазақстан мен Ресейдің мәдени-экономикалық қатынасында Орынбор, Троицк, Семей және т.б. қалалардың алатын орыны.
48. XVIII ғ. соңында көшпелі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауы және жер мәселесінің өршуі.
49. XVIII ғ. соңында хандық биліктің әлсіреуі. Нұралы және Уәли хандар. Ішкі және сыртқы саясаты.
50. 1822-1824-ші жж. реформалар. Хандық биліктің жойылуы және әкімшілік-территориялық жүйенің құрылуы.
51. Бөкей хандығының құрылуы. Жәңгір хан және оның реформаторлық қайраткерлігі.
52. XIX ғ. басындағы Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі жағдай. Қоқан және Хиуа хандықтарының Қазақстанның оңтүстігін қанауы.
53. Батыс Қазақстандағы отарлауға қарсы қозғалыс. Арынғазы және Қаратай сұлтандардың, Жоламан мен Есет билердің бастауымен болған қозғалыстар.
54. М. Тайманов пен М. Өтемісов бастаған қозғалыс.
55. К. Қасымұлының бастауымен болған ұлт-азаттық қозғалыс. Мақсаты, маңызы және қозғалыстың негізгі кезеңдері.
56. Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы.
57. XIX ғ. I-ші жартысындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар және әлеуметтік топтар.
58. XIX ғ. I-ші жартысындағы қазақ шаруашылығы.
59. 1867-1868-ші жж. “Уақытша Ереже”. Оның Қазақстанның болашақтағы тағдырына әсері.
60. 1869-шы ж. Кіші жүздегі көтеріліс.
61. 1870-шы ж. Адайлар көтерілісі.
62. XIX ғ. II-ші жартысында Қазақстанға қоныс аудару қозғалысы.
63. XIX ғ. II-ші жартысында отырықшылық пен егіншілік дамуы.
64. XIX ғ. II-ші жартысында өндіріс пен сауданың дамуы.
65. XIX ғ. II-ші жартысында Қазақстанда сауда-ақша қатынастарының қалыптасуы.
66. Қазақстанның XIX ғ. мәдениеті: әдебиеті мен өнері.
67. А. Құнанбаев және оның Қазақстан мәдениетінде алатын орны.
68. XIX ғғ. ғылым және оқу-ағарту ісі. Ы. Алтынсарин мен Ш. Уәлихановтың қызметі.
69. XIX ғ. діннің дамуы және діни өмір.
70. XIX ғ. Қазақстанның материалдық және рухани мәдениеті.



71. XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.
72. 1916-шы жылғы көтеріліс.
73. Қазақ қоғамы 1905-1907-ші жж. орыс революциясы жылдарында. 1905-ші ж. 17-қарашадағы Манифест.
74. Қазақстан Қазан революциясы қарсаңында. “Алаш Орда” партиясының құрылуы. XX ғ. басындағы ұлттық интеллигенция.
75. Қазақстанда Совет үкіметінің құрылуы және азаматтық соғыс.
76. Қазақ АССР-нің құрылуы және Түркістан Советтік Социалистік Республикасы.
77. Қазақстандағы индустриализация. Жетістіктері мен кемшіліктері.
78. Күшпен коллективтендіру. XX ғ. 30-шы жылдарында қазақтардың босып кетуі, аштықтан қырылуы.
79. Қазақстандағы “Кіші Қазан” идеясы. Тоталитарлық жүйенің орнауы.
80. XX ғ. 30-50-ші жж. Қазақстанның ұлттық интеллигенциясын қуғын-сүргінге ұшырату.
81. Қазақстан 1941-1945-ші жж. Ұлы Отан соғысы жылдарында. Қазақстан соғыстың арсеналы ретінде. Қазақстандықтар алғы шепте.
82. Тың және тыңайған жерлерді игеру: оң нәтижелері мен зардаптары.
83. Қазақстанның ұлттық құрылымының өзгеруі (1930-50-ші жж.).
84. Қазақстан Хрущевтік жылмық кезеңінде: реформалар және демократиялық идеялардың жандануы.
85. Қазақстан Совет қоғамының дағдарысы кезеңінде (70-80 жж.).
86. Қазақстандағы Қайта Құру. 1986-шы ж. оқиға. Қоғамның демократиялық жаңғыруға бағытталған қозғалысы.
87. XX ғ. Қазақстан ғылымы мен мәдениеті.
88. Қазақстанның Ұлттық егемендігі жөніндегі Декларация. Қазақстанның қалыптасу мен даму стратегиясы.
89. Қазақстанның Конституциясы (1995-ші ж.). Республиканың мемлекеттік рәміздері.
90. Қазақстан қазіргі дәуірде. “Қазақстан—2030” стратегиялық бағдарламасы.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                   |     |
|-------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Алғы сөз</i> . . . . .                                         | 3   |
| <i>I тарау.</i> Тарихты тануға бастайтын сара жол . . . . .       | 5   |
| <i>II тарау.</i> Ертегіден де ескі тарих . . . . .                | 21  |
| <i>III тарау.</i> Мық қорымдарын тұрғызған қауым . . . . .        | 34  |
| <i>IV тарау.</i> Алтын киімді ерте көшпелілер . . . . .           | 48  |
| <i>V тарау.</i> Ерте күнде отты күннен ғұн туған . . . . .        | 63  |
| <i>VI тарау.</i> Бөрі басты байрақ көтерген ел . . . . .          | 80  |
| <i>VII тарау.</i> “Құпия шежіре” заманы . . . . .                 | 98  |
| <i>VIII тарау.</i> “Қасқа жолдан” “ескі жолға” дейін . . . . .    | 123 |
| <i>IX тарау.</i> Ерлік және серілік ғасыры . . . . .              | 150 |
| <i>X тарау.</i> XIX ғасырдағы Қазақстан . . . . .                 | 181 |
| <i>XI тарау.</i> “Елу жылда ел жаңа, жүз жылда — қазан” . . . . . | 198 |
| <i>XII тарау.</i> Рухани мұра . . . . .                           | 240 |
| <i>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</i> . . . . .                  | 257 |
| <i>Емтихан сұрақтарының тізімі</i> . . . . .                      | 260 |